
КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

4





КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Төртінші том

ҚАНЫШ ЖОЛЫ

Өлеңдер, поэмалар, реквиемдер
және толғаулар

"Фолиант" баспасы
Астана - 2009

УДК 821.512.122
ББК 84Қаз7-5
С 18

С 18 **Салықов К.**
Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2009.
Т. 4. Қаныш жолы. *Өлеңдер, поэмалар, реквиемдер және толғаулар.* – 392 бет.

ISBN 9965-35-662-9 48826

Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кәкімбек Салықовтың көп томдық шығармалар жинағының төртінші томы болып табылатын «Қаныш жолы» атты бұл кітапқа негізінен қазақтың ұлы ғалымы, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың иегері, академик Қ.И. Сәтбаевқа арнаған өлеңдері мен поэмалары топтастырылған. Ақын әйгілі ғалымның өмірі мен еңбектерін зерттеп, талай шығармаларын ел қолына жеткізсе, бұл жолы өлеңдері мен поэмалары Қаныштың өскен ортасын, өнеге алған ұстаздарын, қатар өскен қанаттастарын сипаттап, шәкірттерімен сырласа білген. Қаныштың ата-анасы мен бүкіл әулетін қамтып, ел перзентінің әз бейнесін толық қамту жолында бұрын-соңды айтылмаған ақтаңдақтарды да ретті ашқан. Қызғылықты өлеңдер мен поэмалар әлемге аты шыққан ғұлама ғалымның сан қилы дарындылығын жатық тілмен айқын суреттеген. Келелі ой мен келісті поэзия өз мақсатын әбден орындап тұр. Оқушы қауымның жүрегінен бұл жинақ жылы орын аларына еш күмән келтірмейміз.

С 4702250202
00(05)-09

УДК 821.512.122
ББК 84Қаз7-5

ISBN 9965-35-662-9 (Т.4)
ISBN 9965-35-115-5

© Салықов К., 2009
© «Фолиант» баспасы, 2009

областная библиотека
им. С. МУКАНОВА

АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

Қазақтың ұлы перзенті, заңғар ғалым, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында Халықаралық Қ.И. Сәтбаев қорын басқардым. Тойды көрнекті түрде өткізіп, дана ғалымның есімін мәңгі сақтарлық көптеген ескерткіш белгілер дүниеге келді. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа, сол кездегі Павлодар облысының әкімі Даниял Ахметовке, Халықаралық Қ.И. Сәтбаев қорының Павлодар облысындағы бөлімшесінің директоры болған Оразбек Қожанов мырзаға, сол кезде Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігінде ішкі саясат бөлімін басқарған Ахан Құсайынұлы Бижановқа шын жүректен алғысымды білдіремін.

Қаныш ағаның өмірі мен еңбек жолына молырақ үңілуге себеп туды, көптеген өлеңдер мен төрт поэма жаздым. Ғұлама ғалымның ғажайып қарым-қабілеті мен ересен білімдарлығын, қандай қиын-қыстау кезеңдерде де мұқалмаған ерік-жігерін, жүрек лүпілін, көп қырлы қасиеттерінің қай-қайсысын да барынша ашып көрсетуге ұмтылдым. Сонымен бірге бекзаттық дарыған түпкі тегі мен өз әулеті, өскен ортасы мен жемісті еңбек жолындағы әріптес қауымы туралы да жеткізе айтуға тырыстым. Бұл ниетімді қаншалықты орындай алғаныма қадірменді оқырман қауым өз бағасын бере жатар. Ал өзім хал-қадерімше еңбек етіп, 2002 жылдың аяғында «Қаныш тойы» атты қорытынды кітапты шығарып, денсаулығыма байланысты 2006 жылы корды басқаруды тоқтаттым. Қорды Қанекеңнің туған інісі Ғазиздің немересі Әлішер Сәтбаевқа тапсырдым. Қаныш ағаның сүйікті қыздары Ханиса, Шәмшиябану, Мейізге шын жүректен алғысымды айтамын.

Ұлы тұлғаның күйеу балалары Оразай аға, сізге, Толыбай Мұқанұлы, сізге де көп-көп рахмет. Қуаныш пен қайғы да араласып жатты. Шәмшиябану апай дүниеден озды, көп ұзамай қызы Райхан, ұлы Ғазиз де бақилық өмірге аттанды.

Есен жүрген Қаныш ағаның барлық үрім-бұтағына бақытты өмір тілеймін.

Алғы сөз ретіндегі осынау аз-кем лебізімді аяқтай келе айтарым біреу-ақ. Қанекең – қазақ халқының маңдайына біткен арғы-бергі замандағы ең шоқтықты, ең айтулы, ең ұлы перзенттерінің бірегейі. Осындай таңғажайып тұлғаны кейінгі ұрпақтың танып-білуіне аз-маз септігім тиіп жатса менің де алға қойған мақсат-мұратымның орындалғаны.

Автор



Бірінші бөлім

ӨЛЕҢДЕР

МАҚТАНЫШ

Жаманды жақсыменен өлшетуге,
Екеуін жалғастырып көрші етуге;
Жаралған асыл аға жер бетіне,
Өресін кісіліктің көрсетуге.

Көп зерлеп тауларым мен ойпатымды,
Тудырды кен болжағыш ой татымды.
Кейбіреу аруағымен арпалысса,
Ол көкте жұлдыз болып қайта туды.

Тағдырдан талай кеткен есем толды,
Паш етті кен тасыған көшем жолды.
Гомердей Элладаны айғақтаған,
Қазақтың ғылымына көсем болды.

Бір сырлы, сансыз қырлы туыпты ірі,
Ел мен жер сүйді заңғар біліктіні.
Ғылымның Гималайын
Орнатты да,
Болды өзі Эверестей биік шыңы.

Қолында кен мен мұнай зор табысы,
Туған ел мәңгі есінде қалды арысы.
Сарқылмас бай қазына үйіп-төккен,
Қазақтың Қаныш аға мақтанышы!

1998

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ МЕКТЕБІ

Білмек болсаң
Беу, достарым, Қанышты,
Ол барлады көкірегі зар істі.

Жезқазғанның
Мыс жарқылын ту қылып,
Әлемде бар кеніштермен жарысты.
«Жақсы» деген – ұлылықтың дұшпаны,
Ол «жақсыдан» биік деңгей ұстады.
Қыран дала
Қыран ұлы аспанға,
Көзге ілінді зор қарқынмен ұшқаны.

Ұлы жеңіс тетігі – ұлы арманда,
Ұлытаудан көз салды ол әр маңға.
Туған елін кенелтуге құлшынды,
Шыңды тесіп
Шығырауға барғанда.

«Жоқ» дегенге
Оқ боп тиіп қарысты,
Кен жолына бағыштады бар істі.
Абай атам айтқандай-ақ бір кезде,
Қаныш аға «мыңмен жалғыз алысты».

Құштарлығы тұсау салу асауға,
Демеу берді алға қадам басарда.
«Жақсы» кеніш
Қай құрлықта болмады,
Ол ұмтылды ұлы кеніш жасауға.

Қажырлы еді
Талмай құлаш созатын,
Елдің атын, паш етті ол өз атын.
Атады «Үлкен Жезқазған» деп ақыры
Жаһанда бар алыптардан озатын.

Әлек салса Мәскеу көнбей теп-тегін,
Мәжбүр етті
Өр дауысты өктем үн.
Қаныш жеңді,
Түптен түсті айтқаны,
Өркениет ашты өрелі мектебін.

09.01.2003
Алматы

АҒАЛАР ҮШІН АЛҒЫСЫМ

О, тоба, жүзім ашылды,
Жаңалық бұрқанған күн жетті.
Оңалдық бір сілкіп ғасырды,
Жаңқалап астамшыл індетті.

Сәкен мен Евней, Қаныштың,
Аттары бұлт жарып жарқ етті.
Шашқандай ақ сәуле жаны ұшқын,
Жас қыран басты ескі тәлкекті.

Басталды ақжолтай жақсы ісі,
Оқысақ «Правда» газетін.
Біздің ел бүгінгі басшысы,
Сынапты ескілер ғадетін.

Қос ғалым, ақиық ақынның
Қуғында болғанын айтты анық.
Ақ қайнар шығарды батыл үн,
Үшеуін халқына қайтарып.

Қаныш пен Сәкеннің тойлары,
Елдіктің еңсесін көтерді.
Дес келіп ақ тілек ойдағы,
Бар қазақ күткені өтелді.

Университет – өзінің төл ісі,
Евнейдің атына берілді.
Жан аға өркендеп өрісі,
Тарқатты көкіректе шерімді.

Жыркұмар жасымнан салтым бар,
Толтырып қойыппын дәптерді.
Айта алмай жүруші ем сан жылдар,
Бір пайыз ақтайтын сәт келді.

Осы өлең алғысым, Нұреке,
Үш жұлдыз, үш аға атынан.

Әр ісің тапсын зор береке,
Ел-жұртты бірлікке шақырған.

19.01.2003

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШ АҒА ЖЕР ИЕСІ

Данаға не тілесең келер бейім,
Толғанып әнге қосып тереңдейін.
Қазақтың Қаныш аға жер иесі,
«Сүлеймен – су иесі» дегендейін.

Таңданса беу, қазағым! Ғасыр саған,
Кен қайда, кең даламда ашылмаған?!
Кестелеп алтын-жезді дестелеген,
Кім қалды атағыңа бас ұрмаған?!

Көз салсақ теңіз-дала бел-белеске,
Көш құрған көшпелілер жері емес пе?!
Жайнаған арасынан жез кемедей,
Жезқазған Қанышты айтсаң келеді еске.

Іргеңді Теміртаулап беріктетті,
Балқашқа алқа тағып көрікті етті.
Нарыққа қарық қылар мұнайды да,
Сарқылмас ырыс етіп беріп кетті.

Тамыршы жан бітірер жерде кенге,
Жасады зерлі кесте сенбегенге.
Қордасын асыл тастың атап кетті,
Көрсетіп періштелік пенделерге.

Басында Баянауыл тына қалмай,
Самғады қарт Ұлытау сынағандай.
Ордалы ғылым төрін жасап кетті,
Тағдырдан бүкіл қазақ сұрағандай.

Табылса Жер-анадан бар керегі,
Байтақ ел әлденеді, сәнденеді.

Қаныштың атын айтсаң барын ашып,
Жер-ана кеншілерге әл береді.

Кен шөккен тау мен тастың ізін тапқан,
Ғұлама шыққан өрі биік тақтан.
Жарқырап ел шетінен күн шыққанда,
Елестер Қаныш аға күлім қаққан.

1997

ҚАНЫШТЫ АЛҒАШ КӨРГЕНДЕ

Аңсаған туды сәтті сағаттарым,
Талай жыл күткен тапты тағат жаным.
Ішінде көп қаршыға
Көрінді ол
Қырандай еркін жайған қанаттарын.

Тау-жота тізбегінде дара шыңдай,
Жарқ етсе, жүрек қайтсін аласұрмай?!
Мың кісі арасынан көз тартады,
Кең маңдай Ұлытаудың даласындай.

Сыймай тұр басы екі иығына,
Бұйра шаш қызығасың құйынына.
Сәулелі ақ жүзінен нұр тамып тұр,
Көз тартып күлкі қонған миығына.

Құдірет берген екен бар ғажабын,
Атына сай туыпты нар қазағым.
Күн сүйген Жасыбайдай келбетінен
Сезесің адам сүйгіш жан назарын.

Құлшынып кеткендей боп ақын жаным,
Қасына көппен бірге жақындадым.
Жылытты бәрімізді бір-бір сөзбен,
Қазақы қарапайым асыл дарын.

Қай ақын ғаламатқа арқаланбас,
Бар қырын бірақ, тегіс байқай алмас.
Таңданса Черчилль мырза Қанекеме,
Ол заңғар мың жылда бір қайталанбас.

Тіл жетпес тұлға, тұрпат өлшеміне,
Өсті еңсем
Құштар болып еңселіге.
Өзі де, ісі де ұлы ғұламаның,
Әр сөзі ғибрат болды ертеңіме.

10.01.2003.
Алматы

ТӨРТ БАҒАН

Абай, Шоқан, Мұхтар, Қаныш – төрт баған,
Төрт тірегім,
Төрт мұнара, төрт данам.
Қазағымның кім екенін білмейді,
Төртеуіне тағзым етіп соқпаған.

Шоқан шықса жиһанкез боп әлемге,
Абай, Мұхтар қанат қақты сан елге.
Жер-ананың
Кен байлығын паш етті,
Қаныш туып сол байлыққа зар елде.

Қазағыма берсе қазына Құдайым,
Қаныш ашты байтақ өңір шырайын.
Озық елдер қолын созып ұмтылса,
Қызықтырды қисапсыз кен, мұнайым.

Төрт заңғардың жаңғырығы кең еді,
Дүйім елге ой тастады келелі.
Ардақтады олар Абылай аруағын,
Сабақтасып арттағыға өрелі.

Қорқыт баба, Асан Қайғы бар зарын,
Құрманғазы, Тәттімбеттің арманын,
«Арқау етіп» жетесіне жеткізді
Қазақ деген ұлттың барша салмағын.

Туған елге құтты күндер орнап тұр,
Тебіренемін біршілікке толғап сыр.
Дер кезінде демеу берген заманым,
Төртеуінің көксегенін қолдап тұр.

1998

ЖАЙНАЙ БЕР, ЖЕР ПАТШАСЫ – ЖЕЗҚАЗҒАНЫМ!

Не дейін
Әкім десе ақынды елім,
Жарқырап
Кеншім десе, жатыр кенім.
Жазылар құтты өлеңмен,
Асыл әнмен,
Туған ел жүрегіме атың менің.

Сен үшін
Кіммен талай шайқаспадым,
Аз емес әр күніме сай дастаным.
Артымда
Мәңгі сөнбес із боп қалды,
Аралды сақтау үшін айқасқаным.

Жаңартып құрар сәтте ғасыр шатыр,
Табиғат долы күшке басып жатыр.
Ашынған ыза-кегін қайтара алмай,
Қарт Каспий арнасынан асып жатыр.

Күтеді Семей, Балқаш жедел көмек,
Бәрі де бір келер деп елеңдемек.
Өмірді құтты жолдар шарықтатса,
Көңілді көтерерге өлең керек.

Аңсатып кең даланы кен іздеген,
Бауырым кетті деме теңізбенен.
Оралам қайда жүрсем
Ізгі жолмен,
Қиналма, асыл досым, мені іздеген.

Есіме Кеңгір түссе намыс кернер,
Жалғап та Байқоңырмен танысты елдер.
Бәрі де жезқазғандық кәрі-жастың
Ғарышкер, не болмаса Қанышкерлер.

Құлпырса құшақтасып бүгін өңім,
Ұлытау келбетіңе үңілемін.
Лебіне жусан бүркіп, арша салған
Желіңді бір жұтуға жүгіремін.

Есімде кен қазғаным, сөз қазғаным,
Сол еді көптен маздап, аз жазғаным.
Мекені жер сұлуы – «Жезкиіктің»,
Жайнай бер, жер патшасы – Жезқазғаным!

1989

ҚАНЫШТЫҢ ТУҒАН ЖЕРІНДЕ

Ассалаумағалейкүм, Айрық, Теңдік!
Қасиетті Қарамұрын, сағынып келдік.
Жүз жасқа толды биыл Қаныш аға,
Нар ұлың жасап кеткен айрықша ерлік.

Ол жалау көтерген жоқ ұран салып,
Ол атақ жинамапты сұрап алып.
Қазақтың кен иесі, жер иесі,
Ол – дана жасап кеткен ғұламалық.

Ол үшін айдан анық ғасыр мәні,
Халқының мұң мен шері татығаны.
Алтын, жез, ашқан көмір, мұнайымды
Ол – заңғар кеншіліктің ақылманы.

Зор даңқы жетіп жатыр бір басына,
Лайықты той жасалды тұлғасына.
Кемсінген осынау тойды әлдеқалай,
Тәуба деп, ақыл айтам сырласыма.

Мерейлі құттықтаймын қуанышпен,
Барша әлем атап жатыр ұлан іспен.
Орнады Алматыда зор ескерткіш,
Қараймыз сол құрметке жұбанышпен.

Жезқазған, Керекумен дүбірлетті,
Орнатып тас тұғырға ғұмырлы етті.
Парижде ЮНЕСКО жер шарына
Таныты Қаныш деген құдіретті.

Алдымда аға көрдім, дана көрдім,
Тың ісін, ғибрат сөзін санап өрдім.
Ел айтар менің қосқан үлесімді,
Өлең-жыр – шашуымды ала келдім.

Демеймін бос айғайшыл дабыл болсын,
Жүрек бір аруақ қолдап сабыр қонсын.
Құрметін барша қазақ жасап жатыр,
Ақ тілек, адал ниет қабыл болсын!

Қанышты толастамас тану әлі,
Айтылар талай сөзі бар уәлі.
Мың жылда бір келетін данамыз ғой,
Жан аға риза болсын аруағы.

Елде бар ата мирас, ғұрып дана,
Жол шектім сол ғұрыпты ұғып сана.
Қаныштың ата-анасы зиратына,
Қайтамын тағзым етіп, тұрып қана.

6.07.1999.
Сәтбаев ауылы

ЖАС ҚАРАҒАЙ

Тасқа шыққан тамаша жас қарағай,
Желкілдеп тұр бұйра шаш жас баладай.
Еліктірді мейірбан нұрлы жүзі,
Еркімді алды күлімдеп нұрлы жүзі,
Өте алмайсың қасынан жалт қарамай.

Ойлы кейпі өзінше сыр ақтарып,
Жалындап тұр жап-жасыл шырақтанып.
Тасқа құмар, жасынан тауға құмар,
Елеңдетті мінезі ұнап қалып,
Ғабдул-Ғани көрінді сияқтанып.

Бақылап тұр Баянтау қыраныңды,
Көкірегі сезеді-ау тың ағынды.
Жас қарағай бар сырын айтқандай боп,
Сыбдыр қақты жел тербеп бұлақ үнді,
Түре бердім еріксіз құлағымды.

Баяндар деп жас кезін арыстың көп,
Сандықтасқа ұмтылдым танысқым кеп.
Жас қарағай ойланып жас баладай,
Жатырқамай көрмеген алыссың деп,
Қолын созды мен бала Қанышпын деп.

5.07.1999

ҰЛЫТАУҒА БАРДЫҢ БА?

Ұлытауға бардың ба,
Ұлар етін таттың ба?
Халық нақылы

Жезқазған жақта маған дөп,
Басталды өмір жол басы.
Бауырына тартты балам деп,
Ұлытау – ұлттың ордасы.

Өтті көп жылдар танытар,
Қайтейін бәрін ежіктеп,
Кен қазып елді байытар,
Қанышқа келдім еліктеп.

Ұлытауға бардым да,
Ұлар етін таттым да.
Ұлағат сепкен алдымда
Едіге шыңын таптым да.

Тобылғы, арша сән құрған
Жұпарлы жұмақ тау іші.
Есімде қалды жаңғырған
Ақын Тайжан дауысы.

48826

«Алтын астау» алқабын,
Сүйсіндім саспай аралап.
Қанықты нұрға жан-тәнім,
Қыз-қайыңдар қамалап.

Кісідей тірі тау-тасы,
Балбалдар жүрді аралас.
«Қыз емшек» қызық жартасы,
Жатқандай ару жалаңаш.

Аттылы-жаяу көп кездім,
Арғанаты маңайын.
Ата-баба мен сездім
Асыл ізі талайын.

Қоскөлге барсам қарсы алды
Аққу – құстың патшасы.
Мен келді деп жар салды,
Жол кескен киік қаншасы.

Көрдік қой талай таңырқап,
Абылай ханның алаңын.
Тұру жоқ енжар жабырқап,
Жыр төгіп, желді қаламым.

Северо-Казахстанская
областная библиотека

Осынау төрден ғаламат,
Ұлытау жаққа қарасаң,
Көнеден қалған аманат,
Көнермес белгі орасан.

Қара, Сары Кеңгірлер,
Алаша хан жайлаған.
Мазары тудай желбірер,
Алыстан көзді байлаған.

Өзенге тақау төбеде,
Жошы хан мен Домбауыл.
Ақ үйлер таққан дөдеге,
Көз тартар сайда қойлы ауыл.

Қос қала қызған намысқа,
Сәтбаев пен Жезқазған,
Шақырып тұр ғой алыста,
Жолдарға сілтеп кен қазған.

Жайдары күн, сылқым ай,
Самал жұтпай жүдерсің.
Осының бәрін, шіркін-ай,
Сағынбай қалай жүрерсің?!

22.10.2002.
Алматы

ҚАНЫШ ЖӘНЕ СҰЛУ САЗ

Мәскеудегі білгір маман жас кезі,
Затаевич іздеп келіп тапты өзі.
Қазақ әнін зерттеп,
Хатқа түсірген,
Өнерпаздың сергек, ұққыш сақ кезі.

– Көріп едім,
Кезіңді бір ән салған,
Тыңдаушыңмын сонда еріксіз тамсанған.

Қаныш достым,
Әсем ырғақ әуресі-ау,
Жалықпадым сені іздеп аңсаудан.

Құлағымда екі ішек наз күмбірі,
Естілгендей Жасыбай толқын сыңғыры.
Барша әнінді айтып берші,
Кітаптан
Ноталарын көзің шалар бір күні.

Көкірегіме сұлу әндер шалқыған,
Ұя салу болды өмірлік салты заң.
Сенен асар естімедім еш әнші,
Көнтерлі айтқыш,
Шықпас түпкі қалпынан.

Қиял еткен
Арманның құлы – бұл адам,
Көптен де көп жаным менің құмар ән.
Есен болсам қазақ халқы бар әнін,
Әлем тілі мәнерінде шығарам. –

Деді солай сұлу саздың зергері,
Жиырма бес ән салып Қаныш терледі.
Жиырма бес ән мәңгілікке жол тартса,
Қос ғұлама ол ғажайып еңбегі.

13.01.2003.
Алматы

«БҮРКІТБАЙШЫЛ» БОЛҒАНЫМ

Секілді едім сері-кенші әнқұмар,
Тәтті әуеннен көкірегіме көл тұнар.
Маған ән боп естіледі гүл тілі,
Әнші қыздай елестейді көк шынар.

Ән базары арасында өскенім,
Ұланы едім ерке Есіл, Көкшенің.

Сағыныштың қандырады назына,
Қош айтысып, құстар күзде төккен үн.

«Гәккушілмін» Үкілі бабам салтымен,
Ес білгелі «Жамбас сипап» шалқып ем.
Ақан сері естен мәңгі кетпейді,
«Қараторғай», «Құлагершіл» даңқымен.

Балуан Шолақ «Ғалиясына» үйірмін,
Талай топты мәз күлкімен иірдім.
«Бір сүйгізші, қалқатай», – деп қақсаумен,
Қара көздер жанарына шүйілдім.

«Бүркітбайшыл» дерт те жылдам жабысқан,
Сәтім қызық қанатты әнмен танысқан.
Жаттап қалғыш,
Жұтынып тұрған кезімде,
Жезқазғанда естіп едім Қаныштан.

Таң қалдырды ғалымдықтың тарланы,
Ғажап екен баппен әнге салғаны.
Қоңыр дауыс, барқыт үні балқытса,
Құштар етті есте мәңгі қалғаны.

«Бүркітбайсыз» тынбастай бір ісім де,
Бүркіттендім кенші достар ішінде.
«Жүз теңгелік жүзін көрген айнамен»,
Сұлу қыздар ұйқы бұзды түсімде.

«Бүркітбайшыл» достар жайлап төрімді,
Қаныш нұры шапағат боп төгілді.
Қашан салсам осынау әнді
Күлімдеп,
Асыл аға әз бейнесі көрінді.

1.01.2003.
Астана

ГРИГОРИЙ ПОТАНИНГЕ

Әл біткен, жаңа ғана аяқ басып,
Іліндік біз де жетіп мерекеге.
Тойына шашу арнап шаттанамыз,
Білдіріп жүрек лебін Грекеңе.
Ахмет Байтұрсынов

Греке, елім сүйген асыл затсың,
Шоқандай досы болдың батыл жастың.
Мұсамен Шорманұлы ой бөлісіп,
Имантай Сәтбаевпен жақындастың.

Потанин деген жастай атқа қандым,
Оны айтсаң Шоқанды айтып мақтанармын.
Қалың мұрт, қауға сақал келбетін де,
Мәттақы бала күнде жаттап алдым.

Тебіреніп көкірегіне нұр түскенде,
Пушкинше тіл табысты «Түнғұспен» де.
Аралап біздің елдің ой мен қырын,
Табысты Уәлиұлы Шыңғыспен де.

Тарихтың талай сырын ақтарыппын,
Ақтарып жыр жалғасар хатқа алыппын.
Обручевпен достығына қайран қалам,
Ұстазы біздің Қаныш Сәтбаевтың.

Мінеки, тың хабарға сабақтастым,
Туыпты зор жүректен ғажап тасқын.
Құттықтап Ахмет ағa сексеніңде,
Сыйлығын паш етіпті қанаттастың.

Есіме түсуші едің Шоқан десе,
Үңілдім дәріс алып саған неше?!
Греке, жанарымда жарқ етесің,
Салғандай сені есіме Ахаң кеше.

Грекең – біз білетін ұлы ғалым,
Сарқылмас сан ғасырлар сыры қалың.
Бірі емес сары орыстың,
Нар орыс қой,
Ұлтымның сүйген талай ұлыларын.

28.11.2002.
Астана

ЕР ЕДІГЕ

Тарихи Едіге түріктің
Қоңырат руынан шыққан.
Қаныш Сәтбаев

Бабатүкті Шашты Әзіздің баласы,
Ер Едіге қазақтың дүр данасы.
Елін ойлап еңіреп туған батыр деп,
Дәріптеді сан ұрпақтың санасы.

Атын ұран, аңыз етіп мақтады,
Едіге боп елестейтін ақ таңы.
Ертегіден ақиқатқа жақындау,
Ұлытауда мәңгі ұйқыда жатқаны.

«Зейіні өткір, шалып қалғыш қиядан»,
Арманы зор, көргені көп ұядан.
Қырық кісінің ары біткен ақтангер,
Азаттыққа елдің басын құраған.

Дау мен жаудан қорғай білсе өлкені,
Ханнан кетіп биге медет жеткені.
Малын жанға, жанын арға арнаған,
Ер Едіге – ерендіктің мектебі.

Ел рухына панасындай теліді,
Айтса қайтпас болды ноян берігі.
Тарландықтың баламасы екен ғой,
Тарланбоздай құс қанатты серігі.

Білмек болсаң Ер Едіге өмірін,
Қанышты оқы, сонда жатыр көп ілім.
Қарсы алады Алтын Орда, Көк Орда,
Тоқтамысты құрткан Ақсақ Темірің.

Қате оны ноғайлыға балаған,
«Тарихи Едіге Қоңыраттан тараған».
Өжет батыр, шешен айтқыр дананы,
Сыпыра жырау ханнан басым санаған.

16.01.2003.
Алматы

ЖЕЗҚАЗҒАНЫМ – ҚАНЫШТЫҢ ЖАН-ЖҮРЕГІ

Дала-Қаныш,
Ауылдар, қала-Қаныш,
Бала-Қаныш көптігі дара жарыс.
Бәріне де солардың дем береді,
Күлім қағып, жол сілтеп дана Қаныш.

Шығыс жақтан қызыл мыс таң кіреді,
Бірге келер Сарыарқа нәрлі лебі.
Кен иесі Қанекем, жер иесі,
Жезқазғаным – Қаныштың жан-жүрегі.

Қанышы бар қызық қой өмір деген,
Қанаттанып күш алып көңілденем.
Атын айтсам алыстан бой тастайды,
Таңғажайып белестер көрінбеген.

Ғибрат алдық даңғайыр данадан біз,
Ұлытау, Баян жалғас деп санағанбыз.
Қаныш десең Жезқазған елестейді,
Сол қаладан ержетіп тарағанбыз.

«Жезкиіктей» жанымның дәру әні,
Ол – гүл, дала перзенті, ару әні.

Мойыл қара көздері мөлтілдесе,
Жүрегіме отты ұшқын дарығаны.

Кенші күнім, кең құлаш отты күнім,
Қаныш-қала ең ғажап тосты гүлін.
Жезкиіктің жез қанат желісіне,
Қоскөл жақта аққу-қаз қостым үнін.

Қаныш-дала, қасиетті Қаныш-қала,
Сені ойладым жақында, алыста да.
Жезқазғандық жігітпін деп қуанам,
Қуат берген бойда ар-намысқа да.

Шалқарлығын шалқытып дала кеннің,
Құшағына құт қонған дана әкелдің.
Бар әлемге атанды Жезқазған да,
Ең сүйікті перзенті Қанекемнің.

16.01.1998

ҮЛКЕН ҚЫЗЫ ҚАНЫШТЫҢ

Ханиса апай –
Қаныштың үлкен қызы,
Хан тамсанар ғажайып көркем жүзі.
Қос ананың әлпешін көріп өсті,
Көрік беріп ерекше көктем, күзі.

Инабатты, ақ ниет ғұрып құрды,
Жанарында мейірім тұнып тұрды.
Аққу мойын, аршын төс
Қыз төресі
Қайнекейдей ақынды қызықтырды.

Құлаш ұрса сәулетті жан-жағына,
Қонды бақыт зор әулет аруағына.
Қайнекей мен Ханиса отау құрып,
Ұл-қыз көріп жетіпті арманына.

Әділ, Нұрлан, Әлима балалары,
Қаныш аға кең төрін жаңалады.
Асыл ата алдында өсті олар,
Дархан тірлік ерекше бағалады.

Қызық күндер
Арайлы кешкенінде,
Білді, әрине, бақытты өскенін де.
Имантайдың сүйікті немересі,
Отыр бізбен дәл бүгін сексенінде.

Жансын жұлдыз баураған көп сенімге,
Қалсын бәрі, достарым, естеріңде.
Сексен шырақ алауын жалаулатып,
Той-думанда басайық сексен үнге.

Қаныш аға ғарышқа етер үміт,
Жақты мәңгі жұлдызын төте жүріп.
Париж тойлап
100 жылдық мерекесін,
Қазақ елі қалды бір көтеріліп.

Айтарымды әр кия, саққа бұрмай,
Өту қиын ақ ниет ақтарылмай.
Ғұламаның әр сөзін біз сыйлаймыз,
Болашаққа арнаған хаттарындай.

Ханиса апай,
Нұр шашып көркем елес,
Шын жадырап қандай жан өркендемес?!
Алдымызда жүзге де сау жетіңіз,
Құтты болсын бүгінгі сексен белес!

29.11.2001

СӘУЛЕЛІ ӘУЛЕТ ЖҰЛДЫЗЫ

Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаеваға

Асыл мінез – арулардың байлығы,
Үнсіз кешер қуаныш пен қайғыны.
Шәмшиябану, күнім бол деп жан анаң
Есіміңді сен туғанда жайды үні.

Қасиеттілік, ізгілік пен тазалық,
Нәзік жаның тұнып тұрған саз анық.
Сәтбай бабаң аруағы дем беріп,
Имантай атаң бой шарпыды назы анық.

Қыз көңілден түрлі елес өтетін,
Ана сыры мұңдасуға жететін.
Қаныш аға ара-тұра жол түссе,
Сүйіп, құшып, мауқын басып кететін.

Тәбделіне сұм тағдырдың бағыныш,
Төзімділік – көзің көрген анық іс.
Жастай сені терең ойға телміртті,
Алыстағы әке салған сағыныш.

Жан ағасын өз қызындай сыйлап та ең,
Кетер-ау деп оққа ұшып милап па ең?
Иығында Ғазиз аға өстіңдер,
Қос қарлығаш қатар қонып Зиннатпен.

Сәуле түссе көңіліне әлдимен,
Дән байланды ауылдағы ән-күймен.
Жалғыз ағаң Мәлеш дүние салғанда,
Қарлығашы шектің мезет жан күйген.

Жезқазғаным пір тұтады әкеңді,
Ол қазаққа ерен байлық әперді.
Шәрипа апай екеуіңді көп ойлап,
Баянтаудан Алатауға әкелді.

Өстің өрде аққу қызы Қаныштың,
Білім жалғап Мәскеумен де табыстың.
Кең жайладың асқар таудың саясын,
Бақыт құсы қанатымен жарыстың.

Бұйра шашың ұксап көлде толқынға,
Аңыз-қиял жетті есімің ой-қырға.
Қызыл шырай, алма беттен қан тамған,
Өзге қыздан артық еді «сортың» да.

Берді реніш қуанышқа кезегін,
Дертті жүрек тапты аңсаған өз емін.
Сиқыр сәуле жанарыңнан жарқ еткен,
Өртеп кетті талай жігіт өзегін.

Ашық қабақ, мөлдір бота көздерің,
Құлын тұлғаң бірінде жоқ өзгенің.
Орекеме бұйырғаның тамаша,
Үлкен ақыл басқалардан безгенің.

Қаныш сүйгіш өмір жолын таңдаппын,
Шәрипа апай қолынан да дәм таттым.
Әлі есімде, Абай әнін құбылтып,
«Огиньский полонезін» маздаттың.

Ата салты қонса арттағы балаға,
Кетпегені бата-тілек заяға.
Біле-білсек, артығымен өтелді,
Ауыр міндет – перзент болу данаға.

Бақыт келер ұлдан ба, әлде қыздан ба?..
Бас имейді тағдыр мәңгі бір заңға.
«Сәулелі әулет» межешам боп жайнады,
Қанекеме ел салтанат құрғанда.

Туған елдің болғаны ғой ерікті,
Асыл дерек масыл ойдан жерітті.
Жүз жылдық той жұлдызы боп жарқырап,
Сол еңбегің бар қазақты телітті.

Әдебиет байланысын шет елдің,
Талмай талдап туды өрге жетер күн.
Ел-жұрт разы, отыз ұлға бермес қыз,
Қаныш аға туын биік көтердің.

Ұлы шаңырақ нөпір жүгін артыпты,
Соны ақтауды жан-жүрегің ар тұтты.
Бір ғанибет: ұлдарың да, қызың да,
Ғылым қуып Қанекеме тартыпты.

Шарықтай бер, «Шәкеш» апай, тоқтама,
Еңбектерің толқып жатыр топтала.
Қыздың жасы жасырын ғой,
Жыр төктім:
«Туған күнің құтты болсын!» – деп қана.

25.07.2000.
Алматы

КЕНШІ СЫРЫ

Беу, муза! Ен шабытқа бөледің бе,
Бармаспын ел сырынан бөлек үнге.
Ояу сөз, бояуы айқын, дыбысы ашық,
Терең ой мекендесін өлеңімде.

Әкелер қан майданға ерте кетіп,
Балалық жіберген жоқ еркелетіп.
Үйрендік іске обыр, тілге сараң,
Мың ойлап айтар сөзді келтелетіп.

Кешегім боларлықтай бүгінге сеп,
Сарқылмас заман мұңы үнімде көп.
Кен қаздым кейбір ділмар айтпасын деп:
«Білгені, бітіргені тілінде» деп.

Түспесін титім нұқсан ар-намысқа,
Салтым жоқ жан сауғалар қалтарыста.
Аралдың айқасында шаш ағарды,
Жүрмей ме нағыз ақын арпалыста?!

Қопарған Жезқазғанда жезім өлең,
Телегей болып кеттім өзім өлең.
Қыздырып ішкі намыс асыл тасқа
Қараймын ақын-кенші көзіменен.

Талпынсам туған жерден алыс қонып,
Қуандым Жезқазғанмен таныс болып.
Шіркін-ай, арман еді ұқсап қалу,
Дүниеден өтпесем де Қаныш болып.

Осыны демес достар бекер еді,
Жер тілін білу ынта еселеді.
Сырым сол: Қаныш аға зор атағы,
Көкшеден Ұлытауға жетеледі.

1976

БҰҚАР ЖЫРАУҒА

Айбынды жырдың атасы
Өзіңсің, Бұқар жырауым.
Айтар сөз сол ғой төтесі –
Ел басын білдің құрауын.

Жаралған жанға намыстан,
Құрметім биік сезілсін.
Абылаймен тіл табысқан,
Айбатты ақын өзіңсің.

Қазақтың рухы жебеді,
Жайладың бірге кең төрді.
Жебелі тілдің беделі
Хан-төреге ем болды.

Дариядай тасқын ағындап,
Дауылпаз күнді жоймадың.
Жанартаудай жалындап,
Тағдырын ұлттың ойладың.

Атаға тартып ұл туса,
Құдайдың елге бергені.
Анаға тартып қыз туса,
Береке-құттың келгені.

Әр сөзің ұран саналды,
Алыстан жеткен тың сарын.
Мінезіңнен нәр алды,
Қаныштай асыл ұрпағың.

Біледі сергек құс тілін,
Телегей шабыт толғатса.
Өзіңнің отты ұшқының,
Ақтангер ақын Олжас та.

1995

ҚАНЫШ АҒА КИЕСІ

Ел-жұртқа айтар сөздің жүйесі бар,
Сөздің де парқын ұғар иесі бар.
Тиесі сорын табар тиіскендер,
Қаныштың соғып өтер киесі бар.

Бір татар
Қаныш ағa өлгеннен соң,
Жауласты төрдегілер дем берген соң.
Байғұс-ай,
Көп ұзамай марқұм болды,
Мәңгүрттік ақыл-есін меңгерген соң.

Бір «досы»
Өрлік те етті, зорлық та етті,
Бірақ ол
Отқа түскен көрдік кепті.
Татарға ергені үшін қатер келді,
Төсекте соңғы өмірі қорлықта өтті.

Қаныштың киесі атса нелер сұмды,
Шындық бар
Айқын ашып берер сырды.
Соққылап әлгі екеуін Ниязбеков,
Сол жолы «Үлкен үйде» ерлік қылды.

Қанышты
Айтаққа еріп сатқан сынап,
Көз көрді талайларды жатқан сұлап.
Ақыры соққы көріп,
Көзін жұмды,
Өзі де ең «дөкейдің» тақтан құлап.

Ел білмей үнсіз көп сыр өтер еді,
Нұрсұлтан «Правдада» төпеледі.
«Қаныштың, Сәкен және Евнейді,
Қудалау болды», – деп тік төтеледі.

Қанық сыр
Ғибрат болған ғасырларға,
Оңбайды ауыз салған асылдарға,
Данышпан Қаныш аға киесі бар,
Ел үшін соғып өткен басын жарға.

15.05.2005.
Алматы

ҚОС ЖҰЛДЫЗ

Қаныш аға қос жұлдызды шолыпты,
Бақыт құсы қос қанаттап қоныпты.
Шәрипа мен Таисия атанған,
Қос жұлдыздың шапағаты қорыпты.

Махаббатшыл туса талай таң сәтті,
Жариялауға жібермеді заң қатты.
Балалары, немерелері аралас,
Қос шаңырақ татулығы тамсантты.

Айырылмады олар сыйлас сәлемнен,
Салт құрыпты ықыласты мәнермен.
Бірі құрса ағайынмен байланыс,
Бірі жүрді жалғастырып әлеммен.

Қос жұлдыздың жарастығы қалмады,
Көңіл жығар араздыққа бармады.
Қаныш аға аттанғанда бақиға,
Екеуі де өмір көшін жалғады.

Ақиқатты өлең сөзге қостық біз,
Қос арудан суыған жоқ достық із.
Қаныш аға төсіне емес,
Тағыпты
Жүрегіне мәңгі сөнбес қос жұлдыз!

10.10.2002.
Алматы

* * *

Әлем сырын елім тез кетеді ұғып,
Үйренеді көрмесе төте жүріп.
Бар адамзат өткен жол – өз жолымыз,
Оған қарсы болмайық шеке қызып.

БАЯНАУЫЛДЫ КӨРГЕНДЕ

Ежелден есіміңе ғашық едім,
Баурады, Баянауыл, асыл лебің.
Қаныштың бұйра шашы секілденіп,
Бұрқырап жатыр орман, жасыл белің.

Ораған сал табиғат сыйға қалың,
Жаннат жер, келісті екен жинағаның.
Көз екеу болса-дағы тілім біреу,
Көркіңді жеткізе алмай қиналамын.

Келгендей сұлулықтың базарына,
Тамсантты ару Ақбет ажары да.
Бой жазып тау ішінде жатқан қыздай,
Қызықтым Жасыбай көл ғажабына.

Лүпілі жүрегімнің басылмады,
Жер мен көк, су мен сәуле жасыл бәрі.
Қол сілтеп тасқа шыққан сал қарағай
Қанышқа ұқсап кетті жасындағы.

Бүгінгі бостандықты ырымдаған,
Кешегі үн береді қыңыр заман.
Айырық, Керегетас айтып жатты,
Балдырған, бала Қаныш сырын маған.

Тамсанып қарай берем шың төсіне,
Бір сүйіп өтіп жатыр бұлт көші де.
Жас Қаныш тасқа жазған сөзін көрдім,
Үңіліп әрбір үтір, нүктесіне.

Жан-жаққа таңырқасам күндіз көріп,
Бітіпті тау мен тасқа құндыз көрік.
Шаттандым
Айлы түнде кең аспанда,
Жайнаған Қаныш атты жұлдыз көріп.

Торайғыр көлінен де жүзік тердім,
Айдында Сұлтанмахмұт жүзін көрдім.
Бір жылдай паналаған осы өңірді
Ақ сұңқар Сәкен аға ізін көрдім.

Жасыбай батыр тұрса жол басында,
Мол сырға қайран көңіл толмасын ба?!
Мәрт мінез
Олжабайдан алған екен,
Дүниені дүр сілкінтіп Олжасың да.

Баянтау, жастай ынтық өлкем едің,
Пай-пай-пай!

Неткен ғажап көркем едің?!
Қаныштай бала күнгі асыр салып,
Келіп тұр баурайында еркелігім.

09.07.1999

* * *

Кешіп келем туғалы өртті кілең,
Кеше ғана бір дауыл өтті білем.
Кеш болса да молшылық бір келеді,
Жамандардан жақсының көптігінен.

Беу, достарым, қуат пен құнды күшің
Жұмсалмасын сатқынның сұмдығы үшін.
Менің досым сендерсің, шын арыстар,
Қасарысып өткендер шындық үшін!

ЕСТЕЛІК

Қаныштың жары Шәрипа,
Әулетке аткан таң еді.
Ақ жүзі нәзік ақ ұлпа,
Періште туған жан еді.

Мейірбан жылы көздері
Жайнаған қара маржандай.
Байыпты, бапты сөздері
Естілер қиял-армандай.

Аумайтын аппақ қайыңнан,
Баянтау жақта өсетін.
Күлкісі шуақ жайылған,
Қанышқа ұқсап кететін.

Күмбірі күйден нәр алған,
Тал бойы тұнған ән еді.
Данаға серік жаралған,
Өзі де дана жан еді.

Қанекең жайлы сыр толғап,
Домбырасын алдырар.
Жүрегін тәтті жыр қозғап,
«Бүркітбайға» салдырар.

Құлын-тай өрде бестіден
Үйренсе шабыс – ел бағы.
Өз аузынан естіген,
Шырқаушы ем әнді мен-дағы.

Күйсандықты құлшынтып,
Шәмшия әнге басатын.
Қиялға алыс ұмсынтып
«Полонез» ұшқын шашатын.

Ізетпен атын атаймын,
Өзіндей нәркес сәнімен.
Шәрипадай апайдың
Алғысын талай алып ем.

30.05.2002

ДОМБЫРАСЫ ҚАНЫШТЫҢ

Оразай Батырбековке

Қоңыр күмбір домбырасын дананың
Көрген сәтте жайнап кетті жанарым.
Өз қолынан талай ұстап тартып ем,
Шәрипадай асыл ару ананың.

– Тапсырысы Шәмшиябану жарымның,
Бітер шақта көрер қызық, жалын күн:
«Кәкеңе бер домбырасын папамның,
Ақын білер қасиет-құтын дарынның».

Деген сөзін сыйлап табыс етемін,
Күмбір қақсын шартарапқа жетер үн, –

Деп Орекең домбыраны сыйлады,
Үзбей жалғар әсем әннің жетегін.

Асыл мұра қалған белгі дүлдүлден,
Қандай жақсы
Сөйлесерлік тіл білген.
Қаныш аға жарқын кезін көріп ем,
«Бүркітбайды» шырқап шалқып тың жүрген.

Тереңдетіп тыңдаған жан санасын,
Салушы еді-ау «Көзімнің қарасын».
Кел, домбыра, менің бақыт құсым бол,
Әнге орауға атам қазақ баласын.

Жігер бітсін жүректегі нөсерге,
Бұдан артық көңіл, шіркін, өсер ме?!
Мәриям-ау, бұл домбыра құт болды,
Алматыдан Астанаға көшерде.

24.11.2002.
Алматы

ҚЫСҚА ҒҰМЫР

Балғын еді аққұба, бұйра шашты,
Кере қарыс ақ маңдай, қара қасты.
Тостаған көз, жүзі өткір,
Көркем Мәлеш,
Өнерге де тым ерте араласты.

Жанартаудай жүрегі жалынды еді,
Сал табиғат беріпті барын тегі.
Ойнаса да сөйлейтін ойлап қана,
Кең мінезді, талапкер дарынды еді.

Сұлу саздың табынып білгіріне,
Ән мен күйдің қанықты мың біріне.
Бойы балқып, тебіреніп отыратын,
Жаны шалқып домбыра күмбіріне.

Балалайка, мандолин, гитарын да,
Тартты ыңғайлап қазақша күй сарынға.
Қарсақбайдың келтірді мыс сыңғырын,
Жасыбайдың ақ күміс ырғағын да.

Беу, тәңірім, ұзаққа берсең етті,
Тағдыр ғажап ғұмырды келтелетті.
Шәрипа мен Қаныштан туған Мәлеш,
Он бес жасқа жете алмай ерте кетті.

29.11.2001.
Алматы

МЕНДЕЛЕЕВ КЕСТЕСІНЕ ТҮСІНІК

Менделеев атамыздың кестесін
Мен өзімше түсінем.
Элементтер ел қоныпты
Өнер, мінез күшімен.
Төр төбесі суға тисе
Көпсінбейік, ақындар,
Ол – қорек қой,
Түршікпейік түсінен.

Қасиетті су
Ақ сүті де анаңның,
Оған жетер қай зәмзәмі ғаламның?!
Өзек өртеп жан-жүректен шығатын,
Киелі су тамшы жасы адамның.

Мұзды мұхит жай жатқан жоқ қоймада,
Тез ерісе салды адамды ойға да...
Суы көптеу өлең ашық жауымыз,
Ақылың жетсе
Өзге сумен ойнама.

Тоғызыншы кестедегі қорғасын,
Орны жақсы. Сол орынды қорғасын.

Құрметтеймін салмақтыны,
Тек қана
Жалған жүзін жасыратын формасы,
Қара жүрек кісі өлтіргіш болмасын.

Алтын жайлы шешім пішсек арнайы,
Төмен деме кестедегі сарайы.
Нағыз асыл – кішіпейіл кең мінез,
Нағыз асыл – қарапайым, жабайы.

Түсінгенім жан сыбыры хабарым,
Кереге көз сүйем кесте тарамын.
Аптықпа дос, сол кестеші сияқты,
Білем уақыт саған да орын табарын.

Кесте ғажап жақындатқан алысты,
Қиюласты, жер-жаһанмен табысты.
Құрметтейік сол кестені толтырған
Қазақ жерін және дана Қаныштыі!

2002

* * *

Жылылық кескінінде тұрған жайнап,
Тентекті жасқандырар құрған айбат.
Қос жанар ақ кеседей аунап түссе,
Тамсантар қарашыққа тұнған қайрат.

Өзі өлең,
Есімі өлең тарлан көгім,
Бір көріп
Кештім ғажап арман төрін.
Дүние дүрмек емес, майдан екен,
Дүлдүлдер бақытты етер жүрген жерін.

Әнеки, кербез жүзі құлпырады,
Қисайды-ау шекесінен күн тымағы.
Байқалды бүкіл болмыс, кескінінен
Адам мен сал табиғат ынтымағы.

Артық сөз, ұзақ кеңес құрмай бекер,
Бейнесі шалқар шабыт шыңдайды екен.
Қанша айтқыр болсаң-дағы
Дастан керек,
Қанекең бір өлеңге сыймайды екен!

1966

ЖЕЗҚАЗҒАНДЫ «ЖЕЗКИІК ЕЛІ» ДЕЙДІ

Жақсыкелді Сейіловке

Айналайын атыңнан, Жақсыкелді,
Тағдыр сені дос етіп жақсы берді.
«Жезкиіктің» дүбірі тасқындатты,
Жыр маздатқан бойымда жас жігерді.

Кен қопарып, баптасып егісін де,
«Жезкиік» жүр жүйткітіп ел ішінде.
Жүгірткендей соңынан екеумізді,
Бір жұмбақ бар сол киік желісінде.

Сені мейлі, іздесін мені мейлі,
Тыңдаған жан қалайша ерімейді
Қызыл ішік киген қыз аңыз болған,
Жезқазғанды «Жезкиік елі» дейді.

Жез қанаттың жыр етсем ағынын кең,
Сағынып ем, тағдырға табынып ем.
Жалын қостың жүректе жанған отқа,
Ықылас ата сиқырлы сарынымен.

Сөз бен әуен желісін келістірдің,
Бір арнасы табылды егіз сырдың.
Адам жанын толқытты ән төресі,
Туған елді кең жайлап, өріс құрдың.

Шырқап, толғап, тебіреніп теңселемін,
«Жезкиікке» өмірде көп сенемін.

Қайда барсам алдымнан қарсы алады,
Жырлай-жырлай көп жылдар көксегенім.

Жүрегіміз лүпілдес үн шығардың,
Сағынышқа тап солай тұншығар кім?..
Мәңгілікке жол салған осынау әнмен,
Айды аспанға, жаксы інім, бір шығардың!

1986

КӨПІР

Арыс белі көтеріп нөпір жүкті,
Қос жағаны қосып тұр көпір мықты.
Қарай-қарай көркіне таңданамын,
Бұдан артық болар ма өмір құтты?!

Бар ынтасын халқына арнап кетті,
Арман еткен мақсатқа самғап жетті.
Өзі өскен дәуір мен болашақты,
Қаныш аға көпір боп жалғап өтті.

Көпір көрсем қызығып қарап өтем,
Алып тұлға, күші де ала бөтен.
Жоқшылықтан жол салған тоқшылыққа,
Азаматта не арман болады екен?!

1968

СЕГІЗ СЕРІ КЕМЕҢГЕР

Ұстаздарым Сегіз сері, Нияз сері.
Біржан сал

Көк теңізде желкен жайған кеме дер,
Сегіз сері – асқын талант, ерен ер.
Ұстазым деп ардақтаса Біржан сал,
Сол емес пе озық туған кемеңгер?!

Аз уақытта мол шарықтап үлгерген,
Жүрек қылын дәл табатын сұр мерген.
Баһрамұлы ол Мұхаммед-Қанафия,
Ақындығы, батырлығы мыңмен тең.

Сөзі сара, әні дара асқақ-ты,
Оны жастай ұлтжандылық басқартты.
«Тентек қазақ ереуілін бұз», – деген
Губернатор жарлығынан бас тартты.

Үздік ақын, ұлы сазгер, хас батыр,
Онда көп қой ғашықтықтан басқа сыр.
Исатай мен Махамбетке септесіп,
Сан жорықта құрды бірге ақ шатыр.

Содан кейін Сыр бойына оралды,
Дертке дауа тапқандай тез оңалды.
Төтеп беріп Хиуа, Қоқан, ойратқа,
Өзі дербес ел қорғаны бола алды.

Қалай ғана Мақпал қызға тамсанбас,
Ғажап сол ғой атына сұлу жан салмас.
Мерт болды ол ойраттардың оғынан,
Сонда туды ән төресі – «Гауһартас».

Кімге тиді десек-тағы обалы,
Ел мұрасын жинап алған жоқ әлі.
Сегіз сері ұлттың рухын қорғаған,
Шын кемеңгер серіліктен де жоғары.

АЛМАТЫНЫҢ ТӨРІНДЕ

Төлеген Досмағамбетовке

Кең жайлаған XX ғасырды,
Ел құрметтеп
Ардақтады асылды.
Ғылым төрі – Алматыны жайнатқан,
Сәтбаевқа жаңа ескерткіш ашылды.

Тас тұғырлы,
Мыс сыңғырлы қоладан,
Қайта туды кең көшеде зор алаң.
Дербестігім еркін сілтеп, бой жазып,
Туды мезет мол шаттыққа ораған.

Абай, Шоқан, Мұхтар аға қатары,
Толды бүгін
Ақ тілекпен баталы.
Қамқоршысы, демеушісі бұл істің,
Президент те өз алғысын атады.

Зәулім мүсін құлаш жайып керіле,
Қанаттанды
Ұқсап бірлік мөріне.
Қазағымның тағы да бір данасы,
Көтерілді әлемнің құзар төріне.

Беу, ағайын! Төгілт күйді, ән үзбе!
Қаныш жеткен жұлдыз көшін дәл ізде!
Алматыда, Жезқазғанда басталған,
Мәскеулетіп
Той шалқиды Парижде!

Елге мирас асыл аға жетегі,
Атын айтсақ ұрпақ тағзым етеді.
Ашқан кені:
Көмір, темір, мұнайы,
Азық болып мың-мың жылға жетеді!

Қаныш аға!
Бар ісіңді салмақтап,
Сан жетпейді санағанмен бармақтап.
Барша қазақ бас иеміз алдыңда,
Мақтай біліп, мақтан етіп, ардақтап!

12.04.1999.
Алматы

КІШІ ҚЫЗЫ ҚАНЫШТЫҢ

Шолпан жұлдыз егізіндей бір туған,
Ғажап еді-ау, жас кезінде құлпырған.
Мейіз десе,
Мейірің қанар қыз еді,
Мерейі үстем тау мен тасқа ұмтылған.

Кең көсілді кен ғылымы жолдары,
Білікті әке бар ынтасын қолдады.
Әрі сұлу,
Әрі ақылды қызына,
Баянды боп бақыт мәңгі орнады.

Анасы да ел тілегін ақтаған,
Таисия апай болды елгезек жақсы адам.
Жан серігі, жәрдемшісі Қаныштың,
Екі ананың балаларын баптаған.

Қос барлаушы
Баптап өскен барлаушы,
Болды Мейіз жоқтаушы да қолдаушы.
Қаныш аға мол мұрасын маздатты,
Ғасырларға кең жетердей бар даусы.

Дана сырын бір арнаға құйылтты,
Тер төгіліп қолжазбасын жиыпты.
Отыз ұлға тұратын қыз осы ғой,
Сегіз томды ел қолына бұйыртты.

Үлкен ғалым
Жезқазғаншыл жаралған,
Әке арманы жемісінен нәр алған.
Қаныш қызы – Жезқазғанның қызы боп,
Іске асырды өз арманын сан алуан.

Тостаған көз... бұйра шашы желбіреп,
Егде күнде азаймапты селдіреп.

Қарыс маңдай, Қаныш маңдай келбетті,
Кербез ару, өжет әрі ержүрек.

Жүз жылдық той
Кезінде көп таныстым,
Ұлы жолдан ұлағат, ғибрат алыстым.
Барша қазақ алғысын ал
Ардақты,
Асыл туған кіші қызы Қаныштың!

8.10.2002.
Алматы

ТІЛ ЖҮЙЕСІ

Тіл киесін білесің,
Жүйесін табу – жетістік.
Сынаққа салса сын есім,
Тіркесін іздер етістік.

Ұяға қорған күзенше,
Сөз түбірін бағады.
Қат-қабат байлам түзелсе,
Тұрақты тізбек табады.

Баяндауыш бәлсінсе,
Бастауыш түзер қатесін.
Буыны бекіп, әл кірсе,
Түйісін табар зат есім.

Тіл киесін шамала,
Ол – ұлтының көзі ғой.
Тіл жүйесін бағала,
Ол – анаңның сөзі ғой.

* * *

Жүрекке қанат байлатқан,
Сәтті сөз, ашық ақ гүлсің.

Құлшынтып жігер қайратқан,
Айдынға конған аққусың.

09.06.2002

БАЛҚАШҚА ҒАШЫҚПЫН

Құтты аймақ – ұлы жер,
Алтын, жез тасыған.
Балқашым – ұлы көл,
Ел кетпес қасынан.

Ақ бұйра толқыны,
Айдынын байқашы.
Шақыртар шолпылы,
Омырауда алқасы.

Толқындар шоқталған,
Асау тай, құлындай.
Жүйріктей топ жарған,
Заулайды бұрылмай.

Көресің алыстан,
Қызыл мыс шарпуын.
Естисің қамыста,
Аққу-қаз саңқылын.

Таусылмас мұрасы,
Толқытар сыр қалың.
Саяқтың ұғасың,
Алыста ырғағын.

Көрмеген түс қиял,
Қоңырат маңайы.
Бар сырын ұқтырар
Кен қазба сарайы.

Көруге таң нұрын,
Көл бойлап асықтым.

Айтайын жан сырын:
Балқашқа ғашықпын!

1976

ҚАНЫШ ПЕН МҰХТАР ҰСТАЗЫ

Әбікей Сәтбаевқа

Әбікей аға!
Келіп тұрмын асыңа,
Қанаттандым жыр шашуға асыға.
Аға болу нақ Қаныштай данаға,
Зор бақыт қой бір кісінің басына.

Нәр алыпсың ұлтжандылық арманнан,
Өтті күндер артында үлкен зар қалған.
Құзар шыңдай
Күн сәулесі мол түскен,
Туды кітап сізге тағзым арналған.

Зор тұлғаңның сыры ашылып не түрлі,
Атың тасқа басқандай боп бекінді.
Шын бақыт қой жақсы іздеушің болғаны,
Шәмшиябану Қаныш қызы секілді.

Заман туды түс пен өңді жаңартқан,
Теңдік жетті ұлы дертті тазартқан.
Жаңа кітап келді қазақ төріне,
Шуақ жайып бізге жеткен азат таң.

Өзгерістер біле алмасаң көбін сен,
Жеңдің бүгін,
Кеше азаптан жеңілсең.
Ұлы әулет бір күмбезі жарқырап,
Нұрың жансын алты Алашқа көрінсең.

Ғайып болған ерен тұлға жас күнің,
Ашты қайта қайнар бұлақ тасқынын.

Келбетіңе шын сүйсініп тебіренем,
Сымбаттысы жерде жұмыр бастының.

Сократ маңдай шығарады құмардан,
Сұңқар көздер сырын ұғу бір арман.
Алтын қанат алғыр қыран секілді,
Азаматсыз бір Алладан нұр алған.

Дархан өмір тым ертерек қиылды,
Басыңызға соқыр пәле үйілді.
Егемен ел арыстарды ардақтап,
Бүгін көрдің бұрын алар сыйыңды.

Кер заманның тартқан нақақ жаласын,
Қайта оралды ақиықтар жаны асыл.
Зор күрескер, ағартушы және де
Қаныш, Мұхтар ұстазы боп қаласың!

21.03.2000

БАЛҚАШ ТАҢЫ

Көрдім Балқаш таң атқанда арайын,
Шолдым кербез Бектау Ата маңайын.
Шығыс жақтан көтеріліп алтын күн,
Жарық төгіп ашты тойлы сарайын.

Қызық екен көл шетінің ақ таңы,
Күннің көлге күміс шашу шашқаны.
Таң қалдырды ақ сәулеге жан бітіп,
Ақ шабақты қуып бара жатқаны.

Айдын шалқар көрінгендей арай бақ,
Қонды аққулар жан-жағына қарайлап.
Күн қып-қызыл, қызғылт тартты су беті,
Қызыл мысқа ұқсап кетті бар аймақ.

1976

* * *

Бала күнде балдырған еркем еді,
Ауылыма ерекше еркеледі.
Түсініспей кеттік пе,
Кездеспедік,
Оны іздеуді жүрегім келтеледі.

Қыз қылығын ел жеті көмкереді,
Біреу қате, ал біреу жөн көреді.
Жөн көрсе де,
Мың мәрте төңкерсе де,
Пай-пай, шіркін,
Жан жетпес көркем еді!

МҰХТАР АҒА

Көркем сөз пайғамбары дара туған,
Көркейтті ел есімін дана тұлға.
Көз тігіп бар адамзат қарай қалған,
Заңғарсың сен ерекше жаратылған.

Табиғат сұрыптауға зерек болды,
Даналық екеуіңе кезек қонды.
Жаныңа Абай жыры нұрын төксе,
Оған да шапағатың керек болды.

Абайдың мұң мен зарын жастай білдің,
Жалтақсыз, төрге қарай саспай жүрдің.
Мағжанды «тұраншыл» деп қатер күтсе,
«Абайдан кейінгім», – деп мақтай білдің.

Өмірдің жатты үнінде ащы зілі,
Ащыда өсті көңіл тапшы гүлі.
Аңқыған жусан исі ақиқатты,
Жеткізді жас ұрпаққа жан сыбыры.

Күн болды сен естіген ұдайы сын,
Абайдан бірақ сені кім айырсын?..
Суретін бір заманның жасап кеткен,
Құдіретті бір ғасырдың шырайысың.

Білеміз қарсыласты баптаған кім?
Өзіңді даттаған кім, жақтаған кім?..
Туды айқын Абай, Шоқан, Қанышпенен,
Мәңгілік зор тұлғаңды сақтаған күн.

Сол биік тұғыр біткен жайыңдасың,
Беріпті өз қолында барын ғасыр.
Сен болдың құдіретті төрттің бірі,
Бұза алмас сан ғасырлар тағыңды асыл!

12.08.1997

ХАНИСА ҚАНЫШҚЫЗЫНЫҢ АЙТҚАНЫ

– Қарсақбайға қонақ келді ауылдан,
Папам күтті бәз қалпында бауырмал.
Меңсіз қара қой сойғызды мейманға,
Ата дәстүр ең құрметті тәуір мал.

Кәстөм берді, пальто жапты үстіне,
Дейді мейман: «Құдай шақтап пішті ме?
Галстугті ең алғашқы тағуым,
Шляпа киіп ұқсап кеттім күштіге».

Кетерінде қимас достай сүйісті,
Қос құшақта кеуделері түйісті.
Кім екен деп мен ішімнен таңдандым,
Бала күнде көріп қызық бұл істі.

Дедім:
– Папа, туыс па бұл атажан,
Қанша киім алып кетті жат адам?..
– Үлкен туыс, – деді папам, – зор туыс,
Қосыламыз он төртінші атадан...

15.12.2002.
Алматы

КЕЙКІ ТІЛДІ БАТЫРЫМ

Түсіпбек Молақовқа

«Мен Молаков Түсіпбек,
Шахтаға бірге түсіп ек.
Қарсақбай мен Байқоңыр
Жемісті болып пісіп те ек.

Жанашыр көмек – тіректен,
Қажыр мен қайрат – білектен.
Бір қызық заман болды ғой,
«Тірегі» барлар ілеккен.

Жүрсің ғой, Қаныш, алыста,
Мен қалдым таса қалыста.
Тапсырып кет досыңды,
Қалада мықты танысқа...»

Қанекең сонда: «Менің де,
Достарың көп қой сенің де.
Ең мықтысы солардың,
Тапсырам үйде келінге.

Жалынсам ақы сұрай ма,
Көрейін олай-былай да.
Дәл одан артық мықты жоқ,
Тапсырдым, – деді, – Құдайға».

«Оларға табам бір айла,
Екеуін қой былайға.
Тапсыр, – деді Түсекең, –
Қалада «дөкей» Құдайға».

«Алмас тілді батылым,
Кейкі тілді батырым,
Қай жеріңе сыйып тұр, –
Депті ғалым, – ақылың?!»

1997

ӨТКЕЛДЕГІ ӨРІМДЕР

Егемен ел қатарына енгендік,
Осал емес, жігер қостық, дем бердік.
Әттең, сол бір аласапыран кезеңде,
Жан түршігер кей қылықтан сенделдік.

Айлакерді ғашығындай аялап,
Пайдакерді ағасындай саялап.
Алдампазды әулиедей ардақтап,
Кей «пысық» жүр өз пайдасын маялап.

Ажа да жоқ, кожа да жоқ жайлау кең,
Ол әбігер өз құлқынын ойлаумен.
Кейбір «дөкей» зорға отыр жалтақтап,
Коммерсант боп кетер жерін болжаумен.

Қалшылдап тұр қауметі аз әр ұя,
Бетін басты не сұңғыла қария.
Өткел бермей бара жатыр жұлқынып,
Елдің мұңы арна салған дария.

Шақырғанда өркені озық ұлы істер,
Тілек түзу, ұшар қанат дұрыс дер.
Озған халық намыскер һәм жұмыскер,
Бізде әлі көп тыныскер мен тұрмыскер.

О, жарандар! Көзәйнексіз көріңдер,
Қылық аз ба ұяларлық өңім дер?..
Тесіп кетті жүрегімнің бір шетін,
Өткелдегі өмір жазған өрімдер.

1994

АЛЫПТАР

Сәбит, Ғабит, Ғабидендей алыптар –
Үш батырым ұлттың сәнін анықтар.

«Жұмбақ жалау», «Қарағанды», «Ұлпандар»,
Жер бетінде қазақ барда шарықтар.

Үш алыбым, үш намыскер, үш дүрім,
Кең лаулатты даналықтың ұшқынын.
Жалын құшып, отты басқан осылар,
Сұм жалғанның кешіп суық-ыстығын.

Айту қиын кейде айдан анықты,
Үшеуінен қазақ тілге қанықты.
Төле, Қазыбек, Әйтекедей үшеуі,
Сөз биігін, өз биігін танытты.

18.12.2002

* * *

Ойнасам да
Шындықты айтсам досыма,
Шенемеймін шенді «дөйге» қосыла.
Тіршіліктің бір қызығы өшпей ме,
Жақсы доспың соқпай өтсе қосыңа?!

Жырға орап сырымды айтсам біл, інішек,
Мәнісі көп біз доспыз деп сүйінсек.
Қимас көңіл жіңішке жіп сияқты,
Бір үзілсе қалады екен түйіншек.

1978

* * *

Сезсең сез кейде менен қызғанышты,
Емес тек пасық ойлы ызғар ішкі.
Ойласаң ол бір нәзік жан сезімі
Жігіттен бой сақтаған қыздан күшті.

Жоқтығы деп ойлама сыйлас сенім,
Қайта сол сөнбесін де қимас сезім.
Мұз жүрек, соқыр көкірек болсам егер,
Сен менің маңдайыма сыймас едің.

ӨРШЕЛЕНУ

Жас ұлғайып барады, ұйқым кеміп,
Өзіме-өзім караймын күлкім келіп.
«Серттен тайды» дегенді естігенде,
Естімеген болады сылқым желік.

Кербез дала, күміс бел, сағым қырдан,
Бой көрсетсе жезкиік сағындырған.
Шабыт келіп сыбырлар
Өршеленіп,
Бір көруге болардай жаным құрбан.

Қайран өлең, қыз-шабыт өрім де сен,
Сенсіз елге перзент боп көрінбес ем.
Қашан келсең мәңгі жас ғашығымдай,
Серттен таймас қомағай өліп-өшем.

1989

* * *

Қуанышта ағайын ағылады,
Лек-лек дос-жаран табылады.
Реніште ет жақын бауырлар мен
Алдай білмес адал дос табылады.

1992

ҚАРСАҚБАЙДА МҰРАЖАЙ

Қаныш аға!
Құрметімді қабыл ал!
Пірім болдың бала күннен табынар.
Қазағымның аспанында жұлдызсың,
Ел бағына мың жылда бір жағылар.

Қарсақбайың – құтты жері жорықтың,
Осынау үйдің рухынан соны ұқтым.

Ауыр күндер,
Қызу күрес елестеп,
Өзіңменен тағы да бір жолықтым.

Бұл мұражай жан үмітін шыңдайды,
Асыл бейнең көкірегіме нұр жайды.
Жезқазғанға келген сайын әдейілеп,
Соғып өтіп, сыр толқытам сіз жайлы.

Даралығың, даналығың қолдады,
Құтты мұра, әр ісіңнің зор мәні.
Бақытың сол:
Жезқазғанның жайнады,
Ыстық қайнар, жез теңізі орнады.

Қазақстан білсең асыл әр тасын,
Жасап кеттің жоба-болжам картасын.
Табындырдың сол мәңгі өшпес ісіңмен,
Әлемдегі барлаушылар алқасын.

Ойға оралса
Теңеулердің талайы,
Көрінеді бәрі солғын, жабайы.
Болдың мәңгі
Есіміңді ел сақтар
Қаныш аға – ғалымдықтың Абайы!

1.10.1991.
Қарсақбай

СҰЛТАНМАХМҰТ БЕЙІТІНДЕГІ СӨЗ

Сақ қыран Сұлтанмахмұтты,
Бар қазақ тегіс таниды.
Жұлдыздай жарған ақ бұлтты,
Өмірі өргек, жаны игі.

Жүргендей нұрлы саяңда,
Жаныма жақын ақынсың.

Көкшеде туып, Баянда
Мәңгі ұйқыда жатырсың.

«Қамар сұлу» қайғысын,
Жүрегім сезген дүрсілдеп.
Өлеңнің жаздың нәрлісін,
Шырағы өшпей тұрсын деп.

Жадымда қалған нұрлы ағын,
Серік боп бағыт жүр нұсқап.
Есіме түсті шумағың,
Ажары қайтпас гүлге ұқсап.

«Қараңғы қазақ көгінде»
Таңшолпан болып өтіпсің.
Күзде келіп өмірге,
Мамырда, аға, кетіпсің.

Ұққаным көп сөзіңнен,
Жанымды сәулең жайлады.
Ыршып түскен көзімнен,
Ақ тамшы соның айғағы.

Сөз әділ құлпытастағы,
Тарихсың бізге бір өзің.
Ұрпаққа үлгі тастады,
Шайлықпас өрттен мінезің.

1996

ЖЕЗДІДЕГІ МҰРАЖАЙ

Талай жылдар өңір, өлке құраған,
Шежіре осы
Жез сыңғыры дін аман.
Бұл мұражай – таспен жазған поэма,
Бұл мұражай – мыспен жазған роман.

Жаны толқып кім қызығып қарамас,
Көп Кеңгір мен Жезді жатыр сағалас.
Қара қазан Қарсақбайым, Ақтасым,
Жезқазғанмен бой көрсетті аралас.

Қазағымның жез ордасы – Жезқазған,
Жылдар бар ма одан заман көз жазған?!
Бұл мұражай бай өлкенің тарихы,
Байтақ елді байытам деп кен қазған.

Әр көрініс меже таста сыр күшті,
Баяндайды баршамызға нұрлы істі.
Кеншілер мен көреді өз келбетін,
Балқытушы, байытушы, құрылысшы.

Малшы, егінші кеншілерден қалмаған,
Қаусырып тұр бар қаланы маң далам.
Алғыс айтам
Бұл көрменің көркі үшін,
Жігіттерге
Жігер-күшін арнаған.

«Жілік алмақ – мінезінен баланың»,
Дегендейін жаным сүйді талабын.
Бұл мұражай – ерен-ғайып еңбегі,
Төрегелдин Мәкен атты ағаның!

15.07.1994

КӨСЕМДІК ПЕН ДАНАЛЫҚ МАЙДАНЫНДА

Өзіңе өзің сенбесең,
Жалынсыз бықсып жанарсың.
Өзіңді өзің жеңбесең,
Өкініш өртеп қаларсың.

Махамбеттей сертке мәрт,
Қайратқа мін де қайыспа.

Шайлықпай заулап өрге тарт,
Алқа топ, айқын сайыста.

Іс керек құштар тұрақты,
Күш керек жетер арманға.
Әмбеге жаса жұмақты,
Не бітер жалғыз барғанда?!

Көпшілдің жолы кең келер,
Өзімшіл алға баспайды.
Айқаста елің дем берер,
Енжарды сырып тастайды.

Досыңды шенеп қызартпа,
Бос қылжақ құртар сайысы.
Жетеді бірге мұратқа,
Адал дос ортақ намысы.

Мұқалтпа бойда дарынды,
Желкен қыл қайсар жігерді.
Кіршіксіз ұста арыңды,
Жеңістен үзбей күдерді.

Көкірек тура көздесін,
Қияға құлаш серметкен.
Бір өлімнен өзгесін,
Жөн болады тездеткен.

Ұққаным осы бәрі анық,
Ұстазым менің Қаныштан.
Көсемдік пен даналық,
Бір өзінде табыскан.

21.01.2003.
Алматы

АШЫҚ СЫР

Қанаты талмас,
Тасада қалмас,
Айқаста туған адаммын.
Жүдеген ауыл,
Жаутаңкөз бауыр,
Білемін халін заманның.
Түсінер осы мән-жайға,
Жүрегі таза жан қайда?

Жалданған ақыл,
Жалт берер ақыр,
Ындынын қашан толтырар?!
Өзіңді байлап,
Бөтенді сайлап,
Пысықтар кімді оңдырар?!
Шетелдіктер басынды,
Ағартты қалған шашымды.

Алтыным қайда,
Күміс не жайда?!
Барады құрып мысым да.
Біреулер салды алақай,
Мұнайға құрды талапай,
Жан-жақтан түстім қысымға.
Қаныш аға тапқанды,
Не дерсің құнсыз сатқанды?!

Кебенек келді,
Ала қол жеңді,
Ел ортақ іске ебі жоқ.
Сатушы зұлмат,
Бағасы қымбат,
Өзгені қайтсін өзі тоқ?!
Қашып та кетсе шет елге,
Ашынған даусым жетер ме?!

Бұзылды сәнім,
Азайды малым,
Шай-қантқа кетті төленіп.
Арқалы тозды,
Қалталы озды,
Шен-шекпенге бөленіп.
Қайғырмаймын мен неге,
Екі өмір жоқ қой пендеге!

1999

ЖЕЗҚАЗҒАНҒА

Өкінбеймін жел өзгеше көсілсе,
Дос өсектеп, дұшпан кегін өсірсе.
Өкінер ем
Өлеңімді туған ел,
Өзім жоқта жүрегінен өшірсе.

Қайда жүрсем
Жыр тасқыны тынбады,
Шалқи берді ақындықтың гүл бағы.
Бар қазақты бөлеп, тербеп, балқытты,
«Жезкиіктің» ғашық әуен құндағы.

Нұрғисалар жыр желісін күйлі етті,
«Жезкиікті» Жақсыгелді түрлентті.
«Дала» атты дастанымды Шынболат,
Қазақ түгіл орыстарға үйретті.

Бақытым сол – жырға құмар қазағым,
Көш құрады көкіректегі мазалы үн.
Әкімдікке кеткен күнді қайтарып,
Егде тартсам,
Әлі де көп жазамын.

Шындықты айтып
Кең жарылар ағынан,

Кенші қауым деген елді сағынам.
«Жезкиікшіл» ақын-кенші атансам,
Киелі жер Жезқазғанға табынам.

Қаныш аға
Келем сәтті ізімен,
Дала маған құтты жазы-күзімен.
Жезқазғаннан қымбат жерді таппадым
Өзім көрген
Осынау жердің жүзінен!

09.10.1998

ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚ КЕНШІЛЕРДІҢ КӨСЕМІ

Мұхит Бөпежановқа

Кенші мінез, тапқыр сөзді, батыл үн
Шығаруға жетті қайсар ақылың.
Жезқазғанда қанат жайған,
Қаз-қатар
Бәрімізді деуші едің сен «батырым».

Құтты жолда аға болып табысқан,
Осынау сөзді үйреніпсің Қаныштан.
Қанат байлап,
Дер кезінде дем берген,
Қандай жақсы кездескені данышпан?!

Түсіпбектер, Оразбектер, Темештер,
Ордабайлар ордаң болып елестер.
Шахмардандар, Далабайлар, Ғазиздер,
Жоқ оларды «батыр аға» деместер.

Көтерілсе кенші жастар төбеміз,
Арыстардың әр қимылын тереміз.
Жұлдыз таққан, жүлдегер боп самғасаң,
Шоқ жұлдыздар легінде көреміз.

Деп жүргенде бізді өңшең «батырым»,
Сол ұғымға өзің ерте татыдың.
Кенші қазақ арасында
Сен болдың,
Тұңғыш жұлдыз төске таққан
Батырым!

Мен шындықты аттамаймын бес елі,
Жігіт едің дархан, мырза, көшелі.
Айып болмас,
Сырттан мақтан етеміз,
Сұлуларға сайтаның бар деседі.

Қолбасшы едің аруақ қонған еселі,
Шындық осы
Міне, уақыт есебі:
Ең бақытты шәкіртісің Қаныштың,
Жезқазғандық кеншілердің көсемі.

Сол күндерде арқыраған бесті асау,
Білек қостық тілек айтып қоштасаң.
«Батырым» деп бағаласаң, жан аға,
Ұмытпаймыз ол сөзіңді ешқашан.

17.11.1995

* * *

Мен емеспін басы ауырса ыңырсып,
Сауын айтып,
Сауда жасар мың ыршып.
Өз күніңді ойлау қайда,
Туып тұр,
Ауылдарға ауа райы тымырсық.

Тар көшеде зар қақсап ән салды кім?
Қайыршы ғой
Зарықтырған жарлы күн...
Сейфуллиннің көшесінде сенделген,
Жұмыссыздар көрдім мүшкіл тағдырын.

Күлкісін-ай шетелдіктің күміс өң,
Сол болды енді
Біздің халді білісер.
Барын салып,
Барымды алып, шалқып тұр,
Ол пайдасыз жерге қашан кірісер?!

Ауырлықты көтерісер елдегі,
Қаныш аға,
Ол сен ашқан жер кені.
Дербестікті бірге қорғап келесің,
Алтын мен жез
Асыл етіп теңгені.

Бір ашар деп елдің жүдеу шырайын,
Санап жүрміз
Сәт сағаттың күн-айын.
Үмітім бар бір сенетін бүгінгі,
Ол сен ашқан алтын қайнар – мұнайың!

Бізге қуат – көмірің мен темірің,
Қасиетті әр кеніңнің тегі құн.
Бізге мирас
Бәрінен де қымбатты,
Парасатты, ұлағатты өмірің.

1995

АЛҒЫСЫМДЫ АЛ, ҚАНЫШ АҒА АТЫНАН

Қожанияз Исентаевқа

Студент кез
Мәскеуде мен таныстым,
Естен кетпес таңғажайып алыс күн.
Бермес едім бір мезетін сол шақтың,
Қызығына самғап ұшқан ғарыштың.

Ұштық біздер
Ауылы шалғай жерлерден,
Онда бізді ғарышкерге тең көрген.
Түкпірде өскен жас түлектер едік-ау,
Ұлы көште ғылым төрін меңгерген.

Көшпендінің
Қалдығына қарашы,
Еуропамен арпалысты санасы.
Бір ғажабы
Оқи алмай кеткен жоқ,
Есі дұрыс бір қазақтың баласы.

Құлагершіл өжет мінез қалды ма,
Кесіп өттік нелер белес-жарды да.
Шыға келдік
Аз жылдардың ішінде
Өркені өскен мәскеуліктер алдына.

Беу, Қожеке, жігіт едің тері кең,
Төлегендей сұлу деуші ем сені мен.
Ұлғанымның махаббаты жеңген-ау,
Қыз таласқа түскен жоқсың менімен.

Есіл қайда, қармақ салар Ертіске,
Ер жігітсің сенім салар сертті істе.
Құрдасым деп әзілдесіп жүргенде,
Қалай жылдам келіп қалдың жетпіске?!

Арал, Каспий айқасында табыстың,
Басын қостың ақыл жетер бар істің.
Білек сыбап
Жан аямай септестің,
Жүз жылдық той қарсаңында Қаныштың!

11.07.2000.
Алматы

ОТЫЗ ЕКІНШІ ЖЫЛДАРДЫҢ ТҮЛЕКТЕРІ

Отыз екінші жылдардың түлектері
Мықты адамдар
Қаулаған жүрек шері.
Қолдарынан түспеді қаршадайдан,
Ара, балта, қолшалғы, күректері.

Туған әке есітіп өсиетін,
Көпшілігі көз ашпай өсті жетім.
Содан олар жасынан тым ойшылдау,
Бұл жалғанның мол шеккен қасіретін.

Көз ашқалы аяусыз арандадық,
Сансыз шаңырақ құрыды қараң қалып.
Отыз екінші жыл жұтса
Ұлттың жартысын,
Қалғанына қосылдық аман қалып.

Қыршын күнде шарпыды соғыс өрті,
Қырық десте орнады өмір дерті.
Сиыр жеккен
Соқа айдап қара парды,
Бір күн біздің өткен жоқ жеңіл-желпі.

Ел тозғанда талықсып жеңіс келді,
Жеңу оңай соқпады немістерді.
Қара қағаз ауылымды қамықтырды,
Бітеу жара тым баяу тегістелді.

Ақ ешкі мен ақ сиыр қонар бағы,
Анамның да тұрмысы оңалмады.
Көршіміздің оралса бәрі түгел,
Біздің үйге үш арыс оралмады.

Анам өтті алаңдап тосуменен,
Талай жесір аттанды осы уменен.
Жас аналар тым ерте әлек болды,
Бізді үйірге дұрыстап қосуменен.

Бойда күшті дүние бағалады,
Ерте жекті, тай күнде тағалады.
Қара нанды қақ бөлген
Естен кетпес,
Интернаттың жаутаңкөз балалары.

Жаман емес, иншалла, үйіріміз,
Отыз екінші жылдықтар мұң гүліміз.
Біздер үшін үлкеннің бәрі ағалар,
Қадір білген кішінің бәрі ініміз.

Құдай берген құт мінез – бауырмалмыз,
Жетілдік қой деместей жауыр малмыз.
Қайдан шыққан мықтылар екен десең,
Жердің төрі ардақты ауылданбыз.

Шын елгезек, мейірбан жүректері,
Жетті аштықтан шаттыққа лектері.
Қай қиынға салсаң да алып шығар
Отыз екінші жылдардың түлектері.

Ауыр жұмыс астында күн өтпеді,
Жеңіл жұмыс үстінен бір өтпеді.
Биыл, міне, жетіп тұр жетпіс жаска,
Отыз екінші жылдардың түлектері.

Жеттік біздер жетпіске тәлтірексіз,
Елудегі нояннан әлдірекпіз.
Нарыққа да қол бердік
Мығым күшпен,
Дербес елге ең берік әл, тірекпіз.

Арамызда мол ақын-жазушы да,
Мыс балқытып, алтын кен қазушы да.
Композитор, суретші, әнші де бар,
Сәулеткер де, сарайлар салушы да.

Ертеректеу айырдық ойдан қырды,
Елдің сиқы кертөбел толғандырды.

Өзі көрген өзгені көп ойлайды,
Көпке арнадық көкірекке қонған нұрды.

Мұзға түссе шоқтай боп із салғандар,
Тас қопартсаң қаусатып құз жарғандар.
Аман қалған аштықтан олжалар ғой,
Жетпіс жасын тойласа қызғанбаңдар.

Өлең арнап, көсілте ән қосқаным,
Бір думанды тірлікте бар тосканың.
Жасым үлкен, қаңтарда туғандықтан,
Құттықтаймын бәріңді, жан достарым!

22.06.2002.
Алматы

АБЫЛАЙ ХАНҒА СЫЙЫНДЫҚ

Алла жар боп аруақ қонды басына,
Құт орнады ала тудың қасына.
Өз дәуірін, өз ғасырын жасады,
Абылай хан
Жау үрейін қашыра.

Әділдігі таң қалдырды халықты,
Өзі бастап, ел негізін салыпты.
Тағы тарпаң,
Заты дархан қазақты,
Аждаһа мен ақ аюға танытты.

Жан аямай қорғап байтақ даланы,
Саңлақ зерде
Оятты ұлттық сананы.
Ерлікпенен серілікті тең ұстап,
Әулиедей аты Алашқа тарады.

Азаттықтың Абылай түпкі тірегі,
Арпалыста жолбарыстай түледі.

Оған тартқан кейінгі ұрпақ
Елім деп,
Еңіреп туған кетті ұласып тілегі.

Мағжан ақын мезетте оқтай атылған,
Медет көріп Абылай рухын шақырған.
«Абылайлап» жауған оққа кірмесе,
Тумас еді Бауыржан мен Рахымжан.

Аруақ сыйлар таңдайыма бар татым,
Өсті осылай үрім-бұтақ, зәузатым.
Сын сағатта Абылай ханға табынды,
Күн көшінде – Тоқтарым мен Талғатым.

Кеше атына салынса да тыйымдық,
Титім сәтке ұмытпады дүйім жұрт.
Қаны қазақ
Қай қияда жүрсек те
Абылай ханға ант бергендей сыйындық!

07.01.2000

ЖАРҚЫН ЖҰЛДЫЗДАР

Жарқын жұлдыздар – аспанның жанары,
Асыл ер мерт болса, бір жұлдыз жанады.
Жетісу төрінде,
Алатау өрінде,
Жұлдыз боп Нұрғиса жарқырап барады.

Жарқын жұлдыздар шапағат сепкендей,
Қараймын өкініш ағыны шектелмей.
Сарыарқа төрінде,
Көкшетау өрінде,
Мүсінші Төлеген қол сілтеп өткендей.

Алтын жұлдыздар көшіне толды көк,
Кең аспан барады төрлі боп, мөрлі боп.

Адамдар толғанды,
Ай толқып ойланды,
Жердегі жұлдыздар тым ерте сөнді деп.

Айқын жұлдыздар,
Асыл шың-құздар.
Көңілде сөнбейсің,
Аспанда өрлейсің,
Жарқын жұлдыздар!

29.10.2001

ТІРШІЛІКТІҢ СЫҢҒЫРЫ

Таңертеңгі күн нұры,
Сал табиғат тың жыры.
Шық маржаны жарқ етсе,
Ол тіршілік сыңғыры.

Домбыра ашық күмбірі,
Ғашық жүрек шын сыры.
Сенің түнгі лебің –
Тіршіліктің сыңғыры.

Сұлулықтың түн пірі,
Ашылады мың гүлі.
Ернің тиіп кеткені –
Тіршіліктің сыңғыры.

Сайрап сайдың бұлбұлы,
От құшақта тынды үні.
Ләззат, рахат бәрі де –
Тіршіліктің сыңғыры.

01.05.2002

* * *

Мықты болсаң, әрине, намыскерсің,
Кешкен өмір бәрі де жарыс дерсің.
Байқоңырдан ұшқанға құштар болма,
Көз ашқалы өзің де ғарышкерсің.

* * *

Тарих пенен тірлікке кезек қара,
Тез көрінер бүгінгі кесек жара.
Біздер үшін ауырлық ұзап кетті,
Тарих үшін ол шағын мезет қана.

ЖАБАЙХАНҒА

Жабайхан Әбділдинге

Бір ғалым қызықтырды қылығы ұнап,
Айтқаны өзгелерден тұнығырақ.
Қанекем болмаса да арамызда,
Сөнбепті терең қайнар жылы бұлақ.

Өзіңсің сол ақтангер, Жабайханым,
Бітіпті ақын мінез, Абай-дарын.
Жақындық арамызда көкірек кернеп,
Көруге жазсын бақыт арай таңын.

Туған ел келешегін шолып тұрған,
Ақ жолда тағдыр бізді жолықтырған.
Кездеспей талай жылдар жүрсек-тағы,
Жүректің лүпілі бір соғып тұрған.

Борасын, дауылдатсын қарқын-дүбір,
Орасын нұр қаулаған алдыңды гүл.
Жасыңды келіншектерден жасырамын,
Құдайым берсін саған Жамбыл-ғұмыр!

1993

* * *

Мен марқайдым, ел кездім, дала кездім,
Қасіреті де жоқ емес қара көздің.
Бала күнде қызықсам үлкендерге,
Жастық шақтың қадірін жаңа сездім.

* * *

«Доспын, доспын» дейтіндер жайға қалды,
Керегінде тым жақсы пайдаланды.
Кетсе кетсін, жаман дос мал емес пе,
Құдай өзі бергенін айдап алды.

* * *

Сынамайды сұм тағдыр бізді тегін,
Аңдағаным тірліктен күшті менің.
Жатқан жоқ па Махамбет деген сөзде
Ішкі намыс қозғаған ішкі сенім.

ОЙЛАЙТЫНЫМ

Маңайыма қараймын жаным ашып,
Ұрлық-қорлық көбейді жамырасып.
Көз алдында «көз жұмып»
Кеткенін-ай,
Аш қасқыр мен қарақшы бауыр басып.

Темір есік
Ок өтпес қойғызып ал,
«Бомж» деген әр үйдің «қоңызы» бар.
Жұртта үрей жолды торып,
«Рэкет» деген «жырық етек» «доңызы» бар.

Мұңымды сез
Көкірек жарасынан,
Досым еді маған көп жаны ашыған.

Жерге кіріп кетердей ұяламын,
Хабар болмай
Ұрлаған баласынан.

Өнерлі еді жаңа күн қыранындай,
Қарқынды еді құлшынған тың ағындай.
Жылдан асты
Жоғалып кеткеніне,
Ізі өше ме зым-зия сұралынбай?..

Қаракұстар қарқылдап қаз өтпейді,
Неге Аллаға
Жалынған наз өтпейді?!
Ұлтымыздың біржола нұсқын бұзар,
Жеңіл мінез қыздар да «қазақ» дейді.

Еріп келді көп сұмдық нарықпенен,
Түсін, өңін пәленің танып келем.
Қап-қараңғы
Үңгірден өтіп барам,
Қарсы алдымнан
Қашан бір жарық көрем?..

Түн ұйқымды төрт бөліп,
Алмай тыным,
Осы менің ашық көз ойлайтыным.
Қалай ғана
Сұм тағдыр тез көбейтті,
Жегеніне ындыны тоймайтынын?!

23.11.1997

ҚАНЫШ ЕЛІ, ХОШ КЕЛДІҢ!

Хош келдің, Қаныш елі астанаға!
Алатау қарсы алып тұр асқар ала.
Шарықта, асау Ертіс түлектері,
Жол салған бүгінгі көп бастамаға.

Паш етсем ел мен жердің ұнағанын,
Ертістей шабыттанып тың ағамын.
Мен де бір ақын-кенші інісімін,
Қаныштай ұлы заңғар, ғұламаның.

Тамсантса Сұлтанмахмұт дана бізді,
Таратты Мәшһүр Жүсіп сан аңызды.
Солардың ізбасары деп сыйлаймыз,
Тоқсанда Дихан-баба ағамызды.

Сағынған керекулік құба таңды,
Кәрі-жас дүбіріңнен қуат алды.
Балконнан жолға қарап елеңдеп тұр,
Әзілхан ертіп алып Мұзафарды.

Айқындап ақын Майра салтанатын,
Туып тұр оза тартар алда сәтің.
Қолдасын ақын Иса аруағы,
Қазағым ханнан артық қарсы алатын.

Қиядан Баянауыл байқалады,
Қазақтың сол ғой сүйіп айтар әні.
Қосылып шырқағанда
Тау тербеліп,
Көкіректе Жасыбай көл шайқалады.

Шын жүйрік шынығады сынақ көріп,
Сайыста жігер бітсін, қуат толып.
Сәт тілеп жолдарыңда
Жанып тұрсын,
«Сәтбаев» деген жұлдыз шырақ болып.

26.11.1997

КӨРІҢІЗ ҚАНЫШ АҒА АЛҒЫСЫНДАЙ

Қасымбек Бухметовке

Атағын күнге теліп, қосқан айға,
Дән разы
Қаныш аға Қостанайға.

Жүз жылдық тойын сәтті өткізгенде,
Болдыңыз үлгі, нұсқа сіз талайға.

Сәуірді дәуірлеттің шуақ қуып,
Өткіздің тойды сәтті ұзақ қылып.
Қуанып асау Тобыл толқып жатты,
Толқыны көкке салют ұзаттырып.

Нарықтың қарамай-ақ қаталына,
Күш қостың ұлы тойдың қатарына.
Рудный есіміне көше беріп,
Дүбірлі ғұмыр қосты атағына.

Қостанай, қос айғайлап батыл үнге,
Ағаның орадыңдар атын гүлге.
Белгілеп стипендия шәкірттерге,
Көрсетті зор білгендік әкімің де.

Құдайым бөлей берсін бақ пен таққа,
Оранды оң хабардан көңіл шатқа.
Қостанай Қаныш тойын жақсы өткізді,
Алғыс айт әкім інім Өмірзаққа.

Бай өлке, шарықтай бер нар құсындай,
Іниден марапатты ал қысылмай.
Ол менің жалғыз айтқан сөзім емес,
Көрерсіз Қаныш аға алғысындай.

2000

АРҚАУЫЛ

Ұлытаудың ерке өзені Кеңгірім,
Аркауылды ардақтай біл сен бүгін.
Сол қойнауда асау бұлақ, ақ қайнар,
Төркініңе төр беретін келді күн.

Мен де отырмын ауылымды сағынып,
Аңсау-сусау, назды әуенін қал ұғып.

Ел шетінен бір бас иіп қайтпасам,
Әлсіреймін көңілім жылдам қамығып.

Бастаулардың жатқаны құт саркылмай,
Ата жұртын сыйлап өскен салтым бай.
Туған жердің топырағына сыйынам,
Кең даласын сыйлап өтер халқымдай.

1997

* * *

Жарық күннің ата-анам жолықтырған,
Сәулесі үшін өтер ем болып құрбан.
Табиғатта шаттық бар, шапағат бар,
Мейірбандық ізетке толып тұрған

Сәуледен ән, желден жыр тілегенім,
Туған жермен егісті бірге егемін.
Іздегенім табылса таң сәріден,
Елестейді тағы да бір керегім.

АРҚАНЫҢ АҒА СҰЛТАНЫ

Сұлтан Досмағамбетовке

Сұлтан аға!
Құтты болсын жетпісің!
Жетпіс аптап,
Жетпіс аяз – өтті сын.
Дара тұлғаң «Оқжетпестей» шалқыса,
Қарағанды, Теміртаудай тектісің.

Артық сөзден
Алшақ жүрсең иланам,
Мақтан етсем,
Той қызуын қи маған.
Тап өзіңдей
Бұл жалғанда қазақ аз,
Інілерін ақ патшадай сыйлаған.

Қайда жүрсек
Асыл бейнең нұр жайды,
Біздің ұрпақ бағасы зор сіз жайлы.
Сарыарқаның саңлақтары ардақтап,
Президент те аға деуін тыймайды.

Қолың берік,
Жолың ашық, ісің нық,
Қайратыңа қарай-қарай ысылдық.
Қамқор аға қандай болу керегін,
Мінезіңнің пәктігінен түсіндік.

Ұстаз-әкім,
Үлгі болған ағам-ай!
Сын айтуға отыр деме жарамай.
Бір мінің бар:
Тым періште болдың сен,
Жеңешемнен басқа әйелге қарамай.

Беу, жеңеше!
Теңеуім жоқ таппаған,
Би-Фатима ұқсас келер тап саған.
Мың-мың рахмет!
Ағамызды ардақтап,
Махаббатын қыз күніндей сақтаған.

Сұлтан аға!
Ғибрат отын жандырдың,
Ғалым-ұстаз, тыңдаушыны таң қылдың.
Қаз дауысты Қазыбекке ұқсап туыпсың,
Әділдік пен ақиқатты заң қылдың.

Өткенді айтып,
Көп баспайын әріге,
Беделің зор, берерің көп әлі де.
Қызмет деген қолға қонған құс екен,
Жетпісіңде қайта оралды бәрі де.

Сыр ақтарсам
Шахтер, кенші ұрпағы,
Әкімдерге еш талас жоқ,
Біл тағы.
«Досмағамбетов кім?» десеңдер
Ол біздің
Сарыарқаның нағыз аға Сұлтаны!

5.09.1998.
Қарағанды

БИ АЛАҢЫ ЖАСЫБАЙ ЖАҒАСЫНДА

Би алаңы Жасыбай жағасында,
Құшақ жайды су мен тау арасында.
Тұсаукесер жасадық рәсімін,
Мәңгі қалар көрген жан санасында.

Сұлу сазбен ну орман сырласады,
Сансыз биші бір кеште мың жасады.
Ара шаққан шілдеде құлын-тайдай,
Асау жастар шұрқырап шуласады.

Сілең қатқыр қара көз, сылқым көрік,
Қызықтырды, қыздырды қызған желік.
Әкім Кенже өзі де билеп кетті,
Керіп кеңге құлашты ызғып, желіп.

Шыдамады-ау, Оралбек төте барды,
Жасыл көйлек аруға жете қалды.
Сақ қыраннан қаймыққан ақ түлкідей,
Қолтығында бұраң бел кете барды.

Кетті, кетті әп-сәтте қыбын тауып,
Келіншек те епті екен зырылдауық.
Орекем-ай, баурады баппен ғана
Қаныш аға секілді жымың қағып.

Сарапшылар екеуін мойындады,
Бас жүлдеге жеткізді ойын заңы.
Таңғажайып ерекше қызық болды,
Сәтбаевтың жүз жылдық тойындағы.

Жас жүректер алды екен тағат қанша,
Түн жұлдызын тынбады санатқанша.
Ай аспанға сыя алмай
Көлге түсті,
Таудың іші жаңғырды таң атқанша.

03.07.1999.
Баянауыл

ДІҢГЕКТЕРІ ҚАЗАҚТЫҢ

Еңбек Ері Ғазиз Омаровқа

Өзін-өзі нық ұстайтын қашан да,
Мықтыларды сүйемін.
Құлаш ұрған ұзақ ғұмыр жасауға,
Құттыларды сүйемін.

Беу, мықтылар! Қуат бердің гүлдесем,
Көп жасаңдар, арыстар!
«Жезқазғанның жігіттері кім?» десең,
Олар – шымқай Қаныштар!

Ғазиз, Мұхит, Далабайым бар менің,
Бір көрмесем сағынар.
Қопарғандар Жезқазғанның бай кенін,
Өмірханым тағы бар.

Түсіпбекке, Әбікенге табындым,
Көріп жойқын берікті.
Садық пенен Балғабайды сағындым,
Жолдасбекті, Серікті...

Оразбектер ауыр күнді көп көрді,
Тежемеді шабысын.
Кен қазудың тауқыметін өткерді,
Қорғады ел намысын.

Сендерсіңдер татқан дәмін азаптың,
Тар белбеулі кең шідер.
Сендерсіңдер діңгектері қазақтың –
Аға буын кеншілер.

Ғазиз аға, құтты болсын жетпісің,
Шық осынау жыр-таққа.
Зор діңгектің біреуімін деп түсін,
Өмірің үлгі ұрпаққа.

Кенші ағалар! Алдымдағы арыстар!
Сендер барда – Жезқазған бар, Қаныш бар!

1995

ШАПЫҚ АҒА АЙТҚАН СЫР

– Ұмытпайық айналасын Қаныштың, –
Деді Шапық, – мен түбегей таныспын. –
Бұл жалғанның
Таңғажайып сұлуы,
Ақылды еді бәйбішесі Қаныштың.

Ел білетін
Тәмамдайын анықты,
Қызды ауылға кербез жігіт барыпты.
Айдындағы аққу құстай жайнаған,
Жиын тойда Шәрипаны таныпты.

Танып қоймай
Жан-жүрегі жаныпты,
Смағұл бай әулетіне қанықты.
Бұл шындықты естіп қалып Имантай,
Құдалыққа бар өнерін салыпты.

Кербез сұлу сал жігітке еріпті,
Шын беріліп, мәңгі-бақи сеніпті.
Қиындықта қалт етпейтін ер мінез,
Асау тағдыр
Жастайынан беріпті.

Қасиет тұтам жардың таза адалын,
Бөгемеді ол Қаныштың қадамын.
Атына сай
Өрім талдай өсірді,
Балаларын ел перзенті дананың.

Ұмытпайық айналасын Қаныштың,
Үрім-бұтақ, зәузатымен таныспын.
Бұл жалғанның
Таңғажайып сұлуы,
Ақылды еді бәйбішесі Қаныштың.

01.06.2002

ҚҰДАҒИЫ ҚАНЫШТЫҢ

Қатира апай –
Қаныштың құдағиы,
Арнап берген Құдайдың бұ да сыйы.
Жезқазғанның бота көз аруы еді,
Кер маралдай сақталған бұла күйі.

Мінезге бай жаралған абзал керім,
Қадірлі еді,
Сый-құрмет, алған сенім.
Оразай атты үйленіп жан бауыры,
Асқақтатты тілеген арман-көгін.

Естіген жан болды ғой қызығарлы,
Қаяу көңіл жаңарды,
Жүзі жанды.
Оқудағы інісі озған аттай,
Оқшау шығып Қаныштың қызын алды.

Жезқазғанға жақын жан ғұмырымен,
Ұлытауға қымбат жан дүбірімен.
Қаныш аға тереңге тамыр жайды,
Бәйтеректей ұласып түбірімен.

Жетімдікті жасынан ала туған,
Енді Оразай аумай тұр дара шыңнан.
Өсті өресі Қатира апайдың да,
Атақ-даңқы ел-жұртқа таратылған.

Жүрмеп еді інісі даңқ қуып,
Бағы жанды сәтті күн таныстырып.
Шәмшиябану сұлуды Оразайға,
Тағдыр берді талаймен жарыстырып.

Бір серпілді шамшырақ жанған сәтке,
Ел гуледі сақ құлақ қанған гәпке.
Өзі болды ең жақын бас құдағи,
Ата-ананың орнында қалған әпке.

Шын тебірентіп, толқытса сана деген,
Тау қосылды қуанған даламенен.
Қарапайым қызметкер Қатираға,
Құда болу бұйырды данаменен.

Қыз жағынан қызықты меңгеретін,
Бас құдағи әулетке өң беретін,
Бәйбішесі Қаныштың Шәрипа еді,
Қатирамен қызықты тең бөлетін.

Құдағиы ерекше ұнап қалып,
Шәрипа апай шалқыды қуат дарып.
Отырғаны екеуі қызық еді-ау,
Ұлытау мен Баянтау сияқтанып.

Нұры шарпып, еріксіз бұрып өтер,
Қыз-киіктей келіні сұлу екен.
Терең ойлы,
Мұң шалған қос жанарға,
Мейірім тұнған ажары жылу екен.

Ағы менен көзінің қарасындай,
Шәмшиябану шын сүйді анасындай.
«Шәкешім» деп Шәрипа атағандай,
Қатира да сыйлады өз баласындай.

Жезді өлкенің көсемі
Қаныш құрған,
Жезқазған ғой мені де таныс қылған.
Дәм-тұзымыз жарасқан апай еді,
Еске түсті артта көп алыс жылдан.

Өз жөнімен өмірде қарыштаған,
Қашан көрсем болды бір қалыпты адам.
Ескерткішім орнатқан осы болсын,
Қатира апай бейнесін анықтаған.

16.10.2002.
Алматы

ЕРКЕК КІНДІК

Әлішер Сәтбаевқа

Ұран тұтар қазағым ұл баланы
Ұл туғанда ұлтыма нұр жауады.
Ұлан-ғайыр тамаша той жасалар,
Ұрпақ төрі шалқытып кең даланы.

Ата жолын ұстану серт деп білдік,
Талай асау тұлпарды ерттеп міндік.
Кім болсаң да әулеттің негізі деп,
Сені қатты сыйлаймыз еркек кіндік.

Заңымыз сол – ежелден емес жаңсақ,
Барымыз сол – елдікті сақтай алсақ.
Риза болар анамыз мәңгі-бақи,
Адал термен ақ сүтін сақтай алсақ.

Текті ұлға бақыт та бұрын қонар,
Тойып өскен уызға нұрың толар.
Бірақ, Ұлы адамға ұрпақ болу –
Басқалардан мың есе қиын болар.

Менің биыл дәптерім толған жырға,
Ұстазымның әр сөзін оңдап тыңда.
Құттықтаймын, Әлішер, елуіңмен,
Қаныш аға жүз жасқа толған жылда!

1999

КӨКШЕТАУДА ҚАНЫШ АҒА КӨШЕСІ

Жүз жылдық той қандай десең жетесі,
Ғажап өтті – сөздің осы төтесі.
Міне, бүгін Көкшетауда ашылды,
Сәтбаевтың атындағы көшесі.

Бұл көшенің биік тұлға, өресі,
«Оқжетпестей» әрбір үйдің төбесі.
Мың-мың алғыс, көкшеліктер, алыңдар,
Аталыпты көшелердің төресі.

Ұлы тұлға бейнесіне лайықты,
Кербез көше құлашын кең жайыпты.
Мектебім тұр сол көшенің бойында,
Жүрегімді жүлде алғандай байытты.

Шалқып кетсем жан тылсымын етіп жыр,
Төгіледі көкірекке нешік сыр.
Баяғыда мені сүйген сұлулар,
Бұл көшеден әже болып өтіп жүр.

Беу, жолаушы! Жанарыңды сүзіп ал!
Жолың болсын! Жоралғыға жүзік ал!
Бұл көшеде Ақан, Біржан, Ыбырайдың,
Балуан Шолақ атамыздың ізі бар.

Ықылас-қылас айта берем біріндеп,
Ірілер көп мақтан етер пірім деп.
Талай жылдар қатар жүрген Қанышпен
Батыр Мәлік қарсы алады күлімдеп.

Көкшетауым – сал-серілер Парнасы,
Ел бірлігі бұл құрметтің арнасы.
Алматыда Сәтбаев көшесінің,
Осынау көше таңғажайып жалғасы.

1999

ҰЛЫТАУДЫҢ ТҮЛЕГІ

Темеш Садуақасовқа

Бірдей сүйдім Далабай мен Темешті,
Екеуі де құлаш жайып тең өсті.
Бір-біріне адал дос боп келеді,
Кең жалғанда кешіп талай белесті.

Шахмарданмен табыстырған кездері,
Жан толқытты, сен жассың деп безбеді.
Студенттік күннен қимас дос екен,
Менің Евней ағамменен өздері.

Бір шахтада бастық болып жүр еді,
Жезқазғанда төрге шығып үдеді.
Шымкенттетіп Алатаудан жарқ етті,
Қарапайым қарт Ұлытау түлегі.

Қауысбек пен Әштар және Беркімбек,
Дастарханда әндетуші ек еркіндеп.
Қасымызда жайнап Шахаң тұратын,
Ну ормандай қара шашы желкілдеп.

Бағы жанды, Керекуді басқарды,
Іске мығым алды талай асқарды.

Содан кейін, көз тигендей дүние
Қиян-кескі зілзаласы басталды.

Алатауға бұрды Ертіс ағысты,
Өзі білген кеншілермен табысты.
Қызмет деген қолдың кірі демей ме,
Әттең, шіркін, талай кесел жабысты.

Дер кезінде тер төгілтсе демалмай,
Ауырлап жүр сырқат дертін жеңе алмай.
Селк еткізіп
Кеше мені шошытты,
Далабайдың тойына да келе алмай.

Шындық осы. Одан басқа не дейін?..
Қалай ғана асыл аға демейін?!
Қолдап жүрдің бәрімізді кезінде,
Тез оңалшы, өлеңіммен жебейін.

08.04.2001

ҚОС ҚҰДАҒИ ДОСТЫҒЫ

Шәрипа мен Қатира апай легі,
Құдандалы қолтықтасып түледі.
Екі аймақтың екі аруы ардақты,
Бірі – Баян, бірі – Ұлытау түлегі.

Шәмшиябану – Қатираның келіні,
Інісіне тағдыр таңдап теліді.
Қызын алған ел данасы Қаныштың,
Оразайдың салымды екен еріні.

Шәрипа апай Жезқазғанға келетін,
Қатираға еш мүлтіксіз сенетін.
Ашық нұрын, жабық сырын тірліктің,
Ғашық күннен түгел сарқып беретін.

Аңыз-дастан екі көңіл хоштығы,
Сырласудан болмас бос күн, бос түні.
Тамсантатын өзге түгіл Қанышты,
Қос құдағи егіз қыздай достығы.

Құдағиы болса құрмет танытпақ,
Бәйбішесі мейірім төкті анықтап.
Қызық еді-ау отырғаны барлығы,
Немерелер ортасында шарықтап.

Бұдан асар қызық дәурен болмас-ты,
Бір-біріне сый-сыяпат арнасты.
Құдағилар тату болса – ел тату,
Баянауыл Ұлытаумен жалғасты.

02.06.2002.
Алматы

ЖЕЗКИІКТЕР ТАҒДЫРЫ

Махаббат базарында сату болмас,
Бір сенен өзгені ойлап жату болмас.
Қожа Ахмет Яссауи

Жезкиік, жаным құштар еркем едің,
Ояттың жүрегімді ерте менің.
Сарыарқа сайын дала ой-қырында,
Жарқ етпей бар қызықты келтеледің.

Киіксіз не болмақшы ұлы далам?!
Бір сенсіз жүдеу тартар тірі ғалам.
Жер-көкте жаутаң қаққан сұлулардың,
Өзіңдей жақын емес бірі маған.

«Жасаған, бір ғажапқа ғашық қылшы», –
Деуші едім, қайран көңіл, тасып тыншы.
Естиін тым болмаса дүбірінді,
Етегін көк сағымның ашып кірші.

Маңдайға біткен жалғыз асылымсың,
Таңдайға бал тамызған асыл үнсің.
Сарғайған сағыныштан жан досыңды,
Қорғауға жаратылған нәсібімсің.

Жезкиік – кең даланың арман гүлі,
Көбейді-ау, көкірекке салған зілі.
Сұлулар жер бетінде сиреп кетсе,
Не болар адамзаттың қалған күні?!

25.07.2000.
Алматы

* * *

Кетті, кетті баяғы сері күнім,
Тебірентеді көп елес мені бүгін.
Өлең жазсам қосылып ән келеді,
Серік болып әр сөзге сенің үнің.

Басар деген жүректің көп шығынын,
Үзім жәрдем етпеді көк шылымым.
Таңнан тұрып аңсауық өлең жаздым,
Арман-ғашық алдырмай көз шырымын.

МЕН СҮЙГЕНДІ ЕЛ СҮЙДІ

Ақындық кеншілікпен тел табысқан,
Қос өнер – қос қанатым ел қонысқан.
Әрі жар,
Әрі сепшім,
Сен ортақсың
Менде бар қуат, жігер, ар-намысқа.

Аралдық болып кеттік кеңгірліктер,
Сыйып тұр жүрегіме ел бірліккен.
Қызықты,
Қиындықты тең бөліскен,
Табар ма ем
Сенсіз бақыт мен тірліктен?!

1989

* * *

Ұқсамайды жүйрікке
Кей сәйгүлік тұлғасы.
Тереңдеу қарай білдік пе,
Көргенің құр сұлбасы.

Бәйгеге қадам жасарда
Үміт пен сертке сенеді.
Құлагерлер қашан да
Қарапайым келеді.

АЛМА АПАЙДЫҢ ХАТЫ

Есенбісің, Шәкешім,
Кім басар толқын сезімді?
Құрметтеп деуші ең: «Тәтешім»,
Сағындым тәтті сөзіңді.

Шәмшия күтті әлпештеп,
Қолымда оқып түрлендің.
Атауды сені «Шәкеш» деп,
Қанекеңнен үйрендім.

Мәскеуге келсе іздеп кеп,
Күлімдеп қана тұратын.
Кішіпейіл ізет көп,
Әңгіме-дүкен құратын.

Көп күрсінбен қайран қап,
Аумаушы ең асыл тотымнан.
Күн қайда, шіркін, жайраңдап,
Папаңмен бірге отырған?!

Қарамай орта күйіме,
Бақыт қой көзге ілгені,
Менің шағын үйіме,
Ұлы келіп жүргені.

Кенелдім талай ғажапқа,
Ол қызық қайтып күтпейді.
Қаныштай саңлақ қазаққа,
Жуыр маңда бітпейді.

Түрлентіп кетті заманын,
Парызы мол ғой өтелген.
Бақытты бол, қарағым,
Әкенің туын көтерген.

Сипатта, Шәкеш, өмірін,
Тұлғасын, сымбат, әз жанын.
Босаңсып кетті-ау көңілім,
Айтпайыншы ар жағын...

1964

ЖҰЛДЫЗ-АНА, ЖҰЛДЫЗ-ҚЫЗ

Райхан Батырбековаға

Шәмшияның таңғажайып түлегі,
Бабында өскен балғын бақша гүлі еді.
Анасының батып кетті-ау қазасы,
Бір жыл өтпей тоқтады жас жүрегі.

Қарақшы ажал торығандай арттан кеп,
Тіл жетпеді-ау, айтуға да сақтан деп.
Жұлдыз-ана жұлдыз-қызы көз жұмды,
Ел айтатын атасына тартқан деп.

Аза жеңді қарт Алатау алқабын,
Обал болды-ау, ерте сөнді жас жалын.
Таң сәріде кілт етіп, күрт үзілді,
Қаныш аға, асыл нәркес жапырағың.

Балғын еді қарлығаштай ұялы,
Қоштасуға адам қайтіп қияды?!

Қос тостаған мөлдір бота көздері,
Тар табытқа қалай ғана сыяды?!

Аспандағы қарай қалсам мұңлы ізге,
Елестері көрінеді күндіз де.
Жұлдыз-ана көксеп өтсе көктемді,
Жұлдыз-қызы озды өмірден сұр күзде.

Сұм ажалдың қармағына қарашы,
Әр жақсы үшін жүріп жатыр таласы.
Жапырақ тектес жұқа, нәзік жан еді,
Бұтағына қайта ілді ме анасы?..

Артта қалса жеті жасар Айғаным,
Сақта дейміз, тағдыр, асыл тармағын.
Әттең, шіркін, өзі арманда кетті ғой,
Көрсете алмай еркін қанат жайғанын.

Өнерлі еді ақыл қонған затынан,
Есімі өшпес артта қалған хатынан.
Оразай аға, қайғыңды қақ бөлісем,
Жезқазған мен қарт Ұлытау атынан.

09.08.2002.
Алматы

ҚАРТ ҰЛЫТАУ ЕТЕГІ

Өткенді сыйлау салтында,
Ескерткіш көп қой қазақта.
Із қалды өшпес артында,
Түссе де қанша азапқа.

Ескерткішке тұнып тұр
Қарт Ұлытау етегі.
Тілдесе білсең ұғып сыр
Тарихты шертіп кетеді.

Кекшіл де сертшіл кейіпін
Аңғарып ғибрат аласың.
Домбауыл батыр бейітін
Киіз үй деп те қаласың.

«Жошы хан» көзге шалынар,
Кеңгірден өтсең кешікпей.
Көркіне жаның табынар,
Жап-жаңа салған мешіттей.

Белгі көп әлі тамсанар,
Қарай бер еркін сайрандап.
«Алаша хан» қарсы алар,
Ақ ордадай жайраңдап.

Әрі өлең-толғау, әрі күй,
Сымбаттан сырын байқаңыз.
Ескерткіш деп тарихи
Осының бәрін айтамыз.

2001

НАР ҚАЗАҚ

Шахмардан Есеновке

Нұр жүзінде күлкі ойнаған гүл тұнып,
Сыр бойында өсті шынар құлпырып.
Қанат сермеп ақ сұңқардай ол шықты,
Ұлытаудан Алатауға сілкініп.

Жезқазғаннан жетті заңғар қияға,
Алғыр қыран тар бөктерге сыя ма?!
Қаныш аға төл шәкірті атанды,
Өріс тапты алған тәлім ұяда.

Бос өткен жоқ ол үшін бір күн тымық,
Көкке өрледі самғай түсіп құлшынып.

Жүлдегер боп алтын алқа тақса да,
Ығыр көрді кете жаздар қылғынып.

Шыдады ғой бір шалғанда бұлқынып,
Екі шалса есін жиды жұлқынып.
Үш... төрт шалса жалт қарады ышқынып,
Бес шалғанда бір құлады, бір тұрып.

Есен қалды. Егемендік еске алды,
Есті ағаға Елбасы да көз салды.
Пәле-жала ұмытылды біржола,
Бір қуанды. Бірақ жүрек тоқталды.

Шындық осы. Беу, ағайын, сөкпеңіз,
Топырақ шашып қайтер едік көпке біз.
Шахмардан мен Евней үшін айтарым,
Сұм тағдырға саркылмайды өкпеміз.

Айдап салғыш алауыздар көбейді,
Төрдегілер түптеп қиды кең ойды.
Қос қыраннан қасқалдақты оздырып,
Демеушілер ашқызбады көмейді.

Ешкімнен де ығыспаймыз жорта біз,
Қазаққа айғақ ақиқатты қорытамыз.
Ауыр күнде жүк көтергіш қазанат,
Ерте кетіп босап қалды ортамыз.

Еске алғанда жалғыз сөзбен шақталған,
Сырым осы шын жүректен ақтарған.
Өзің өттің, ізің қалды өшпестей,
Асыл тұлға, нар қазақсың, Шахмардан!

26.08.1994

ТЕҢДІКТЕГІ МҰРАЖАЙ

Қаныштың мұражайы Теңдіктегі,
Шын сыйлап,
Құрметтеуге келдік сені.

Жезқазған, Баянауыл, Қарсақбаймен,
Мақтаныш терезенің тең біткені.

Мұражай қатардағы мектептегі,
Хал-жайың көнетоздау шеттетпеді.
«Үмітсіз шайтан» дегенді ұмытпасын,
Бәрі жөн сынай қалсаң ептеп мені.

Қаныштың өмірі мен ісі міне,
Осы ауыл сайыпқыран құсы міне!
Ардақтап кіндік қаны тамған жерін,
Кемеңгер бас иеміз мүсініне.

Мұражай, қолда талай бар асылың,
Қазақтың айқындап тұр дара шыңын.
Суретке мен түсіріп сенен алдым,
Бейнесін Әлима атты анасының.

Ақ жүзі қолдан жатық салыныпты,
Қолдайтын көрдік тәнті сан ілікті.
Ертерек дүйім жұртқа жеткізе алмай,
Не дейін, уақыт ептеп жаңылыпты.

Мінеки, туды сол бір тамаша күн,
Кейпіне асыл ана қаратамын.
«Ештен кеш» деген ұғым осы болар,
Шаттанып өз қолыммен таратамын.

Бітеді құтты мекен асылдарға,
Бастап ең Айрық, Теңдік, асылды алға.
Барасың
Еңсеп өсіп, еркеленіп,
Қанышпен ғасырлардан ғасырларға!

06.07.1999

ХАСЕН НҰРКЕЕВКЕ

Зор атағы
Кең тараған халқына,
Қан майданда берік болған антына,
Бейбіт күнде ел басқарған азамат,
Хасен ағай бүгін сексен алтыда.

Ғұрпы лайық
Қазақтың сән-салтына,
Атақ қосқан ата-баба даңқына,
Қазағымның бір нар тұлға перзенті,
Хасен ағай бүгін сексен алтыда.

Қайда жүрсе болды сыйлыы ұлағатты,
Кем-кетікке болды пана қымбатты.
Дос-жаранға
Шын жанашыр мейірбан,
Көрген жанның көкірегін нұрлатты.

Хасен ағай,
Артса бізге көзің сын,
Ән салғанда көрінесің өзің тың.
Осы күнгі біздің әулет үлкені
Атамыз да, анамыз да өзіңсің.

Кең жалғанның аттап жүрсең сілемін,
Төсеген жоқ саға шымқай кілемін.
Сыйлас, сырлас іні болдың Қанышқа,
Ең ардақты ісің сол деп білемін.

Қаныш аға жүз жылдық зор тойында,
Естелігің қонды құтты орынға.
Шәмшиябану Қаныш қызы мақтаған,
Асыл сөзі қалды өшпестей ойымда.

– Папамыздың аталғанда ғасыры,
Естеліктер Қара Ертістей тасыды.

Менің үшін Нұркеевтің жазғаны, –
Деді, – нағыз таптырмайтын асылы.

Біздер үшін
Бұл да сыйлы тоскан күн,
Шұғыласы жайнай берсін боз таңның.
Құтты болсын,
Туған күнің, жан аға!
Той күтеміз белесінен тоқсанның!

15.02.2000

ҚҰТТЫҚТАЙМЫН «ОҚУШЫЛАР САРАЙЫН»

Балаларға шаттық берген арайы,
Өнер, сайыс, ән базары маңайы.
Құтты болсын 20 жылдық мерекең,
Алматыда «Оқушылар сарайы!»

Сен тойлайсың күннің сәуле төккенін,
Ел аңсаған Тәуелсіздік жеткенін.
Мерекеде талай жастар бас қосып,
Еске алады мектебі мен көктемін.

Әр ұрпаққа ерлік жасар орын бар,
Ата мирас елдің даңқын қорыңдар.
Отан үшін шыбын жанын аямас,
Бауыржан мен Рахымжандай болыңдар.

Алда ағалар түрлі өнермен жетілді,
Қырандар бар Ғанилардай өтімді.
Қазақ халқын таза сүйе біліңдер,
Қайсар ақын Мағжан аға секілді.

Үйде жалғыз бозторғайдай бүріскен,
Не бітірер ұйқысы көп тыныспен?
Құтты сарай паш етіңдер атағын,
Бірлескенге бақыт қонар ырыспен.

Дербес елдің болашағын қолпаштап,
Жайна, сарай, жас ұрпаққа жол бастап!
Қазақстан шаңырағын шалқытып,
Құт оралар елге бірлік орнатсақ.

Жебеп жүрсін Абай, Шоқан, Қанышпен,
Тоқтар, Талғат жалғастырсын ғарышпен.
Құтты орда – «Оқушылар сарайы»,
Балаларға бер өжеттік, намыспен.

22.11.2002.
Алматы

ЕСІМЕ САЛШЫ...

Қайтадан жаным жылынды,
Селк етті сезім бұрынғы.
Есіме салшы... мен құштар
Толқыған егіз бұрымды.

Арада хабар үзілді,
Көп жылдар көші тізілді.
Есіме салшы... талмаурап,
Құмартқан балғын жүзіңді.

Басардай көңіл салқынын,
Өзің де бірге ал тыным.
Есіме салшы... бота көз
Жұлдыздай тұңғыш жарқылын.

Алыстан аңсап жыр ектім,
Сағыныш сазын үдеттім.
Есіме салшы... айлы түн,
Лүпілін ғашық жүректің.

Кездесу туса кезекті,
Үзді ғой ләззат өзекті.
Есіме салшы... алғашқы
Бетіңнен сүйген мезетті.

08.02.2001.
Алматы

ОЛ ДА БІР АҚҚАН ЖҰЛДЫЗ ҒОЙ

Мұрат Айтхожинге

Қырандай самғап өрледі,
Жасынан құштар білімге.
Ғұлама сырын мөрледі,
Ағылшын, неміс тілінде.

Ұстаз боп қанша тер төкті,
Мәністі дәріс жолдады.
Ғылымда жылдам төрлетті,
Таласар теңдес болмады.

Басқандай тасқа таңбасы,
От еді-ау, өжет, өр жалын.
Қаныштың сол ғой жалғасы,
Жалт қаратқан жер шарын.

Ғарышкерше ұмтылып,
Атағын жайды құрлыққа.
Ағындап жетті құлшынып,
Лениндік сыйлыққа.

Киелі дарын кіршіксіз,
Үзбесе ажал тірлігін
Алар еді-ау мүлтіксіз,
Нобельдің де сыйлығын.

Әр мезет өтпей құр, тегін,
Артында өшпес із қалды.
Шіркін-ай, шаттық үлкенін,
Сұм ажал бізден қызғанды.

Тағдырдан келер сынақ көп,
Кім айтар адал шешімін?..
Евней де кетті, Мұрат жоқ,
Мұңайып қалды Есілім.

Күнде әрекет, күнде ой,
Қайтпайды алған жолынан.
Ол да бір аққан жұлдыз ғой,
Шоқанның кеткен соңынан!

03.11.2002.
Алматы

АТАЛЫ СӨЗ

Шәмшиябану бұл жалғаннан өткелі,
Таң қалдырды
Бір жылдың жылдам жеткені.
Қалмырзаев Әбдеш сонда сөйледі,
Мәні терең толқымалы, төкпелі:

– Ореке, сіздей көп емес қазақ баласы,
Қайын атаңыз Қаныштай елдің данасы.
Қонаевқа қолғабыс етіп жүргенде,
Ұсынды қолын жер менен көктің арасы.

Көрсеттіңіз өркенді мінез зиялы,
Ұлы әулетпен құрдыңыз шаңырақ ұялы.
Ақ Баяндай қызын алу Қаныштың,
Емес пе еді талай жігіт қиялы?!

Таң қаламын өзіңе де, тегіңе,
Қызметің сіңді
Сындарлы кезде еліңе.
Нардың жүгін атқарсаң куә болып ем,
Тер төккенде қазанат мінсіз жегіле.

Мейірім толы
Парасат сізде мол қандай?!
Айту да қиын
Ақындарша толғанбай.
Өткердіңіз киелі ғажап өмірді,
Пайғамбарға күйеу бала болғандай!

07.12.2002.
Алматы

ЕСІМІН СӘТБАЕВТЫҢ ЖАРҚЫРАТТЫҢ

Медеу Сәрсекеге

Аз болса бұл жалғанда тынысымыз,
Елеусіз қалмас ертең бір ісіміз.
Ризамын әрқашан да, Медеу, саған,
Қаныш пен Евнейдің інісіміз.

Мен – кенші,
Сен – металлург, қанаттаспыз,
Көтерер биіктерге қалам тақсыз.
Әйтеуір ақ жүрекпен бізді сүйген,
Қазақты біз де жерге қаратпаспыз.

Тым ауыр
Туған елге сынақ кіріп,
Жүрмеспіз жұрт қиналса шуақ қуып.
Қаныштың арман еткен сырын айтсақ,
Жамиғат есін жияр құлақ түріп.

Шақырса Баянауыл бөктерлері,
Есіп тұр қоңыр күзде көктем лебі.
Жақсылық келер күнге тілеп келем,
Еске алып
Кем-кетікті өткендегі.

Ризамын,
Сен жасыңнан тасқын аттың,
Жиналып Жезқазғанда бас құраттың.
Жол бөгеп төрдегілер қиқайса да
Есімін Сәтбаевтың жарқыраттың!

1994

ЖОЛЫН ҚУҒАН ҚАНЫШТЫҢ

Оралбек Қожановқа

Құтты болсын қадамың, Оралбегім,
Айтарым көп ақ ниет оған менің.
Баянаула секілді сұлу мінез,
Әр ісіңді құрметтер Отан сенің.

Кереку де кемеңгер жақсы ұлына,
Риза шығар маңдай тер, пәк сырыңа.
Кешегінің кер жорға жүйрігі едің,
Нарықтың да күш қостың шапқынына.

Мен де өткергем бүгінгі алпысыңды,
Ойлана бер осы деп тал түсіңді.
Кәрі де емес,
Жас та емес, екі жақтан,
Естімейсің ешқашан талқы-сынды.

Ақ ниетке арналса бүгінгі үміт,
Мен қуандым жаныңның нұрын біліп.
Қаныш аға жүз жылдық тойы тақау,
Күш қосуды отырмын ырым қылып.

Жәрдем етер жартастай қарасының,
Сен де бірі Жасыбай баласының.
Ұлы тойға жер-көкті көтерейік,
Паш етейік әлемге дана сырын.

Көпті көріп аз емес білгендігің
Сұлуларға салқынсың – бір кемдігің.
Талай төрді жайласаң ең зоры ғой,
Қаныш тойын атқарып жүрген күнің.

Оралбек,
Өң бермейтін қарағайсың,
Жаңа жүктер артып тұр жаңа маусым.

Ұлы дана Қаныштың жолын қуған,
Бір ағам деп сен мені санағайсың.

1996

ЖЕЗҚАЗҒАНЫҢ БАС ИІП ТҰР АЛДЫҢДА!

Кенге ораған XX ғасырды,
Ұран етіп ғылым туы – асылды;
Сүйікті ұлы – Жезқазғанның төрінде,
Сәтбаевқа жаңа ескерткіш ашылды.

Тас тұғырлы,
Мыс сыңғырлы қоладан,
Күлімдеді атақ-даңқы мол адам.
Әне, ашылды зәулім мүсін пердесі,
Ақ тілекпен ақ жібекке ораған.

Әудем сәтте
Жан толқынын басыппыз,
Дала дерсің жазық маңдай, ашық жүз.
Мың-мың адам риза болдық,
Өйткені,
Бәріміз де Сәтбаевқа ғашықпыз.

Нәр алып ем кең мінезді ғұрпынан,
Өршеленсем биік өрге тың шығам.
Оны айтқанда
Ұлытауша тебіреніп,
Алға қарай Абылайша құлшынам.

Албырт күнде
Жеке-дара алысқан,
Жолы ашылды мыс молайтқан табыстан.
Сол еді ғой жеті қабат жердегі
Шексіз қазына кілтін тапқан данышпан.

Өзі ақиық,
Шәкірттері шын қыран,
Тасытты олар жез теңізін бұлқыған.

Штифанов, Бөпежанов, Есенов,
Гурба бүгін аунап түсер ұйқыдан.

Қаныш аға!
Қайта туып қалдың ба?!
Әлем құрған салтанатқа қандың ба?!
Тәжім етіп,
Алғыс айтып, ардақтап,
Жезқазғаның бас иіп тұр алдыңда!

06.04.1999.
Жезқазған

ҚАРЫНДАСЫ ҚАНЫШТЫҢ

Патшайым Тәжібаеваға

Тізсем мол еңбектерін есімдегі,
Сыймайды бір өлеңге, кешір мені.
Белгілі
Барлаушы қыз, ару-қыран
Құлашы Жезқазғанда көсілгені.

Еш ғалым назарына ілікпеген,
Жер сырын желкен етті біліп терең.
Қосылды қатарына дүлдүлдердің,
Ғасырдың өзі таңдап іріктеген.

Парижде, Лондонда, Москвада,
Қақ төрге қазақ қызы басты қадам.
Кен тастың
Түпкі атасын таба білер,
Сырсандық Патша-Айымын ашты ғалам.

Қызғаншақ шын ғылымнан алыс жандар,
Күн туды атақ аулап, мәніс таңдар.
Өмірден дана Қаныш өткеннен соң,
Табылды жеңіс бөлгіш «данышпандар».

Тайсалмас мінезі өжет Гатшайымның,
Іші тар келеңсіздің тапты айыбын.
Қорғаса Қаныш аға ардақты атын,
Етпеді төрдегілер еш қайырым.

Атыңды перзент-қызға тел теңедім,
Есіне ой салайын сенбегеннің.
Айқасқа шыққан ару атой жасап,
Қаныштың қарындасы сен дер едім.

06.01.2000

ӘЛЕМНІҢ СЕГІЗІНШІ ҒАЛАМАТЫ

Келгендер алыстан да, жақыннан да,
Құмары бір көрмесе басылған ба?!
Бар қазақ құрмет етіп құшақ жайды,
Елорда мерейтойы ашылғанда.

Қыздайсың көрген жанға ұнап қалған,
Көшіңді қияларға ұзатты арман.
Ұшқан құс қимай қарап әндетеді,
Келбетің қызықтырып жұмақтанған.

Өрінде жаңа заман бас қаламыз,
Төрінде Сарыарқаның Астанамыз.
Алыстан саған келген меймандарды,
Жүректің лүпілімен қарсы аламыз.

Астана, сенсің заман аманаты,
Жасадың сан биікке жаңа саты.
Өзіңсің ерке Есіл аялаған,
Әлемнің сегізінші ғаламаты!

2002

* * *

Жақсы адамды сергітсең
Өзің жақсы болғаның.

Жақсы адамды ренжітсең
Азаяды қорғаның.

Иек артпа нашарға,
Оның терең бар мәні.
Бір болады қашан да,
Жақсылардың арманы.

Кетіп әнтек әріге,
Жақсы адаммен егеспе.
Жақсылардың бәрі де,
Бауыр, туыс емес пе?!

2002

ҚАРТ ҰЛЫТАУ ЖАЛҒАДЫ

Аз болса да күндер бірге жүріскен,
Қандай жақсы Алатауда біліскен?!
Жақсы атайды сені біздің Жезқазған,
Содан болдың маған қымбат, Рүстем!

Жол жалғасты, жарасқаны іргенің,
Сүйсінтеді артта ізімді білгенің.
«Жезкиікті» ел шырқаса елендеп,
Тебірентеді жіті құлақ түргенің.

Өмір алда, бола жатар қалғаны,
Тегін емес сәтті күннің бар мәні.
Бауыр басып, ауылдастай сыйлассақ,
Екеумізді қарт Ұлытау жалғады.

Алпысыңда көрінесің бесті асау,
Жүзің жылы, сипаттауға тоқтасам.
Тер төккендер Жезқазғанның жерінде,
Тіршілікте қартаймайды ешқашан.

Елге мәлім аз болғаны тынысың,
Бір ісіңді жалғап жатты бір ісің.

Қайда тудың? Руың кім? Білмеймін,
Қадір тұтар егемен ел ұлысың.

Толғандырса көңілдегі көп елес,
Іні тойы жырға неге бөлемес?!
Жас солдаттар күнде туып жатса да,
Қазағымда генералдар көп емес!

20.05.2000

СӘТБАЕВТЫҢ БӘРІМІЗ ШӘКІРТІМІЗ

Көңіл назын үн-түнсіз сабақтадым,
Мұңды кездер отыр ғой санап бәрін.
Нығмет досым,
Тым ерте кетіп қалдың,
Өмір деген – сәт екен қанат қағым.

Мамыр келіп сайратса тотыларын,
Құс үніндей төктім жыр оты барын.
Оқжетпестің ардақты ұланы едің,
Торқа болсын Кеңсайда топырағың.

Қылыш едің алардай қынға малып,
Сері болдың қыз сүйер жырға қанық.
Бірге оқыған Мәскеуде жігіттер ек,
Әкетті ажал тал түсте ұрлап алып.

Сексенкөлдей жан еді көші көркем,
Жігіт еді Сәкендей сөзі желкен.
Дархан еді-ау, аққөңіл, көпшіл, сепшіл,
Жақсылыққа жүрегін бесік еткен.

Кен барлаудың мол жүгін атқарыпты,
Жас ұрпаққа ұстаздық дән дарытты.
Әулие етіп әлемде сыйлап өтті,
Ғалымдардың көсемі Сәтбаевты.

Ер жігітке кеншілік татыр жұмыс,
Онсыз қайдан келеді алтын-күміс?
Құдай берген бір бақыт осы шығар,
Сәтбаевтың бәріміз шәкіртіміз!

20.04.1995

* * *

Тетігі бар текті өлең,
Орайын тапса деп келем.
Желөкпе сөзден аулақпын,
Қастыққа көшер өкпеден.

Көп айттым, тағы құпташы,
Үш жүзге бөлу – жұт басы.
Іргесін елдің бекітер,
Бірлікте өмір тұтқасы.

Сыр шертсем зерлеп байқағын,
Ақ тілек екшеп айта алам.
Ескегім ортақ қайығым,
Айдынға жетсе жай табам.

Достым-ау, шапқын жарыста,
Опасыз жаннан алыста.
Түспесін кіршік ешқашан,
Бойдағы ар мен намысқа.

Сыпайы сырттан сыйлайды,
Жаттыққа досын қимайды.
Ақымақ қана тік мақтап,
Көлгірсіп бекер қинайды.

Бірліктің құтты жетегі,
Қиналсаң септік етеді.
Өтірік мақтау өртпен тең,
Түбіңе ақыр жетеді.

Айтарым осы безектеп,
Ақыл-ой тұрсын кезектеп.
Қасықтап жиған абырой,
Төгілмесін шелектеп.

2002

ӘКІМНЕН ШЫҚҚАН БАТЫРСЫҢ

Қажымұрат Нағмановқа

Қажеке, ғажап есімің,
Айтып тұр абзал шешімін.
Мұратқа жет деп қажымай,
Ашыпты өмір есігін.
Мағжандай оққа жақынсың,
Қасымдай отқа батылсың.
Ұлытауым қолдаған,
Бақыт құсын жолдаған,
Қазақтың тілін қорғаған
Әкімнен шыққан батырсың.

Сәкендей арыс тойында,
Бүкіл ел жүрді ойында.
Паш етіп Сәбит, Ғабитті,
Нар жүгін алдың мойынға.
Ұлытау, Көкше толқыды,
Желпінді Ортау өр шыңы.
Тау іші әннен сенделді,
Сексенкөл толқып тербелді,
Сарыарқа түгел тебіренді,
Тойлардың өтті жойқыны.

Жезқазғанды таң қылған,
Қызылжар нұрын жандырған,
Қазақтың арыс ұлысың
Атағың құмар қандырған.

Елбасы білді қолдауды,
Ауыр іс қауырт жолдауды.
Ертістей асау арқырап,
Жетісудай сарқырап,
Есілдей жатсын жарқырап,
Түзеп бер тозған жолдарды!

31.08.2002.
Астана

ҚАНЫШ ТОЙЫ ПАРИЖДЕ

Сәлем, Париж! Әлемдік биік төрім!
Салтанатқа дәл осы үмітті едім.
ЮНЕСКО Сәтбаев тойын атап,
Ардақтады қазақтың білікті ерін.

Ғұламаның құлашы кең екенін,
Барлық елмен терезем тең екенін,
Бір көрсетті дүбірлі Қаныш тойы,
Көгілдір ту сәні боп мерекенің.

Дана сыры ұлтымды дәлелдепті,
Дала мәндай той төрін мәнерлі етті.
Қаныш аға күншуақ күлкісімен,
Сарыарқадан Сенаға сәлем жетті.

Бар ғаламға танытқан Қаныш елін,
Қасымда жүр Талғатым – ғарышкерім.
Қаны қызу қаламгер Медеу де бар,
Сәтбаевтың көркейткен намыс төрін.

Қанат жайып Алатау шың-құзынан,
Ұшып жеткен аумадық жыл құсынан.
«Көшпелілер» құрметтеп тойлы көшін,
Аунап түсті Наполеон ұйқысынан.

Артып келсек алысқа мұраны асыл,
Түсінгеннің тілегін құп аласың.

Қаныш аға телітіп есіміне,
Бір теңселттік Эйфельдің мұнарасын!

14.04.1999.
Париж

ПАРИЖДЕГІ СЕРІЛІК

Ата-баба аруағы қолдады ма,
Жыр төгілді,
Ол көңіл толғағы ма?
Құдай оңдап Парижге бір келдік қой,
Кеттік, Медеу, Булонның орманына.

Серіліктің сапарын басқарайық,
Бара жатыр, әнеки, қас қарайып.
Айтмұхамбет ағай мен Аманжолды
Қасымыздан қас қағым тастамайық.

Ғарышкер ғой, Талғаттың бабын бекер
Ойламайық,
Бізсіз де тауып жетер.
Ізімізді біз оған білдірмейік,
Сұлуларын орманның қағып кетер.

Жазушы мен ақынға
Сену заң ғой,
Сен алда жүр, жастаусың, ебің бар ғой.
Шақырмайық елшіміз Нұрланды да,
Үйі осында,
Қасында келін бар ғой...

Құмар едік, табиғат, жолдағыңа,
Бойымызда
Күш-қуат мол тағы да.
«Қанды басын түлкінің бері тарт!» – деп,
Кеттік, Медеу, Булонның орманына!

14.04.1999

БУЛОННЫҢ ОРМАНЫНДА

Ну орманда Париждің сұлулары,
Жайраң қағып
Шашып тұр нұрын бәрі.
Ақ төсінде тепсінген қос торсықтың
Жарылардай
Шапшып тұр шырын нәрі.

Ай құшқанда аспаннан гүл кескінін,
Еске түсті
Шап бермей жүрмес күнім.
Аққу мойын, бура сан, марал бөксе
Еске түсіп,
Бізге ұйқы бермес бүгін.

Жақын өтіп, қасына жанадық та,
Көрдік, білдік,
Басқаға жарадық па?..
Бір топ қазақ
Тамсанып кете бардық,
«Мерседестің» ішінен қарадық та.

16.04.1999.
Париж

* * *

Есіңде ме, Аманжол, бала күнің,
Таза ауадай жұтқан кез сана білім.
Ақ қайыңдар өсіп ек арасында,
Алыстағы аңсатып сара ғылым.

Тағдыр құтты құшағын жая білді,
Студент кез Мәскеуді сая қылды.
Төркүл дүние абайлар төрт бұрышын,
Қызу күнде сен болдың саябырлы.

Жоламадың ащының жұтымына,
Қозғамады жерлес қыз қытығы да.

Текке жүрмей тектіден жар іздепсің,
Жүрек қостың Шыңғыс хан тұқымына.

Ашық байқап бастауын алыс жолдың,
Аға сыйлау рәсімін мәніс көрдің.
Розаның тойына ертіп барсаң,
Мәрияммен сол кеште таныс болдым.

Қатарыңнан көш бойы оза беріп,
Сен ғылымға жаралдың аса жерік.
Евней ағам мақтаса деп түсіпті,
Болдың бүгін ел сыйлар академик.

Мен жасымнан қос өнер таптым бабын,
Қазған кенді өлеңмен алтындадым.
Қанат жалғап Қаныштың арманына,
Жезқазғанды жайнатып қарқындадым.

Тәубе дейік, иншалла, іргеліміз,
Егде күнде қосылды гүлденіп із.
Қаныш тойын
Парижде бірге өткізсек –
Дана салған ақ жолмен жүргеніміз.

1999

ТОЛҒАНЫС

Жүрегім, енді тыным аласың ба?
Әлде бір тың әуреге саласың ба?
Шаршатқан шартараптан әрең жеттім,
Аңсатқан Сарыарқаның даласына.

Жасымда ердім талай жетегіңе,
Қой енді, қарайлатпа кешегіме.
Көш түзеп, көңіл өсіп, келдім бүгін,
Көксеткен Көкшетаудың етегіне.

Жанымның таптым дәру жарасына,
Есілдің есен жеттім жағасына.
Өзен-көл, орман-тоғай, құба белдер
Сыймай тұр екі көздің шарасына.

Көрдім-ау, кіндік кескен көк өрімді,
Сәт тусын еселетер өнерімді.
Сездім-ау, Сал Сырымбет қол сілтесе,
Саумалкөл көк толқынға бөлеріңді.

Сүймеуші ең сұлу көрсең аянғанды,
Жүрегім, енді керек аяу жанды.
Жаз түгіл, қыс ортасы...
Қыраулатты...
Бәйбішем, сенің ғана саяң қалды.

03.12.2002.
Астана

ТӨРЕГЕЛДІГЕ ХАТ

Төрегелді, күрт қимылдар келді күн,
Евней сырқат...
Жасар артық емді кім?
Министрге төтенше хат жазғаным –
Білдіргенім дос ниеттің кеңдігін.

Бәйге өрінде тежегендей құр атты,
Жүрек дейді құрған оқыс тұзақты.
Барыңды сал,
Ізбасары Қаныштың,
Құлап түсіп кешіп жатыр сынақты.

Дүмше заман салмас дейсің кімге азап,
«Шіркін...» дейміз көкірек шетін зіл қажап.
Әрі ғалым, ұстаз,
Үлкен қаламгер,
Адал терін төгіп жүрген бұл қазақ.

Хабар жетіп, қалдым үнсіз мәңгіріп,
Атақ-даңқын айтпақ едім ән қылып.
Қазақ үшін аса қажет кемеңгер,
Кетпесінші өмірді ерте қалдырып.

Не де болса есен-аман сақтағай,
Сұхбаттасар тусын сәтті шақ талай.
Қапияда көзден ғайып болмасын,
Аққан жұлдыз сияқты бір тоқтамай.

Ел үмітін арашала кәдіктен,
Аулақ жүрсін оқыс ажал дәніккен.
Мерт болды ғой талай тарлан ағамыз,
Жағрапиясы жарамаған әріптен.

Емде досты,
Менен сәлем айтарсың,
Таң қалдырды теңселгені асқар шың.
Бірақ, шіркін,
Оған тиген соққыны,
Өз басыңа жеткен күні байқарсың.

26.08.1980
Мәскеу

* * *

Көргенімді көзіммен негіз етем,
Білмесімді ақылға көп іздетем.
Аз өмірде аса көп байқағаным,
Жалқаулық пен қорқақтық егіз екен.

* * *

Сараң барын жасырып үнемдейді,
«Тып-тыныш, есен-сау жүрем», – дейді.
Жүректілер дүниені астаң-кестең,
«Қайда несі жатыр?» – деп түгендейді.

МӘҢГІЛІККЕ ЖОЛ ТАРТТЫ

Садық Асатовқа

Халқына жаны жақындар,
Не салса тағдыр көнеді.
Кейде ақиық ақындар,
Жұлдыздай ерте сөнеді.

Садық та сондай ер жігіт,
Әрі кенші, әрі ақын.
Ағындап өтті кең жүріп,
Жүйріктей жүлде алатын.

Ғажабы қолда ғажаптың,
Марқасқа еді өрелі ер.
Жүрегіне қазақтың,
Ұлтжанды жыры бөленер.

Кең маңдай, ашық, шалқыма,
Ақжарқын, адал, мырза еді.
Мәрт мінез, өжет салтына
Қарқынды қосты қыр желі.

Жырында асқақ мөп-мөлдір,
Ағады Кеңгір жайқалып.
Жаңаарқа жайлы шертсе сыр,
Жезқазған тұрар байқалып.

Шарықтап жүрсе шалғайды,
Есімі қалды танылып.
Бейнесін жыры жалғайды,
Шырақтай мың-мың жағылып.

Ұлытау берік шешімі,
Ұлағатты ұлын қолдатты.
Жәйреммен Садық есімі,
Мәңгілікке жол тартты.

10.10.2000
Алматы

* * *

Күмбірлейді домбыра,
Тербеп Бетпақдаланы.
Көңілге мұңын қондыра,
Еліктірер сананы.

Екі ішек, естіп білгейсің,
Елге жаяр ақ сағым.
Кімді іздеп жүр дейсің,
Жезкиікті аңсадым.

Сағындырған жезкиік,
Сыңғыр қақты тұяғы.
Жанына батса шер-күйік,
Далаға қалай сыяды?!

Қай жаққа жүйткіп көсілді?!
Не дейді дүбір екпіні?!
Дүрсілін жүрек өсірді,
Бір көрінбей кескіні.

Домбыра үнін үдетті,
Іштегі күйге қосылып.
Тілімдеп кетті жүректі,
Сағыныш жолы жосылып.

17.04.2002

КӘКІШЕВТІҢ ОРАЗАЙҒА АЙТҚАНЫ

Өткердің қаза,
Оразай, келген төбелеп,
Көп жылдар аңдып,
Айтумен келген төрелеп.
Аз болғандай әкеткені Шәкешті,
Райханды алды,
Қайырымсыз ажал төтелеп.

Жан еді ғой
Қызыққа сені бөлемек,
Білмей де қалдық,
Болғанын, шіркін, не себеп.
Бір жылға жетпей анасының соңынан,
Қыршын жас кетті-ау,
Гүл теріп жүрген көбелек.

Қайғырсаң да
Көзіңнің жасын себелеп,
Жар сыйлау жолын
Көрсеттің жедел керемет.
Мұрағат тақта,
Ескерткіш жасап көз тояр,
Ұрпаққа үлгі жасадың
Ел-жұрт елемек.

Сүйсіндік саған
Азамат деп ер, өжет,
Алғыстан басқа
Достарың бүгін не демек?..
Әттең, шіркін,
Жанымыз басқа жаралды,
Қиналған саған
Жүректі жұлып берер ек!

07.12.2002

ЕРЛАНЫМНЫҢ ҚАНЫШТЫ САҒЫНҒАНЫ

Қаныш аға келер болса
Жезқазған
Тазартатын бар көшені құм-саздан.
Сарайларды сырлайтынбыз жанталас,
Жасаймыз деп
Көңіл өсер «көпті» «аздан».

Жөндейтінбіз кеншілер шағын қаласын,
Өндейтінбіз шарбақтың жасап жаңасын.

Көше түгіл...
Сыпыратынбыз қақ жолды,
Жалғастырған Кеңгір мен Рудник арасын.

Қаланы онда атайтынбыз «Кеңгір» деп,
Жезқазған сол,
Шыққан даңқы кең дүрлеп.
Мен «Покро» шахтасында бастықпын,
Машина мінген
Сол кездегі ең жүрдек.

Кеңгірге қарай келе жатсақ бір жылы,
Сөйлескіш балам
Тоқтаған желдей тынды үні.
Томсара қалды,
Бес жасар ұлым ренжіп,
Жоғалғандай ойыншық ат-дүлдүлі.

– Беу, не болды? –
Дегенімде Ерланым,
Жалт қарады
Жылытып әрең бер жағын.
– Сәтбаев, папа, биыл неге келмейді? –
Деп сұрады толқытқандай ой қалың.

Мен күлдім де:
– Ол кісі саған не керек? –
Деп сұрадым табар деп тентек не дерек.
– Қаныш ата келсе ғой, – деді, – ех, шіркін,
Сыпырып жолды,
Төгілтіп суды себер ек.

Жақсы жолды кім осындай жарлы етті?
Көрдің бе, – деді, –
Асфальттан, папа, сән кетті.
Бізден озған машинадан ұшқан тас,
Сындыра жаздап,
Кетті ғой мына әйнекті...

Былтыр осы
Сыпырып жолды жатқанда,
Ерсі көріп
Күлкіге балам батқанда,
Айтқаным бар:
«Келеді, – деп, – Сәтбаев»,
Есіне түсті-ау,
Түршігіп жаны тастан да.

Қатты қысып,
Құшаққа алдым баланы,
Отырдым байқап
Оянған ерте сананы.
Жол емес-ау,
Ол маған үлкен ой салды,
Бала да кейде...
Сағынады екен дананы.

23.11.1997
Алматы

* * *

Жақсылыққа табиғат зерек болды,
Қос дүлдүлге даналық кезек қонды.
Абай қанша Мұхтарға әсер етсе,
Мұхтар сонша Абайға керек болды.

* * *

Ұрындым деп тіршілік кесіріне,
Кір келтірме біреудің есіміне.
Салмағы ауыр өмірде көп сауалдың
Жауапкері өзіңсің шешіміне.

* * *

«Халықта бар, ханда жоқ» дегенменен,
Керісінше ұғымға терең сенем.

Хан алады сұрап та, сұрамай да,
Халық сенер уәдеге «берем» деген.

ҚОРҚЫНЫШТЫ ҚОҢЫРАУ

Жөнін білмей нарықтың зарын татып,
Кей кеселді алдық-ау қалыңдатып.
Жидебаймен іргелес бір ауылда
Дым қалмапты
Қант-шайға малын сатып.

Мал бар еді
Жететін қанша жылға...
Үфит-сүфит
Кетті ғой қармағында.
Ұят болды-ау, әлемге хабар жайып,
Абай тойы деп атой салғанымда.

Ақ жарылсам телегей тасытып сыр,
Суық хабар бой билеп, жасытып тұр.
Семейдегі Олжабай жүдеу күйі,
Ыза кернеп, жанымды ашытып тұр.

Дауыл қандай,
Жел қандай,
Сағым қандай?!
Сасып қалдым,
Сөйлер ем жағым талмай.
Зәрем ұшты,
Жабылған полигонда,
Үнсіз жатқан
Бір бомба жарылғандай.

Құйын соқты,
Бәйтерек мың жайқалды,
Терең теңіз шарасы шын шайқалды.
Момын қазақ
Нарыққа тез кірісер,
Жанталастың белгісі бір байқалды.

Беу, ағайын! Ел сенген әкімдерім,
«Мерседеспен» заулатқан атың керім.
Мәстек мініп барсаң да Олжабайға,
Обал етпе,
Көмекке батыл беріл.

Құт оралмас бос қаққан омырауға,
Абыройын ел-жұрттың төгіп алма.
Барлық әкім, құлақ сал,
Олжабайдан
Дабыл қаққан алғашқы қоңырауға!

1994

ҚАРСАҚБАЙДА ОЛ БҮГІНГІ ДИРЕКТОР!

Маң далада өсіп маңғаз терек тұр,
Тез заулаған уақытты ол тежеп тұр.
Қадыр деген есімі де ерекше,
Қарсақбайда осы күнгі директор.

Тың дастанға болар қымбат кейіпкер,
Нағыз тарлан кейінгі ұрпақ еліктер.
Елестейді Мәткеновті көргенде,
Әбдірахманов, Бексұлтанов, Деевтер.

Елестейді қара қазан мыс құйған,
Қара мұржа қызғылт жалқын күс жиған.
Өзі де бір сайыпқыран секілді,
Қызыл түлкі көріп қырда шұқшиған.

Қарсақбайға қаққан берік діңгектей,
Бауыржандай мінезі де бірбеткей.
Қаныш аға мұражайын әсемдеп,
Қасиетті жерден сан жыл жүр кетпей.

Нағыз қазақ ақыл-қайрат теңдеген,
Өзге дөкей қызметке де «кел» деген,

Бармаса ол,
Көкірегінде қызыл бар,
Қара қазан сөнгеніне сенбеген.

Ауыр сезім болса естір құлаққа,
Ол сенеді қайта жанар шыраққа.
Үксайды оған
Қызыл шлак қасқайған
Қайнар көзі қайта жайнар бұлаққа.

Мен де айтпаймын еш сенімім жоқ деп те,
Ар жібермес оны тастап кетпекке.
Інілердің қысқа қолы күрмелсе,
Тапсырамыз немере мен шөпшекке.

Шөл далада өсіп зәулім терек тұр,
Оны осынау киелі орман жебеп тұр.
Не десек те
Есімі өшпес ешқашан,
Қарсақбайда ол бүгінгі директор!

1997

ҰЛЫТАУДЫҢ ГҮЛДЕРІ-АЙ!

Ұлытаудың гүлдері-ай,
Көрсең жүрек тулаған.
Сайда сансыз нұрлы арай,
Басқа жерде тумаған.

Көңілімді бір жұбатты,
Көз көрмеген қызғалдақ.
Егіп қойған сияқты,
Төңіректе көп қызға арнап.

Қырмызысы нәп-нәзік,
Бар қасында баркыны.
Ақшағылдың жанға азық,
Гүл желбезек жарқылы.

Ақ мақтадай ағы бар,
Көкаршын көз танасы.
Көгілдірі тағы бар,
Құдды аққудың баласы.

Лағылын-ай, үлбірек,
Қимылға жоқ шамасы.
Күллі гүлден гүлдірек,
Күлгін шоққа қарашы.

Қап-қара гүл басқарақ,
Қоймас көзді сүйінтпей.
Мойнын бұрып жалт қарап,
Жаутаң қаққан киіктей.

Әне, ақшағыл тұр түлеп,
Көктеңбілді аласы.
Барша гүлден гүлдірек,
Қаршагүлге қарашы.

Сарғылт гүл де желбіреп,
Бар шыдамды кетірді.
Елеңдейді елжіреп,
Сағынған сен секілді.

16.01.2003.
Алматы

ТҰМАНБАЙҒА

Жүре алмас іздеп келіп айтпай сырын,
Досымсың қос іргені ашпайтұғын.
Бір өзің мың кісідей көрінесің,
Майданға бірге шығар таппай тыным.

Махаббат шабыт берген мұң-күйігі,
Ақынсың жастай жақын жыр биігі.
Ән болып әр жүрекке шырақ жақты,
Ақ қайнар таза нәркес тұңғиығы.

Сағынып жүргендей-ақ кел деп маған,
Аспанда құстар әнін сен деп қалам.
Алматы жаңа жауған жаңбырына,
Бір дертін жүрегімнің емдеп те алам.

Қараймын құс жолында сол биікке,
Әндетем әуре болмай сөзді үйіп те.
Ақырын домбырамды шертіп, қағып,
Сыр айтам жонда жортқан жезкиікке.

Мөлдір жыр таудан аққан селдей төкпе,
Аз емес сен тізілтіп берген көпке.
Қуанам екеумізді іздегендей,
Адамдар қарай қалса жер мен көкке.

Күзде гүл сыбырласса туады өлең,
Күнде бір шақырады құба белең.
Кеншілік, әкімдік пен артта қалды,
Ақындық биігіне шыға берем.

Мінез жоқ іліп алар өнегелі,
Досым деп төс қаққандар не береді?
Түтіндес қос шаңырақ шалқи берсін,
Дауыл-жел шайқалтпастай керегені.

Сортаңы соқтықпалы мол заманда,
Ашылды таза, даңғыл жол маған да.
Соқпай-ақ бұл жалғанға өтер едім,
Өзіңдей бір қимас дос болмағанда.

22.01.2003.
Алматы

ҚҰТТЫҚТАУ

Алпыс деген
Арманы көп асқарға
Жетті Өмекең,
Үлгі болып жастарға.

Сүйінуші ек
Сондайлықты армандап,
Бәріміз де өмір жолын бастарда.

Жолдар... Жолдар...
Жол дегенің көп екен,
Бір сыр айтсам ол шындыққа дөп екен.
Бар қазақты кеншілікке баулыған
Өздеріңсің,
Қанекем мен Өмекем!

Асыл аға астананың төрінде,
Бара жатыр ғылымның тың өрінде.
Жезқазғанның забойында жүргендей,
Жылылық көп күлімдеген өңінде.

Бір қиындық,
Бір қуаныш өмірде
Алмасса да
Дақ салмастан көңілге,
Жайраң қағып қуанышпен келеді
Сол бірбеткей
Шахтер мінез жөнінде.

Мақтан етіп туыс-туған, бауыры,
Мақтан етіп Ұлытаудай ауылы,
Құттықтайды Қарсақбай мен Жезқазған:
«Алпыста, – деп, – ұлымның бір тәуірі».

Мақтан етіп
Дос-жараны, таныcы,
Мақтан етіп
Құлақ естір алысы,
Алпысыңмен құттықтайды бар қазақ,
Ал қабылда, нар жоталы арысы!

Жақсы жігіт –
Ел тілегі, ел бағы,
Сол тілекпен

Өсіп-өндің сен-дағы;
Алпысыңмен шын құттықтап,
Қол қысып,
Ал, Өмеке!
Құшақтайын мен-дағы!

Алпыс жасқа
Аға есен келгенде,
Қуанамыз бақыт құсы ергенге.
Соның бәрін қақ бөлісіп отыр-ау,
Мәриям атты
Кербез, маңғаз, жеңгем де.

Жастық отын Өмекеңе бергенде,
Өзгермепті,
Асыл екен жеңгем де.
Ағамыздың екі беті жұп-жұқа
Қайта-қайта жеңгем сүйе берген бе?!

Сұлу жары
Жақсы ағаның сәні де,
Кейде сәннің
Мәні жатар әріде.
Жеңгем шіркін,
Көп құшақтай берген-ау,
Тұлғасы тік
Ағамыздың әлі де.

Жүрегімнен
Тойға тарту жыр құйдым,
Өзім білген
Мықтысы ғой бұл сыйдың.
Рахмет айтып,
Ағамызды баққанға
Ал, жеңеше, бетіңізден бір сүйдім!

Ей, балалар!
Қарындастар! Інілер!

Ағайындар! Достар! Көзі тірілер!
Мына тоймен құттықтаймын бәріңді,
Қуанышта бір болды деп біліңдер!

Ал, Өмеке!
Тағы келдім өзіңе,
Нүкте қоям
Жүрек сыйы сөзіме:
Ақындардың
Бар байлығы – өлеңі,
Өзге дүние көрінбейді көзіне.

Келе қалған жай сөз емес ойыма,
Не айтсам да сыйып тұр ғой бойыңа.
Ат мінгізіп,
Шапан жауып тұр деп біл
Бір ардақты інің келіп тойыңа!

1972

АҚБЕТКЕ

Ақбет тауы, алыпсың,
Баянаула төсінде.
Өшпестей боп қалыпсың,
Қаныш аға есінде.

Самғап ұшса сақ қыран,
Таңданды аркар, сілеусін.
«Бүркітбай» атты шаттық ән,
Сол еді-ау сенің тілеушің.

Тыңдап ем сұлу бұл әнді,
Қаныш аға айтқанда.
Көңілге қайта сұранды,
Ақбетті іздеп тапқанда.

Самырсын, терек, қарағай,
Ару-тау жұмақ етегі.

Жолаушыға қарамай,
Қанышты аңсап кетеді.

Бас ием мен де Қанышқа,
Сағынсаң сыйлы балам деп.
Ол ұшып жүр ғарышта,
Ақбетті көріп қалам деп.

Келсеңші, Ақбет, иіліп,
«Бүркітбай» әнін салайық.
Аң мен құсты иіріп,
Қанышты еске алайық.

1996

ҚОЛЫНАН ҚАНЫШ ДӘМ ТАТҚАН

Тоқсанға келсе,
Төрегелді, анаңыз,
Толағай күннің
Толықсып тұрған бәрі аңыз.
Ұлытауда
Қолынан Қаныш дәм татқан
Анаң барда данам бар деп санаңыз.

Ұлытау десем
Жезқазған түсер есіме,
Киелі жер де
Тілегі құтты несібе.
Қайда жүрсек Қаныш аға дем беріп,
Аруағы тартты
Біздерді өмір көшіне.

Нәзипа шешей,
Ұлыңнан бастап сөзімді,
Ұмытты деме тоқсанға келген өзіңді.
Қасиетті жансың
Қолыңнан дана дәм татқан,
Болды ғой балаң
Мінезге берік, төзімді.

Академик,
Министр болды кезінде,
Қуғын да шекті,
Қалғандай ізі көзінде.
Қайтадан шықты алғы шепке.
Жарқ етіп,
Өз тізгіні, өз билігі өзінде.

«Жаланөстей» айқасқа ашық аттанды,
Ол биіктеу төреліктен жаттанды.
Жалғыз ұлың
Аруақ қонған нық жігіт,
Жұлдызың жанды,
Ақ сүтің, ана, ақталды.

Тілемес бақыт
Ардақты, арыс доска кім?!
Сұңқарлар жолы
Ол дүбірге қосқан үн.
Соның бәрі
Өз береке, мерекең,
Ардақты ана,
Құтты болсын тоқсаның!

21.09.1996

ТОҚМАҚ

Ермактың қазақтар
берген аты «Тоқмақ» еді.
Манаш Қозыбаев

I

«Тоқмақ» деген тоқпаққа,
Алайық ептеп тоқтап та.
Ермакты қазақ Жармақ деп,
Көндікті түскен қармаққа.

«Соқ» та «Жық» үні батады,
«Тоқ», «тоқ» етіп жатады.
Қыпшақ елін орыстар,
«Тоқмақ» деп бірде атады.

Басқандай дүлей құм көлді,
Қаныпезер, қырсық жын келді.
Сібірден қашып қазақтар,
Аркаға жетіп күн көрді.

Ой салсақ ұрпақ байқар деп,
«Байкөл» де кетті «Байкал» боп.
«Енесай» бүгін «Енисей»,
Осындай үнсіз айтар көп.

Ермак деген – тоқпақ тас,
Қирады тасқа тисе бас.
Ертіске Ермак батыпты,
Баукеспе жендет, зұлым қас.

Көшім хан аңдып, мас топқа
Жасады қырғын қансоқта.
Секіріп жардан өлді Ермак,
Көк толқын салып «соқ», «соққа».

Сойдиған сирақ өлікті,
Бір қазақ суда көріпті.
Жағасында Ертістің,
Қара жерге көміпті.

II

Заман-ай, қайран заман-ай,
Қазақты ел деп санамай,
«Ермак» боп Ақсу кетіпті,
Жүрекке батқан жарадай.

Білсек-ші содыр қылықты,
Ақ патша қызып құнықты.
Отаршыл, қырғын қарақшы
«Отаншыл» болып шығыпты.

Орнаған қызыл бодандық,
Жасады тоқпақ одан нық.
Шаң жұқтырмай Ермаққа,
Мән берді үлкен қоғамдық.

Ақсу деп айтсам сырымды,
Деп соқты: «Мынау бүлінді».
Амалсыз тостық бар қазақ,
Егемен осынау күнімді.

Қарадан ақты айырып,
Білместің жынын майырып,
Дау-дамаймен алдық-ау,
Ақсудың атын қайырып.

Майданға сай боп шығатын,
Мақтауға бүгін тұратын,
Қол ұстасты Манашпен
Есімханов Қуатым.

Ғалым мен әкім тырысты,
Елбасы қостап кірісті.
Арманың болмас өмірде,
Тындырсаң сондай бір істі.

«Тоқмақтың» қырда солды үні,
Қуаныш елде болды ірі.
Дән разы толқып Қанекем,
Бір аунап түсті сол күні!

16.12.2002.
Алматы

МҰХИТ ПЕН ҚАНЫШ

Асыл аға інілерге әл екен,
Қиналғанда сол ғой ірі дәнекер.
Жақсы інісі:
«Түсіп қалдым жұмыстан», –
Десе күліп, тіл қатыпты Қанекең:

– Жігіт едің қадалғаннан қан алған,
Ақиқатты сен жасырма ағаңнан.
Құштар ісің қалмайды ғой жабысып,
Бақытыңа бастаушы боп жаралған.

Бір кінәрат кетті-ау әнтек қадамнан,
Әр күніңе әл бермей ме әз-арман.
Түскен жоқсың,
Түсіп қалды ол сенен,
Қайта кіріс, – деді, – құстай таранған.

Не де болса ағалығын танытты,
Тегі тентек жас қыранды жаны ұқты.
Қасына ертіп,
Қарсақбайда Мұхитты,
Қауырт күнде көмекші етіп алыпты.

2003

КЕНШІ ЕДІҢ ҚАНЫШТЫҢ БІР БАЛАСЫНДАЙ

Қайыркен Табақбаевқа

Кеншісі Жезқазғанның Қайыркенім,
Қопардың Жәйремнің де тәуір кенін.
Сөнбейтін аспанында жұлдызындай,
Ұмытпас есіміңді ауыл сенің.

Әлі де жоғалттым деп түсінбеймін,
Көз жұмсаң – ол бір ауыр түсім деймін.

Сымбатты,
Мағжанға ұқсас келбетіңді
Қылқалам құдіретімен мүсіндеймін.

Сайда өскен бәйтеректей балбыраған,
Мейірімді маңғаз едің балғын адам.
Тұратын күліп қана абзал, керім,
Бауырмал, карапайым салтың адал.

Кен қазып, елге арнап алғысыңды,
Қоштастың жайлап жүріп тал түсіңді.
Көңілден кетпейтіні – сен аттандың,
Аз қалған тойлай алмай алпысыңды.

Біріміз бірімізге тірек болып,
Жалғап ек Қаныш жолын лек толып.
Жүруші ек қарт Ұлытау етегінде,
Сексенкөл толқығандай жүрек толып.

Қос таспа, төл егіздей өрілдіңдер,
Сүйсініп жастай салды көңілім зер.
Екеуің Жезқазғанда Әшірбекпен,
Алдымда Айыртаудай көріндіңдер.

Ұқсаған «Жалғызтауға» дара шыңдай,
Көз салар бейітіңе дала тынбай.
Жәйрем мен Жезқазғанның тарихында,
Қаларсың Қаныштың бір баласындай!

14.08.1997

ҚАНЫШ АҒА КӨШІНЕН

Ғазез Есмұқановқа

Самғап шығып
Қызылжар мен Есілден,
Азаматсың Алатауда көсілген.

Дәм-тұз жазып, бой көрсеттің бірер жыл,
Жезқазғанда Қаныш аға көшінен.

Құзарт шыңға болсаң жастай төзімді,
Танып тұрмын түбірі ұқсас сезімді.
Сені көрсем
Еске түсіп жас кезім,
Кен қопарған елестетем өзімді.

Абырой-атақ аз емес сен жинаған,
Ұлтжандылық төкті алтын нұр саған.
Алғыс айтам мінезіңе
Отаншыл,
Қарақалпақ қазақтарын сыйлаған.

Көп болса да айтар өзге жөн ісің,
Құрметтейміз сені ерекше сол үшін.
Бердің мықтап
Елім бар деп еңіреп,
Көшіп келген бауырларға қол ұшын.

Иланамыз көзбен көрген сенімге,
Алпыс емес, отыз бес тұр өңіңде.
Сүйіп-құшып
Бесті асаудай сақтаған
Алғыс айтам Гүлбарамдай келінге.

Жақсылыққа жаратылған әр күні,
Азаматсың биік мақсат, ар-мұңы.
Сарқылмасын
Қос алпысқа жеткенше,
Ел құрметі, жар қызуы, таң нұры!

1997

ӨКІНІШ

Мәңгі сыйлар оны байтақ бар елі,
Көркейтуге елін ол да зар еді.

Жезқазғанға жалт қаратқан жер шарын,
Қаныш аға қазағымның ары еді.

Шайлықпайтын түсер кезде қиынға,
Алар еді-ау, әлемнің бар сыйын да.
Қауырт қаза соңғы қадам жасарлық,
Жеткізбеді-ау, Делидегі жиынға.

Шіркін деймін...
Сол жиынға барғанда,
Ашар еді-ау, төрін әлем тарланға.
Кенелер ек
Дала маңдай, нар қазақ
Жердің шарын зор құшаққа алғанда.

Ел сүюді, жер сүюді заң етті,
Намыс қылды ақ, киелі ғадетті.
Күн тақаса таңдандырар жер шарын,
Оқыс ажал ойда жоқта әкетті.

20.01.2003.
Алматы

* * *

Көкшеде ғажап сұлу бар,
Көрген жан үнсіз қырындар.
Мейірім төккен жүзінде,
Жан толқытар жылу бар.

Көргенде бойдың балқуы,
Тұтанар көңіл шалқуы.
Кішкентай ғана аруда,
Шексіз жүрек тартуы.

Көрсең көзің қанығар,
Құмартып жүрек қағынар.
Кішкентай ғана бойында,
Не тілесең бәрі бар.

Қарай қалса көшеде,
Көз салуды еселе.
Сені мен деп қалып тұр,
Басқа қазақ десе де.

Себебі бар сенбейтін,
Ырымы көп сөнбейтін.
Ол көшеде жалғыз тұр,
Мен ешқашан келмейтін.

Сыры да мол сақтайтын,
Мұңы да бар ашпайтын.
Қара жолға қарап тұр,
Мен ешқашан баспайтын.

1992

ЕРЛАН СМАЙЫЛОВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Арғымақ өрден асарда,
Құйғыта қызып желденер.
Адал жігіт қашан да,
Сеніскен досқа дем берер.

Олпы-солпы мың жолдас,
Арпалыста жоқпен тең.
Қайраты жойқын бір жолдас,
Қаптаған қалың көппен тең.

Бойында бұла батылдық,
Жүз жылда бір туатын.
Мың кісіге татырлық,
Осындай досым – Қуатым.

Ақжарқын мінез бұрынғы,
Барымды құмар естуге.
Оған айтқан сырымды,
Ақтармадым ешкімге.

Кейіспедік керісіп,
Беріспедік ызғарға.
Тетелес күнде тебісіп,
Таласпадық қыздарға.

Бастауынан бұлақтың,
Құт таптым деп қуанам.
Әр қадамын Қуаттың,
Ақ ниетпен құп алам.

Алғыр да, ерен асау да,
Келіп тұр кемел шағына.
Даярмын мың той жасауға,
Осындай достың барына!

21.12.2002.
Қызылжар

ЖЕЗҚАЗҒАН БЕРГЕН ІНІЛЕР

Арпалыс кешкен кенші едім,
Қоштаған өлең жетегін.
Егіз деуші едім мен дәйім
Шынболат, Қуаныш екеуін.

Жақсыгелді – ол да інім,
Жалғастырған «Жезкиік».
Солармен сәнді әр күнім,
Салар ән, айтар сөз биік.

Інілер көп қой соңымда,
Тізбектеу бәрін шарт емес.
Тоскандай солар жолымда,
Тастайды елес әр белес.

Бір ананың жалғызы ем,
Достасып, жүре көбейдім.
Жүрегім жаңа алды дем,
Керегем шалқып кеңейдім.

Биіктен ғана табылар,
Өнердің өңкей пірі дер,
Осалы жоқ, бәрі нар,
Жезқазған берген інілер!

16.09.2006.
Астана

КЕНШІ АҚЫН – МЕНІҢ ӨЗ ІНІМ

Қуаныш Ахметовке

Әрі кенші, әрі ақын,
Ақжарқын айна көңілі.
Қуаныш – інім ең жақын,
Өзіме ұқсас өмірі.

Әр қияда тусақ та,
Жезқазғанда табыстық.
Ақын-кенші бір сапта,
Тілектес қанат қағыстық.

Шахтада оқпан шыңырау,
Асылын тапсақ тереңде;
Самғатты асқақ Ұлытау,
Түсірмей қайта төменге.

Киелі Қорған, сыйлы жер,
Ел төрі, ұлттың ұраны.
Аруақ жебеп сүйсінер,
Ұлытау болдық ұланы.

Ақ міндетті өткердік,
Нәр алсақ асыл қиялдан.
Өңірді жырлап кетерлік,
Жалғастырды ұлы арман.

Ұлытау сырын жазғаның –
Ел көксеген жаңалық.

Махамбетше маздадың,
Мерейім өсті ағалық.

Қанықтық әділ, аныққа,
Тазартар қазақ санасын:
Айқындап бердің тарихқа
Шоқан мен Ерден арасын.

Дауыл мен желді бөлісе,
Жолыңды күтті сан алып.
Серпілсең Сегіз серіше,
Сүйсіндім жаным жаңарып.

Шаттыққа біздер малшындық,
Зерттесең зерлі қадалып.
Жарыққа шықты бар шындық,
Архивте жатқан қамалып.

Құйылып жатқан өлеңсің,
Үйіліп жатқан дерексің.
Шашылып жатқан өнерсің,
Қуаныш, елге керексің.

Өркені өсті өреңнің,
Жүре бер есен алшаңдап.
Зор құрметке бөлендің,
Ашылған сайын ақтаңдақ.

Кім демес жөн сөз дәл мұны,
Мақтансам толғап анықты.
Қуаныш, болдың әйгілі,
Кенші ақын, үздік тарихшы.

Жыл жетсе жігіт сақаяр,
Бұл нағыз сәтті тал түсің.
Мен емес тілек, бата аяр,
Болсыншы құтты алпысың!

22.09.2006.
Астана

ҰСТАЗЫМНЫҢ ҰЛЫНА

Сержан Қанапияновқа

Сабырлы еді,
Ұстамды еді, нық еді,
Дархан өмір көрді жолын сүбелі.
Тәуелсіз ел кең төрінде нар қазақ,
Ең ардақты ұстазымның ұлы еді.

Сақ еді ғой сергелдеңге соқпаған,
Бұра тарта баспай өтті еш қадам.
Ойда жоқта оқыс қаза кез болды,
Тіл тиді ме,
Көз тиді ме деп қалам.

Көнтерлі еді маңғаз, кербез, тұлғалы,
Күндіз жұмыс, түнде өлең шыңдады.
Естен кетпес ақ жүзінен нұр шашып,
Терең ойлап, күліп қана тұрғаны.

Анасына тартқан жүзі арайлы,
Бірдей сүйді жікке бөлмей маңайды.
Талай топты таң қалдырды, тамсантты,
Орысша айтып паш еткені Абайды.

Өнегелі шаңырақ құрып жетілді,
Өрге бастап өтті өрімдей екі ұлды.
Тірі жанға мейірімді еді жансебіл,
Ардақты ұстаз Мұсахан аға секілді.

Ақын еді құс қиялын ұстайтын,
Заңғар қайда ол армандап ұшпайтын?!
Ақан сері бата беріп кеткендей,
Сұңғақ бойлы Сырымбетке ұқсайтын.

Аз жыл өтті тойлағалы елуін,
Мақтан еттік асыл төрде шеруін.

Енді ойлаймын,
Өлместей боп есімі,
Айтқан сөзі ел алдында келуін.

Бақытжан мен Ерұланға не дейін?..
Інілерін есен бол деп жебейін.
Жарық көрсе ақын Сержан еңбегі,
Әз рухы үстем етер мерейін.

18.06.2003.
Алматы

ЖАСЫБАЙ ЖЕЛІ

Балғабай Сейсембековке

Өксік жел соқты,
Өкініш өзек жұлғандай,
Төгілер енді,
Көңілден таса сыр қалмай.
Шахталардың мұнаралары да мұңайды,
Балғабай атты бастығын ойлап тұрғандай.

Бақыт қой, шіркін!
Айнымас болса досыңыз.
Құтты еді біздің жас күнде думан көшіміз.
Жезқазғанға топ-топ болып келіп ек,
Бір-бірлеп кетіп барамыз-ау осы біз.

Жасыбай, Баян
Сияқты жанға жағымды,
Жан еді жайсаң,
Ер мінез, аңғал ағынды.
Кереку кербез, ақсары жүзін аңсап бір,
Шахталас достар бір ауыз сөзін сағынды.

Қаз-қатар ұшқан құстармен күзде аттанды,
Жігіт еді-ау, әр ісі ғибрат жаттанды.

Ақ патша деуші ек,
Біржан сал деуші ек тойларда,
Сайранды сәттің бір қызығы шақталды.

Ақжарқын бейне,
Бай мінезбен ұтатын.
Көрмедік кезін
Күңіреніп, қабақ шытатын.
Балаларды көкелеп көкке көтеріп,
Үлкеннен үздік кішіні аға тұтатын.

Тауларға заңғар жақын еді самғар күн,
Жезқазған даңқын өз даңқына жалғар күн.
Сол күндерді
Көрем деп жүрсем асығып,
Туыпты бүгін тебіреніп өлең арнар күн.

Кенші мінез,
Кемелдікке сай тұлға,
Сыры көп қой өнеге қылып айтуға.
Бара алмап едім
Шақырғанда аулына,
Барам-ау енді...
Басында тұрып қайтуға.

1975

КЕН АТАСЫ СӘТБАЕВ

Ниет етсең тереңдеп таныскалы,
Қазақтың Қаныш аға данышпаны.
Көбейткен ел байлығын,
Кен байлығын,
Ол – ғалым таудай биік табыстары.

Кең дала сүйді оны сайран белі,
Алтын, жез, күміс еді қазған кені.
Ашты ол көмір, темір, мұнайды да,
Жезқазған тұңғыш қанат жайған жері.

Есімін айтып аққан бұлақ та бар,
Өзен, көл, теңіздер де сыр ақтарар.
Қазақтың кен атасы, жер атасы,
Тау мен тас «Қаныш» десең құлақ салар.

Жер сыры қанша болса санасында,
Әлемнен алды сонша бағасын да.
«Сәтбаев» атындағы жұлдыз да бар,
Ғарышта – көп жұлдыздар арасында!

1999

ЖЕЗҚАЗҒАНДА ЖАЛҒАСТЫ

Студент аңғал күндерде
Ауылды қатты сағынған,
Шулайтын шығып бір дөңге,
Қарсы алып достар ағылған.

Шашуын шашып тойлайтын,
Үкілі Ыбырай ауылы.
Жан анам ұлын қолдайтын,
Сойылып қойдың тәуірі.

Мәскеуден келген керіліп,
Эполет-погон тағынған,
Жасадым ерек серілік,
Бозбала күнде «қағынған».

Сәлімжан, Сейіл қасымда,
Тай-құлындай тебіскен.
Әндетіп салдық асырға,
Қыздармен сәні келіскен.

Әшірбек сонда жас бала,
Қызығып сырттан қарапты.
Ұялып бізден жасқана,
Дүниенің «дүрі» санапты.

Құс-киял жайлап көңілін,
Құтты арман жолын жалғады.
Ағаға қарап өмірін,
Кеншілік жолға арнады.

Оранса нұрлы сезімге,
Ол қайтсін бүктеп, сыр бүгіп?..
Көргенін бала кезінде,
Жеткізді елге жыр қылып.

Кенші де болды тыным жоқ,
Қаныштың ізін барласты.
Ауылдан ерген інім боп,
Жезқазғанда жалғасты.

04.02.2004.
Астана

КЕНШІ ӨМІРІ

Табиғат түскен ауыр күресіне,
Қарашы тау қопарған үлесіне.
Шыңырауда нар тәуекел, үстірт қимыл,
Өмірін кеншілердің білесің бе?

Адалдық ар жолында ұстар гүлі,
Асылға таусылмайды құштарлығы.
Етуге жер байлығын ел байлығы,
Бойында анық Алпамыс күш барлығы.

Күреске нағыз кенші қашан тойған,
Қолында беу, халайық, ашар қоймаң.
Есен-сау зор жеңіспен қырға шықса,
Әр мезет жау тойтарған асар тойдан.

Кеншіні жер бетінде пір тұтамын,
Өзім де жемісімін бір бұтаның.
Ұнайды әріптестер адалдығы,
Үзім кен ысырап етпес бір тұтамын.

Салғанда ақыл-қайрат қырғын іске,
Қаулаған қауіп-қатер біздің істе.
Дүлей күш кейде оқыс алып кетер,
Кеншінің жолы өмірде жіп-жіңішке.

Жүрсіңдер туған елден алғыс ап мың,
Қатары сиремесін алғы саптың.
Достарым, күнде есен оралыңдар,
Түтінін үзбеу үшін шаңырақтың.

Ақтаған ар жолында көп тілегін,
Ұлым да кенші болып өсті легім.
Ұстап тұр адамзаттың ен байлығын,
Ашқандар жер қазынасын деп білемін!

2004

БӘЙБІШЕСІ ҚАНЫШТЫҢ

Шәрипа апай, қашан да,
Ізгі жан сізден асар ма?!
Имантай сыйлап бас иді,
Бақиға қадам басарда.

Оқыған Қаныш алыста,
Тағдырмен жүрді жарыста.
Кемпір мен шалды сен бақтың,
Қазақша қызып намысқа.

Сұрапыл тасқын дауылда,
Айналды дүлдүл жауырға.
Зиялы қартқа сен болдың,
Ұялы қорған ауылда.

Дүрлікті заман, алмасты,
Дәстүрден Қаныш қалмас-ты.
Жүрегін бұзса бір сұлу,
Жадында жүрді алғашқы.

Қажет пе әр жыл тізбегі,
Жүрсе де қайда іздеді.
Кісілік деген осы ғой,
Байланыс жолын үзбеді.

Аштық жылғы әлекті,
Көргенде Қаныш әдепті,
Ханиса мен Мәлешті,
Қарсақбайға әкетті.

Өмірден қанша күтті үміт,
Бойына қонды құттылық.
Таисия жеңгей сол кезде,
Күтті ғой бәрін тік тұрып.

Шаттыққа жетті толағай,
Қос отау құрды одағай.
Ханиса мен Қайнекей,
Шәмшиябану – Оразай.

Еш тіл-көзден шошынбай,
Сыйлады екі қосындай.
Оразайды ұлындай,
Қайнекейді досындай.

Шәрипа апай, таныстым,
Анамдай құрмет алыстым.
Болғаның үлкен бақыт қой,
Сүйген жары Қаныштың.

Жан-тәнің толы төзімсің,
Айта алмай жүрген сөзімсің.
Қаныштай дана қазақтың
Бәйбішесі өзіңсің!

30.05.2002



Қ. И. Сәтбаевтың Жезқазғанда өткізген
Ғылым академиясының көшпелі сессиясына қатысқандар



Қаныш сүйген Ұлытау. Хан ордасы жақтан қарағандағы көрініс



Жезқазған кеншілерінің ақсақалдары:
Т. Молақов, Р. Тоқсанов, А. Жүнісов



Халықаралық К.И. Сәтбаев қорының президенті К. Салықов. 1995



Қ.И. Сәтбаевтың Жезқазғандағы 100 жылдық тойы салтанатынан: Кәкімбек Салықов, Далабай Ешпанов, Витали Костюченко, Марат Жаркенов; екінші қатарда Мәкен Төрегелдин отыр



Қ. И. Сәтбаевқа Алматыда орнатылған ескерткіш. Авторы Төлеген Досмағамбетов



Жезқазғанда Қ.И. Сәтбаевқа орнатылған ескерткішті ашу кезінде. Оңнан солға қарай: К. Салықов, Р.Б. Юн, облыс әкімі М. Есенбаев, қала әкімі Ж. Ибадильдин, т.б.



Сәтбаевтанудың сұңғыла майталманы Медеу Сәрсекемен той алдындағы сырласу. 1998



Қ.И. Сәтбаевтың 100 жылдығы қарсаңындағы әңгіме.
Ұлытау ауданын әр кезеңде басқарған азаматтар
Баттал Мұқышевпен және Серік Тілеубаевпен бірге



К.И. Сәтбаевтың 100 жылдық тойына арналған
ақындар мүшәйрасынан көрініс



Қызылжардағы Ебіней Бөкетовтің мұражайында:
К. Салықов, М. Сәрсеке, О. Әшімов



Көкшетаудағы Қаныш ағаға қойылған бюст.
Гүл қоюшылар: Ғалым Бекмағамбетов, Кәкімбек Салықов



Қазақтың тұңғыш ғарышкері Сәтбаев қорының қонағы. 1999



Қанекең тойындағы сөз.
Оңнан солға қарай: Н. Айтхожина, М. Сәрсеке, О. Батырбеков,
Қаныш ағаның қыздары Ханиса мен Мейіз

* * *

Құпия көп ақ түндер арайында,
Сырын сезбей қатардан қалайын ба?!
Асау жүрек шалдыкса махаббатқа,
Қияды екен патшалық сарайын да.

Бал құндаққа бақыт қой бөлегені,
Бөлегені – ол тағдыр жебегені.
Баян үшін қиналған Қозы Көрпеш,
Мен болдым ғой махаббат көбегені.

Жан жүрегім пәк сезім көрегені,
Сен де, сәулем, нұрыңа бөле мені.
Бекежаннан мен емес жасқанатын,
Қыз Жібектің көрінем Төлегені.

Сенсіз жырым қалмай ма көріктенбей,
Әлектенем бейнеңді көріп-көрмей.
Жұрт көзінше шыдаймын шыдамасқа,
Қос жанарың мөлдіреп ерік бермей.

Демес едім сен менің өткенімсің,
Өйткені шын,
Бұл жалған көркемісің.
Содан болар, өзендер мұз жарғандай,
Жылда оралып келетін көктемімсің.

1979

ҚАНЫШ АҒА АЛҒЫСЫ

Той болатын Қаныш аға келгені,
Зор бақыт қой бір көру де ең кемі.
Мен ол кезде үлкен шахта басқардым,
Бастығымның жүйрік көлік бергені.

Содан болды директорға керегім,
«Дөкей» қонақ келсе бірге еремін.

Ағалардың ұмытқам жоқ қостағы,
Кішіміз деп қалт еткізбей жегерін.

Машинаға елдің сонда аштығы,
Меймандарға болып кеттім жақсы іні.
Жаңа «Волга» сазға батып жатқанда,
Біздің «Газик» шыдатпайтын тасқыны.

Жезді жаққа барар терең сайдағы,
Қалың екен саз балшықтың қаймағы.
Қаныш мінген жүйрік «Волга» малтықты,
Алып шықтық болып қалған айлалы.

Әрбір сөзі бойға қуат дәнекер,
Жүзі жылы шын жайдары жан екен.
Сәл жымиып:
«Зор қатерден құтқардың,
Рақмет!» – деді қолымды ұстап Қанекең.

Күліп жатыр соңынан ерген көп,
Директор тұр көзбен көңіл бөлген боп.
Не десе болса,
Дана айтқан алғыстан,
Марапаттың мен үлкенін көргем жоқ.

15.01.2004

БІР КӨРГЕНДЕ ҚАНЫШТЫ

Сырты қандай заңғар болса Қаныштың,
Ғұрпы сондай салтын сақтар әр істің.
Қарабайыр қазақшалап сөйлессе,
Білдіретін шетін ішкі намыстың.

Даналарды көру бақыт емес пе,
Жезқазғанда кірдім талай кеңеске.
Би билеп те, ән салғанын естідім,
Көз салайын сол ғажайып елеске.

Келбет қандай
Еш теңеуге кимайтын?!
Бұзбайтұғын нұры жанған бір қалпын.
Бұйра шашы әсем толқып, бұрқырап,
Үлкен басы екі иыққа сыймайтын.

Кең маңдайы Баянаула шыңындай,
Байқататын Жасыбайдай сырын бай.
Қос жанары төңкеріліп түскенін
Көрген жанның кетпес бойы жылынбай.

Еш қылық жоқ әлдекімге жақпайтын,
Бұра сөйлеп, әзілі жоқ таппайтын.
Қанекеңмен бір билеген сұлулар,
Көкейінде мәңгі-бақи сақтайтын.

Көкірегі көлдей толған мейірім,
Білдіретін жүзі терең зейінін;
«Бүркітбайды» шырқап, толғап тебіренсе
Аңғартатын аруларға пейілін.

Мұхит еді-ау кең мінездің байлығы,
Тез сейілтіп жіберетін қайғыны.
Бірақ, достым, даукестерге бар еді,
Арыстандай сескіндірер айбыны.

Көркем сөзбен салсам маңғаз суретін,
Қызығы көп жіті құлақ түретін.
Бір көргенде бейнесі есте қалса да,
Жаңа-жаңа ұғып келем құдіретін.

26.01.2004.
Жезқазған

ҚАЗАҚТЫҢ ПАРТИЗАНДАР КӨСЕМІНЕ

Қасым Қайсеновке

Сексен бес құтты болсын, Қасым аға!
Аруағы өзгелерден басым, аға.

Қазақтың партизандар көсемісің,
Дұшпанға жастай тиген жасын аға.

Ұрпаққа болды сабақ үлкен үлгің,
Жылға тең өзіңменен жүрген бір күн.
Рахымжан, Қасым, Сырбай, Жұбан барда,
Көріп ек таңғажайып үркерлі күн.

Сүюші ек сендер жүрген парадтарды,
Жыр арнап інің сырын сан ақтарды.
Жеңістің құба жартас белгісіндей,
Өзіңе барша қазақ қарап қалды.

Қаһарман атың бүгін дараланды,
Есімің ел туындай бағаланды.
Біз үшін сен мың аға орныңдасың,
Санасам ерте кеткен ағаларды.

Жүрекке сыймай тұр ғой қуанышым,
Өтеді көз алдымнан ұлан ісің.
Топ жарып қай думанда сөйлесең де,
Ойлысың, орнықтысың, қырағысың.

Көкірегім ұшырғандай тірі құсын.
Өлең-гүл төге салдым бір уысын.
Жан аға! Алшаң басып жүзге де жет!
Сен бар деп біздер жас боп жүру үшін!

21.05.2003

ШОҚАН МЕН ҚАНЫШ ЖӘНЕ ШОРМАН БИ

Жігіттің бағы ашылар нағашыдан.
Тайжан Қалмағамбетұлы

Сәтбай бидің Имантай атты баласы,
Көп қинаған жазылды жан жарасы.
Шаңыраққа шалқар шаттық әкелген,
Әлима еді Қаныш аға анасы.

Тәңірім шіркін, зор шапағат қиғандай,
Елге молдау айғақ етер сыр қандай?!
Қамалтиден Мұстафаұлы жесірін,
Тоқалдыққа алған екен Имантай.

Сәдуақас Шорманұлы досы еді,
Имантайдың тура келді есебі.
Ұл таппаған Нұрым атты бәйбіше,
Құдалыққа өзі барды деседі.

Ел біледі Мұстафасын Шорманның,
Шынжыр балақ шонжар есте болған күн.
Атын тартып алса Жаяу Мұсаның,
Ән боп кетті жоқтығы бір қорғанның.

Баянаула билеушісі іргелі
Шорманұлы Мұсаны кім білмеді?!
Иса Қажы оның туған інісі,
Бар ынтасы ақ-иманды дінде еді.

Мәңгі айтылар секілді бір қызық ән,
Екі әулет достығына қызығам,
Уәли ханның әулетімен табысты,
Шоқан туып Шорман бидің қызынан.

Бәрі ақиқат жарылғаным ағынан,
Құлыпталған құпияға бағынам.
Сәтбай, Шыңғыс, Шорман бидің достығы,
Асып түсті ақ патшаның заңынан.

Бодан елде бұл сырды айту болды азап,
Кең толғаймыз күн туған соң енді азат.
Қос дананың аталарын дос еткен,
Осал емес Шорман деген шоң қазақ.

16.01.2003

ҚАРАТАЙДЫҢ ҚАЙҒЫСЫН БӨЛІСЕМІН

Қауырт келген қаусатпас қаза кімді,
Қақ бөлістім, Қаратай, аза-мұңды.
Жайдың оғы түскендей Алматыға,
Бір теңселтті есі бар қазағымды.

Батыс жақтың біз-дағы кештік кебін,
Қай заманда жетіпті өстіп өлім?!
Бір отауды бір кеште оққа жықса,
Бұдан асар сұмдықты естімедім.

Тез батырды сұм дүние қатты зарға,
Үрейді алды, тыныштық тапқызар ма?!
Бейбіт күн деп атасақ бұл күндерді,
Бейбіт болса осылай атқызар ма?!

Алғыр еді Нұрланың отты жалын,
Қапыда өтті
Тойтартпай тосын ағын.
Жазығы жоқ қалқайған балаларды,
Біреу атып жатқандай шошынамын.

Жез бен темір қопарып қатар өстік,
Өмір жүгін тер төгіп адал кештік.
Ұлыңды атқан, Қаратай, оқтың даусын,
Жезқазған мен Қаражал жатады естіп.

Суық хабар сескентіп елең еттім,
Осындайда, шіркін-ай, не демекпін?..
Қажырлы едің, Қаратай,
Қайратқа мін,
Қамықпай тос берерін келешектің.

Ер мінезбен Нұрланың еңбектенді,
Тірегім бар, сүйеніш ел деп сенді.
Соның бәрін теңселткен
Соғар соққы,
Қара ниет қанып езер жендеттерді.

Қатты тисе дауылы бұл жалғанның,
Тағдыр ісі тәбделден құр қалған кім?
Арттағыға Жаратқан бақыт берсін,
Серік болсын иманы Нұрланжанның.

16.11.2002

* * *

Өзіңе, ақын, сенбесең,
Сендірем деме өзгені.
Жер бетінде кемде-кем,
Жеңілге түсер сөз кені.

Сөз кені деймін ұялмай,
Болсаңшы пенде қой демек.
Жүрекке дәру құярдай,
Кеннен де қымбат ой керек.

Жарамсақ жанға бас қайғы,
Сөйлетер айтқыр құр екпін.
Көрсетпей оны тастайды,
Ақ толқыны жүректің.

Шындықты айтып киелі,
Жасай бер көпке жақсы ырым.
Сонда ғана сүйеді,
Халық деген тақсырың.

1981

СЕКСЕННІҢ СЕҢГІРІНДЕ

Аппаз Қаражігітовке

Аппаз аға,
Құтты болсын сексенің!
Осынау күнді көрсем-ау деп көкседің.
Көңілге алған межелерге жете бер,
Ел алдында аққан терің көп сенің.

Сәт түскенде көрікті ойды паш етем,
Деп жүруші ем сені өзімнен жас екен.
Бүгінгі той сексеніңе сендірді,
Сәлемімді ал,
Аға буын Апекем!

Қара мұртпен аруларды жаулайсың,
Шоқша сақал
Кербездікке баулайсың.
Өткір көзді, қыран қабақ, қыр мұрын,
Хо-Ши-Миннің дәл өзінен аумайсың.

Өркені мол өлкедегі ірісің,
Елге мәлім жүрісің мен тұрысың.
Дос-жаран мен жұрағатты қуантқан,
Ұлытаудың ұлағатты ұлысың.

Шабытыңның
Шабуылы тың әлі,
Көркем сөзің бойға қуат гүл-дәрі.
Сені бүгін құттықтайды Жезқазған,
Қарсақбай мен Жетіқоңыр құмдары.

Жүзге жетер қаулай берсін өр жігер,
Құттықтайды тау қопарған кеншілер.
Құт әкелсін сексендегі серілік,
Сайрап жатсын ғашық жолдар сен жүрер.

Елдің тойы – осынау той ұққаным,
Сыптығырсың сыр білдірмес, мықты әлің.
Тоқсанда да елеңдетсін ел-жұртты,
Бойыңдағы асқақ дарын, күш, жалын.

09.06.2003.
Астана

ҰЛЫТАУДЫҢ ҚЫРАНЫ

Камал Смайыловқа

Ұлытаудың самғап ұшқан қыраны,
Ұлттың рухын қорғау еді ұраны.
Жүйткіп жүрген ерке бұлан, ер тарлан,
Ойландаршы...
Қалай жылдам құлады?..

Қамқорлыққа қанып елдің құмары,
Күнде жаңа хаттар көші шұбады.
Шерхан өксіп,
Төрегелді қайысты,
Жоғалғандай егіздердің сыңары.

Сұм ажалға көңіл қайтіп қияды,
Қияларға қараушы еді қырағы.
Көзі күліп,
Өзі күліп тұратын,
Естен кетпес нұр жүзінің шуағы.

Күрт сөнгендей жанып тұрған шырағы,
Жан серігі көздің жасын бұлады.
Ұлытауға көңіл айтып Алатау,
Меңіреу шыңдар мең-зең болып тұр әлі.

Кенет кетті. Шексіз еді қиялы,
Сол еді ғой нағыз нәркес зиялы.
Отыз екінші жылда туған төл едік,
Көзге елестеп, көңілге мұң тұнады.

Журналистер мерт болғандай пырағы,
Суалғандай ата-бастау бұлағы.
Соғылысқан сеңдей қатты сенделді,
Тағзым етті, шыдамаска шыдады.

«Қалай өлді?» деген көптің сұрағы,
Көз алдымда жауар бұлттай тұрады.

Амал қанша, Камал көшті бақиға,
Жайлы болсын жаннаттағы тұрағы.

27.06.2003

* * *

Мен келемін баяу басып, ақырын,
Ел бірлігін сақтау – жеткен ақылым.
Қалталылар қараса да қай көзбен,
Арқалылар туа біткен жақыным.

Қуат берсе күзгі шуақ жылы күн,
Өзіме де қызық кейбір қылығым.
Жоқтамаймын өткен күннің арайын,
Боқтамаймын бүгінгі күн былығын.

Үнсіз жүрсем саспай сабыр сақтаумен,
Күрсінтеді жат қолына аққан кен.
Тынысым жоқ өлең өртеп жанымды,
Жұмысым жоқ талапайды мақтаумен.

Тәубе десем келешекке сыйынып,
Отырғам жоқ от басында бұйығып.
Жатса деймін бар байлыққа кенеліп,
Жер де, кен де қазағыма бұйырып.

ЖЕТПІС ЖЕЛКЕН ЖАЙҒАНДА

Евней Букетовке

Келіпсің жетпіс жасқа, Евней аға,
Өзің жоқ,
Көзім сенбей, қимас сана.
Көрінді бейнең сөнбес жұлдыз болып,
Көгімді жарқыратып жанған дара.

Қазақтың асыл перзент ірісі едің,
Ел-жұртқа ерен ғалым тиді себің.

Ұстаздық ғұрпың ғажап
Ақын мінез,
Бәрі дос, бәрі туыс жүрген жерің.

Заяға артта қалған кетпепті ісің,
Ғұлама зиялысың, мектептісің.
Нар жүгін атқарғанда самғап биік,
КарГУ-ің – өзің салған ескерткішің.

Ас беріп, той жасаса Қарағанды,
Атағың айрықша дараланды.
Букетов деген атың жалғастырды,
Шығыста Шоқан, Қаныш даналарды.

Сарыарқа ашса тойлы қас-қабағын,
Сәлемін алып келдік астананың.
Торқалы мерейтойға шашу болсын,
Ақ тілек өлең-жырым, асқақ әнім.

Бір орман егіз өскен шынарындай,
Жүретін достар едің жұбы арылмай.
Қарсы алды Әбілқастай асыл ағаң,
Нұрада жалғыз қалған сыңарындай.

Қарсы алды қаулап өскен інілерің,
Жайықтай ардақты үлкен тірілерім.
Сүйемін бас құрасып осындайда,
Төс тақап, үлкен-кіші бірігерін.

Мен келдім
Көкше, Ұлытау, Есілденіп,
Семейден Медеу келді есіп-желіп.
Дос-жаран сені сүйген бәрі келді,
Қаратау, Атырау, Жайық төсін керіп.

Арда емсең ақын, ғалым – қос інгенді,
Жасқанттың кеше ғана өшінгенді.
Ғалымдар, Президенттің өзі бастап,
Рухың қуат берген көшің келді.

Жан аға! Елге аян асыл бағаң,
Біледі есіміңді зерлі ғалам.
Тойыңа бар қонақты бастап келді,
Ардақты ел ағасы Бәйкен ағаң.

Жетісу ала келдік әсем үнін,
Бас иіп Қарқаралы төсер гүлін.
Букетов деген атпен аталады,
Баяғы өзің жүрген көшең бүгін.

Қимайды бақастардың шатпағына,
Сыйлайды бүгін сені тақтағы да.
Жан аға, жатқан жерің жайлы болсын,
Жетпісің желкен жайды арттағыға!

18.03.1995

ҚЫЗЫЛЖАР

Жайлап өңірді өтті бабалар:
Ақын, әншілер, көсем, даналар.
Сегіз серілер сайран құрған ел,
Арқалы дүлдүл Шал ақын туған жер.
Арпа-бидайлы – дәнді Қызылжар,
Орман-тоғайлы – сәнді Қызылжар.

Тулайды көгілдір асау Есілің,
Қайрат шыңдайды асыл есімің.
Ақан, Біржан сал шалқып өткен ел,
Үкілі Ыбырай «Гәккулеткен» жер.
Қысы қыраулы – асыл Қызылжар,
Жазы жазира – жасыл Қызылжар.

Қайсар, қажымас кербез, керімдер,
Біздің жігіттер – өңкей өрімдер.
Аппақ қайыңдар – алқаң ақ күміс,
Біздің арулар – шымқай Акжүніс.
Жұпар ауаны сепкен Қызылжар,
Мағжан ақындай көркем Қызылжар.

АҚ ТІЛЕК

О, тағдырым! Бермесең де көп өнім,
Әр сөзіме көңіл нұрын төгемін.
Не де болса самғауын бер Сәкеннің,
Ал содан соң
Кең шабысқа көнемін.

Дей көрмеспін:
«О, тағдырым тыным бер!»
Шәкәрімнің таңғажайып мұңын бер.
Шал ақынның әзілінен бір жонып,
Махамбеттің жау жасқантар қырын бер.

Бір сөз үшін жерден жеті теремін,
Мың толғанам іздеп ойдың тереңін.
Не де болса мәрттігін бер Мағжанның,
Ал содан соң жетегіне еремін.

Тұлпар шабыс құйындатқан даламда,
Бір дүлдүл бар мекендеген санамда.
Жалғастырған Жетісу мен Көкшені,
Ілияс ақын дүбірін бер маған да.

Жарысқанды қара шаңға көмілтіп,
Құйындатып бір өтейін төгілтіп.
Біржан салдың екпінін бер,
Бірақ та...
«Поштабайдан» жасқандырма шегінтіп.

Менің-дағы көп аңсатқан ақ гүлім,
Жер-жаһанға «Жезкиік» боп тапты үнін.
Ақан болып аққу құсқа ән қоссам,
Құлагердей ұрып жықпа тап бүгін.

Тасқындасам
Бұлағы боп әр жырдың,
Есесін бер қапы кеткен сан жылдың.

Оң қабағым ашылардай бір үзім,
Бақытын бер жыр атасы Жамбылдың.

Әне, сонда дер едім мен күштімін.
Көп бітірер өлеңім де іс, тыным.
Тілегімнің ең үлкенін айтайын,
Сыйла, тағдыр, Абайлықтың ұшқынын!

КІТАПТАҒЫ СӨЗ

Жеңе алмас қарлы боран, дауыл-дағы,
Інімсің тірек, қорған ауылдағы.
Сыйладым бұл кітапты, Құдайберген,
Білінсін бірлігіміз қауымдағы.

Қалдырсақ артта қақсы тырысып із,
Қанышқа тұрсын ұқсап бір ісіміз,
Елім деп еңіреп туған аға, іні,
Бәріміз сол дананың інісіміз.

20.12.2003.
Астана

ЕР ЕДІГЕ ДАСТАНЫ

Мелиоранскийдің қазақ тілінде
бастырған «Едігесінің» аты
қазақша болса да, заты ноғайшаға
жуықтаныңқыраған түрі бар.
Қ. Сәтбаев

Едіге жайлы елде ақындар айтқанды,
Шоқан жазып, орысша боп хаттанды.
Сол жазбадан Мелиоранский аударткан,
Қазақшасы қайта туып сақталды.

Жас кезінде алғыр Қаныш шүйіліп,
Шорқақ тілге кетті қатты күйініп.

Сол нұсқадан тәржімелеп таратты,
Өз тілінде ел оқырдай сүйініп.

Алғы сөзде шолды тарих кестесін,
Келістірді көне, жаңа дестесін.
Шоқан бастап берген аңыз-дастанды,
Дегені сол мәңгі-бақи өшпесін.

Шоқанды ол ардақтады, мақтады,
Ұлы ұстазға ізет, құрмет сақтады.
«Тасырқаған мал тұяғы секілді»,
Қайта аударған ноғайшылдық жақпады.

Ахмет мырза «сандырақтап» кеткенін,
Осып өтті білдірмей-ақ, өктем үн.
Қазақтардың қадірлеген кезі екен,
Ноғайшылап сөйлеудің де мектебін.

Шоқан, Қаныш жалғасып тұр осылай,
Қос дананың тілегі бір, көші бай.
Білем деме қазағымның тарихын,
Едіге жырын Қаныш жазған оқымай.

15.01.2003.
Алматы

АР-НАМЫСТЫҢ ҚАЗЫҒЫ

Мәкен Төрегелдинге

Қан майданда жауға салған ойралаң,
Шинель шешпей қауырт іске бойлаған.
Жетпіс жасың құтты болсын, жан аға,
Жатсаң-тұрсаң туған елді ойлаған.

Қара шаңырақ Қарсақбайдың қорғаны,
Құмды дала...
Қайран қазақ толғағы.
Жезді-Ұлытау ел ағасы көп жылғы,
Зор салтанат жетпіс жасқа толғаны.

Сенің тойың далам күткен той шығар,
Жүзге жеткен анаң күткен той шығар.
Бүгін бірге кернейлетер кеншілер,
Өз көсемін құрметтесе қойшылар.

Келеді еске сан асылдар біріндеп,
Сағынтады кейде жүрек тілімдеп.
Жәңгір, Садық құттықтады деп ойла,
Кеше ғана бірге жүрген күлімдеп.

Жақсы адамның тойы елге сән екен,
Ашы күйге қосып тәтті ән етем.
– Неге? – десең:
– Мәкенжан, – деп құттықтап,
Портреттен қол беріп тұр Қанекем.

Жаным толқып құрсам өлең өрнегін,
Бой тастады өрдегім мен төрдегім,
Еске түсті кенші күнде сенімен,
Желдіадырда жезкиікті көргенім.

Жетпісіңмен құттықтаймын тағы да,
Қарыштай бер,
Жеттің кемел шағына.
Қуатты бол,
Жаңа отырдың ең биік,
Ақсақал деп ел көтерген тағына.

1994

ҚАНЫШ АҒА СЕНСІҢ ТУҒАН ІНІСІ

Сұлтан Сәрсембаевқа

Сұлтан аға!
Құтты болсын жетпісің!
Орның ірі, шартарапқа жетті ісің.
Құттықтайды Шардараның шалқары,
Жетісу мен Есіл, Нұра, Ертісің.

Саған біткен сарқылмайды кең жігер,
Абыз аға, сенсің мығым мердігер.
Министр болған
Баянауыл баласын,
Су иесі Сүлеймендей ел білер.

Жыр толқытса көңілдегі елеңді,
Пәлсапаға жүгінемін мен енді.
Маңғаз, кербез
Мінезіңнен байқадым,
Туған жерге ұқсайды адам дегенді.

Той үстінде келді талай ой маған,
Қазанатсың тер төгуге тоймаған.
Жүрегіңде
Толқып жатыр Жасыбай,
Жанарыңда жүйрік толқын ойнаған.

Сен бірісің елімде бар арыстың,
Қанаттандың арасында нар істің.
Содан болар,
Алғашқы рет өзіңмен,
Жезқазғанда су тоғандап табыстым.

Тасқындаса талай өлке ырысы,
Сәйгүліксің тарылмаған тынысы.
Атағың зор,
Оған қоса тағы да,
Қаныш аға сенсің туған інісі.

Сұлтан аға,
Бұл жетпістен жасқанба,
Күшің мығым қызығардай жастар да.
Сақ қыранға ұқсайсың сен әлі де,
Ақ түлкіні қансонарда басқанда.

Желіп өтіп жетпіс асқар биіктен,
Сексенге жет,
Көзді алыстан үңілткен.

Ортамызда күлім қағып жүре бер,
Жүз жасқа да саспай жетер үмітпен.

1998

ҚҰТТЫҚТАУ

Хамза Жұмабековке

Қамзеке, құтты болсын жетпіс белес,
Келіп тұр кемел жырмен еткім кеңес.
Көтерсең Жезқазғанда үлкен жүкті,
Құт қонды «Өмірзая» өттің демес.

Ұлытау бөктерінде ізің қалды,
Қарт Кеңгір жағасында нұрың жанды.
Ақтоғай, Ақдалалар қойға толып,
Көріп ек сансыз жылқы шұбырғанды.

Елді айтсам асыл жайлау Арқадағы,
Көңілден өлең толқып, ән тамады.
Аралас «Жезкиікпен» бір жайылды,
Мес құйрық Сарысудың марқалары.

Тойларда ту ұстасып жарасып та ем,
Кен қазып,
Малды бірге санасып та ем.
Өсиетін Қаныш аға өрістеттік,
Қолдасып Гурбалар мен Жанасовпен.

Тату ек татармен де, орыспен де,
Абырой алдық шексіз сол істен де.
Жылқыбай, Нұртазалар дос боп кетті,
Қатарлас мандайдан тер төгіскенде.

Сол күнге өзге күндер теңесе ме?!
Сәтті еді-ау
Сырттан біреу не десе де.

Жетпісің елуіңнен аумай тұрса,
Мың алғыс айта кетем жеңешеме.

Арулар таңдай қақса мін таба алмай,
Нық келдің кей шалдарша уқаланбай.
Жайнап тұр нұрлы жүзің баяғыдай,
Жеңешем ертелі-кеш сипағандай.

Болғандай қарлы Алатау шыңы тетік,
Берсе Алла жетпіс жасты тұғырлы етіп,
Ұл-қызың,
Немерелер арасында,
Қамзеке, жүзге есен жет дүбірлетіп!

25.10.1998

КИЕЛІ АЙМАҚ САРЫАРҚА

(Әні бар)

Сарыарқа десем жаным тебіренеді,
Құлын-тай шұрқыраған дем береді.
Сексен көл сексен әуен оятқандай,
Көкірек ауыр дерттен емделеді.

Қайырмасы:

Саумал ауа, самал жел,
Сарыжайлау қамар бел,
Атына көркі сай алқа;
Сал-серілер жайлаған,
Құлагер жүлде байлаған,
Абылай қонған хан–алқа –
Киелі аймақ Сарыарқа.

Сақтаған қорған болып баяғылар,
Ақбөкен желдеп келер саяқұмар.
Қандай жер Сарыарқаға жетер дейсің,
Көкшетау, Қаркаралы, Баяны бар?!

Қайырмасы.

Арқада өскен аппақ қыз баланы,
Аспанда жұлдыздар да қызғанады.
Аязда алаулатып бір сүйгенде,
Қып-қызыл ақ бетінде із қалады.

Қайырмасы.

Болмаған адал досқа күдіктері,
Жалғасқан байтақ елмен үміт-шері.
Бәрі ақын, бәрі әнші, мырза мейір,
Сал-сері Сарыарқаның жігіттері!

26.10.2003.
Жезқазған

ЖҰБАТУ ДА – ҚУАНТУ

Мұхаң кетті шені өсіп Шымкентке,
Көш бұзылды келе жатқан бір бетте.
Шығарып салу дәстүр еді ол кезде,
Жезқазғаннан басқа жерге кім кетсе.

Ел жиналып кең сарайда қоштастық,
Еңбек ері ағамызбен төс бастық.
Дәм-тұз арнап аттандырдық құрметпен,
Бастықпенен құрған сыйлы достастық.

Көп жігіттер ере келдік Кеңгірге,
Көшкендей боп ағамызбен ел бірге.
Жағалауда кең дастарқан жайылды,
Сөздер қызды тост арнаған желдірме.

Үлкен-кіші көп жақсылық тілесті,
Ән де салдық, жұбайлар де ілесті.
Сол бір кезде суда жүрген Оразбек,
Түсіпбекпен бел ұстасып күресті.

Дүйсенбаев жігіт еді сабадай,
Ал Молақов жұқа құндыз жағадай.
Маған жақын аға еді Түсекең,
Шошып кеттім дұрыстап та қарамай.

Жұрттың көзі осындайда сұқ қандай,
Шуылдасты бір қызықты ұққандай.
Бір мезетте алып соқты Молақов,
Ніл бойында пілді суға жыққандай.

Түсекеңді алып шықтық додаға,
Алақайлап біз сөйтпесек бола ма?..
Сонда Мұхаң: «Ол Кейкінің інісі,
Әйтпегенде асыл аруақ қона ма?!

Оразбек те арлан жігіт қуатты,
Кішілік жасап бәрімізді қуантты.
Сен екінші орындасың», – деп күліп,
Қимас досы Оразбекті жұбатты.

Біздер жеңдік осынау қызық қағысты,
«Петродан» «Покро» болды табысты.
«Екінші орын! Екінші орын!» – деп шулап,
Кенші достар ащыларын тағы ішті.

20.01.2004

* * *

Манаш деген тұнып тұрған серт болды,
Ол барында төртеу түгел, төр толды.
Бәйге өрінде озып келе жатқанда,
Құлагердей қапылыста мерт болды.

Жаңалық па жақсыға ажал жеткені?..
Ол мен емес, Платон сыр шерткені.
Қинайтыны –
Қимас достың мен үшін
Бір ауыз сөз айтпай кенет кеткені.

Құлагері тарихымның дегенде,
Сағыныш кернеп,
Қан ойнады денемде.
Тарихшылар тарланбозы атау да,
Дәл келіп тұр Манаш сынды еренге.

Жыл өткен соң серпіледі зор қайғы,
Дүние-дүрмек өз қисыны орнайды.
Сара, енді сен де бекін, қуаттан,
Манашыңның аруағы қолдайды.

Лаж нешік, көнбеске адам көнеді,
Бергенінен берері әлі көп еді.
Өлді демен,
Туған елі перзентін
Мәңгіліктің құшағына бөледі.

11.01.2003.
Алматы

* * *

Қаныш деген – Жезқазған,
Жезқазған деген – Сәтбаев.
Елу жаста біреуі,
Бірі келді жүз беске,
Қалай шашу шашпайық?!

Бай өлкеге нұр қонсын,
Алқабына гүл толсын.
Құтты болсын мереке,
Шашуым осы жыр болсын!

ЖЕЗҚАЗҒАН ДҮЛДҮЛІН ЖОҒАЛТТЫ

Ошақбай Асылбековке

Сұм тағдыр тым қатал қарады,
Түзелмей тұр биыл қабағы.

Күніренбей қайтейін,
Бірге өскен,
Достарым азайып барады.

Қиғандай қатарлас қанатты,
Тап кеше жерледік Манатты.
Әшірбек қайғысы басылмай,
Ошақбай орнына қаратты.

Ажал да ызғарын боратты,
Көз жасын неше күн доғартты?!
Біртуар, топта озған кеменгер,
Жезқазған дүлдүлін жоғалтты.

Данагөй ғибратын татты елі,
Құт конған талабы жақсы еді.
Қаланы сан жылдар түрленткен,
Заманы сыйлаған басшы еді.

Өлімге қимайды тіл деген,
Жан еді жаттықты білмеген.
Тап кеше үйінде дәмдес боп,
Көріп ем келбетін гүлдеген.

Жылға тең қолда бар әр күні,
Мол еді тірлікке тартымды.
Ол кеше құлпырса жұлдыздай,
Сол екен ақырғы жарқылы.

Мейірбан, байсалды ақылман,
Қашан да бірлікке шақырған.
Ақ сүттей достыққа таза еді,
Ақжарқын, аумаған ақыннан.

Бір көрсең мәңгі есте қалатын,
Ер еді ақ тұйғын жаны ақын.
Құрылысшы, қаламгер, әкім деп,
Титтей мін жоқ оған тағатын.

Шаңырағы шалқыған кең еді,
Ұл-қызы шаттыққа бөледі.
Толқын шаш, сұңғақты күлім көз,
Өзі де керімсал сері еді.

Ләмиға,
Сөзім жоқ жаттанды,
Сағыныш ұзартар ақ таңды.
Бірақ сен жылама,
Берік бол,
Ошекең жыламай аттанды.

Парызын ел үшін өтеген,
Нар еді зор тұлға Ошекең.
Алланың масылды әкетпей,
Асылды алғаны осы екен.

Шын берік жан еді салтына,
Сондықтан дақ түспес даңқына.
Бақұлмыз біз асыл ағаға,
Ол бақұл артында халқына.

Қаза да жақсыға қол артты,
Әкетті кең пейіл жомартты.
Ұлытау ұланы көз жұмды,
Сарыарқа саңлағын жоғалтты.

21.05.2004.
Алматы

ҒАЛЫМ АҒАҒА

Оразай Батырбековке

Әркімнің бір жолы бар шалқып өтер,
Ұлы деп қуанбастай халқы бекер.
Беу, аға! Жаңа қырдан жарқыл қақтың,
Ғалым деп есіміңді ел айтып өтер.

Әркімнің өз жолы бар жүріп өтер,
Кейбіреу басқан ізін күдік етер.
Мінекей, тұлпарыңды тағаладың
Тайсалмай тайғақтарда мініп өтер.

Көбейсін өміріңде алаулы шақ,
Қуаныш қайда жүрсең жаяр құшақ.
Атағың бүгін алған ғалым деген,
Көрінер өрге тіккен жалауға ұқсап.

Бұл үйде ғалымдықтың ұясы бар,
Өзгенің қолы жетпес қиясы бар.
Жеңгем де Қаныш аға сұлу қызы,
Туған ел мақтауына сыясыңдар.

Арнадым жүрек сыры – жыр шумағын,
Менің де осы күндер сыршыл уағым.
Әкелдім Кеңгір, Жезді, қарт Ұлытау,
Қарсақбай, Байқоңырдың күншуағын.

Ой тербеп, арманыңды шыңға тіреп,
Сыр шертер ақша бұлттар ұлпалы лек.
Сонда ойла,
Тойыңа кеп, тост көтеріп,
Қанекең мәндайыңнан сипады деп.

1972.
Алматы

ҚАНЫШТЫҢ ҮЗДІК ШӘКІРТІ

Евней Букетовке

Кешсек заман аумалы да төкпелі,
Кейде өзіме-өзім болам өкпелі.
Қазағым-ай,
Бірін-бірі түрткілеп,
Есімізде Мұхтарды да сөккені.

Елге аян кешкен күні Қаныштың,
Жезқазғанда көп сырымен таныстым.
Кей гүжбандар гүжілдемей, құпия
Арпалысты-ау аруағымен арыстың.

Елді ойлаудан басқа әрекет қылмаған,
Жер байлығын қолға салды бұл данам.
Тәуелсіз ел кен атасын қастерлеп,
Жаңа туды күн еңбегін құндаған.

Аға ісіне сарбазыңдай берілген,
Бар еді ғой шәкірттері телінген.
Соның бірі болды Евней Букетов,
Ел қараған дарынына сеніммен.

Ұстаз, ғалым, ақын аға қыры мың,
Ол – металлург, жалыны ашық нұрының.
Сол деуші едік Қанекемнен кейінгі,
Басқаратын қазағымның ғылымын.

Қатар ұстап селені мен өлеңін,
Шекспирден алды ойдың тереңін.
Балқаш пенен Теміртаулық металлург,
Қарағанды сыйлады өз өренін.

Ұлттық бейнем көрінісін деп жоғары,
Айтылмаған ісі оның көп әлі.
Шындатпады жағымпаздар, жылпостар,
Өтті өмірден елді ойлантып обалы.

Көп әрекет қастан емес сырттағы,
Індеттер бар іште ата жұрттағы.
Евнейлердің ерте өткені өмірден –
Қазағымның бірін-бірі құртқаны.

2005

КЕНШІ КҮНДЕР ІЗДЕРІ

Жәлел Қалмағамбетовке

Бірге оқыдық,
Сен едің ішімізде
Ерекшелеу, еркелеу, кішіміз де.
Өкше басып алпысқа келіп қалдың,
Қайран жастық кірместей түсімізге.

Қартаймастай көп болды сену жаска,
Енді өлшем межесі келді басқа.
Сен тағы да осылай қуып жеттің,
Алпысты айтып шошымай құрбыласқа.

Бірге оқыдық,
Бірге өстік, бірге де өндік,
Шаңырақ құрып,
Қатарлас іргелендік.
Көше, шахта, қаланы түрлендіріп,
Жезқазғанды түлеген бірге көрдік.

Бар шабыстан демеймін дара келдік,
Аға көрдік. Қаныштай дана көрдік.
Қай белеске шықсақ та елмен жалғас,
Қарапайым қалыпта қала бердік.

Жоқ емес қой ұмытпас санамызда,
Қатты батқан жоғалып жарамыз да.
Арамызда жоғалып асыл достар,
Күннен-күнге ѳелдіреп барамыз да.

Өмір барша қызығын жалғамайды,
Қазтай қайда қылығы жанға жайлы?
Еске алайық Садық пен Жолдасбекті,
Сабыр, Серік, Қайырбек, Балғабайды.

Бәйтеректей құт жайған ең мәуелі,
Еске алайық анаңды ең әуелі.

Содан кейін басталсын
Алпыс жаспен
Құттықтаулар, дос сөзі, ел сәлемі.

Алда әлі ең алыс мұнарлы шың,
Өрлете бер, шырқауға шыдар күшің.
Құтты болсын алпысың!
Жүзге есен жет,
Туған елдің құшақтап мың алғысын!

Арпалысты күндерге жалындаған,
Таза, биік сақтадың арыңды аман.
Мінезіңе ризамыз
Тіршілікте
Дос-жаранға ниетің тарылмаған.

Көз алдында жайнаса мың жұлдызың,
Немерелер ұлғайтып жүр тізімін.
Сол бақытты әкелген Дариға мен
Қызығын көр ұлағатты ұл-қызыңның.

Бақ-дәулеттің тарылмас кенересі,
Қарсы желдің тоқтауға келер есі.
Қай кеңседе сен бүгін отырсаң да,
Атың биік –
Тайжанның немересі.

Бірге оқыдық –
Сол өмір аманаты.
Есен-саумыз –
Сол көңіл қанағаты.
Құттықтаймын!
Сен болдың елге әйгілі,
Жезқазғанның ардақты азаматы!

18.03.1994

ЖЕЗҚАЗҒАН – ҚАНЫШТЫҢ ҚАЛАСЫ

Ақ жаңбыр жарысып сәулемен,
Ән болды әр сөзім әу деген.
Сәулетті жас қала оянды,
Кеншілер қарсы алған таңменен.
Самал жел Ұлытау саясы,
Тамаша келбетін қарашы,
Жезқазған – Қаныштың қаласы!

Жарқылы жайнатқан өңімді,
Жұлдыздар жолыма төгілді.
Көшелер көш түзеп, бой жазған,
Мыс қайнар ордасы көрінді.
Жалғасқан жер мен көк арасы,
Сүйсінген Сарыарқа даласы,
Жезқазған – Қаныштың қаласы!

Ару құс келбеті жан улар,
Мезетке боларсың зәру-зар.
Аққулар қалқып жүр Кеңгірде,
Достарым, бір көріп қалыңдар.
Серпілер адамның санасы,
Елестер қазақтың данасы,
Жезқазған – Қаныштың қаласы!

1994

ЖЕЗҚАЗҒАН – ЖЕР АСЫЛЫ

Жезқазған, жігер алдың арыстардан,
Едіге, Алаша хан, Қаныштардан.
Қақтаған қызыл мыс пен ақ күмісің,
Сақтаған асыл аңыз алыстардан.

Кеңгірге аққу қонса сырласуға,
Жезкиік келер іздеп мұң басуға.
Қосылар асқақтатып ақын Тайжан,
Сырнайы сақ-сақ күліп шың басында.

Құтты жер, киелі жер атамекен,
Жаннатсың жаным сүйер ала бөтен.
Ән салсам тау ішінде Сәкен ағам,
Алдымнан жарқ етер деп қарап өтем.

1991

ЖАНЫМ СҮЙГЕН ЖАЛҒАНЫС

Қанышты айтсам есіме алам Гетені,
Онсыз көңіл түгенделмес өтемі.
Даналардың межешамдай жол ашты,
Құлын күннен құлшындарған жетегі.

Абай атам жақындатса алысты,
«Ұлы неміс» бар қазақпен табысты.
Қос данаға ұқсастығын сезем де,
Дана деуге жалықпаймын Қанышты.

Толғандырмай қоймас терең ойлылар,
Содан туды талай жырым ойқұмар.
«Қайнаған шер ән салғанда басылар» –
Деген сөзі болды маған бойтұмар.

Сергек сезім үміт жалғап арманға,
Қанға сіңіп, ойға тұнып қалған ба?!
«Қараңғы түнде тау қалғыпты» тебіреніп,
Мерей өсті ғалым әнге салғанда.

Таң сібірлеп көрінгендей араймен,
Көкіректен көшті шулы талай сең.
Сол бір сәтте кетті ұласып Қаныштың
Көңіл назы Гете және Абаймен.

Ақын Гете ғалым болса атақты,
Қанышты өмір ақынжанды жаратты.
Қазақ әнін келістіріп айтумен,
Жүрген жерде елді аузына қаратты.

Сан қырынан үлгі-өнеге алғанбыз,
Жан нұрынан ел жаттаған қалды аңыз.
Жасайды екен даналардың өмірі,
Мұхиттардай мәңгі тынбас жалғаныс.

18.01.2003.
Алматы

ЖАЙНАП ТҰР СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫ

Әшірбек Құнанбаевқа

Сәтбаев қаласы дегенде,
Еске алам баяғы жас күнді.
Жүруші ек кен қазып терең де,
Жезге арнап бойдағы тасқынды.

Жан достар, пәк мінез кеншілер,
Болды ғой мәңгілік бауырлар.
Секілді жұп жазбас көршілер,
Көбейді шахталар – ауылдар.

Ол күнге еш күндер жетпейді,
Теруші ем жан кенін, жер кенін.
Толғантып есімнен кетпейді,
Қаныштай дананы көргенім.

Ойлаймын туған ел құптар деп,
Жазғаным қолына жетті ғой.
Қоскөлде қос аққу құштар боп,
Жезкиік жан баурап кетті ғой.

Сол кезде түскендей ғарыштан,
Жас қала қаныктың сырына.
Ұлытау сүйсінді алыстан,
Ақ бата бергендей ұлына.

Ағалар бастады таңдаулы,
Басылмай ақ ниет алаңы.

Қаныштың атына арнауды,
Қаладық бірге өскен қаланы.

Шахталар – алыптар нар тұлға,
Дананың іздерін ескертті.
Қаланы тұрардай айтуға,
Кеншілер астанам деп кетті.

Көшелер құлпырды біріндеп,
Жалғасты жер мен көк арасы.
Қанекең секілді күлімдеп,
Жайнап тұр Сәтбаев қаласы.

19.01.2003

МИРАС СӨЗ

«Өсер елдің баласы
Батырым дейді бір-бірін».
Қазақтың асыл данасы,
Сол мәтелді қылды ырым.

«Батырым» десе Мұхитқа,
Аңғалдау жас кезінде:
«Олайша, аға, тұқыртпа,
Жүргем жоқ оңып өзім де.

Емес те әлді, атым нық,
Қадірі сіңген ел үшін.
Қаңғырып келмес батырлық,
Жабайы кенші мен үшін».

Сонда айтыпты Қанекең:
«Өжеттік өрге бастайды.
«Батырым», мінез бар екен,
Батырлық сенен қашпайды».

Асыл сөз қалды ойында,
Көкіректің көзі жетілді.

Байсалды мінез бойында,
Қаныштан жұққан секілді.

Тәрбие-тәлім тұтарда,
Беріпті құтты із белгі.
Қанышқа тартып Мұхаң да,
«Батырым» дейтін біздерді.

Ашылар көңіл кең сыры,
Жылылық жатса сөзіңде.
Соңымнан ерген кеншіні,
«Батырым» дедім өзім де.

1997

«САЛТАНАТТЫ САРАЙДЫ» АШҚАН АРУ

Астанада
Ай келбетті арайы,
Салыныпты «Салтанаттың сарайы»,
Ән мен күйдің Есілде ақ ордасы,
Махаббаттың жұмағындай маңайы.

Ойда ағын,
Бойда жалын маздатар,
Туды сарай қазақ төрін жайнатар.
Елеңдетті қазір кіріп келердей,
Баян сұлу қыз төресі сайлатар.

Жиналыпты шымқай сұлу ақылды,
Әлия болды сол құрметке татымды.
Әсем орда
Тұсаукесер тойына,
Президенттің өзі арнайы шақырды.

Сал табиғат саулығының жаршысы,
Экологтың ел сүйсінтер барша ісі.
Бұл жеңгемнің
Сол ғылымға берілді,
Бойындағы әр мысқал қан тамшысы.

Сый-құрметке бөленді асыл аналар,
Осылар ғой нағыз абзал даналар.
Келіншектер аз болған жоқ бұл кеште,
Қос жанары атқан оқтай қадалар.

Сегізінші наурызды той таңдады,
Сан ханымдар арнау сөзбен самғады.
Сері ағамды сынағандай үйінде,
Жеңешем де сөз семсерін арнады.

Мұңлы Аралдай
Төкті тұнған мол сырын,
Семейдің де айтты тозған ой-қырын.
Ару тілек дәру болғай деп қана,
Иншалла деп жүрек жалғап толқыдым.

Биіктесе Астананың аспаны –
Ол қазақтың алға қадам басқаны.
Қасиеті мол жаңа сарай есігін,
Өсиет болды Ана қолы ашқаны.

08.03.2003

ТЕБІРЕНІС

Қасымбек Медиевке

Толқытса өткен күннен көрінген із,
Кезінде ауыр жүкке жегілгенбіз.
Жасай бер, Ұлытаудың ұландары,
Бәріміз «Жезкиіктің» еліненбіз.

Аймақтың білдім талай ірілерін,
Солар ғой қалың істе бірігерім.
Артымда қара ормандай қаулап өскен,
Қаруым, қанатымсың, інілерім.

Көңілдің шын сүйсінем хоштығына,
Алдымда өрледіңдер косты құра.

Мен түгіл дүшпандарың таң қалатын,
Әшірбек екеуіңнің достығына.

Кіргендей күміс сағым шағыл құмға,
Малшынып отырмын ғой қалың мұңға.
Кеңгірдің жағасында күндерді ойлап,
Қасымбек, Жезқазғанды сағындың ба?

Ал өзім осынау өлке бөлшегімін,
Сағыныш сан зардабын өлшеді кім?
Жасымда бата берген ұлы жер ғой,
Қарсы алар баяғыдай көрсе бүгін.

Жол түсіп Жезқазғанға барып қайтам,
Жан өртеп,
Көзге оралған анықты айтам.
Садық жоқ, Жәңгір, Серік, Балғабай жоқ,
Көңілім әр нәрседен қалып қайтам.

Жүректің айқын шықса тұнық әні,
Шошытты шын сыйластық құрығаны.
Ұққаным – қазақта емес, «Казахмыста»
Толқыған қызыл мыстың жылы қаны.

«Бәк-шәкке» баяғыда жуыстық па?!
Руын сұрап тұқым қуыстық па?
Команда деген онда түске кірмес,
Адалдық негіз еді-ау туыстыққа.

Ақшаны патша етіп жаратты кім?!
Кім кесті қауырсынын қанаттының?!
Осылай кейде ашық тебіренемін,
Өйткені ел алдында жауаптымын.

19.08.2004

ҚАНЕКЕҢДІ КӨРГЕНДЕР

Ғаппар Ергалиевке

Жетпіс деген білген жанға бір ғасыр,
Жайлап тұрмыз жетпіс қия шың басын.
Жасы кіші бір інім деп жүр едім,
Болып шықтың, Ғаппар, нағыз құрдасым.

Келсем тағы бір тамаша түйінге,
Жақсы жүресің бауыр басқан үйірде.
Ең жақсысы – талай жылдар дәмдестік,
Қаныш аға қызмет еткен үйінде.

Осында жүр Айтмұхамбет ағамыз,
Бұрынғыдан жақындасты арамыз.
Кездескенде Қанекеңді еске алып,
Не де болса бір серпіліп қаламыз.

Елестетіп данышпанның нұрлы өңін,
Дидарластық, сұхбаттастық күнбе-күн.
Қариялар! Қанекеңді көргендер!
Қандай жақсы аман-есен жүргенің!

20.10.2002

КЕЗІ КЕЛДІ...

Кей қаланың аты әншіл үн берді,
Ақмоламыз Астана боп үлгерді.
Кей қалалар атын жиі өзгертіп,
Әр заманға сай боларлық күн көрді.

Ескі Ермак Ақсу болып оңалды,
Ата жұртым нұры жанған өң алды.
Шетте жүріп елге жеткен секілді,
Тараздарым өз атына оралды.

Ал Павлодар мызғымай тұр шертиіп,
Сыйлық емес, «дар» дегені шер-күйік.
Ақ патшаның бекінісі емес пе,
Намыс қозғап тұрған өңсіз мелшиіп.

Сан ойланып,
Сана мұңын кешесің,
Өтпеді ғой ұлыққа айтқан неше сын.
Петропавловск дегенді ерсі көремін,
Басып жүріп Қызылжардың көшесін.

Тағдыр осы өңменіңе жететін,
Сақтанбасаң мәңгүрт етіп кететін.
Салт-санама сыйыспайтын аттар бар,
Кезі келді бір жаңартып өтетін.

2002.
Алматы

ОҚЫС ҚАЙҒЫ

Ғазиз Батырбековке

Жазамын-ау тағы да мен мұңлы өлең,
Қаныш аға, кетті асыл немерең.
Ұлы өтті... Ғазиз атты өмірден,
Оразайға опат берді сұр белең.

Шәмшия өтті... Арттағыны жебеген,
Райхан кетті... Алтын қызы көбеген.
Аз уақытта Қаратаудай қаптаған,
Азаматқа ауыртпалық не деген?!.

Алатауға қар жауғанда көктемде,
Көкірегін ызғар қаулап кеткен бе?
Аң-таң болдық жайдың оғы тигендей,
Қауырт қаза оқыс, үстірт жеткенде.

Беу, Ореке! Селк етті бар маңайың,
Бір мен емес қайысты дос, ағайын.
Шаңырағыңа дәлдеп тисе үш соққы,
Шайқалмасын аруақты алтын сарайың.

Осал емес, өлім сыры терең ғой,
Дел-сал болып мен де үнсіз терем ой.
Қуалай соққан үш дауылды көтердің,
Енді тоқтар деп күш-қуат берем ғой.

Ұзатпаймын жан толқытар жырымды,
Жазғандарым жетер еді-ау бұрынғы.
Мың бір дастан емдей алмас дәл бүгін,
Жүрегіңді жүзге тілген мұңыңды.

Өзендер де мұзын бұзып дүрлікті,
Бүршік жарған талшыбыққа тіл бітті.
Бар жоқтауын айтып жатыр тіршілік,
Бол, Ореке, сынып кетпес шын мықты.

Шағын сөзге бар айтарым сыймады,
Осы болсын тағдыр құрық жиғаны.
Топырағы торқа болсын Ғазиздің,
Серік болсын деп тілейік иманы.

23.04.2003.
Алматы

ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ КӨКІРЕКТЕ ТҰТАНДЫ

Мұхит аға дейтін бізді «батырым»,
Директор ғой шығарса да батыл үн.
Көрші болып тап қасына барғанда,
Ерулік беріп, көрсетті зор шатырын.

«Әй, батырлар, бердіңдер ме ерулік?» –
Деп сұрады көршілерден керім нық.
Дастарқандас үндемеді жігіттер,
«Жоқ» деген сөз әкелердей өлім тік.

«Хаке, – деді, – директорлық жарлығым!
Жас та болсаң үлкен жолың бар бүгін.
Келіндерден үлкен кешірім сұраймын,
Боқта, – деді, – жігіттердің барлығын.

Жасқанушы болма, – деді, – тақсырым,
Өкпелеу де осындайда жақсы ырым.
Өзім бар ғой түк қалдырмай сыбаймын,
Бұзғандарды ата-баба дәстүрін».

Мейірім толы шықты сонда үні ынтық,
Көршілер де деп жатты ғой «дұрыстық».
Үлкен аға ойнап қана айтса да,
Түбі терең ата салтын ұғыстық.

Мырза халық негізінде кеншілер,
Табысы мол мықтылар ғой кең жүрер.
Содан кейін алма-кезек шақырды,
Сыйлас, сырлас маңайдағы көршілер.

Ұлтжандылық көкіректе тұтанды,
Өріс тапты Құдай берер құт алды.
Осы күнде қосылғанда басымыз,
Еске алып отырмыз Мұханды.

2004

ҰЛЫТАУ ҰЛАНДАРЫ ҰЛАҒАТТЫ

Серік Тілеубаевқа

Ұлытау, атың дархан шын киелі,
Ай құшып, маңдайыңнан күн сүйеді.
Сандыбай, Кәдір, Шегір, Бабырлардай,
Ұлдарың ұлағатты мың жүйелі.

Өзіңдей асқақтатқан армандарын,
Қос арыс – Мұқан, Баубек тарландарың.

Ардақты Тайжан, Болман, Иманжандар,
Толағай толғап өткен өңкей дарын.

Кеңгірдің кен кернеген жағасында,
Кең өстім кенші достар арасында.
Қаныштың көш бастаған ізі жатыр,
Сарыарқа қойнауы ырыс даласында.

Өмірхан, Мұхит, Ғазиз қандай еді,
Далабай, Темеш төрде маңдай еді.
Жолдасбек, Әшірбек, Садық, Қайырбектер,
Сәтбаев сәтті жолын жалғап еді.

Ұмытпан құрдасымды Камал атты,
Қазасы Ошақбайдың маған батты.
Әбікен, Түсіпбек, Жәңгір арасында
Болмадық ел мен жерге жаманатты.

Самғатқан қия белге көрікті елім,
Достармен қанатымды беріктедің.
Тірлікте бауыр-туыс болып кетті
Оразай, Төрегелді, Серіктерім.

Осылар елдің отты жасындары,
Ұлытау, сен баулыған асыл бәрі.
Өзіңді сағынғанда ескі әкімің
Серікке қарай берем қасымдағы.

Бауырыңнан Астанаға келген бері,
Қайыржан, Әшірбектің Ерендері.
Тағы да Ошақбайдың Серігі бар,
Бәрі де Жезқазғанның бергендері.

Мұхамбет Көпей інім, ол да осында,
Көшем деп Жәлел досым жол тосуда.
Кейде біз Астананы жаңғыртамыз,
Абылай хан отырғандай ордасында.

26.10.2007.
Астана

ҚАНЫШТЫҢ НЕМЕРЕСІ

Нұрлан Жармағамбетовке

Астанаға асаудай қырдан жеткен,
Қыран қанат қызықсың, Нұрлан, неткен?!
Бұйра шашың ұқсайды Қанекеме,
Мінезің пәк
Данышпан сыйлап кеткен.

Атаңа ұқсап талантты жаралыпсың,
Әкеңнен де шын қызу қан алыпсың.
Ақ сүтімен анаңның қаламгер боп,
Баянауыл дем берген далалықсың.

Оң жағың да,
Жұлдызды сол жағың да,
Жүйрік қалам келесің толғағында.
Бір басыңа, шіркін-ай, жетер еді-ау,
Қайнекейдің баласы болғаның да.

Қайтем бүгін өлеңді көп ұзартып,
Сенімім сол – келеді сөзің шалқып.
Әкең, атаң асылдар...
Оған қоса,
Ханисадан туғанның өзі бақыт.

Үйрегі көп айдынға қаз қонғандай,
Қыздары көп Қанекем мәз болғандай.
«Жиен» демей,
«Немере» атап кетті,
Масайрады, шалқыды аз толғанбай.

Бақытың сол – дананы қуантқаның,
Бүгін аңыз шыр еткен шуақ таңың.
«Бүркітбайға» Қанекем салған екен,
Қоңыр дауыс жаңғырып құзарттағы үн.

Келді бүгін бәрін де наз етер күн,
Алғырлығы бойында қалды әкеңнің.
Батаның да үлкенін паш етейін,
Қолдай берсін аруағы Қанекемнің!

Құтты болсын елуге келген күнің,
Атағың бар,
Ол-дағы жеңгендігің.
Талабыңа нұр жаусын, бақытты бол,
Кел, бетіңнен сүйейін елден бұрын.

5.03.1998.
Алматы

ҚАНЫШ АҒА ҚАСЫНА ЕРІП ЖҮРГЕНДЕР

Қызығушы ем Нұрғазы мен Таңатқа,
Ілікті деп ұлы төрде санатқа.
Қос қаршыға құлшынды, тез жетілді,
Қаныш аға салса қыран қанатқа.

Той төресі емес пе, қос серідей
Олар жүрді пар жеккен қос телідей.
Тап қасынан Қанекеңнің қалмайтын,
Арыстанға серіктес қос бөрідей.

Алып шыңның бауырында қос жотадай,
Сыр ашатын тас қойнаудан не талай.
Қанышқа еріп Жезқазғанға келетін,
Құба нардың қасында қос ботадай.

Тау беткейде сай-салаға із еккен,
Ата мирас жер байлығын күзеткен.
Кенші көзбен мен қараушы ем оларға,
Данышпанның шәкіртіндей ізетпен.

Тыңдай бердім кенге ғашық үндерін,
Жырға орадым жаным құштар тың жерін.

Мақтан еттім достарымның тетелес,
Қанышпенен бір айқаста жүргенін.

Еру бақыт – жастық шақта асылға,
Көп зерттеді Жезқазған кен тасын да.
Барлаушылық балғалары құтты екен,
Таңба салған біздің шеккен ғасырға.

Талай әсем түсініктер құрамын,
Бұра баспас ақиқат бар құралым.
Сәтбаевтың сара жолын сөз етсек,
Ұмытылмас Едресов пен Нұралин.

1992

ЖҰЛДЫЗДАРДЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ

Шапық Шөкинге

Шапық аға, құтты болсын жұлдызың,
Ашықтанды артта қалған нұрлы ізің.
Қырсығы көп
Қияңқы күн өзгерді,
Бірдей жайнап түндерің мен күндізің.

Кеше саған
Батса заман тақымы,
Бүгін кірді егемен ел ақылы.
Талай жылдар көк аспаннан телмірген,
Тапты жұлдыз шын иесін ақыры.

Дүр сілкінді асау Ертіс, Баяның,
Бабын тапты ізет етер баяғың.
Күзеп жүрген жал-құйрығын атақтың,
Түзеп берді тағдыр ақыр аяғын.

Сенім артты, ақиқаттың сезді үні,
Ғұмырыңның туды сәтті өз күні.

Кешкен тірлік төрт мезгілін атап ең,
Ашты есігін дәл бесінші мезгілі.

Нар тұлғаңмен кеңдеу жайдың құлашты,
Сексен бесің жиырма беспен ұласты.
«Тарлан» атты жүлде алған соң атағың,
Жаңа белес, жаңа биік қыр асты.

Жанса алтын кеудесінде талайдың,
Сәт тілейміз
Такса оны қалай кім.
Шапық аға, төсіңізде жұлдызды
Жұлдыздардың жұлдызына балаймын!

1996

ЕСТІ АДАМ

Жүрімбек Сыдықовқа

Таскын жылдар тынымсыз ағып жатыр,
Ел өтпелі тар кезең ағында тұр.
Есер жандар жанталас абыр-сабыр,
Ал естілер сабырлы бабында тұр.

Бұзбай ағар арнасын сабырлы өзен,
Сондай аға қасымда барын сезем.
Жүрімбектей ғалымнан байқатады,
Есті адамның келбетін сағым-кезең.

Пәк мінезін отырсам жыр еткелі,
Сескентпейді өмірдің мың өткелі.
Күлім қағып тұрады нұрлы жүзі,
Қаныш аға секілді суреттегі.

Су тетігін білетін мығым дарын,
Паш етіп жүр Қаныштан ұғынғанын.
Көп айтады дананың шапағатын,
Аңыз етіп ағаның сырын қалың.

Барса бір сәт пәтерге қажеттіктен,
Пәс сөйлепті жас шәкірт медет күткен.
Сонда айтыпты Қанекең: «Ширақтау бол,
Өжеттікке жүгінер мәуріт біткен.

Сауалың жөн әкелген арыз қылып,
Ұялшақтық жіберер сағыз қылып.
Қызға қолды салған соң бетінен сүй,
Оның-дағы тұрмай ма жаны үздігіп».

Сол ғибрат жұғыпты байқауымда,
Іске батыл жүрсе де қай қауымда.
Дәл басады дәйекті дәлелімен,
Күліп қана көрдім бас шайқауын да.

Құптай қалса жөн істі мақұл көріп,
Жөптеседі дәнекер татым беріп.
Арал үшін айқаста қосылып ек,
Білек емес, бірлескен ақыл жеңіп.

Кім тыңдайды болмысты айтсақ жалған,
Жақсылықты жақсыға жалғатты арман.
Кейбіреу жүр есейсем ес жиям деп,
Жүкең мықты бар есін сақтап қалған.

1998

СӘТБАЕВТЫҢ САРБАЗЫ

Төреқасым Тәненовке

Кен дегенің – кеншілердің егісі,
Ол – ең үлкен,
Ең ардақты ел ісі.
Барлаушылар Қаныш аға бастаған,
Аз болған жоқ Жезқазғанда жеңісі.

Сендер алда жүріп келдің қашан да,
Жол сілтестік
Керуен алға басарда.
Қаныш аға күлім қағып дем берді,
Тау мен тасқа құдандалық жасарда.

Барлаушылар бұрғы салса тереңге,
Құдық қазған ұқсар сиқыр тебенге.
Жезқазғанға алғаш өзің келгенде,
Үміт күтті дос-жарандар сенен де.

Сол сенімді сан еселеп ақтадың,
Жасай білдің
Тер аямай жақсы адым.
Құтты сапар ең сәттісі сол шығар,
Гүлбарамға үйленуден бастадың.

Забойларда, штректерде қалды ізің,
Жарқыраттың
Тас қымбатын алқызыл.
Акылыңның көп екенін көрсеттің,
Жан жар етіп бір бастықтың балдызын.

Бәйбіше боп
Таңғажайып қыз енді,
Қамыт кидің, жал-құйрығың күзелді.
Күміс пен жез секілденген қос ұлың
Отау құрып көшің бүгін түзелді.

Қос немерең, қос келінің, қос ұлың,
Емес шығар бұл жалғанда бос ырым.
Ата болдың,
Шаңырағың шалқыды,
Бағы жанды барлаушылар қосының.

Өріс тапты Сәтбаевтың мектебі,
Қалған жоқсың алғы топтан шеткері.
Тұңғыш қазақ
Бас барлаушы сен болдың,
Қаныш аға Алматыға кеткелі.

Маңғаз жігіт, ашық мінез, кең келдің,
Ауыр күнде ауыр жүкті меңгердің.
Штифанов, Есеновтер жалғаған,
Қаныш аға зор арманын сен көрдің.

Бұдан артық барлаушыға бақыт жоқ,
Ірі маман
Кеттің іске жатық боп.
Еңбегіңнің ақталғаны – игілік,
Тұғыр таптың қара терге батып көп.

Барлаушылар аз болғаннан тынысы,
Тез молайды мысты өлкенің ырысы.
Құтты болсын,
Төрекасым, алпыс жас!
Қаныш аға соңында нар інісі.

Сияқтанған кенді таулар, жоталар,
Тілегім көп құттықтауға қоса алар.
Бір жігітке
Бір Гүлбарам жетеді,
Жүзге де жет, қосағыңмен қоса ағар!

Сәтті болды жасыңда өткен жолдарың,
Сарқылмасын қуат, жігер, мол дарын.
Атамекен Ұлытаудың батасы –
Қаныш аға бас сарбазы болғаның.

3.06.2000.
Жезқазған

ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚ КЕНШІЛЕРДІҢ АҒАСЫ

Далабай Ешпановқа

Бұл жалғанға кімдер келіп кетпеген,
Мықтылар бар мығым іске беттеген.
Соның бірі, өтті өмірден Далабай,
Құзар қайда ол қарыштап жетпеген?!

Таң қалдырса кенші ғұмыр – құтты ісі,
Ел сыйлады, дәл осы деп нық кісі.
Өтті өмірден ағалардың асылы,
Өтті өмірден достарымның мықтысы.

Тыншымаспын келгенінше ақыр күн,
Жеткені сол өмір сүйгіш ақылдың.
Далабайдай дара туған дауылпаз,
Кеншілердің ғұмырын жазып жатырмын.

Өкіндірсе мәңгі ұйқыға батқаны,
Оны ұмытпас Сарыарқаның ақ таңы.
Сүйсіндірді көзі көрген ел-жұртты,
Кең төсіне алтын лавр таққаны.

Ұлытаудың болды іргек қыраны,
Ақшатаудың түп негізін құрады.
Мыс балқытқан Балқашты да басқарып,
Мәңгілікке аяқ басты тұрағы.

Айтылмаған әлі айқын бағасы,
Қыр мен Сырдың сол ғой дархан дарасы.
Евней, Темеш, Шахмарданның досы еді,
Жезқазғандық кеншілердің ағасы.

Кенші-ғалым талай қырын өлшетті,
Сәтбаевқа шәкірттігін көрсетті.
Омаровпен қатар самғап Ешпанов,
Екі тарлан жез қоймасын теңселтті.

Қош бол, Дәке! Ұмытылмас атың зор,
Таңданушы ем талабыңа татым мол.
Кісіліктің үлгісіндей жан едің,
Біз бақұлмыз, асыл аға, бақұл бол.

14.10.2004.
Алматы

ҚАНЫШ АҒА СЕНІМІ

Еділ Ерғожинге

Ұлы адаммен студент жүздескені,
Ұмыттырмас төгілтті сыр дестені.
Ерғожинмен төртінші курстағы,
Қаныш аға таңдантты тілдескені.

Жалын атқан стипендиат алғыр еді,
Химияшыл туыпты жан-үрегі.
Қаршадайдан шабысқа қызып кетті,
Намысы бар ауылдың сал күреңі.

Кафедраға бір күні Қаныш келді,
Химияға Президент мәніс берді.
Көре-көре қанықты
Көп құтыда
Ерітіндімен жасалар әдістерді.

Кең сөйлесіп, Қанекең үні шуақ,
Әр сүзілме танысса сырын сұрап,
Шымқай еврей...
Бір орыс емге де жоқ,
Көз қуантты қара көз жылы ұшырап.

Иерусалимге адасқан жалғыз қазақ,
Жарқ еткендей құбылыс нағыз ғажап.
Ғылым жайлы әңгіме толастаса,
Көңіл бөлді іниге маңыз жасап.

– Есімің кім, батырым? – деді дана,
– Еділ, – деді ақсары алғыр бала.
– Талабыңа нұр жаусын, табанды бол,
Ғылым сізбен достасар сонда ғана.

Ілеккенше гауһар тас тереңдегі,
Тер аямас салтыңа сенем, – деді. –

Еврейлерді ерітсең химияңмен,
Орыс-казақ озбайды сенен, – деді.

2000

ҚАНЫШТЫҢ ТӨЛ ШӘКІРТІ

Таңат Едресовке

Шын сыйластық аялаған зердесін,
Құрдас едік,
Жасырайын мен несін?..
Қызға талас жасамадық өмірде,
Ол алды ғой жастай құмар жерлесін.

Мінезі гүл – жібітердей тасты да,
Құрық салды-ау тағдыр заты жақсыға.
Арамыздан
Аңдаусызда әкетті,
Тірек етер жаным досқа тапшыда.

Инабатты иманы мол жүзінің,
Адал еді әр қадамы ізінің.
Көзі тұнық, сөзі сынық жан еді,
Жасамаған жамандықтың үзімін.

Сұңғақты еді – қарағайдай шыңдағы,
Сымбатты еді – әсемдіктің құрбаны.
Лұғатты еді – періштедей тап-таза,
Қымбатты еді – күле қарап тұрғаны.

Жігіт еді – сүймейтін бос ұранды,
Қаныш жолы – болды арманы сыралғы.
Жез теңізін толқытқанда ұмытпас,
Жезқазғанның қасындағы «Жыланды».

Барлаушыға елім берген бағаның,
Қасиет тұтып ең зорына баладым.

Бұл Таңатты кім десеңдер, ағайын,
Төл шәкірті болды Қаныш ағаның.

14.04.1997

ҚАЙЫРБЕК ШӘКІРОВКЕ

Суық хабар әкелген сөз анық боп,
Таңдануым орасан.
Терезесі түнеріп тұр, жарық жоқ,
Дос үйіне қарасам.

Көзімнен жас, маңдайымнан тер шығып,
Үнсіз ғана мұңайдым.
Жайсаң еді, қуаты мол ер жігіт...
«Бұл қалай?» – деп сұраймын.

Таң сібірлеп жарық шашты нұр самал,
Кім көңілді көтермек?
Таптым мен де ел ұмытпас бір амал,
Жыр-ескерткіш көтермек.

Маңғаз еді, жүзі жылы, ақ маңдай,
Мінезі де ақ еді.
Бір көргенде мәңгі есіңе сақтардай,
Ол – бәйтерек мәуелі.

Ән салатын, домбыраға жақсы еді,
Табар ішкі тағатын.
Кеншілікке кемел туған бапты еді,
Білер сәтті сағатын.

Алғыр еді қызу істе қайнаған,
Доска – достық тіледі.
Ұлытау мен Жезқазғанды жайлаған,
Ол – Есілдің ұлы еді.

2003

АСЫЛ ТҰЛҒА, БАҚҰЛ БОЛ

Өмірзақ Сұлтанғазиннің рухына

Өтті өмірден қазақтың бір арысы,
Ғұлама ғалым елге айғақ әр ісі.
Тына қалды-ау,
Сол мезетте дүлдүлдің,
Ғарыштану мәресінде жарысы.

Асылды алу – сұм ажалдың соқпағы,
Айту қиын... үлкен жүрек тоқтады.
Қарт Алатау ақша бұлты толқыды,
Ардақты ұлын Тобыл сыңсып жоқтады.

Ұлттық тұлға әлем білген көшелі,
Ол бар жерде ұтты елдің есебі.
Бәйге өрінде Құлагердей мерт болды,
Ғарышкерлер көңілі жайлау көсемі.

Үлгі еді ғой, Өмірзақ, сенің атың сол,
Салып өттің сөнбес жұлдыз, жарқын жол.
Қаныш аға нық қазығы деп сүйдік,
Елің бақұл, асыл перзент, бақұл бол.

27.05.2005.
Астана

СӘТБАЕВ ДҮЛДҮЛІ

Қандай жақсы кездескенім асылмен?!
Мен ол кезде кеншілік жол басында ем.
Жетпіс жасқа келіп қалды сол Медеу,
Жаны жалғас Қаныш шеккен ғасырмен.

Сұлу қыздай фантазияға қызығып,
Қол салғанда беттен сүйді қыз ұғып.

Бірақ, жеңді...
Қаныш жолы – дана жол,
Қуат берді бір қиялға жүз үміт.

Қанышқа арнап, албырт күннен өр күшін,
Ол жасаса мәңгіліктің белгісін,
Ұлытау, Кеңгір түлегі ме деп қалам,
Кейде ұмытып Семейі мен Ертісін.

Жасыбайдан сәлем айтқан ең керім,
Көрдім Ақбет, Теңдік таулы белдерін.
Баянаула ұланы ма деп қалам,
Ұмытқандай Абай, Мұхтар елдерін.

Жан жүрегім шын тебіренсе толған сыр,
Терең жерін ойдың, Медеу, оңдап біл:
Әлемге әйгі зор қаламгер болғаның –
Абай ата аруағы қолдап тұр!

Қаныш десек – келеді еске Жезқазған,
Асыл достар тау қопарып, кен қазған.
Қаныш десе – Медеу, жайнап тұрасың,
Мыс тауы боп көп кітаптар сен жазған.

Өз ұлындай Қаныш аға қасында,
Нық тұрасың Ұлытау қия тасында...
Сен қаласың тарихында қазақтың,
«Қаныштану» қайсар көші басында.

Жемісің мол – аз болғаны тынысың,
Көңіл көншір туды жаңа ұлы ісің:
Евней Букетов әз бейнесін паш еттің,
Қанышқа ерген таңдап шәкірт ірісін.

Ол да ғажап,
Маған көптен таныс сыр,
Евнеймен туған жерде табыстым.
Әділ айтсақ:

Бұл кітап та құбылыс,
Жалғастырған ұлы өмірін Қаныштың.

Мен – кенші-ақын, Қаныш ізін дәл бастым,
Арманы еді-ау ол саналы бар жастың.
Сен металлург-жазушы боп тік самғап,
Даналармен мәңгі-бақи жалғастың.

Жібекке іңкәр Төлегендей жасыңда,
Ғашық болдың көз тоймайтын асылға.
Әттең, шіркін, қол тимеді шалқуға,
Кларадан басқа сұлу қасында.

Кең маңдайың тартқан дана Мұхтарға,
Кең құлашың талмай даңқың шықты алға.
Тегің жақсы, елің жақсы тарлансың,
Арпалыста қалып қоймас ықтарда.

Сен сыйлысың Астаналы Есілге,
Қалдың берік Ұлытау, Көкше есінде.
Жанып тұрған Үркер жұлдыз бірісің,
Қазақта бар дүлдүлдердің көшінде.

Естеліктің дер мезеті келді шын,
Сарқылмасын намыс керген ер күшің.
Клараңмен құшақтасып жүзден ас,
Құтты болсын, Медеу досым, жетпісің!

15.04.2006.
Семей

ДАНАЛЫҚҚА ТАҒЗЫМ

Төрінде Сарыарқаның Қарағанды,
Жұлдызың баяғыдан дара жанды.
Қаласың Қаныш аға нұрыңды ашқан,
Сол еңбек бүгін сәтті бағаланды.

Жерің бай, сарқылмайтын қазынасың,
Елге құт көмір, темір – барың асыл.
Сәтбаев томағаңды шешіп берсе,
Сақ қыран шын самғарлық бабыңдасың.

Көшеңде жаңа ескерткіш жарқырады,
Көркіңе дана бейне сән құрады.
Талай жыл бабын таппай кенші қолың,
Құлағын домбыраның дәл бұрады.

Бой тастап даналық пен кемеңгерлік,
Бұлқынды ескерткіштен ерен ерлік.
Осылай ұлыларын ұран етті,
Көтерген ел еңсесін егемендік.

Данаға даңғыл болған жаралыстан,
Еренсің беу, Орталық Қазақстан!
«Сәтбаев» деген жұлдыз күлім қағып,
Күн туды кең аспаннан қарап ұшқан.

Дәл бүгін ақиқатпен табысты аңыз,
Бәріміз сол жұлдызбен ағыстамыз.
Мәңгілік ізі сөнбес жол салынды:
Жезқазған – Қарағанды – Қаныш – Ғарыш.

Аязда ақ борандай жарып желді,
Жан құсын құйқылжытты тұғыр-белгі.
Барлап тұр Қаныш аға бізбен бірге,
Бір күнде өзі басқан жұмыр жерді.

Жыл жетті қуанышта көз ілер көп,
Күн өтті өкінішпен күрсінер көп.
Ескерткіш құтты болсын, Қарағанды,
Данаға тағзым еттік бүкіл ел боп.

2005

ҚАЗАҚТЫҢ АСЫЛ ҰЛЫ

Әбілқас аға рухына

Қазақтың көзін жұмды асыл ұлы,
Жадында жатқан тұнып ғасыр мұңы,
Ұлы ұстаз, заңғар ғалым жүзі сөніп,
Жасыбай толқынындай басылды үні.

Көргенде елдің екі дүр асылын,
Күн қайда қызығып көз бұратұғын?
Эльбрус егіз шыңы сияқтанып,
Әбілқас, Евней бірге тұратұғын.

Қос шыңға қарай-қарай жүрдік шолып,
Екі көз қуанатын күндіз көріп.
Енді олар мәңгіліктен тұрақ тапты,
Аспанда сөнбес екі жұлдыз болып.

Тұрмайды-ау сайын дала сағымданбай,
Тынбайды-ау ажал қолда барыңды алмай.
Аттанды Әбілқас аға бақи жаққа,
Тимур мен жеңешемді сағынғандай.

Байқашы, сыңсып жатқан Нұра қандай?
Сұм тағдыр қатты соқты-ау, сынағандай.
Жүз жасқа жеңгем болса жетер еді-ау,
Ол кетті жалғыздыққа шыдай алмай.

Өкініш батып кетпей толғағына,
Қараймын, аға, артта орманыңа.
Көз сүртіп шәкірттерің толғанып тұр,
Тәубе деп тоқсан бірге толғаныңа.

Жан аға, бірі едің ең іріміздің,
Бақұлдық – бар тілегі тіріміздің.
Жырға орап әз бейненді ұмыттырмас,
Ізіңді суыттырмас іниізбін.

29.09.2006.
Қарағанды



Екінші бөлім

поэмалар, реквиемдер, толғаулар

ДАНАНЫҢ СӘТТІ САПАРЫ

Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдығына

Бастау

Қызықпас кім бар сұңқарға,
Таңырқап, аңсап алыстан.
Дәл сондай жаның іңкәрға,
Бақыт қой бір сәт табысқан.
Ауылдан алыс шеттедім,
Қатайды қанат намыстан.
Кеншілік жолға беттедім,
Алуға ғибрат Қаныштан.

Жетіппін сұлу Көкшеден,
Жезді өлке төсіне.
Асыл тас, сені көксеген,
Асау шақ келді есіме.
Көп еді адал достарым,
Тар жерде бірге кен қазған.
Белгілі білек қосқаным,
Көтерсе күмбез Жезқазған.

Асылдан сынық қалдық боп,
Сырына берік қанықсам,
Мінезден артық байлық жоқ,
Ұққаным сол Қаныштан.
Мақсатқа берік хас мерген,
Сындарлы жерде қарысқан.
Даңқына салты сай келген,
Мен көрген осы данышпан.

Мейірбан, жылы жанары,
Жарқ етіп сәуле шашқанда,
Жан түгіл айла, саналы,
Тіл шығар мылқау тастан да.

Нән бәйтерек – сезгенім,
Нар тұлға, шымыр, қапсағай.
Үстінен қарап өзгенің,
Биікте тұрған патшадай.

Заманның алғы шебінде,
Айқаста жүрсе арыстан.
Жұлдыз боп жанған көгімде,
Бейнесін байқа ғарыштан.
Ғұмырын талдап берместей,
Бір сапар сәті алғаным.
Жазбауға шамам келместей,
Лүпілін жүрек арнадым.

Қарсы алу

Әр ісі сабақ дананың,
Жүре алмас елге септеспей.
Жайнады көркі даланың,
Төсінен көктем кетпестей.

Жадырап күн де тамсанды,
Ғажабы туды ғажаптың.
Жезқазған бүгін қарсы алды,
Ғалымдар көшін қазақтың.

Сәтбаев жетті өз елі,
Орнатқан өзі қалаға.
Құрылтай құрмақ межелі,
Өткен соң көп жыл арада.

Топ жарып дара келеді,
Тіл жетпес көркін айтуға.
Батырдай биік денелі,
Сарбаздай ширақ, нар тұлға.

Кең маңдай – ақыл алаңы,
Бұйра шаш жатыр бұрқырап.

Жарқ етті толқып жанары,
Жүзінен төкті нұр шуақ.

Абайдан кейін халқыма,
Мұхтарым келген секілді,
Шоқанның ойшыл салтына,
Сән қосты Қаныш не түрлі.

Атағы айғақ әлемге,
Ақиық шыққан сілкініп.
Оранды ыстық сәлемге,
Шырайы шалқып, шын күліп.

Ақылмен қамал алардай,
Көрнекті, мығым көштері.
Астанада омалмай,
Мәжіліс ашпақ көшпелі.

Көрнекті топқа қараңыз:
Тарландар талмай топ жарған.
Ішінде Шапық ағамыз,
Жүйріктей жақсы бапталған.

Ғалымдар оң мен солында,
Зерделі қауым құрапты.
Бас маршалдың соңында,
Көп генерал сияқты.

Химик те бар ардақты,
Физик, биолог ел білер.
Металлург, кенші жан-жақты,
Аз емес «дөкей» шенділер.

Бәрі де саңлақ білгірлер,
Қынаптан шыққан қылыштай.
Бәрі де ерен дүлдүлдер,
Қазаққа біткен ырыстай.

Жақыннан, шалғай алыстан,
Бас қоспақ шымқай дарындар.
Бірлесіп, ақыл табысқан,
Зерделі, зерлі ғалымдар.

Мейманым толар төрімде,
Шырайлы күнді хоштадым.
Мәскеуден келді менің де,
Қарт ұстаз, қимас достарым.

«Алақай! Әке, қараңыз!» –
Даладан шыркап келді әнін:
«Тазарды, – деп, – қаламыз», –
Бес жасар менің Ерланым.

Көркейді сансыз көше де,
Салтанат жасар күн туды.
«Баланың сөзі» десе де,
Жезқазған бүгін құлпырды.

Жиналды сансыз адамдар
Ұласты ұрпақ нар құзбен.
Ұшағы қонған алаңда,
Қарсы алды ел-жұрт дәм-тұзбен.

Домбыра қызды күмбірлеп,
Шашылды гүлдер жұпардай.
Бұраң бел шықты би билеп,
Ажары көзді жұтардай.

Ашылды аспан арайы,
Жердегі сыйлап серкесін.
Секілді Ғылым сарайы,
Сарыарқа жайды кең төсін.

Ұлытау күтті, баптанды,
Ежелден құтты қорған бел.
Кен артқан Жезді шаттанды,
Жеңіске желкен болған жер.

Сәтбаев үшін құлын-тай,
Алшақ та емес арасы.
Жезқазған – үлкен ұлындай,
Ал Жезді – кіші баласы.

Түрленіп шықты әріде,
Киелі дабыл мазалы.
Жез қайнар басты әніне,
Қарсақбай қара қазаны.

Қарсы алды Арқа желі де,
Кеншілік асыл атасын.
Ұлытауда жатқан Едіге,
Бергендей болды батасын.

Толқыған айдын жұлқынып,
Естілді Кеңгір тасқыны.
Қаныш тұр көңілі құлпырып,
Есіне түсіп жас күні.

Жезқазғанға қонғандай,
Ғарыштан ғылым ордасы.
Жиналған халық ормандай,
Ашылды сәтті жол басы.

Маралдай тоғай шетінен,
Көз салған қиыр ұзаққа,
Қатира сүйді бетінен,
Оранып үлкен құшаққа.

Өтсе де жылдар зымырап,
Бұзбапты сұлу тұлғасын.
Ажары тұрған тым ұнап,
Құдағи үшін бұл да сын.

Талай кен көзін табысқан,
Достары келді ағылып.
Төс басып, қол алысқан,
Қызық-ау мезет сағынып.

Көзінен көктем білінер,
Келіпті ескі достары.
«Жүргенге жөргем ілінер»,
Кезбелер қырда қостары.

Шарлаған жандар алысты,
Кен іздеп қиыр бел асып.
Құшақтап жатыр Қанышты,
Бірімен-бірі таласып.

Қарсы алды Гурба – директор,
Штифанов кезек қаламай.
Сол топқа бізден ілікті
Мұхит пен Ғазиз, Далабай.

Келгендей Қаныш жазды алып,
Шашылды дала жұпары.
Зоя апай күлді назданып,
Сыр бермей, үнсіз сыпайы.

Қасында тұрды өршіл ер,
Әбдірәсіл жездем жақындап.
Баяғы ескі көршілер,
Дәм-тұзға үйге шақырмақ.

Әбекем сәлем арнады,
Ежелгі ескі қалпымен.
Сәлемге сауал жалғады,
Қазақтың ата салтымен.

Не десек те ол сонда,
Өзінше қимас досы ғой.
Қай періште болсаң да
Сыйластық сыры осы ғой.

Аруақ жебеп пақырын,
Әбекем жеңді қиынды.
Сол үйдің дәмі ақыры,
Бір кеште көпке бұйырды.

Тас қопарып, кен қазған,
Қарсы алды аймақ арысын;
Қарсақбай, Жезді, Жезқазған,
Ұлытау көсем Қанышын.

Бәрімен еркін кеңеспек,
Қырандай дана түледі.
Өткен күн көзге елестеп,
Сағыныш кернеп жүр еді.

Ерекше жайнап тұрды алаң,
Шаттықты қай күш тежетсін?!
Ханнан да артық сыйлаған,
Халқыңа, шіркін, не жетсін?!

Ғылыми кеңес дабылы

Жарқырады кең залда,
Құтты күн жарқын шырағы.
Бастарлық біздің көшті алға,
Ғалымдар кеңес құрады.

Айтылды нұсқа, ақ ниет,
Жезқазған жаяр қанатын.
Үр жаңа алдық өсиет,
Жас ұрпақ тағат табатын.

Ашылды жолы арманның,
Аршындап алға бет түзер.
Жас едім, мен де таңдадым
Жобаны өрге жеткізер.

Осында Үлкен Жезқазған,
Тұсауы бүгін кесілді.
Ер кенші, жойқын кен қазған,
Сауалы талай шешілді.

Қанекең қозғап әріден,
Сөз бастады зор баппен.
Сырласты жұрттың бәрімен,
Жез қойма сырын толғап кең.

– Кез келді, – деп түйіндеп, –
Ғылыми болжам байланар.
Жезқазған зерлеп күйін көп,
Жорыққа келдік сайланар.

Көп жүрдік бұрын бәріміз,
Көз салып шыған алысқа.
Жеткенше қуат-әліміз,
Басайық елдік намысқа.

Жез теңіз дабыл жайды үні,
Сұратар бізге сүйінші:
Жезқазған асыл байлығы,
Әлемде болды бірінші.

Қияға сермеп молынан,
Ашылды қыран қанаты.
Кем түсті кен қорынан,
Әйгілі Чуки-Камато.

Бұл сайыс, айтсақ, мол дастан,
Дәлелдеп талай шекістік.
Құттықтаймын, жолдастар,
Бірінші осы жетістік!

Таба алмай қолдау сол жоба,
Бұл қазақ талай зар қақты.
Айтайық алғыс Сергоға,
Айбынды нарком ардақты.

Келген іс болса әліме,
Толықты жерден тосқаным.
Рақмет айтам бәріңе,
Барлаушы-кезбе достарым.

Жанымның бітпес сыры тау,
Сол үшін келдім өмірге.
Жезқазған, Жезді, Ұлытау,
Бас ием байтақ өңірге!

...Қол соқты зал дүркіреп,
Көп жылқы қырдан асқандай.
Бұлт аунап, күн күркіреп,
Найзағай жасын шашқандай.

Заңғайыр ғалым, зор кісі,
Құлшынды төрде күлімдеп.
Бұл да бір сәтті болды ісі,
Алғысы елге білінбек.

Маңдайы – жазық кең дала,
Көктемде жайлау қонғандай.
Жанары көпке зер сала,
Жарқ етті шаттық толғандай.

Бұйра шаш толқып шырмауық,
Жүзінен кетті нұр тарап.
Назары тұрды бізге ауып,
Төккендей сәуле күн қарап.

Осындай болсын сенгенің,
Лүпілін жүрек сезетін.
Шын бақыт көзбен көргенім,
Дананың сәтті мезетін.

Шырайы жылы нұрланып.
От тұрды асып-тасымай.
Ақ жүзінен бірауық,
Жарқ еткендей Жасыбай.

Сезімге беріп, сәл кезек,
Пенделік болса байқаған...
Әп-сәтте өзін шын тежеп,
Қалыпқа түсті қайтадан.

Гулеген көпті тоқтатты,
Тым-тырыс болды бәрі де.
Тез тыйып толқу мол сәтті,
Жалғады ойын әріге.

– Осындай болса зор байлық,
Игеру әлі шамалы.
Тың шешім Отан қолдарлық,
Толғантты бізді амалы.

Бір кезде елге естілді,
Қарсақбай жалғыз гудогі.
Өзгерді, тозды, ескірді,
Киелі шаңырақ нұрлы өңі.

Орнатсақ жаңа зауытты,
Фабрикалар тіркес тұр.
Таңдантар барша халықты,
Үні көп, үлкен оркестр.

Салынар ертең нар тұлға,
Дарабоз, зәулім шахталар.
Бөленіп таза ақ нұрға,
Заманға бойы шақ тұрар.

Көшелер қаулар көрікті,
Бау-бақша толы гүлденген.
Осыған жаным сеніпті,
Жезқазған жайнар гүлденген.

Тілекті жүрек бірлестір,
Әндетер қымбат тас-тағы.
Кең дала құрған оркестр,
Табылар барлық аспабы.

Ертістің суын соңыра,
Жезқазғанға тартамыз.
Толықсып, толқып мол мұра,
Кеңиді сонда арқамыз.

Ал, бүгін ойлан, кім қалай
Жезқазғанды асырар?
Бермейді басқа шу пайда,
Сырым жоқ көптен жасырар.

Аз екен бақсақ шамалап,
Электр күш пен қуаты.
Ошағын салу жаңалап,
Бүгінгі күннің мұраты.

Металлург достар сенетін
Байытушы мамандар.
Жезден де басқа беретін,
Көп металл алар амал бар.

Мыс емес жалғыз мұрасы,
Толық-ақ кен тас сабасы.
Жиырмаға жетті түрлі асыл,
Біз білген металл шамасы.

Күміс, мырыш, қорғасын –
Қазына мыстан кейінгі.
Орнатып зауыт болғасын,
Салармыз соған зейінді.

Байлығы ұшан кен-теңіз,
Қол жетпей жүрміз арманда.
Көрсетер бойын бұл кенші,
Рений, осмий алғанда.

Арайлы сөзді ұғындық,
Жүрекке үміт сепкендей.
Бізге де бітті мығымдық,
Жүрекке жалын жеткендей.

Жиырма шақты металдың
Үшеуін әрең игеру;
Байлықты шашып беталды
Ұят-ау кемшін күн көру...

Осылай сілтеп іріден,
Көп айтты бағыт, белесті.
Әр маман өзінің тілімен,
Дәлме-дәл жатық кеңесті.

Серпіліп қалдық қаншама,
Атадан бата алғандай.
Жеткенше қызар бар шама,
Тұлпарға қамшы салғандай.

Осыдан кейін тағы да,
Ағамыз кетті ағындап.
Келісті, кемел бабында,
Мәнерлеп, зілдеп, шағындап.

Тербелді сарай кең залы,
Салғандай бізге заман жүк.
Қозғалды бүкіл ел қамы,
Бастықтар ғибрат аларлық.

Сөз болды күткен ертеңгі,
Аурухана, мектеппен.
Басқандай көк шөп өртеңді,
Көп екен дерек зерттеткен.

Салыстырды шет елмен,
Қазақтың барша тұрмысын.
Ақ қанат байлық әкелер,
Көргендей болдық жыл құсын.

– Талғажау етіп құр шайды, –
Деді ол, – көптеу «жұтыппыз».
Сүт, жұмыртқа, ет, майды,
Екі есе аздау тұтыппыз.

Азықтың әлі тапшысы,
Көрсетті қамқор келтесін...
Обкомның сонда хатшысы,
Қасыды жұмыр желкесін.

Қарады көзі тескендей,
Совнархоздағы «жуанға».
Мәртебеміз өскендей,
Дүр сілкіндік бұған да.

Содан соң кетті зор ғалым,
Кеншінің барлап тағдырын.
Сөзінде зерек мол дарын,
Ашқандай ақыл сандығын.

Деді ол:
– Кенші қолында,
Бұрғыны ертең тастаймыз.
Жаңаша жабдық жолында,
Зор өзгеріс бастаймыз...

Мәнерлеп берді суреттеп,
Болашақ забой өмірін.
Біз отырдық құрметтеп,
Асыл сөз, мырза көңілін.

Техника сырын мол ашты,
Забойда заулап жүретін.
Кеншіге жаңа жол ашты,
Кітаптан ғана білетін.

Осының көбін біз көрдік,
Аңыз демес бос қиял.
Жетекке жегіп үлгердік,
Көп құралды көз тұнар.

Айтқанын бүгін жұрт көрді,
Іске асты әрбір түйіні.
Жезқазған үшін құт берді,
Ғалымдар осы жиыны.

Барлаушылар айтысы

Келесі күні басталды,
Сан сала жеке талқысы.
Үлкендер бастап жастарды,
Әр топқа кетті бар кісі.

Электрик, сушы бір бөлек,
Кеншілер дербес орында.
Геолог достар жүр ерек,
Президенттің соңында.

Металлургтер әсем тобы да,
Бөлінді жеке химиктер.
Байытушылардың жолына,
Туды күн сыйлы гүл бітер.

Механиктер там-тұмы,
Толқыды шыңы өскендей.
Экономистер шалқыды,
Есепке дүние көшкендей.

Кеншілердің жиынын,
Тыңдадым сөзге жеткенше.
Аңғардым уақыт қиынын,
Барлаушыларға кеткенше.

Осындай айтыс басталар,
Жетесін айтар табыстың.
Көрмесе ақын аш қалар,
Келбетін дана Қаныштың.

Дүлдүлдің әрбір қимылын,
Жақыннан көру арманым.
Тәңірім берген сый бүгін,
Айтайын түгел ар жағын.

Самғауын көрші сұңқардың,
Даналық дарқан табысқан.

Шабысын байқа тұлпардың,
«Шаппай бер» келген жарыстан.

Ынта көп ойлы бітімде,
Құмардан көңілің шығардай.
Толқыған орман ішінде,
Отырды зәулім шынардай.

Бармайды қатаң ызғарға,
Жасқанып адам тұрардай.
Арасында көп қарға,
Отырды алғыр қырандай.

Көз алмай ұзақ қарадым,
Сыпайы өзін ұстайды.
Жоталы тауда дара шың,
Ұлытауға ұқсайды.

Мақтаныш қаулап көңілде,
Данышпан деуге таяндым.
Жасыбай жатыр өңінде,
Келбеті сұлу Баянның.

Заңғайыр құзар биікпен,
Таласты сырын ұқпастар.
Уланып іші күйіктен,
Қойнына тыққан зіл тас бар.

Ниеті дұрыс орыстың,
Ескі Одақ өңшең ірісі.
Жобасын барлап жөн істің,
Деп түйді: елдің ырысы.

Қойсаң да қанша тұмарлап,
Тумайды-ау ыза-кек тегін.
Поповтар жоққа шығармақ
Ғалымның үлкен мектебін.

Қырғыздай бауыр елімде,
Жүрсе де Попов алыста,
Тиісті тектен-тегінге,
Шәкірттері Қанышқа.

Бақастың сөзін шын көріп,
Іштері жасар таршылық.
Жезқазғанда «күн көріп»,
Өскендер де баршылық.

Игерген шала ғылымды,
Сөз қонбас «бүлік» бастар бар.
Орташа маман білімді,
Айғайға құмар жастар бар.

Уақыт та кең, жер де кең,
Таласы қызық күн кештік.
Өрелі тұлға кемде-кем,
Білемін бәрін, бірге өстік.

Жарысшыл жас пен кәрі де,
Жамырап дауға кірісті.
Бармаса да әріге,
Жасауға бөгет тырысты.

Жезқазған асыл кендері,
Қай тасқа қалай шөккенін,
Талқылап қызу терледі,
Мұқатпақ Қаныш мектебін.

Мен шахтада бастықпын,
Ішінде біздің «Гоша» бар.
Тасқыны ойнап жастықтың,
Тұщыға ащы қоса алар.

Шахтада «Гоша» барлаушы,
Көп ынта салып жетілді.
Шығатын шапшаң жан даусы,
Есенин Сергей секілді.

Бір кезде қызу, бірде мас,
Жан еді асқақ үміті.
Өткір көз, бойшаң, бұйра шаш,
Орыстың сылқым жігіті.

Жасқанды білем данадан,
Кеңеске Попов келмеді.
Қаладан емес, даладан,
«Гошалар» сойыл сермеді.

Младенцев «Гошамыз»,
«Бөпебаев» дейтінбіз.
Жігіт қой елге аты аңыз,
Кете алмас қиып көркін қыз.

Құлыншақтай бойы құр егес,
«Қой» десең кетер еліріп.
Зарлауық аса тың емес,
Сөйледі «жерді тебініп».

Поповты жөптеп жүретін,
Серіктес бірге «костары».
Табылды тағы бір-екі,
Сыбайлас, ымдас достары.

Дерек те жоқ, қалды уәж,
Бәрі де боска лепірді.
Президентке
Бүтінгі
«Альтернатива» секілді.

Түсініп отыр зал күтіп,
Тереңге батпас тебенді.
Қанекем отыр шалқытып,
Демоктратия дегенді.

Өткерген асау ғасырды,
Түскен ғой ұқсас мың дауға.

Жалықпай ақыл асырды,
Шыдады ұзақ тыңдауға.

Рухы мығым екен-ау,
Отырды мығым данышпан.
Желіктірмеді жеке дау,
Көрінген оттай алыстан.

Мінбеге шықты бір кезде,
Штифанов наркасқа.
«Гошаны» алды ол лезде,
Сылқитып соғар жамбасқа.

Күлімдеп жүзі жарқырап,
Қырандай шыққан шатқалдан;
Поповты терең талқылап,
Тебірентті жұртты Шахмардан.

Шындыққа салған сара жол,
Сол жолдан ғалым қайтпады.
– Сәтбаевтың, – деді ол, –
Тұп-тура келді айтқаны.

Сөйледі Ғариф ағамыз,
Шахтада ол бас барлаушы.
– Түспейді, – деді, – бағамыз, –
От салды, – деп, – аңдаушы.

Ұтымды сөзбен жігерлі
Өшірді аз-мұз еленді.
Мытып-мытып жіберді,
Наркелюн жолдас дегенді.

«Поповшыл дүрмек» деп жатыр,
Құлаштап соғып шоқпарын.
Ойнақы тілмен бал татыр,
«Гошаның» ұрды достарын.

Көгалды жайпап көктесін,
Қамысты көрдік ашқанын.
Шығарды жоққа бөспесін,
Даурықпа талай «қасқаның».

Сөз бастап Қаныш байыпты,
Ағылтты даусыз білгенін.
Ешкімге тақпай айыпты,
Бекітті жігін іргенің.

Түзеді үздік шабысын,
Жүйріктей тойлы алаңда.
Зерлетті берік бар ісін,
Отырған самсап адамға.

Әр сөзіне күш кіріп,
Ақылдың кені байқалды.
Жібергендей үшкіріп,
Есесін кеткен қайтарды:

– Айыра білмей айқындап,
«Бай» тастан кені жоқ тасты,
Тоқтады, – деді, – «қарқындап», –
Дәлсіз Попов шоқ басты.

– Сын артты, – деп, – алыстан,
Ашынып бекер саспаймын.
Шындықтан жұрдай қалысқан,
Ғалымды жөнге бастаймын.

Дау-дамай соңын тәмамдар,
Жеңіліс бар, жеңбек бар.
Жезқазған сырын дәлелдер,
Дәйекті тірі еңбек бар.

Құлшынтып бастап, бізді өрге,
Жүрекке шырақ тұтатты.
Жеткізген даңқын шың-төрге,
Көрсетті үлкен кітапты.

Ол кітап – Үлкен Жезқазған,
Белгілі тума әр тасы.
Жайылды залға жүлде алған,
Металлогения картасы.

Жағылды әлем танығаң,
Қаныштың шыңда шырағы.
Осылар бойға дарығаң,
Дананың тозбас құралы.

Ол кітап – барлық үндеске,
Ақ байрақ – асыл ұраным.
Беу, достым, бізбен тілдес те,
Ұғып ал кенші құранын.

Сол кітап берді айғақтап,
Ғылым мен істің бірлігін.
Қазақтың атын ардақтап,
Көтерді көкке түндігін.

Жезқазған мен сол карта,
Қаныштың алтын қазығы.
Біле де білсек, ол барша
Адамзаттың азығы.

Дерекке тұрар жүгініп,
Мінезін болдым байқаған.
Қағазға сәл-пәл үңіліп,
Қозғады сөзін қайтадан.

– Бәріңе зор тілегім,
Ұқтырсам от пен жасынды.
Орныкты бүгін жүрегім,
Ақиқат сыры ашылды.

Асыл жер берді мықты азық,
Біткені маған батылдық.
Жезқазғанда кен қазып,
Жүрудің өзі – батырлық.

Дәйексіз ғылым күйремек,
Ұзамас шаңы шарықтап.
Ондайлар бүгін сиремек,
Байыбын тапсақ анықтап.

«Ор қазба, қазсаң мол қазба»,
Деген бар қазақ мақалы.
Мол қазған тамұқ ор сазға,
Күнәһар достым батады.

Еңбегі нәрсіз – құр тұспал,
Жоқ етпек айдан анықты.
Болған ғой дауға тым құштар?
Бекерге жылдам барыпты.

Дәнекер жоқ қолында,
Тиісер бізге әріден.
Бір-екі жігіт соңында,
Шығыпты шатақ кәріден.

Өз сөзімді өзіме,
Көшіріп тура алыпты.
Сиқырлап жұрттың көзіне,
Қиқымдап әнтек таныпты.

– Байқаңыз, – деді күлместен, –
Еңбегім ашық ұрланды.
Көшіріп алса «баукеспең»,
Былғапты мына журналды.

Достым-ай, – деді, – жарадың,
Қымқырыпсың асықпай, –
Деді де ашып парағын,
Үйірді қолда асықтай.

– Поповтың, жетер осы да,
Тапқаны, – деді, – сорына.
Не дерсің бірге қосыла,
Соңына ерген тобына?!

Сөз бітті күткен алаңдап,
Дүшпаны құлап жатты орда.
Зор істі мығым тәмамдап,
Қанекең шықты қақ жолға.

Көз тікпе, достым, салқындау:
– Аса көп неге айттың? – деп.
Жезқазған қорын айқындау –
Ғалымдар үшін ақ міндет.

Құрылтайдың ең соңғы отырысы

Жүз жерден келген мың кісі,
Әр салада кездесті.
Болашақ күндер құнды ісі,
Жобасын жасап сөз кесті.

Әр салада бар жаңа,
Жезқазған үшін нөпір іс.
Сәттісін соның қарсы ала,
Бекітпек соңғы отырыс.

Сәтбаев көпке білдірді,
Алғысын, айтар тілегін.
Әзілмен кейде күлдірді,
Серпілтіп адам жүрегін.

Аңыздай асыл ойлатты,
Әр сөзден жайнап із қалған.
Суреттеп көзге орнатты,
Сымбатын Үлкен Жезқазған.

Болашақ жолын талдады,
Тәсіл көп бәрін нәштеуде.
Шын алғыс бізден арнады,
Алматы мен Мәскеуге.

Мұхиттай шалқар мол зерде,
Күн туды еркін құлшынар.
Бәрімізді сол жерде,
Тілегі етті тым құмар.

Ол да бір үлкен құрметі,
Жанары залды шарлады.
Дананың дара міндеті,
Қорытынды сөзді жалғады.

Барлаушы – кеннің анасы,
Барлаушы – кеннің атасы.
Бізге аян кенші бағасы,
Аз емес «әттең» қатасы.

Барлаушы деген – кеншінің,
Қолында компас – білгірі.
Кеншіге қажет, тек шыным,
Болмастай қазба ділгірі.

«Ірілік» құрмас атағым,
Шындықты керек ескеру.
Тимейді менің «шатағым»,
Мақсатым – «барды» тексеру.

Балталай берсең таусылар,
Қиырсыз қалың орман да.
Ысырапқа қандай жан шыдар,
Болмасақ қожа, қорған да?!

Шындықтың бетін ашқандай,
Күшейтті сөздің татымын.
Пернені дәлдеп басқандай,
Биікке кетті ақырын.

Ұмтылған бұлттай жасынға,
Найзағай отын лақтырып.
Желпінді сонда басында,
Шашы да қалған ақ кіріп.

Ашылды жазық қабағы,
Әжімдер өшті біртіндеп.
Есі бар кенші санады,
Жебеушім, осы пірім деп.

Үлкені сырдың білінбек,
Жетердей үні ұзаққа.
Данагөй ұқтық сырын көп,
Әр сөзі қонды құлаққа:

– Москва содыр жоспарлап,
Байлықты бейқам түгеспек.
Талаппен таза жол барлап,
Күш керек мығым күреспек.

«План-ай» әнін құрамай,
Бағытты жедел жөндейік.
Жел жоқта үнсіз құламай,
Шындыққа құлаш сермейік.

Бай кенді жылдам қылғытып,
Жайпағыш жоспар далбаса.
Тілек сол: жерде қыл түтік,
Түйір кен қақас қалмаса.

«Бай» кен де, «кедей» жай кен де,
Туған ел құты барлығы.
Көз салмасақ «аз», «кемге»,
Ол – өрістің тарлығы.

Кім түзер зымыран желісті,
Кең зерлеп, қолға алмасақ?
Не бітер байтақ кеңішті
Жалындай жұтып, жалмасақ?

Алтын, жез – елдің мұрасы,
Сыйлағыш ата салты бар.
Жасатпас бекер шығасы,
Көз тіккен қазақ халқы бар.

Ақиқат көкірек жарады,
Сұрауы бар тастың да.
Қисынсыз қалып барады,
Талай кен жердің астында.

Бір жоғалтсақ ол кенге,
Жақындау қайта – қиямет.
Не дейміз жас өркенге,
Қинайды сол бір қиял-өрт! –

Дегенде күйік басқандай,
Тыңдадым ауыр суретті.
Өзімді өзім басқармай,
Сескенген денем дір етті.

Шұқшиып сонда үңілді,
Банников ойнап сақ түсі.
Ішінен үнсіз түңілді,
Обкомның «тентек» хатшысы.

Сіз не дейсіз дегендей,
Байғалиевке қарады.
Рахым аға тежелмей,
Бәрін де дұрыс санады.

Партиямызға ол кезде,
Пенде едік берік бағынған.
Күмілжімей жөн сөзге,
Көшетін жанды сағынған.

Казсовнархозда төраға,
Ол кезде Рахым ағамыз.
Көп жылдар өтті-ау арада,
Айтарлық сыр көп, бәрі аңыз.

Ұнады бүкіл қауымға,
Қолдаған жері Қаныпты.
Ескермей хатшы дауды да,
Қорғады біздің намысты.

Саңқ етіп хатшы жалтыр бас:
– Байқайық, – деді, – жоспар бар.
Бола алмас оған әркім қас,
Бұзар деп жоспар тоспаңдар...

Қанекең сонда тіл қатты:
– Жоспарда да жоспар бар.
Шалағай ұғар бұл затты,
Мәскеулік пысық «достар» бар.

Таң атпай жатып күн батар
Секілді олар зорлайды.
Госпланды тыңдатар,
Партия шыңдық қорғайды.

Металға жоспар берілсін,
Көлемі кеннің біздің іс.
Қос көлік қатар жегілсін,
Дос санаймыз сізді біз, –

Дегенде күлді Банников,
Айнала қарап қарқылдап.
Бірге күлді әл бітіп,
Отырған үнсіз зал тыңдап.

«Пай-пай!» – дедім ішімнен,
Қанекең ақыл асырды.
Ғалымның күшін түсінген,
Шәлкестеу хатшы бас ұрды.

Естелік тозбай қалатын,
Сол кеңестің қаулысы.
Ақыл сол жауап табатын,
Қиырсыз істің даулысы.

Жезқазған өсер түрленіп,
Бағыт бар әрбір сөзінде.
Жарғыдай қолда күнделік,
Көріп ем көп жыл өзім де.

Сол қаулы болды бас құрал,
Жорыққа кеткен басталып.
Аяқты аңдап бастырар,
Қаланы жүрген басқарып.

Қайталап оқы, жас достар,
Шындықпен келсе табысқың.
«Көшпелі кеңес» жол бастар,
Қалды ізі өшпей Қаныштың.

Шығысқа да осындай,
Барғанын білем Батысқа.
Айқаста жүрді шошынбай,
Түссе де қанша тартысқа.

Бетпе-бет ұқты кездесіп,
Әз аға көптің тілегін.
Алсын деп байтақ ел несіп,
Үзімдеп берді жүрегін.

Сол үзімдер көрінер,
Кен тастай жайнап тауларда.
Сол үзімнен жеңілер,
Желігі жөнсіз жаулар да.

Жұрт қол соқты лепіртіп,
Шатырды нөсер соққандай.
Айтқанын ерман жетілтіп,
Сөйледі Қаныш тоқтамай:

– Жезқазған кенін қазайық,
«Кедейден», «байдан» бөлместен.
Осындай шешім алайық,
Зиялы қауым сөз кескен.

Жердің де бабын табыңдар,
Кен шашып, кім байыған?!
Барлаушы, кенші, ғалымдар,
Осыған жөн сайыған! –

Содан соң айтты мың алғыс,
Алқа топ, мейман – баршаға.
Тыңдаған құлақ – құн алғыш,
Қызыққа баттық қаншама.

Істелген іске біршама,
Есеп пен жауап берілді.
Жеңіске ортақ әр сала,
Ақылға азық терілді.

Әй, не керек, қарқындап,
Ғалымдар шындап серпілді.
Жезқазған жолын айқындап,
Жүйеге ортақ келтірді.

Жүз жерден келген мың адам,
Қалғаны үнсіз кемде-кем.
Ақылға зерек тың алаң,
Нәрлі сөз – бәрін зерлесең.

Бұл кеңес – зор жаңалық,
Бүгінгі, байқа, ғалымдар.
Қалада қалмай қадалып,
Данадан ғибрат алыңдар.

Шоқаннан шықса жол басы,
Данадан дәріс мол татты.
Қанекең
Ғылым ордасы –
Академия орнатты.

Мақсатын түпкі анықтай,
Көп шәкірт ертті соңына.
Бастады елді жалықпай,
Өндіріс – өркен жолына.

Ғалымдар оған – армия,
Энциклопедия – өзі де.

Тетігін тапты әр кия,
Жатталып қалды сөзі де.

Аз күнде қанша іс бітті,
Білгірлер бекем біріксе.
Біздерге үлкен күш бітті,
Құлшынып кірер тың іске.

«Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болды кез».
Дананы сонда көрді көз,
Айтқаны қымбат – алтын, жез.

«Жас баладай қуандық»,
Ақылдың дәмін татқанда.
Шешімін алдық тұмар ғып,
Азабы көп әр таңға.

Қанекең сырын айтуға,
Ақын боп біз де жарасақ:
Ол – мінезге бай тұлға,
Нар бойы толған парасат.

Құрылтай бітті жұмысы,
Тыныстан үш күн көз жазған.
Молаяр қазақ ырысы,
Ұраны – Үлкен Жезқазған!

Ең соңында директор,
Гурба айтты алғыс татымды.
Ықыласпен қимас ерек бір,
Дастарқан, дәмге шақырды.

Жездідегі кездесу

Құрылтай күндер бір кеші,
Жездіде өтті бірауық.

Жез балқытқан нұр көші,
Марганец жаққа тұр ауып.

Кішкентай қала Жездіге,
Ғасырдың ұлы тұлғасы,
Келгенін дала сезді ме,
Теңселіп кетті шың басы.

Досыңды сыйлау – асыл заң,
Кен берген қосар болатқа.
Тоқтыбаев Әбдірахман,
Етті ізет үлкен қонаққа.

Кезінде қызу соғыстың,
Құрышқа қуат берген жер.
Көнекөз достар тоғысты,
Жанталас күнді көргендер.

Сәлем алды көктемде,
Үлкен Жезді өткелі.
Шен емес таққан шекпенге,
Қаныштың Жезді – өз төлі.

Өзі ашып, өзі орнатқан,
Әйгілі кеніш – бұл кеніш.
Түбіне жетіп сорлатқан,
Атағын білді сұм неміс.

Никопольде марганец,
Түскенде жаудың қолына.
Бой көрсетіп бел-белес,
Туған жер жеңіс қорына.

Шағын ғана кеніштің,
Қосылған күші тосынға.
Желбауы болған Жеңістің,
Қасиетті кен бар осында.

Күреске үлес көп болса,
Даңғаза емес даңқымыз.
Жезқазған мысы – ок болса,
Жездінің кені – танкіміз.

Жезді де – кеніш біртума,
Білген жөн бүге-шігесін.
Фашизмді құртуға,
Қаныштың қосқан үлесі.

Аласапыран, ақ құйын,
Ел білді қызу қарқынды.
Қанекең бастап мықты ұйым,
Құрылысшы, кенші сап құрды.

Барлаушы, ғалым, кенші де,
Құрылысшы болды Сәтбаев.
Қауырт іс тиіп еншіге,
Басқарып жүрді-ау қасқайып.

Тез ашты шалғай жер кенін,
Үміт пен сенім бірікті.
Сол күштің қалай келгенін,
«Мұртты көсем» біліпті.

Фашисті қалай жеңер ең?!
Құрышсыз құрдым айлаң да.
Сәтбаевты теңер ем,
Жуковпен жүрген майданда.

Қазақпын, айтам өкпемді,
Парызын Қаныш ақтады.
Сұрапыл күндер өткерді,
Маршалдан алғы саптағы.

Мінеки, сол кез датталды,
Әйгілі кенші үйінде.
Ғұлама көріп шаттанды,
Директор достың күйін де.

Жездінің кенін барласқан,
Богданчиков осында.
Жігіт екен алдаспан,
Қаруы болған қасында.

Сол күні жайнап отырды,
Асаттың ұлы Қасым да.
Көрсеткен өнер не түрлі,
Ұлытау жақта жасында.

Келтірсе кезбе қалыпқа,
Ертеде қазақ данасы.
Отырды кенші Садық та,
Қасымның үлкен баласы.

Сөз қылды Қасым кезекпен,
Қызықты Қаныш аңдытқан.
Түйір тас шыққан тезекті,
Жартасқа қыран саңғытқан.

Кен барлау – қызық жетегі,
Қайтсін ол құнсыз арзанды.
Тауыпты сонда екеуі,
Ақиық жұтқан маржанды.

Штифанов жалтыр бас,
Біледі көптен дос бабын.
Барлаушы қызбен балғын жас,
Жыр етті Қаныш қосқанын.

Сөзі нық Василий ағаның,
Жүйріктей өрде екпінді.
– Дананың әрбір қадамын,
Мен жақсы білем, – деп тынды.

Студент күннен бата алды,
Бақыты сол ғой жолдың да.
Еңбек Ері ол атанды,
Қаныштың құтты орнында.

Күлімдеп, әсем жымиып,
Тәлкенов сөзге кірісті,
Аллаяр аға тұңғиық,
Әріден алды тыныcты.

Ақиқатқа сақ кісі,
Данамен дара зерлесті.
Еске алды райком хатшысы,
Шәріпұлы Зейнешті.

Қанекең де тебіренді,
Толқынды көзі тоғандай.
Жас досы сезім меңгерді,
Соғыстан кеткен оралмай.

Сағынды-ау саңлақ қыранды,
Көре алмай кеткен ел-жұртты.
Бір жылы кеңес құралды,
Ақ орамал көз сүртті.

Содан соң қызық басталды,
Түсіпбек кірді кеңеске.
Қаркынды кәрі-жастарды,
Әкетті басқа белеске.

Жайдары мінез, бай көңіл
Түсіпбектің тас тілі.
Ол бұрынғы Байқоңыр,
Көмірлі өңір бастығы.

– Тиесіден құр қалар,
ақылсыз жігіт, – деген бар. –
Қанеке, сізге бір сауал,
Естелік болар менен де ал.

Беу, жігіттер! Тоқтаңдар,
Қояйық ұзақ шабысты.
Сағындық досты – көш барлар,
Тыңдайық, – деді, – Қаныштың.

Қарап тұр саспай қырағы,
Ойы мен сөзі жарысқан.
– Асыл неден, Қанышжан? –
Деп сұрады Қаныштан.

Тілегі түзу, білген сөз,
Алысқа үнсіз қаратты.
Құлағын қауым түрген кез,
Бастады Қаныш жауапты:

– Асыл кен тастан шығады,
Асыл күш жастан шығады.
Абайдай асыл данышпан,
Ақылды бастан шығады.

Асыл құс көлден шығады,
Асыл ой зерден шығады.
Асан Қайғы айтқандай,
Асыл сөз шерден шығады.

Ақылы – теңіз дегізген,
Ел-жұрттың қамын жегізген.
Асыл мінез қашан да,
Шығады асыл негізден.

Дидарын көрсе дір еткен,
Жолына құштар гүл еккен.
Туады асыл махаббат,
Айнымас асыл жүректен.

Көрінер жүйрік шабыстан,
Береке-байлық – табыстан.
Ерліктің ерен асылы,
Шығады ішкі намыстан.

Бос желіктен сақтана,
Асылдық – терең болжауда.
Асылдық – ұлттық салт-сана,
Мәні мен сәнін қорғауда.

Арманын асқақ тыймаған,
Айқаста туын жимаған.
Асылдық – ата аруағын,
Адамда мәңгі сыйлаған.

Асылдық – тәңірін ұмытпау,
Шын достың көңілін суытпау.
Асылдық – тіл мен діліңе,
Титімдей кіршік жуытпау.

Асылдық – өрде ағытқан,
Өлгенше қайтпау шабыттан.
Асылдық – талант табысы,
Әлемге атын танытқан.

Асылдық – туар талаптан,
Ұмтылсаң бақыт таңы атқан.
Асылдық – бойда дарынды,
Орынды жерге жаратқан.

Асыл істің бастауы,
Туады асыл мақсаттан.
Ұсақ пайда шашбауы,
Қағылар ұсақ мансаптан.

Асылдар – нағыз алдаспан,
Ел жолын тынбай барласқан.
Батырда нағыз асылдық,
Алысқан тыным алмастан.

Асылдық – талмай өрлеген,
Ғалымда төңірек зерлеген.
Асылдық – есті қазақта,
Бір елді үшке бөлмеген.

Қарсақбай жиі кел дейді,
Байқоңыр қолын сермейді.
Бірге өскен асыл жастық шақ,
Түсеке, қайтып келмейді! –

Құйылып түскен өлең-сөз,
Шапалақ соқтық дуылдап.
Қанекең айтқан кемел сөз,
Көкейге қонды туындап.

Ғаламатқа табыстым,
Абаймен қатар жүргендей.
Кім екенін Қаныштың,
Болдым ғой жаңа білгендей.

Тыңдаған жұрт болды мәз,
Сұрақ та қызық, жауап та.
Басталды қайта әзіл, наз,
Қол салдық қайта табаққа.

Думанды әрі өрлетті,
Білмейді Қаныш тежеуді.
Ескі досы, сөйлетті
Далабаев Шенеуді.

Содан соң тынды әңгіме,
Тоқтаған көштей найқалып.
Келгендей ғана әлгіде,
Хош айтысып тарқадық.

Жездіге барып қайтқаны,
Дән разы етті халықты.
Дананың дәріс айтқаны,
Есімде мәңгі қалыпты.

Сегіз қырлы, бір сырлы

Ғалымдар, сыйлы білімгер,
Жиналды бәрі ардақты.
Дастарқан – көктем гүліндей,
Жезқазған төрін жайнатты.

Жан-жақтан келген меймандар,
Жайлады кенші кең төрін.
Жасалды еркін сайрандар,
Дәм-тұзы, салты өлкенің.

Ұлытау келді тебіреніп,
Бас тартар сойып марқасын.
Қарсақбай жетті тербеліп,
Жайнатып қазы-қартасын.

Шарап пен шырын сан түрлі,
Жаудырап көзді ойғандай.
Бас, жамбас, жая тартылды,
Сыбаға-сыйға тойғандай.

Ғалымдар отыр көшелі,
Көрінген талай сәтті ісі.
Қаланың келді «көсемі»,
Алдында обком хатшысы.

Алматыдан зор әкім,
Байғалиев Рақым бар.
Бәрі де көңіл толатын,
Ғалымға жаны жақындар.

Ортада маңғаз Қанекең,
Бір көру тағат табардай.
Нар десең, нағыз нар екен,
Бітімі есте қалардай.

Сократ маңдай даладай,
Салалы кірпік, қара қас.
Қойдырмас қайта қарамай,
Данаға біткен дара бас.

Кейпінде бөгде жоқ кірбең,
Отырды ернін жиырып.
Барады бозғылт ақ кірген,
Толқын шаш ептеп сұйылып.

Ұшқыр сөз – жастай баққаным,
Арманым – дәріс татымдау.
Бастықтары шахтаның,
Жайғастық төрге жақындау.

Танытты игі жақсыны,
Сол думан сырын ұқты ақын.
Жадында қалар тәтті үні,
Данаға қонды құс жақын.

Қарысты алыс санадым,
Таласып титім, сүйемге.
Келеді жөндеп қарағым,
Адасып қалмай иенде.

Сөз бастап Гурба алғыстан,
Жайылды қолда барымыз.
– Қонақтар, келген әр тұстан, –
Деді ол, – дәм-тұз алыңыз.

Алғашқы сөзді берейік,
Имантайұлы Қанышқа.
Соңынан тағы ерейік,
Шатты жаңа шабыста. –

Қарсы алды қауым дүркіреп,
Қол соғып, қарқын шарықтап.
Сайма-сай түсті бұл тілек,
Үлкенге ізет танытпақ.

Қанекең айтты:
– Мырза күн,
Сәт берді бізге атқан таң.
Рахмет, мен дән ырзамын,
Жезқазған жайса дастарқан.

Арманы ортақ мың жүрек,
Бір кісідей баршамыз.

Бір жұтымға мың тілек,
Сыяды қабыл алсаңыз.

Табысты кеңес шешімін
Ақ қымызбен жуайық.
Кеншілер қызық кешінің,
Әдемі салтын құрайық.

Құладын құзда құтты жер,
Көтерейік бары үшін.
Жезқазғанға құт-жігер,
Әкелген достар бәрі үшін! –

Құмардан шықты жұрт тыңдап,
Толағай сөзге тамсанды.
Қол соғып, хрусталь сыңғырлап,
Ду қошемет қарсы алды.

Содан кейін сөз тиді,
Банниковке арнайы.
Суық жел, әлде «көз тиді»
Жараспай тұрды-ау жағдайы.

Қасқа бас, көзі көк тана,
Болатын қырғын сөзі өртті:
– Құрылтай үшін! – деп қана,
Қысқаша тосты көтертті.

Сөйтті де сұрап рұқсат,
Парызы бардай өтелген,
Соңынан ерген жылыстап,
Дудар бас кетті «көсеммен».

Қалалық атком ағамыз,
Жәңгір де жаны жаралы:
– Құшаққа сыймай барамыз, –
Деп қана бізге қарады.

Қыжылы бар ғой оның да,
Қадірлі кісі Жанасов.
«Сусаниннің соңында»,
Кеткендей болды адасып.

Жарасқан ерте сырымыз,
Әкетті-ау ертіп ағамды.
«Сусағанда су – қымыз»,
Кештік қой бодан заманды.

Шұбыртып көп сөз қылады,
Демеңіз істі шамалы.
Партияның қырағы,
Ол кезде қас пен қабағы.

Дөңкиіп «дөкей» отырған,
Қанекеңнің қасында,
Кеткенде
Үнсіз нөпір жан,
Қараңдай қалды асылға.

Сыр білдірмей ғұлама,
Болған жоқ ешбір құндаған.
Қасына сонда ұлы аға,
Жақындап қалдық бір табан.

Көз көріп осынау шындықты,
Қайран қалдық, таңдандық.
Байқағыш жастар сұмдықты,
Үндемей іштен шамдандық.

Ыңғайсыз мезет меңгеріп,
Аңырап қалса бәрі де.
Гурба да аз-маз сенделіп,
Жылжытты көшті әріге.

Содан соң аса желпінбей,
Бір-екі ғалым сөз алды.
Даланың жүрдек өртіндей,
Бастапқы қарқын жоғалды.

Хатшының кетіп қалғаны,
Көрінді тойды бүлдірген.
Оразбек тілек арнады,
Ісі жоқ күңкіл-шүңкілмен.

«Петрода» ол бастық,
Дүйсембаев дүбірлі.
«Покрода» мен бастық,
Кешіп ек қызық ғұмырды.

«В ажуре дело», – дер,
Қулығы ептеп бар еді.
Шахтаға төккен қара тер,
Саба қарын сары еді.

Сол кезде біреу саңқ етті:
– Қанекең үшін алайық!
– Көтер, – деп, – достар, халайық, –
Бөпежанов жарқ етті.

Қызықты думан лезде,
Қарқынын қайта бастады.
Салғандай үлкен мінезге,
Қанекең, шіркін, саспады.

Кезі жоқ өңін суытқан,
Біркелкі отыр жарқынын.
Әп-сәтте болды ұмытқан,
Қасқа бастың жарқылын.

Мұхаңа біздер сөз қостық,
Бергендей жылы жөн, көмек.
Тесірейген көп бастық,
Кеткені қалдым жөн бе деп.

Банниковтың кеткені,
Тез қалды көпке еленбей.
Қызықты сөздер көптеді,
Әр бунағы өлеңдей.

Қанекең әсем жымиып:
– Домбыра бар ма, жігіттер?
Дем алайық, суиық,
Биге де көп қой үміткер, –

Дегенде дереу Мұхаң да:
– Хаке! Тез, давай, – деп қалды.
Бастық қой салмас бұлтаңға,
Көршіміз ымдап көз салды.

Атымды менің атап тұр,
Сөзі өткір, сөзден көзі өткір.
Мұхит ағай атақты,
Рудникте директор.

Домбырама жібердім,
Кішірек жасы жігітті.
Артық сәт одан тілер кім,
Ән-күйшіл салтты тірілтті.

Қарады әлгі жігітке,
Ешпанов пен Омаров.
Тез орал деген үмітке,
Болатын қызық оралып.

Қалт еткенді шолатын,
Қимыл көп, аздау тынысы,
Ол ағайлар болатын
Кенші қауым ірісі.

Академик... домбыра...
Кім ойлар тарта білерін?..
Сөз еттік ауыз толтыра,
Ақылын, ынта-жігерін.

Би басталды вальстен,
Үдере шықты жас-кәрі.
Қосаққа қосар әдіспен,
Мамырлап саспай бастады.

Қанекең күтті әдеппен,
Рақила сұлу апайды.
Кім таяр салтты ғадеттен,
Апай да құшақ тақайды.

Ақ ботадай қос жанар,
Тудырар сезім не түрлі.
Төсінде жатты қос анар,
Тойынған қоян секілді.

Қыр мұрынды қара қас,
Еріндер нарттай қып-қызыл.
Қара көз, қалың қара шаш,
Құлпыртып тұр нұр жүзін.

Рақила апай қымсынып,
Билеп жүр Қаныш ағаймен.
Біз отырдық сүйсініп,
Тоғжанды көріп Абаймен.

Аидамен, Зоямен,
Заулады биде не түрлі.
Жүгірді залда ай-әлем,
Думанның сәні жетілді.

Қосақталған айдында,
Қос қайық жеңіл қалқыды.
Ғажапты көріп алдымда,
Билемей бойым балқыды.

Құр емес талай өнерден,
Ғалымға оқшау көз салдық.
– Па, шіркін! – деп көрермен, –
Королі бидің! – деп қалдық.

Оралып биден Қанекем,
Қыздарды кезек мақтады.
Алғандай бойға дәнекер,
Әл бітіп, жігер баптады:

– «Би» деген – қызық құбылыс,
«Алтыбақан» тепкендей.
Қол тисе етем жүгініс,
Рақатқа жаным жеткендей.

Көремін, – деді, – үлкен сый,
Сеземін дүние кеңдігін.
Тұрғандай ұстап ән мен күй
Кең жалған тепе-теңдігін. –

Домбыра кетті күмбірлеп,
Сұлу саз тәтті басталды.
Қанекең шертіп бір-бірлеп,
Төгілтті әуен астарлы.

Сүйсіндім жатық қолына,
Су жорға әсем басқандай.
Ғалымдар үлкен жолына,
Күй шашу арнап шашқандай.

Қым-қуыт асау тірліктен,
Көшкендей тойлы өмірге.
Ай күлімдеп түндіктен,
Ақбоз үй келді көңілге.

Басталып кетті асыл ән,
Тебіреніп жаның нұр алған.
Жезқазған жезді тасынан,
Жанғандай сазды шырағдан.

Жусаған сайда еліктей,
Аңсаған нәзік гүл құшып.
Беріле тыңдап жеріктей,
Отырдық ғажап үн құшып.

«Бүркітбай әкем аты, ағам Омар,
Ауылым айдын шалқар көлге қонар», –

Деп толқып қоңыр қаз дауыс,
Шарықтап әуен түрленді.
Саусақтар сырғып, дәл қағыс,
Кең жалған кербез үнденді.

Ләм-мим демей жамиғат,
Қанышқа тақау төніпті.
Байсалды, бапты, бай ырғақ,
Сұлулық сырын төгілтті.

«Сұрасаң біздің Ақбет қасын керген,
Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген».

Көрінді көңіл төтесі,
Елестеп көзге ақ бет қыз.
Төгілді әннің көкесі,
Теңселгендей «Ақбет» құз.

Шындық па, асыл арман ба?!
Тілінді жүрек қақ шеті:
Әркімнің бар ғой жалғанда,
Өзінің асыл «Ақбеті».

Көшкенде соңғы «гөй-гөйге»,
Тамсандық бойға жан кіріп.
Даусы ма?
Қос ішек сөйлей ме?
Тыңдадық үнсіз мәңгіріп.

Елікпей қалмас еш пенде,
Нақышқа сансыз мәнерлі.
Әншілік қуып кеткенде,
Тамсантар еді-ау әлемді.

Шаляпині қазақтың,
Осы екен өнер танысам.
Көңілдің тотын тазартты,
Таңдантып ескі таныс ән.

Тебіренді, қауым қарсы алды,
Қаздардай қалқып өтті үндер.
«Бүркітбайдан» басқа әнді,
Айта алмай жүрдім көп күндер.

Бәйбішелерді үйдегі,
«Бүркітбай» болып шалқытып,
Басардай бүлкіл бүйрегі,
Қаныштай жүрдік балқытып.

Жәлел мен Садық, Балғабай,
Әсерлі әнге жетікпіз.
Өзгені әнтек аңдамай,
«Бүркітбай» болып кетіппіз.

«Жүз теңгелік айнасын»,
Мың теңгелік деп айттық.
Мұстапаның айласын,
Қанекеңше молайттық.

Күн шегіп әншіл тамаша,
Көкірек қалды жаңарып.
«Бүркітбай» болды жаңаша,
Ағадан алған тәбәрік.

Домбырам – үйде мол мұра,
Сыйлығы қайран анамның.
Қанекең тартқан домбыра,
Серігі болды санамның.

Ой-хой дейміз, досым-ай,
Қызығын көріп жалғанның.
Кетпейді естен осылай,
Қанекең әнге салған күн.

Кеш бітті. Біз де тарқадық,
Өтті ғой үш күн мезеттей.
Дананы білсін бар халық,
Шыдамай кеттім сөз етпей.

Жақыннан көрсем данаңы,
Кемеңгер кейпі таңдантты.
Өзендей сансыз салалы,
Жан екен нағыз жан-жақты.

Соңғы сөз үшін

Кейбір күн есте қалады,
Теңесіп өткен жылыңа.
Дананың сәтті қадамы,
Өзгенің татыр мыңына.

Бір сапар ғана айтқаным,
Ақиқат анық көргенім.
Сүйсініп көзбен баққаным,
Жалғады өлең өрнегін.

Кеншілік пен әкімдік,
Ұзартса ақын жылдарын;
Жүз кітапқа татырлық,
Киелі кеңес тыңдадым.

Көрсетсе кейбір пасық бой,
Өресі аз, құлқы тар екен.
Асылдың ісі асыл ғой,
Дес бермеді Қанекем.

Бас исе жолда мың белес,
Ақиқат – тозбас Құраны.
Әкімдік емес, күш емес,
Ақыл-ой – берік құралы.

Жүрген соң соңғы бір сапта,
Жүрекке нәрін ілеміз.
Кетейін айтып ұрпаққа,
Біздер де қанша жүреміз...

Қисапсыз қосқан үлесі,
Кен атасы – Қанышым.
Қолдаса асыл киесі,
Түзелер, достым, шабысың.

Сақтаған биік мұратын,
Өмірдің сол ғой ғашығы.
Мың жылда бір туатын,
Адамның зерлі асылы.

Өзі де кенші болған соң,
Отыр ғой деме тым мақтап.
Көкірекке нұры толған соң,
Жыр қоймас өтпей сымбаттап.

Таңырқап, толқып көңілім,
Ұққаным аз ба тектіден?!
Қаныштың ғибрат өмірін,
Тынымсыз өрлеу деп білем.

Ұлытау барсам алдымнан,
Күлімдеп қарсы шығады.
Бейнесін көріп әр шыңнан,
Арманын жаным ұғады.

Биікке бірге қарашы,
Елестер қыран әрдайым.
Сарыарқа таулы даласы,
Көрсетер маңғаз маңдайын.

Қанекем десем сырымды
Түсінер айдың орағы,
От-жасын көкте ұғынды,
Найзағай алтын жолағы.

Ғашықтар кезіп маңайды,
Махаббат тапса шешімін.
Ғарыштан жұлдыз қарайды,
«Сәтбаев» атты есімі.

Естірттім мақтау, әлде сын,
Толғантар мені бәрі де.
Сол жұлдыз сөнбес бейнесін,
Жайната берем әлі де.

Жер емшегін жолдады,
Тасытар ерен табысты.
Жезқазғанды көр-дағы,
Есіңе ал, достым, Қанышты.

Толтырар кенім қолдағы,
Менделеев кестесін.
Мұнайды «Құдай» көр-дағы,
Есіңнен Қаныш кетпесін.

Кені мол талай нар отау,
Айтуға атын құмар-ақ.
Сарыбай, Алтай, Қаратау,
Теміртау, Қарашығанақ.

Жер сырын ашып түсті алға,
Болжағыш карта – ірі ісі.
Таусылмас Қазақстанға,
Сәтбаев қосқан ырысы.

Қинамас сәтті сөз кесу,
Шабыт-құс қонса бағыма.
Әрдайым аңсап кездесу,
Бұйырсын, достым, тағы да.

Толассыз көңіл толғағы,
Жол салды бастау негізге.
Қоса алсам үлес болғаны,
Тамшыдай тамған теңізге.

1998.
Алматы

АТА-АНАСЫ ҚАНЫШТЫҢ

(лирикалық поэма)

Кіріспе

Ой қозғаса келер деме сөз қайдан,
Мезет керек көңіл өсіп, көз тойған.
Жаным разы Қаныш аға өмірі,
Сарқылмастай шабыт кені өз қоймам.

Сақ қырандай самғап алға басайын,
Сенімі мол серттің ісін жасайын.
Паш етуге ата-анасын алыптың,
Ақтаңдақ сыр шетін аңдап ашайын.

Ару-шабыт сүйсіндірсе жетегі,
Ата дәстүр сан қырына жетеді.
Сәтбай ата Имантайы туғанда,
Сегіз сері жыр төгілтіп өтеді.

Кемел думан кереметін сақтаймын,
Асыл құсын тапқан екен жақсы айдын.
Жыр-марапат, жыр-ақ бата, жыр-тілек,
Айғақтаған асылдығын Сәтбайдың.

Сәулесі құт Қаныш аға нұрының,
Құпиясы мол оққа ұшпаған ірінің.
Астамшылық заманында сау қалса,
Сақтануда жатыр кілті сырының.

Дәріс етіп ізетпенен атамас,
Ғибрат алсын, білсін түгел заты Алаш.
Шормановтар, Сәтбаевтар әулеті,
Әлмисақтан іргелес һәм аталас.

Шорман шонжар – дәулет қонған жүйелі,
Ұлы Мұса – аға сұлтан киелі.

Шоқан туса Зейнеп атты қызынан,
Сол Шорманның Қаныш та өз жиені.

Қызығы мол үш әулеттің жарасқан,
Болған емес олар үшін тар аспан.
Сәтбай, Шорман, Уәли тегін сөз етіп,
Құдай оңдап өттім талай таластан.

Имантайға Сегіз серінің берген батасы

Ұлдың тойы – ұлағатты парызың,
Шаттана бер,
Артта өшпес бар ізің,
Жеткені сол Жаратқанға жалынған,
Қабыл болып ең ардақты арызың.

Зиялы жан Шөтікұлы Сәтбайдың,
Қиялы зор көкірегінде сақтайтын.
Бір атаның жалғызы еді
Ойлы өскен,
Текті тұлға ел тілегін ақтайтын.

Сүйіндіктің Айнайынан тараған,
Шөтік ата бар сеніммен қараған.
Сәтбай осы...
Тұңғыш ұлы туғанда,
Той жасауды міндет, парыз санаған.

Күнсұлудай адал жары қасында,
Онсыз даңқы шаңырақта тасыр ма?!
Жақсылар мен жайсаңдарды жинады,
Той толқыды белгі тастап ғасырға.

Баянаула мың шырағы жағылды,
«Аққелінге» той алқасы тағылды.
Алғыр ақын, үздік әнші, сал-сері,
Сахараның саңлақтары ағылды.

Жан толқытты бізге жеткен аманат,
Мағлұматта ел жөптемес жоқ ағат.
Сегіз серi атамыздан сол тойда
Жыр туыпты мадақ-толғау, марапат.

Ашамайлы Керейдің бір тармағы,
Шақшақ бидің қазақта зор салмағы.
Осынау бидің немересі келгенде,
Қаржас елі құтты төрін арнады.

Ақын осы
Қызған сайын өрлейтін,
Қырғын әнші көкке құлаш сермейтін.
Үздік сазгер «Гауһартасы» топ жарған,
Батыр да осы
Қолдан намыс бермейтін.

Албырт бағлан басылмаған желігі,
Омбыда әкім қарсыласы ең ірі.
Ерте оянған
Ер қазақтың бірі осы,
Исатай мен Махамбеттің серігі.

Өлең арнап кешегі өткен-кеткенге,
Қақты қада ұлттың қолы жеткенге.
Құтты тойда ұлы толғау туыпты,
Шын тебіреніп,
Жаны мейірім төккенде.

Ел дәстүрін паш етуге туған ба,
Сөзі ширақ,
Тұрар мәнін құндауға.
Төкпе ақын, аты әйгілі дауылпаз,
Сәт жетелеп келген екен бұл маңға.

Тойға келген меймандармен таныстық,
Бүлдіршінді ақ қанатқа ала ұштық,

Той бастады Сегіз сері тік шыркап,
Әнмен бірге ұшқан құспен жарыстық.

Қонақтар жоқ бұл думанға кешіккен,
Ерендер көп той өресін өсірткен.
Жыр-марапат шапқан аттай заулады,
Ел тілегі емін-еркін көсілткен.

Ақындар бар келген Ертіс, Алтайдан,
Батырлар бар сан жорықта маркайған.
Шорманұлы Мұса осында – жас қыран,
Би-төре көп
Төрге сыймай шалқайған.

Сегіз сері асқақ өнер танытты,
Тез иірді,
Сөзі үйірді халықты.
Есіл – Көкше жыр сүлейін ардақты,
Баянаула балқып тыңдай қалыпты.

Имантай деп
Ұлдың атын атапты,
Бата, тілек бар рәсімін жасапты.
Сондай бол деп, тамылжытып тізіпті,
Қазақта бар арыстарды атақты.

– Ода, – дейді Шәмшиябану апамыз, –
Ақын жырын алты Алашқа аты аңыз.
Зор білімдар Қаныш қызын жөн десек,
Бола қоймас біздің де еш қатамыз.

Туыпты арман асыл шағы шарықтар,
Сегіз сері кім екенін анықтар.
Ер Тарғынды көргендей-ақ таң қалды,
Тойға келген дүлдүлдер мен алыптар.

Таскын толғау, шапқын жүйрік ән-жыры,
Кең ашылды үздік өнер даңғылы.

Көзі жайнап,
Жанды қызыл шырайы,
Әу дегеннен қолдап кетті тағдыры.

Жүзі жайсаң,
Жоқ қажырлы тілде зар,
Заулап кетті
Хас тұлпардай жүлде алар.
Бар қазақтың данасы мен дарасын,
Айтты сөзбен ұрпақ рухы шыңдалар.

Сексен сегіз есім тілге байланды,
Сексен сегіз тұлға жырға жалғанды.
Сексен сегіз тілек арнап балаға,
Сексен сегіз ашты асау қайнарды.

Сексен сегіз... өңкей өрен бәрі де,
Түгел кірді бергілер мен әрі де.
Имантайға осылардай бол десе,
Бәрі ғажап, мәйегі мен мәні де.

Сексен сегіз саңлақ кірген жырының,
Әр теңеуі бірінен де бірі тың.
Атам қазақ нояндарын атапты,
Бір шоқы жоқ, бәрі заңғар, бәрі шың.

Сепкен екен нұры шуақ жан нұрын,
Төккен шабыт селі жаңбырын.
Жеткен екен сайысқұмар мәреге,
Еккен екен ел жаттарлық ән-жырын.

Асан Қайғы, Жәнібектен бастапты,
Абылай хан аты шықты асқақты.
«Солардай бол, Имантай», – деп шылбырды
Махамбет пен Исатайға тастапты.

«Қаз дауысты Қазыбектей халқыңның
Данасы бол», – депті заулап жарқын күн.
Төле би мен Әйтекені ардақтап,
Үдетіпті толғау салты қарқынын.

Бөгенбай мен ұран етіп жариялар,
Аталыпты Шоң мен Көтеш қариялар.
Орынбай мен Шал ақындар – алыптар,
Бұқар жырау, Тәттімбеттей дариялар.

Даналарды дәйек етсе тосын ән,
Ғибрат алар құтты ісіне қосылам.
Әз Жәнібек, Дәстем, Келден бейнесі,
Таңғажайып куә болар осыған.

Кең айдынға бұрғандай зор кемені,
Қандай ғажап бағалы бол дегені.
«Шарапатың көпке тисін» деп айтқан,
Тамыр жайды марапат, бата тереңі.

Тіледі ұлға:
Ер Есеттей келбетті,
Ер Сырымдай өрге құлаш серметті.
«Көтере біл, – деген екен, – ер болсаң,
Есенейдей зейнет пенен бейнетті».

Құлекедей тілесе зор білекті,
Едігедей елсүйгіштік үдетті.
Сабырлы бол,
Қадірлі бол дегенде,
Өз әкесі Сәтбайға ат тірепті.

Бата сөзі
Жасап көркем өрнекті,
Үлкен ғибрат бол дегені көрнекті.
Ғалым бол деп Әнет баба секілді,
Сілкіндірді сәби жатқан жөргекті.

Бағыты ашық батасында қарқынның,
Депті: «Үздік болсын заты салтыңның».
Ойшылдықтың орасаны – дегені:
«Қанай бидей қамын ойла халқыңның».

Естігенде жан сүйсініп дір еткен,
Әр шумақта шымкай үздік ниеттер.
Ақ бесікке бақыт құсы қонсын деп,
Жалғасыпты жан баураған тілектер.

Көңіліндегі төккен екен бар назын,
Әр тілекте жарқырап тұр жауқазын.
Саясы мол
Бәйтеректей бол деген,
Асыл ойдың ардақтысын байқадым.

Зерлеу киын әр сөзіне үңілмей,
Қызықтырды қырдың нәркес гүліндей.
Үзік сырды орап сезім нәріне,
Армандапты азат күнді бүгіндей.

Дүлдүл осы-ау,
Сөзі ғибрат жаттауға,
Жұлдызға ұқсар
Бар жарығын шашқанда.
Сегіз сері деген аттың заты айқын,
Толғауы да тұрар шексіз мақтауға.

Сол еді ғой «Гауһартасы» жарқырап,
Шыққан кезі аты әсем ән құрап.
Имантайдың тойындағы батасы,
Дабыл қақты тау суындай саркырап.

Қалай ғана шын сүйсініп жазбайық,
Дегендей-ақ, ақын сөзін жалғайық.
Жаттап кетті Сегіз сері батасын,
Есіл, Ертіс, Сыр мен алыс Ақ Жайық.

Көреген жанға осынау той ұнады,
Тарап кетті шартарапқа қыр әні.
Дөңгелегін кім тоқтатар уақыттың,
Сөнбегенін көрдік Сегіз шырағы.

«Сегіз сері болмаған», – деп надұрыс,
Айтар айтса
Іші тарын накұрыс.
Сондайларды естігенде шыдамай,
Арлы жүрек жасайды күрт жарылыс.

Сөкпеңіздер неге айтты деп мұны мен,
Нәр алып ем ән бакшасы гүлінен.
Сегіз сері ес білгелі еріп жүр,
Алдық қарқын тілінен де үнінен.

Тарих сырын терең білген тұңғиық,
Әр көңілге кетті сөнбес нұр құйып.
Сегіз сері оқығанда арнауын,
Жүрегімнен жүйткіп өтті жыр-киік.

Имантай өткен белестер

Тілегені келді Сәтбай атаның,
Жеңді рухы тойдағы зор батаның.
Төрт ұл, бір қыз тауып берді Күнсұлу,
Көрмей өтті сұм жалғанның шатағын.

Қажы болу – қалған тілек ендігі,
Шау тартқанда Меккеге ең ірі,
«Сатаев Сәтбай – 9854»,
Қалды дерек жолға рұқсат нөмірі.

Оралмады сол санатта сап құрап,
Өзге белгі,
Бұйырды ерен жақсырақ.
«Сәтбаев Қаныш – 2402»
Деген жұлдыз ғарышта жүр жарқырап.

Жұлдыздармен ғарыштағы көптеген,
Жарысып жүр, Сәтбай ата, көк кемең.

От пен су жоқ
Үлгі болар ұлына,
Сен кеткелі Имантайың өтпеген.

Ол да өзіңдей бір Аллаға жүгінген,
Сәттері көп бір өліп бір тірілген.
Сегіз сері берген бата келді ғой,
Қарай қалсақ, кешегі мен бүгіннен.

Имантайың жас қырандай түлеткен,
Өтті барша қатерлерден сын еткен.
Сабырлы боп тартты аумай өзіңе,
Ақылымен ел аузына ілеккен.

Өсті Имантай дүрі болып жігіттің,
Сақтай білді заңын дәстүр-ғұрыптың.
Асыл әулет нәрін алды
Келгендей,
Сегіз сері еккен нәрі үміттің.

Іске берік, болды сөзге ұстамды,
Әу бастан-ақ әбес қылық тыс қалды.
Атасы ашқан мектепті де көркейтті,
Билікке де ес білгелі күш салды.

Жалғасқандай жүректегі тың ағын,
Ашық айтар көкейкесті сұрағын,
Қадірменді досы болды пікірлес,
Абай ата ардақты ұлы Тұрағұл.

Қандыратын ойға досын, өзін де,
Жандыратын қайрат, жігер төзімге.
Кенесары талқылайтын айқасын,
Ұшқыр қиял от салғандай сезімге.

Сұм жалғанның бер жағы мен ар жағын,
Аралайтын орыс қорған тармағын.
Күрсінетін патша кетсе шеңгелдеп,
Аз көргендей майға батқан бармағын.

Екі достың құпиясы көп еді,
Не десек те ата жолы жебеді.
Содан кейін ағайынмен тілдесіп,
Жыр төгілтіп, әнге кезек береді.

Досы болды Сәдуақасы Мұсаның,
Жасады олар шын сыйластық мысалын.
«Аққелінге» Баяндағы бақ қонды,
Екі әулет алшақтамай құс адым.

Осынау достық болды елге киелі,
Егіз әулет үйлесті бар тілегі.
Шоқанменен Имантай да танысты,
Шормантегі дана туған жиені.

Тарих деген үнсіз жатқан сыр қалың,
Айтары көп аша білсек бір жағын.
Шоқанменен білдік алыс Омбыда,
Жас Имантай аз күн бірге тұрғанын.

Шоқан онда офицер боп бекіген,
Жіберген жоқ асау досын бетімен.
Дәріс берді көп орыстың ішінде,
Сақтанардай қарсы желдің өтінен.

Қаладағы сабағы сол алғашқы,
Даладағы салт-дәстүрге жалғасты.
Санадағы саумал білім бастауы,
Сабадағы түнемелмен алмасты.

Шоқан қандай ақ ниетпен төгілер,
Дос дегенде жаны қаққа бөлінер.
Имантайға болды өмірлік зор азық,
Даналықтың даңғыл жолы көрінер.

Зор ғалыммен жас Имантай үндесті,
Озық жаннан тапты талай білместі.
Салтын құрып Шоқан менен Мұсаның,
Потанинге қызмет жасап бірлесті.

Қол байласа ақ патшаға атар күн,
Сәтбай ата, күні туды ботаңның.
Корреспондент географиялық қоғамға,
Болды Имантай досы жалғап Шоқанның.

Мектеп құрып ескі-жаңа не түрлі,
Имантайдың атақ-даңқы бекінді.
Ата мирас көргені көп жасынан,
Елдің дауын шешуге де жетілді.

Ұлы көшке солай жақсы ілесті,
Бір естіге тірек болды бір есті.
Осы өлкенің ой мен қырын зерттеуге,
Қосты Имантай қолдан келген үлесті.

Ақ Әлима

Тиеді елде барға салымды ерін,
Бергенге берер тағдыр барын тегін.
Имантай Әлимаға қосылғанда,
Қырықтың аттаған кез қалың шебін.

Мұстафа Шормановтың келіні еді,
Жас қалды Қамалитден өліп ері.
Дәулетті ел жесір қалған Әлиманы,
Өз қызын ұзатқандай беріп еді.

Ақ маңдай, қос жанары тостағандай,
Балдырған он сегізден аспағандай.
Балқып тұр қаны ойнаған екі беті,
Алғашқы қауызын дән ашпағандай.

Жан еді ашық мінез мейірімді,
Ұғымтал ерте игерген кей ілімді.
Адамға жас баладай жақын болды,
Аңғарар айлық жерден пейіліңді.

Әдейілеп жасалғандай құйып нұрдан,
Сұлулық ажарында тұнып тұрған.
Ән сүйгіш, әзілге бай, көңіл өсер,
Ашық сөз, ақ тілекті ғұрып қылған.

Қабағы мәлім етсе мәнділігін,
Ажары айқындап тұр сәнділігін.
Жанары тік қарауға жасқантады,
Қиғаш қас серпе тастап жан жылуын.

Кірпігі көзге алыстан іліп тұрар,
Мөлтілдеп кос қарашық қызықтырар.
Алыстан атқан таңдай арай шашып,
Жымиып қашан көрсең күліп тұрар.

Шықты елге «Ақ Әлима» жақсы атағы,
Көз жазса Имантайды аңсатады.
Түн келсе жұлдызданып ерке сұлу,
Аспанға қол создырып шаршатады.

Қанықкан мұңына да, сырына да,
Ақылды бәйбішесі Нұрым ана,
Өзі еді құдалыққа бастап барған,
Алмады жас тоқалды қырына да.

Нұрымнан туған Күнше өліп қалды,
Нәресте көрмей іштей өліп-талды.
Атанған «Ақ Әлима» сұлу тоқал,
Құрсағы құтты болып қорықтанды.

Бір сөніп қайта атқандай жарық таңы,
Әлима еркін толқып шарықтады.
Өкініш, әттең, шіркін, соқыр ажал,
Аямай кең жалғанды тарылтқаны.

Ғазиза, Ғазиз, Қаныш балалары,
Сұм тағдыр обалына қарамады.
Фәниден айдай аппақ Әлима өтіп,
Бәйбіше болды екінші аналары.

Сол жылы Қаныш тура бес жасында,
Мөлт еткен қалды бейне көз жасында,
Имантай ұстаз туған тәлімгер жан,
Кенжесін ұстай білді өз қасында.

Артықша жаннан туған еліндегі,
Қаныштың жастай заңғар көрінді өрі.
Семей мен Сібірде бар білімді алып,
Барлады кенді қазақ жеріндегі.

Ол кезде көрген қорлық масқара еді,
Кеңестің кер заңынан қақсады елі.
Дәл айтса анасының шыққан жерін,
Әкесін, өзін де атып тастар еді.

Бөліскен деп айыптап ханмен тақты,
Мұсаға Шорманұлы пәле жапты.
Қазақтың озық ұлы шошытқандай,
Мұсаның ізін таптап, жау деп тапты.

Ақылын бар ағайын асырыпты,
Әулетін Әлиманың жасырыпты.
Шорманның келіні деп ашық айтпай,
Қаныш та қорқынышқа бас ұрыпты.

Қанышын Сәтбай ата көріп кетті,
Сенімін немересі беріктетті.
Ал өзі қажылықтан елге оралмай,
Меккеде Иса екеуі өліп кетті.

Анасын айта алмай да үлкен сұмдық,
Бүктеулі жатты құпия осынау шындық.
«Алима», «Сәлима» деп шатастырып,
Жасырған іздің сырын жаңа білдік.

Баянда екі Иса бар білгендерге,
Болды олар айтулылар іргелі елде.
Қай Иса қызы екенін айту қиын,
Дәлел аз дәл айтатын бүгін елге.

Әйтеуір Иса аты жойылмады,
Қай Иса? Іздеп жүрмін оны тағы.
Әйтеуір үңгірден сәл жарық көрдім,
Шындыққа бір жетердей ойымдағы.

Қашан да жолы болғыш қаны бардың,
Суретін Әлима ана тауып алдым.
Ел-жұртқа қуанышты кең таратып,
Мен де бір тамашаға қанып қалдым.

Сөзімнің үзімінде болмас қата,
Сәтшілмін ақ ниетке қонған бата.
Шоқанға, Қанышқа да бөтен емес,
Әулетің жасай берсін, Шорман ата.

Ал енді «Екі Исаны» талдамаймын,
Дөп басар сәт түскенде алдағы ай, күн.
Білгенім екі Иса да нар жоталар,
Дінімен, ділімен де құрған айбын.

Екеуін екі жұмбақ құз деп жүрмін,
Анығын аңдап басып іздеп жүрмін.
Туса да қай Исадан «Ақ Әлима»,
Үлгі алған жақсы атадан қыз деп жүрмін.

Соңғы сөз

Келді талай Сегіз сері тілегі,
Болды елінің иманжүзді тірегі.
Тәлім мықты,
Асып түсті атадан
Имантайдың Қаныш атты түлегі.

Аңдап басып ала тартпай алысқа,
Бұра берем
Жаным құштар арысқа.
Имантайға Сегіз сері айтқаны,
Түгел қонды ел данасы Қанышқа.

Іздемеймін өзге дерек, куәні,
Ақ батадан асыл арман туады.
Бар тілегі қонған дана Қанышқа,
Сегіз сері аузы қандай дуалы?!

Арқалы ақын келді артқан нар жүгі,
Қаныш аға болды таза ар, мұңы.
Имантайға Сегіз сері не десе,
Баласына жұғысыпты барлығы.

2003.
Алматы

«ҚАНЫШ-ЖҰЛДЫЗ» ҚАРСЫ АЛДЫ

Тоқтар Әубәкіровке арнадым

«Жер серігі»

«Жер серігі» деген зор ғаламатты,
Көріп, тыңдап,
Таңырқап дала жатты.
«Пик-пик» деген нәресте, нәрлі дыбыс,
Қызыл тана жарқырап бара жатты.

«Пик-пик» деген әдемі ән тамады,
Сансыз жұлдыз самсаған тамсанады.
Жер-Ананы шалғайда айналып жүр,
Осы еді ғой адамзат аңсағаны.

Әлем естіп
Сол дыбыс өктемдеді,
Жұлдыз көшін көркейтті көктем лебі.
Қызыл нүкте, қызық үн қызықтырды,
Көңіл өсті, ақыл-ой өркендеді.

Елеңдетті жаңартып бар ғұрпымды,
Бара жатты оятып ару-түнді.

Бара жатты...
Жыр жазып, ән оралған,
Бастайтындай бір жаңа тарихымды.

Тірі пенде сәт туды үнілетін,
Шаттық құрып, шатырға ту ілетін.
Бара жатты...
Ғаламға паш еткендей,
Адамзаттың айқындап құдіретін.

Жер жебесе қанатын ашқан елді,
Дәуірді өлшер табылмас басқа белгі.
«Жер серігі» деген сөз естілгенде,
Біздің Тоқтар дәл он бір жасқа келді.

Етпейді онда жанталас ештемеге,
Қолмен ұстап көрмесе
Көз сене ме?
Көрші қыздың жарқ етсе от-жанары,
Басқа қызық боларын ескере ме?

Бал курайға қараса бұрып көзін,
Тірі жанға сездірмес
Қылып төзім.
Сол кездерде оянды-ау жүрегінде,
«Пик-пик» деген сиқырлы уыз сезім.

Межелесек өткерген ғұмыр нәрін,
Ұмытпаппыз алғашқы сыбырларын.
«Жер серігі» секілді айналдырды-ау,
Ес кетіріп кей ғажап құрбыларым.

Бір түскен соң
Қояр ма шоқ дарымай?..
Қыз құрғыр да кетпейтін көп танымай.
Қайдағыны есіме түсірдің-ау...
Доп қағымпаз қақпаға Тоқтарым-ай!

Ерке мінез, елгезек аңғал жаны,
Құбылысқа қызық қой таң қалғаны.
Ересектеу балалар «Жер серігін»,
Талдап жатты, сол еді аңғарғаны.

Көп тыңдамай ескірген ертегіңді,
Кейінгілер ғажапты ерте білді.
Біздей емес
Таңданткан велосипед,
«Жер серігі» ойлантты ерке күнді.

Адам ұшты ғарышқа

«Жер серігі» үмітшең үлгісімен,
Ұшты кеме
Ғарышқа бір кісімен.
«Пик-пик» деген алғашқы жер әуені,
Ашықтанды Гагарин күлкісімен.

Ерекшелеу көрінер мың кісіден,
Адам жаны түрленер түр-түсінен.
Гагариннің күлкісі аумай туған
Қаныш аға мейірбан күлкісінен.

Қандай қызық адамзат шаттанғаны,
Шебін тапты Жер-ана сәтті арманы.
Жеңіс күнгі алақай секілденіп,
Ураладық, қуаныш шақталмады.

Елмен бірге Тоқтар да күйіп-жанды,
Арманның да абзалы тұйықтанды.
«Шіркін, сондай болсам!» – деп,
Есі кетіп,
Бір сұлудың бетінен сүйіп те алды.

Құлшынтқанда адамзат кеменді өрге,
Дүр сілкінді
Тереңдер, ерендер де.

Сұңқарланды Олжастар
Жыр-Парнаста,
Ағыл-тегіл төгілді өлеңдер де.

Бұқпантайдың алдынан таң күліп пе?
Жоқтаушы боп жолықты ол сан «бүлікке»,
Гагаринмен ғарышта жарысқандай,
Жап-жас Олжас қол созды мәңгілікке.

Сүйсіндіріп ел білер дүйім жұртты,
Ай-әлемге
Жеткізді жырын құтты.
Ескі Одақтың оқ тимес ақындары,
Дым деместей,
Дара озып,
Дымын құртты.

Солай салды ортаға адам барын,
Талай тарлан түзеді қадамдарын.
Галактика ұғынды тұңғыш рет,
Жер бетінде жасампаз адам барын.

Содан кейін жарысып жыл құсымен,
Ғарышкерлер көбейді үрдісі кең.
Қай қиядан ұшса да
Көрінді олар,
Жаралғандай Гагарин күлкісінен.

Күлкіге де, үнге де тамсанып ем,
Көппен бірге қуанып,
Жар салып ем.
Жезқазғанда өскенім қандай жақсы,
Ғарышкердің талайын қарсы алып ем.

Бойын жазды жаңаша ғасыр, ғалам,
Гүл қалмады реңі ашылмаған.
Жас ұрпаққа
Жаңаша арман туды,
Мен ғарышкер болам деп жасырмаған.

Көрдім талай қыранды ұшқан күнге,
Іле тартар комдандық құстай бірге.
Жылдар өтті...
Кездестім Тоқтарменен,
Бір самғауға ерекше құштар күнде.

Москвада Наурыздың салтанатын,
Дәстүр туды қазақтар қарсы алатын.
Есте қалды сол бір сәт
Мәриямгүл
Бибігүлмен қатарлас ән салатын.

Самғап кетті сахнада қырдың үні,
Есі кетпей
Сау қалды мыңның бірі.
Анасынан перзенті аумайды екен,
Туды алдымда тамаша гүлдің гүлі.

Әу дем сәтте құттықтап жыр гүлімен,
Дүйім жұртты әзілмен күлдіріп ем.
Сауық кештім...
Қазақтың сұңқарымен,
Жұмақ кештім замана бұлбұлымен.

Қазақ ұшты ғарышқа

Өтті күндер...
Құбылыс құнды ізі көп,
Шын тіледік қазақтың ұл-қызы боп.
Сол тілекпен
Ғарышқа Тоқтар ұшты,
Адамзаттың үр жаңа жұлдызы боп.

Тоқтар ұшты...
Арманын анық тапты,
Қазақ атын әлемге шарықтатты.
О, зымыран уақыт-ай,
Тез заулайсың,
Ол күндерге талай жыл болып қапты.

«Жер серігі» нәр алған дыбысынан,
Қанаттанды
Шығыстан шын мұсылман.
– Қазақ неге ұшпайды? – деп қағыткан,
Күндер өтті әзілден шын қысылған.

Қытығына тимеді қай көңілдің,
Дей көрмеңдер: «Сәуегей жай төгілдің».
Тоқтар ұшқан мезетте
Қайтарылды,
Жанға батқан есесі Байқоңырдың.

Ғарышкермін деп мен де күш аламын,
Құлагермін, құс болып ұша аламын.
Мақтаныш сол – ұшырды жұлдыздарға,
Жұлдыз қосып,
Өз ұлын өз алаңым.

Толқып кетті туған жер Қаркаралы,
Жұпар шашты ерекше таң самалы.
Осы еді ғой
Мұң жұтқан Мәди аға,
Қайсар ақын Қасымның аңсағаны.

Талай заман бұлқынтқан таза күшті
Айғақ етті,
Басылды азап ішкі.
Көтерілді маң дала мәртебесі,
Қазақ ұшты ғарышқа, қазақ ұшты!

Дыбыстармен, аспанда оттарменен,
Құбылысқа жыр қосып тоқтай берем.
Ғарышкерлік заманын бірге кешіп,
Жүргендеймін бұл күнде Тоқтарменен.

Дыбысынан баяғы «Жер серігі»,
Ғарышкердің әлемге келсе мыңы,
Мен Тоқтарды
Жырлауға жалықпаймын,
Ол – біз үшін ақталған ел сенімі.

Ұшырса деп қазағым өз түлегін,
Ұлытауға табынып көп тіледім.
Мен Тоқтарды Қобыланды, Алпамыстың
Ең тамаша жалғасы деп білемін.

Тоқтар ұшса қуанды ауыл қандай?!
Тына қалды Сарыарқа дауылданбай.
Мен Тоқтарды көремін ер Төлеген,
Батыр Мәлік, дауылпаз Бауыржандай.

Дала кенде болған жоқ батыл жаннан,
Байқоңырда ақталды хақым қалған.
Күлкісі де аумайды, мінезі де,
Рейхстагқа ту тіккен Рахымжаннан.

Өрге тепсем бұлт тескен тасыма да,
Сүйіншім, шаттығым басыла ма?!
Өз қолымен көремін ұшырғандай,
Ер Сағадат, партизан Қасым аға.

Қарқын алып аспанда дара құстан,
Сен ұшуға сай тудың жаралыстан.
Бар жүрегі лүпілдеп, сәт тіледі,
Тоқтар, саған туған ел – Қазақстан!

Өмір деген – жалықпас жарыс алаң,
Даналардың дарыды қаны саған.
Сен ұшқанда
Ұйқыдан оянғандай,
Аунап түсті-ау пейіште Қаныш ағам.

Аңыз болдың жетерлік мың ғасырға,
Ерлігіңе құлшынды құрдасың да.
Бір ақсақал: «О, Алла, тәубе», – деді,
Тақым қысып отырған қыр басында.

Шашу қайда
Сол сәтте шашылмаған?!
Қыз қалпында құлпырған ашылды алаң.

Тәттімбеттің тербеліп «Саржайлауы»,
Қайта құшты туған ел, жасыл далаң.

Жұлдызды жұлдыз қарсы алды

Жылдар өтті.
Тоқтармен кездесіп ем,
Мол кеңестік
Болған соң кең несібем.
Ашық-жарқын сөйлесіп, сұхбат құрып
Бүкіл қазақ отырдым жерлесімен.

Ғарыш-ғалам отырдым сұлтанымен,
Жүздескендей сезіндім нұр-таңымен.
Егемен ел сырластым саңлағымен,
Қаз дауысты Қазыбек ұрпағымен.

Сайрап жатты сан сұрақ ойымдағы,
Тулады бір ыстық қан бойымдағы.
Сол бір шақ қалды есімде Мұхтар аға
Мәртебелі жүз жылдық тойындағы.

Болды ма екен толқыған жырым кіндік,
Ғарышкерлік қиялдың сырын білдік.
Дайындалып жүр екен
«Жер серігі»
Салтанатты тойына қырық жылдық.

Біледі екен өрдегі, төрдегімді,
Айтады екен «Жезкиік» – өрдегі үнді.
Ұмытпапты
Үміткер күндерінде,
Сол алғашқы Наурызда көргенімді.

Ұнамадым, жоқ әлде ұнадым мен,
Көңіл аштым кең жүрек шырағымен.
Көкейімнен кетпейтін талай жылдар,
Қинап қалдым
Тым суыт сұрағыммен:

– Қаныш аға жұлдызын білесің бе?
Ұшып жүр ғой планета бұл есімде.
Ол – ғажайып ерекше дара жұлдыз,
Ғарыш төрі қазақтың үлесінде.

Қаныш аға!
Ол – біздің жұлдыз-дарын,
Оған мәңгі табынар шың-құздарым.
Ел біледі белгі еткен есіміне,
«Сәтбаев» деген әсем жұлдыз барын.

...Орындалып қалардай соңғы міндет –
Ұшып жүрген ғарышта сол күнде, – деп
Сұрай қалдым
Ауылдың шалдарынша, –
Қаныш аға жұлдызын көрдің бе? – деп.

Бір қарады күлімдеп Рахымжанша,
Дүр сілкінді жыр оқыр ақындарша.
«Көрмесе де,
Шіркін-ай, – деп жоримын, –
Құдай оңдап қасына жақын барса».

Бар жұлдызды бір елең еткізсе деп,
Тауып тұрмын жетеге жеткір себеп.
Өкініш қой ғарышта ғаламатты,
Сәлем бермей танымай өткізсе деп.

– Аға, – деді, –
Тамаша сұрағыңыз,
Кірсіз, мөлдір сұрақпен ұнадыңыз.
Өзімнің де арманым қарсы алу ғой,
Жүзі жылы ғарышта бұла жұлдыз.

Білем-білем,
Бір көру сынақ еді,
Іздеп барған мен едім мұрагері.
Көрінсе деп аңсап ем қыр жұлдызы,
Жұлдыздардың ғарышта Құлагері.

Ретімен табиғат көшелеген,
Өтті жұлдыз қисапсыз нешелеген.
Көп үңілдім
Табар деп өз жұлдызым,
Қазағыма бұйырған пешенеден.

Өтті ірі жұлдыздар,
Тым кішілер,
Өтті бірі ғарыштың түлкісі дер.
Көп толғандым,
Япырмай, көре алмасам,
Өкінішті өрт салған кім түсінер?..

Сенімі аз, япырмай, жасықпын ба?
Үмітім көп, ерекше ғашықпын ба?!
Көп жұлдыздың шашылған саф алтындай,
Бәрі бірдей екен деп асықтым ба?!

Болдым сондай кей кезде ауыр жайда,
Көзім түсіп,
Ет-жүрек дамылдай ма?
Әлде, шіркін, болумен әуре-сарсаң,
Іздегенім алдымда табылмай ма?!

Бірде кемем ағысын биіктетті,
Жұлдыз көші іргелес тиіп те өтті.
Алыстағы бір шырақ жанды ерекше,
Жан шыдатпай қинаған күйік те өтті.

Аққан жұлдыз тым-тырыс нәл көктегі,
Сәуле шашты алыстан дәлдеп мені.
Адам сенбес арпалыс жеңіп кетті,
Аялады қуаныш жер-көктегі.

Ғарыш-ғалам төрінде мәні бардай,
Күлім қақты бір жұлдыз жаны қалмай.
Жарқыл қағып алыстан
Заулап өтті,
Қаныш ағам ғарышта танығандай.

Сонда толқып кеткендей
Әлем кеңіп,
Жүк түскендей денемнен пәлен көлік:
«Ассалаумағалейкүм!» – деп жар салдым,
Салмаксызда салмақты сәлем беріп.

Көз алдымда
Ғажайып тасып елең,
Деп те ұмтылдым
Бір сәтке қасына ерем.
Ұштасқандай жарқ етті жарық сәуле,
Ыршып шыққан көзімнің жасыменен.

Бұра алмадым
Межелі жолды алысқа,
Оранғандай қуандым мол табысқа.
Әлгі жұлдыз
Есімде қалды мәңгі,
Көргендей боп тебірендім толғаныста.

Сәт осы ғой көсіле мақтанатын,
Мақтанатын, әлемге жар салатын.
Қандай жақсы Қаныштай аға бары,
Жұлдыз болып ғарышта қарсы алатын!

Сансыз жұлдыз
Құлпырған гүл-көктемдей,
Шарықтадым жанымды түрленткендей.
Сәті түсіп «Сәтбаев» деген жұлдыз,
Дәл қасында бір мезет бірге өткендей.

Ағат сөйлеу жоқ менің мінезімде,
Ағып өтті жұлдыздар лезінде.
Бірақ сонда түсіндім,
Қаныш аға,
Қанша құдірет болғанын бір өзіңде.

Жайна-жайна,
Данышпан жұлдыз-дарын!

Қандай жақсы түнде де күндіз барың.
Мақтан етем аңыздай әңгімелеп,
Ғарышта да Қаныштай жұлдыз барын, –

Деп тоқтады әр сөзге маңыз беріп,
Нұры жайнап тебіренді, жаны ізденіп.
Мен отырдым
Ғарышта жүргендей боп,
Ол отырды шын жұлдыз тәрізденіп.

Мұхтар тойы толқыса маңайымда,
Абай ата аңғардық арайын да.
Үзілісте үмітім үкі шашты,
Қаныш салған ғылымдар сарайында.

Жүрегімде мың жұлдыз жарысқандай,
Жан толқытқан мезетте
Мәніс қандай?!
Тоқтарменен әдемі сұхбаттастым,
Ортамызда данышпан Қаныш бардай!

16.10.97

ҚАНЫШ ЖӘНЕ ҚАРСАҚБАЙ

I

«Қара қазан Қарсақбайы» қазақтың,
Қаныштың айтсам,
Мыс қызулы наз арттың.
Жұлдыз-бейне, жүзге келген дананың
Рухымен жан-жүректі тазарттың.

Өткерген ек
Талай қиын өткелді,
Тәуелсіздік туған елге дөп келді.
Ізін көріп, тебіренемін Қаныштың,
Жүзін айқын көрсеткендей көп белгі.

Тасқындаса өмір-майдан жарысы,
Қарсақбайда
Қолдау тапты намысы.
Қызғанбаңдар Баянауыл, Жезқазған,
Ол – кемеңгер бүкіл қазақ Қанышы!

Әнге ораса Баянауыл мың сырын,
Қарт Ұлытау құшақтатты қыр гүлін.
Ойлы көзбен
Жер-анамен сырласса,
Кербез дала естіртті мыс сыңғырын.

Естеліктер
Ерте оятса мені де,
Ер салайын өлең-құлагеріме.
«Қара қазан» алаулатсын жалынын,
Ақиқатты дабыл еткен еліме.

Жас Қанышты жетелесе мың арман,
Осы өлкеде бақыт жолы құралған.
Жезқазғанды бар ғаламға паш етті,
Дұшпан шошып,
Дос шығардай құмардан.

Қарсыластар бөгет құрса қаншалық,
Ол да қызды
Өршеленіп соншалық.
Қарсақбайды мекен етті он бес жыл,
«Шет түкпірден» жер шарына жар салып.

Бұқар жырау сырын ұқса балалық,
Бұла күшпен өріс тапты даналық.
Абай, Шоқан, Сұлтанмахмұт арманын
Ұлытауға алып келді нар-алып.

Сарыарқалық Венеция саналып,
Жас Жезқазған ұшты аспанға ән алып.
Сұлу сәулет

Шексіз дәулет ордасы,
Өсіп еді-ау Қарсақбайдан нәр алып.

Жаңа шаһар етсе аймаққа ағалық,
Беу, ағайын! Бір тәубе айтып алалық:
Көктен түсе қалғамыз жоқ,
Бәріміз
«Қара қазан Қарсақбайдан» тарадық.

II

Қаныш аға жүзі қоймас тамсантпай,
Үлкен-кіші үңілетін қас қақпай.
Батыр тұлға,
Батыл туған, мейірбан,
Бұйра шашқа ғашық болды Қарсақбай.

Десе біреу:
– Сен мақтауға мырзасың, –
Бас иемін. Бірақ байқа, сырласым.
Әз келбетін жеткізе алмай келемін,
Ақ сәулелі күлкісі мен нұрлы, асыл.

Аңыз адам біткен бойға ерендік,
Сансыз қырлы, біз таңыркар көп ерлік.
Жезге толы
Ашты сиқыр сандықты,
Жиһазына бүкіл әлем сенерлік.

Нағыз тарлан талас-тартыс көп көрген,
Таймай өтті талай мұздақ өткелден.
Серго дейді ағамызды серпілтіп,
Сақ қыранның самғауына сеп берген.

Қажу білмес
Жас арыстан тәрізді,
Сыры берік үні қандай маңызды?!
Сенді нарком жас ғалымға көзі өткір,
Сөз бен ісі бауырласқан жаны ізгі.

Жақсы адамға үйір келер жақсы арман,
Қанышты да ерлік жолы басқарған.
Жез қоймасы
Торсық емес томпайған,
Ол – сарқылмас саба деуден басталған.

Ағылшындар жасырған да ашынған,
Мыс көбейді,
Қалды сонда ғасыр таң.
Есебінен Мәскеу менен Лондонның,
Қарсақбай мен Қаныш өнер асырған.

Кеменгерге арнап сөздің нұрлысын,
Алтын зерлі жасай алсам жыр-мүсін:
Жез таулардың қыз-қойнауын кең ашып,
Ол көрсетті шын даналық үлгісін.

Кемел ойын
Терең сырға арнапты,
Кең далаға көк тұмансыз таң да атты.
Қарсақбайдың жартасында тұрған үй,
Жас қыранды құзар шыңға самғатты.

Құтты жылдар сәтті күнін санадық,
Қаныш жолын – бақыт жолы баладық.
Көктен түсе қалғамыз жоқ,
Бәріміз
Қарсақбайда сол «Ақ үйден» тарадық.

III

Қолдарында сүңгі, балға, қайласы,
Қайласына сай еді ғой айласы.
Алға басса
Деев және Сәтбаев,
Кең ашылды мыс-дария арнасы.

Бәрі солай...
Тағдыр бірге қосқаны,
Күш көбейді барлаушылық қостағы.

Түсіпбектер, Әбікендер,
Шенеулер,
Шендіні емес, Қаныш сөзін қоштады.

Шектен шығып,
Көп кетпейін тереңге,
Тәлкеновтер алыс сілтер менен де.
Сексен жасын ұмытты ғой Аллаяр,
Шәріпұлы Зейнешті айтып берерде:

– Қаныш ойын
Қастерлеуге қымсынбас,
Сол еді ғой жас ғалыммен шын сырлас.
Қарсақбайда райкомның хатшысы,
Қан майданда каза тапты қыршын жас, –

Деп ағамыз
Дана сырын көп тізді,
Соқпақтары тастап кеткен жоқ бізді.
Қаныш аға
Кен іздегіш табысы,
Бар аймақты мол ырысқа жеткізді.

Өзіне ұқсар зор бағандар жондағы,
Кен барлағыш мұнаралар орнады.
Көп аспапты оркестрге айналды,
Даладағы жалғыз гудок сондағы.

Талай көрдім «Желді адырды» еңсеріп,
Көп киікті жолды кескен белсеніп.
Дөңгеленіп кетуші еді
Кең дала,
Қара көздер жарқылынан теңселіп.

Жас қалаға тамсап көңіл бөлесің,
Жаңа зауыт апайтөсін көресің.
«Орбитаның» шарайнасы
Байқап тұр,
Байқоңырдан ұшқан ғарыш кемесін.

Асыл аға бар қиялы тұр тұнып,
Алғыс айтты гүлзардағы гүл-шыбық.
Нар шахталар Қаныштың деп қасқайып,
Көк тіреп тұр,
Кен тасытып құлшынып.

Солай, достым,
Бас шайқама, бәрі анық,
Осы өңірден шықты ерен сан алып.
Көктен түсе қалғамыз жоқ,
Бәріміз
Сол шахталар қалқанынан тарадық.

IV

Мыс ордасын жырлауы бар жырлаудың,
Сүмбіледей күз келгенде бір жаудым.
Өзі өлең ғой «Сәтбай» деген бір сөздің,
Керегі жоқ сөзбұйдалап сырлаудың.

Беу, Ұлытау! Құт-береке бөктерің!
Елге – ұран,
Ұрпаққа – аңыз өткенің.
Ер Едіге аруағы қолдады,
Сәт септескен Қаныш аға мектебін.

«Қара қазан»
Қайнатқаны – жер кені,
«Қара мұрын» балқытушы терледі.
Қара мұртын ақын Тайжан бір сипап,
Қара сырнай
Сақ-сақ күліп желдеді.

Бірге күлген
Дүлдүл ақын келді үні,
Қаныш аға зор құрметі белгілі.
Мәскеуді де тамсандырды Тайжекем,
Жыр боратып Қарсақбайдың ерлігі.

Өзге ақынның неде десең кемдігі,
Тар шеңберлі ұшар қанат кеңдігі.
Ауыл үйден айналшықтап шықпайды,
Арық малдай талды ықтаған жел күні.

Отырсың деп кімді қатты жаншылап,
Қайран қалма,
Беу, оқушым, хал сұрап.
Ақындықтың туын жықпай өтем деп,
Өзімді-өзім келем қатты қамшылап.

Тарландардың тоздырмаспын танбасын,
Беріп кетем бойға біткен барды асыл.
Кен іздеген Қаныш аға секілді,
Ағынды жыр сөз сарасын таңдасын.

Серпілемін соның бәрін ескеріп,
Оған куә тап осынау естелік.
Қарсақбайдай
Құтты жерді жырлауға,
Жүруші едім жүрексініп, сескеніп.

Ақын болсам сөзімнің зор беделі,
«Жезкиігім» заулап, жүйткіп келеді.
Кеншілігім маған бақыт арнаса,
Қаныш аға аруағы жебеді.

Кең шарласам бүгін өмір белесін,
Арқау еттім Қаныш аға елесін.
«Қам көңілді ән көтерер» деген бір
Өз аузынан естіп едім кеңесін.

Күй күмбірлеп, жыр ескенде даладан,
Бүкіл дүние тамсанысып қараған.
«Қызыл ішік», «жез қанатты» әуендер,
Ақын Тайжан сырнайынан тараған.

V

Арыстарды аркау етіп сөзіме,
Зер саламын алғыр сұңқар кезіне.
Штифанов, Гурбалармен парапар,
Деев кейде көп түседі көзіме.

Жеңіс көрсек қызу өмір-майданнан,
Аға жолы ақыл, сезім, ойды алған.
Аңыз-дастан
Бақыт құсы бар болса,
Деевтерге Қарсақбайда байланған.

Деев жайлы қызық хабар көп алдым,
Тағдырына шын құмартқан болармын.
Молақов пен Мамақовтан естіп ем,
Сәтін тапты
Біздің де оқ жанар күн.

Ол жылдарда жеңілістен жеңіс көп,
Мақсат емес бәрін айту тегістеп.
Шалабай шал сипаттайтын Деевті:
«Нағыз қазақ, әттең, діні орыс», – деп.

Шарықтатса ағаларым жыр құсын,
Ізет тұтам ізі сөнбес тың күшін.
Дәл келді де
Әл берді ғой Сәтбаев,
Сәндендірер сәтте елдің тұрмысын.

Деев десең ақиқатшыл мән тауып,
Кетем кейде өлең түгіл әнге ауып.
Қарсақбайдан Байқоңырға жол салған,
Қызықтырды өр мінезі самғауық.

Ардагерді мадақтау да керек бір,
Неге десең
Шындық айқын жебеп тұр.

Қанекеме шын қамқорлық көрсеткен,
Қарсақбайда Деев тұңғыш директор.

Бүкіл аймақ ардақтайды арысты,
Иваным да иман етті Қаныштың.
Сол екеуін қадір тұтып жас күнде,
Болжай білдік шалғай шеп пен алысты.

Дана үшін айтар табыс жетерлік,
Жол да түсті Жезқазғанға жетер тік.
Жас ғұлама жан аямай тер төкті,
Жер байлығын ел байлығы етерлік.

Қайдан десең асылдықтың арнасы,
Беу, металлург!
Ақиқатты жалғашы!
Бексұлтанов, Әбдірахманов, Мәткенов
Дегендерің Деевтердің жалғасы.

VI

Қарсақбайдың азайтуға бар дертін,
Септесіп ем жеткенінше қауметім.
Бүгін жырға жалау еттім Қаныштың
Металлург боп туған асыл әулетін.

Сыпыра мадақ,
Сидаң сөзбен шектелмен,
Намыскерміз ауыр күнді өткерген.
Ғарышкерміз дей алмаймын... дұрысы –
Жарыскерміз Қаныш жолын өткерген.

Әсем жырды әлдилесе ұзақ түн,
Өшті ізі көңілдегі сызаттың.
Қуанышбек, Мырқы, Қадыр, Төлеген,
Сендерге арнап жүрек құсын ұзаттым.

Жүрсем-дағы талай жылдар жыраста,
Көзде – өздерің,
Сөздерің жүр құлақта.

Қаныш аға түлегі боп құлшындық,
Өмір деген
Мың арпалыс сынақта.

Кеңгір, Жезді!
Еш сырым жоқ жасырған,
Мен үшін сен қасиеттісің асыл маң.
Қаныш десем ер Едіге елестер,
Ұлытауым – киелі төр бас ұрған.

Қаныш десем көшкен бұлтқа ұмтылған,
Жыр тасыды, көкірегімде бұлқынды ән.
Қай қияда жүрсем-дағы таймаймын,
Мыс қайнарлы қарсақбайшыл ғұрпымнан.

Қаныш десем болашаққа шарықтар,
Мұқан, Баубек –
Естен кетпес алыптар.
Жақсыкелді, Шынболаттың дүбірі,
Киелі өлке атын талай анықтар.

Не бітірдік десең, достым, не білдік,
Кен қопардық, мыс пен күміс өндірдік.
Армандадым оралсын деп жырыма,
Қаныш аға көңіліндегі мөлдірлік.

Беу, жолаушы!
Бір қарашы далаға!
Ұқсап тұр ғой
Тау да, көл де данаға.
Күн күлкісі Қанекемнен аумайды,
Әз бейнесі тұрар жайнап санада.

Сарыарқадан ескен самал сыбыры,
Осы еді ғой
Айтар сөздің тұнығы:
Жезқазғаным – ол ақиық Сәтбаев!
Қарсақбайым – жас қыранның тұғыры!

1998

БӘЙКЕН ЖОЛЫ

Еңбек Ері Бәйкен Әшімовтың 90 жылдығына арнадым

Сөз басы

Қос қанаты сабыр мен шыдамдылық,
Бәйкен аға мүлт баспас қыран-жігіт.
Аштық жылы әкеден айырғанда,
Жетімдік те жетілткен сынай біліп.

Қарқынында Құлагер шабысы бар,
Есіл, Нұра, Іленің ағысы бар.
Жаны таза, мейірбан, қарапайым,
Нағыз қазақ,
Мағжанның намысы бар.

Асыл абыз 90-ға келді бүгін,
Арыс тұлға паш етем ерлік үнін.
Майталманын қазақтың мақтан етіп,
Көтерісем той-шеру елдің жүгін.

Мінезі жоқ төс қаққыш дабылы мол,
Жеміс берді Жеңіс пен сабырлы жол.
Білді аз сөйлеп, көп істі тындыруды,
Елге арналды бойында дарыны мол.

Қалды артта аштық пен ажал қуған,
Соғыс та өтті ел жылап аттандырған.
Бейбіт күнде басына бақыт қонып,
Туды ашық таң ақтангер атандырған.

Қайда жүрсе ақылмен өрлегендей,
Көз тояр ма абызды төрде көрмей?!
Қарай қалшы тоқпейіл келбетіне,
Дым қиындық ешқашан көрмегендей.

Қарағанды, Көкшетау, Талдықорған,
Көшін бастап көнермес ізі қалған.
Сырымбеттің саңлағы сері күнде,
Баянауыл ең сұлу қызын алған.

Қай заманда қайын жұрт сүйеу, пана,
Болды ағамыз Қанышқа күйеу бала.
«Ғаһар тойын» өткізген Алатауда,
Көкшетаудың саңлағы біреу ғана.

Ел көзіне сүйкімді көрінетін,
Аға-жеңгем самғады емін-еркін.
Сынын, сырын ұрлатпай егде күнге,
Екеуі де сақтап жүр кербез көркін.

Нық азамат артында ізі мөрлі,
Шын қазанат сан қилы жүкті көрді.
Он төрт жылдай Премьер бола біліп,
Нұрсұлтанға тапсырды құтты төрді.

Тәуелсіздік ақ таңы атарында,
Ол қолдады жаңа өмір сапарын да.
Елбасына келеді аға болып,
Ел абызы ең үлкен қатарында.

Демесек те, біз де бір балтаңдаймыз,
Адал жүрек бұйрығын қайтармаймыз.
Қирабаев секілді сілтеу қайда...
Қабдоловтай қасқитып айта алмаймыз.

Кісілігі адамды тамсантады,
Ел сүйсінер сыры мол басқа тағы.
Не десек те, қазақтың Бәйкен аға,
Осы күнгі ең үлкен ақсақалы.

Сөз арнасақ ардақтау жөні келіп,
Одан артық берерміз нені бөліп?
90 жылдық тойымен нар тұлғаны,
Құттықтайық бар қазақ елі болып!

Бірінші бөлім

Тамсандырса сан елді тарлан ері,
Таң қалдырса кең самғап барған төрі,
Еңбек Ері атанса жұлдыз тағып,
Киелі ғой кіндік қан тамған жері.

Солтүстікте, Ғабиттің ауданында,
Сәбит елі арттырған салмағын да
Аты әйгілі Шабақбай ауылы бар,
Сырымбет пен Саумалкөл ар жағында.

Сұлу алқап тоғайға ерген көлі,
Шексіз орман отардай өрген төлі.
Ақ қайыңдар ақ күміс алқалаған,
Кәусар бұлақ, мөлдір су өзен-көлі.

Ата жұрты ежелгі – Әлменағаш,
Жан-жағына жасайды сәнмен талас.
Абылай сүйген атақты Көшқұлыны,
Қазақ түгіл біледі бүкіл Алаш.

Бұл әулеттің Шабақбай ардақтысы,
Көшқұлы – Ораз ішінде саңлақ кісі.
Есімімен ескі ауыл аталады,
Туды осында Атығайдың сан жақсысы.

Ай-хай, шіркін! Іргелі ел думанды еді,
Қыздан сұлу, көп өсті ұлдан сері.
Бастау алған көк Есіл киелі алқап,
Сол маңайда Бәйкеннің туған жері.

Ақ қайыңдар ақ балтыр аппағын-ай,
Кім тұрғызды жалаңаш сапқа бұлай?!
Судан шыққан көрші ауыл қыздарындай,
Көз шыдатпас пәледен сақта, Құдай.

Айыртауға алқа ағаш беттегендей,
Көш түзепті жетердей көп бөгелмей.

Шалқар жаққа ну қайың шұбырыпты,
Ақан-Борлық алқабы жетпегендей.

Кең жазықтың ортасы егіндік те,
Жайқалып тұр сай-сала тебіндікке.
Ақ бидайдың ішінде қалған зират,
Сырын айту түспейді тегіндікке.

Көл шетінде мол қамыс, қызыл шілік,
Желкілдейді жер бетін сызылдырып.
Талай ғашық түбінде тіл табысқан,
Күрке талы жіберер қызындырып.

Сыланып тұр көк терек сыптығыры,
Еңсең өсер күншуақ құтты күні.
Көл бетінде аққу-қаз саңқыл қағып,
Әнге бөлеп дүниені жатты үні.

Ақан сері бұл жерге көп келетін,
Құба белге Құлагер өң беретін.
Керей, Уақ, Қыпшақтың бәйгелерін,
Атығай мен Қарауыл өңгеретін.

Ақтоқтыға арналса сыбыр кілең,
Ел жиналар жазғы кеш іңірінен.
Жаны мырза осынау ел ерте оянды,
Ақан әні, Құлагер дүбірінен.

Ақ астаудай Алакөл жарқыраған,
Маңайында өсті өңкей жарқын адам.
Ақан сері, өзгеден артық көрген,
Өнер сүйгіш ұнайды салты маған.

Әлдекімге мұңлы ақын көз қадады,
Шабақбайға әйтеуір көп барады.
Қызыл кеште қызғанда алтыбақан,
Ақан әнін бұл маңай көп салады.

Сабақ алып кең жалған бәсін қуды,
Асылдар көп бұл жерде аты шулы.
Шабақбайға шөбере, осы ауылда,
Жақып байдың баласы Әшім туды.

Ақан сері дарыған аруағы,
Бітті Әшімге ақжарқын жан шуағы.
Батыр тұлға, аққұба, нар жігіттен,
Досы жайнап, дұшпаны қалтырады.

Сұңғақты да сымбатты шымыр дене,
Қызды ауылға тез қызды дүбірге де.
Сырымбеттің сұлуы Сақыпты алды,
Байдың қызы заты тең түбірге де.

Сақыпқа жұрт ай келбет таң қалатын,
Құрбылары құбылта ән салатын.
«Сарыарқаның ең сұлу қызын алдым», –
Деп Әшім де әндетіп мақтанатын.

Әшім сері сан өнер, көп білгені,
Мерген, балуан, ақылды, өсті іргелі.
Шымқай дүлдүл жылқысы, әсем еді,
Мінген аты байлапты сан жүлдені.

Сөзге шебер, күрессе тәсіл де көп,
Ақындықтың қосты өткір бәсіне серт.
Өзі сері, ақжарқын, ел айтатын:
«Құлагерден кейінгі ат Әшімде», – деп.

Он жетінші жылдағы естіп шуды,
Қазанға да қаз тұрып белін буды.
Жаңа өмірге шыр етіп, жар салғандай,
Құдай оңдап, тұңғышы Бәйкен туды.

Маңдайы ашық, болардай нағыз дана,
Ойлы жүзін айта алар аңыз ғана.
Әкелді Әшім қолына бар әлемді,
Тойған қозы секілді сары бала.

Жыласа да дыбысты бірден ұғар,
Әке әніне, дүбірлі күйге шыдар.
Бірдеме бар жарқ еткен жанарында,
Жымиғанда нұр төккен күнге құмар.

Ата-баба жар болар киесі көп,
Қуаныштан Әшімнің дым есі жоқ.
Той үстінде әмбеге өзі айтты:
«Осы балам жаңа өмір иесі», – деп.

Әкесі жоқ бола ма бала шатты,
Нәрестенің аспанын аласартты.
Алты ай ғана толғанда Бәйкеніне,
Әшім сері кенеттен қаза тапты.

Жан жарасын келмесе жаңалатқым,
Білем сырын осындай ғаламаттың.
Мен қырқымнан шықпай-ақ әкем өлген,
Отыз екінші жыл төлі – аманатпын.

Өмір заңын жолдайды тірісіне,
Кім көндікпес тағдырдың бұл ісіне?
Қосты ел-жұрт
Сақыпты бір жылдан соң,
Қабдолла атты Әшімнің інісіне.

Көрдім бала кезімде Қабекеңді,
Арыстар бар жоқтатпас өз әкеңді.
Жас Бәйкенге әрі аға, әрі әке боп,
Тірлігіне үр жаңа мән әкелді.

Оқытты да үйретті төзімдікке,
Қорғасындай балады сөзін жүкке.
Айтқанында тұратын берік еді,
Ақыл жеңер өз жолын сезім күтсе.

«Аштық келіп жоқшылық кетсе меңдеп,
Бәйкен аман, – ойлады, – өссе екен, – деп. –
Ойлы бала бір тетік таба білер, –
Армандады, – қалаға жетсе екен», – деп.

Жаны ашыған ұсынса аға жолды,
Ойлай-ойлай ақыры бала көнді.
«Есен болғай ауылда өздерің», – деп,
Енді аңсары алыста қала болды.

Ерте кеткен әкенің жалғызы еді,
Қатқан шемен көкіректе қалды шері.
Он бес жаста аттанды бала Бәйкен:
«Қайдасың, – деп, – тіршілік «алғы шебі?»

Көп күрсініп артында ана қалды,
Ауыр жолда өмір тез жаңаланды.
Ілкім сәтте
Жан пида ақ мейірі,
Бұрынғыдан артықша бағаланды.

Тоқтады ана, толқытпай тынышын алып,
Беттен сүйді шолп еткен үн шығарып.
Ағайынмен ілесіп,
Қызылжарға
Аттануға жалғыз ұл тұр сұранып.

Көрші-қолаң жиналған қора тола,
Айтатыны бәрінің: «Алла, тоба».
Құлын-тайдай құлшынған балалықпен
Жас жеткіншек қоштасты біражола.

Шешіміне ұлының тойды ма ана,
Жол бөгеуді
Тәуекел – жойды сана.
Бата берді: «Жаратқан, жарылқа!» – деп,
Аз үмітін ұлғайтып ойлы бала.

Шайлықтырмай бітсін деп жүректілік,
Кеңес берді оң сапар тілеп тұрып:
«Көкшетауға жет, – деді, –
Еспай ағаң,
Әрі қарай жіберер ілектіріп».

Отыз екінші аштық жыл басындағы,
Зар қақсаған даланың ашынды әні.
Жолға шығу,
Ол-дағы қалың қасірет,
Өжет қосшы болмаса қасыңдағы.

Аштық, өлім...
Қаусатқан көп арықты,
Елдің сиқы, өрт шалған, жоғалыпты.
«Жығылғанға жұдырық» дегендейін,
Аз көмегін үкімет доғарыпты.

Аштық жайлы бастықтар тілге келмей,
Үндемепті дені сау іргелі елдей.
Бар кесапат сонда ғой:
Ар жоғалды,
Міз бақпаса Сталин білмегендей.

Көріндік пе жабысқан кесірдей жүз?
Ашынттық па
Әлде зор өшіндей біз?!
Не де болса,
Кеңестің сол сұмдығын,
Қазақ халқы ешқашан кешірмейміз.

Сең соққандай судағы құсты түнде,
Қайран қазақ
Сандалма түсті күйге.
Зеңбірекпен атқандай сұлап жатты-ау,
Сансыз адам Көкшетау түстігінде.

«Ақ әскер қырып жанды алды,
Қызылдар қолда малды алды.
Қореқсіз қалды ауылым,
Енді алмаған нең қалды?!
Руымды сұрасаң –
Қарауылда Шоқтыбай.
Қыршын жасқа кез болған
Шіркін, малдың жоқтығы-ай!» –

Деп зарлайды жас әйел баласымен,
Аш-жалаңаш, жүректе жарасы кең.
Орман-тоғай қосылып, жаңғырығып,
Ел қоштасып барады даласымен.

Айтып болмас ол апат зобаланды,
Бірін-бірі көз көрді тонағанды.
Қара жолдың жиегі қырылған ел,
Үйме-жүйме көп өлік обаланды.

Өлімтікке жабысып құзғын-қарға,
Бастырмайды аш, долы ізіңді алға.
Есекеңе жетті есен бала Бәйкен,
«Не де болса кетем, – деп, – Қызылжарға».

Еспай аға
Кең мінез жақсы кісі,
Ауыр жолда әдейілеп тапса інісі;
Аттандырды поезбен Қызылжарға,
Таныстарға жүк болып тапсырысы.

Елден шықса көңілде нұрлы үмітпен,
Болды Бәйкен тапқандай күнді күткен.
Аман барды аңсаған Қызылжарға,
Асыл аға тапсырған бір жігітпен.

Сәт оралды,
Жебеуші жаңылмады,
Береді ғой бергенге барын тағы.
Қандай бақыт десеңші
Құдай оңдап,
Іздеп келген ағайын табылғаны.

Өздері де азыққа тапшы еді ғой,
Барын бөлді – жас бала аш деді ғой.
Қолда барын бөлісер
Шын бауырмал,
Ол кездегі ағайын жақсы еді ғой.

Қала-дала кеткендей зираттанып,
Қабірстан қазақты қиратты анық.
Жұт жұқарткан Айыртау балдырғаны,
Тез есейді...
Есілде ширақтанып.

Ойлап басты, мінез жоқ бұзып-жарған,
Алғырлығы әл беріп тізілді арман.
Үзім нанға қол жетті,
Жүзі жанды,
Шын талғажау бұйырып Қызылжардан.

«Құймақұлақ», «мығым қол», «басы мықты»,
Кешіп өтті «аш қарын» тапшылықты.
Басқарар деп үкіметті
Кім ойлаған,
Деподағы «қолбала» Әшімовті?

Тірі қалды.
Төңірек өзгеленді.
Коң жиналды. Оқуға тез жөнелді.
Техникумдар бүгінгі институттай,
Маман етер қияға өрлегенді.

Беу, ағайын! Анықтап салсаң құлақ,
Бақыт осы – емес-ау жалған жұмақ.
Бәйкен үшін оқудың ең тәуірі
Николаевка техникумы болған тұрақ.

Жатақхана құт берді босағасы,
Шынықтырды қу тақтай төсағашы.
Көкшетау мен Қызылжар
Жас түлекке
Болып еді арда емген қос анасы.

Аз емес-ау жүрекке еккен арман,
Жақсы болды қол жетер шетке барған.
Өтті күндер

Аш-арық, жұт жайпаған,
Жалғыз ағаш жайқалды өртте қалған.

Аяз кешіп,
Кеншідей жақұт терген,
Қиындығы аз емес татып көрген.
Бәйкен разы
Солтүстік Қазақстанға,
Бойға қуат, ойға өріс, бақыт берген.

Партияның жүгі бар талғамында,
Комсомолдың жұмысы салды ағынға.
Еңбек жолын алғашқы бастау үшін,
Қалды әйгілі Ленин ауданында.

Ер комсомол ержүрек бөлімінде,
Бастырмайды аяқты сері күнге.
«Белесепедпен» аралап колхоздарды,
Жаңа заман көрсетті көлігін де.

Қандай ғажап бұл елдің адамдары,
Заманға сай, таза қол – адал бәрі.
Сабақ алды,
Құтты өтті көк Есілде,
Көкшетаулық жас қыран қадамдары.

Кейін мықтап игерсе астананы,
Игіліктің жоқ екен басқа мәні.
Адамшылық, ар-намыс ер жігітке,
Ең алғашқы қадамнан басталады.

Екінші бөлім

Тез кету қайда оңалып,
Қабағын тағдыр ашпаса.
Ауылдың шеті жоғалып,
Аулаққа тағдыр бастаса.

Сағындырды қамар бел,
Сырымбет таудың етегі.
Желпіндірген самал жел,
Ақ қайың көзден өтеді.

Түседі еске туған жер,
Күрке тал мамық қойыны.
Айдыны шалқар Саумалкөл,
Аққудың кербез мойыны.

Қалың ағаш қапталы,
Қаптаған шие, бүлдірген.
Шие терген қыздар-ай,
Жүздері жүрек тілдірген.

Аспандағы жұлдыздар,
Махаббат мың-мың көздері.
Сырымбетте бір қыз бар,
Есінен кетпес сөздері.

Міндетті әскер мерзімі,
Біткенде елге оралды.
Ержеткен бойдақ – дер күні,
Ұялшақ мінез жоғалды.

Сыптығыр бойы әдемі,
Аққұба кербез, кең маңдай.
Сұлуға жеткен сәлемі,
Жүрегін жұлып алғандай.

Ләззаттан шырын татады,
Бал құндақ кімді бөлемес?!
Үйретті-ау әскер қатары,
Қулығы да жоқ емес.

Ақыл тапқан ойласа,
Мақұл көрер мың кісі.
Тәтті әзілмен ойнаса,
Бауыр басты құрбысы.

Қызықты тағдыр тежеткен,
Болса да қанша әдепті.
Басталды соғыс кенеттен,
Қан майданға әкетті.

Қай қырғыны болса да,
Шен-шекпен, алғыс көп алды.
Жарақаттанып Польшада,
Төрт жылдан кейін оралды.

Қажырлы қайсар майдангер,
Жараға ауыр көндіккен.
Жеңіске жетті қайран ел,
Тойтарды жауды ерлікпен.

Сырымбеттегі мектепте,
Ұстаз боп бала оқытты.
Офицер қыздан шеттеп пе,
Ғашықтық ғылым тоқытты.

Қылығы басар дертінді,
Жүрекке салып жара тез.
Би-Фатима секілді,
Жолықты ғажап қара көз.

Бұраң бел желге майысқан,
Есілдің құба талындай.
Үздігіп жүрек табысқан,
Шыдатсын қайтіп табынбай?!

Бір көрсе мәңгі зар етер,
Кездесті нағыз асыл жар.
Мейірімді, маңғаз жан екен,
Жүзінде тұнған ақыл бар.

Ғашықтық оты дарыған,
Махаббат сөнбес жалыны.
Бәйкенді бірден таныған,
Қыз екен асқан дарыны.

Баянның қызы, Көкшеде
Жас сұлу Бақыт кездесті.
Танысып көп күн өтсе де,
Ақыры соңғы сөз кесті.

Дәстүрім берік жарғыдан,
Кім жөптемес жөн істі?
«Ата-анамның алдынан
Өтем», – деп Бақыт келісті.

Салса да назар ұлға да,
Шындықты жөн ғой мақұлдау.
Қай заманда да қыз бала,
Әкесіне жақындау.

Асығыс асыл тілегін,
Сол күні айтты ашық қыз.
Жігітті тосқан жүрегін,
Тостырсын неге ғашық қыз?!

Байыпты сөйлер әрқашан,
Әсекең айтты бекемдеп:
«Бәйкеннің өзі, байқасам,
Есі бар жігіт екен», – деп.

Сырымбетті жөн болмас,
Асығыс айтып өткенім.
Көп ұстаз тапқан сан жолдас,
Менің де сол ғой мектебім.

Қуанам тәлім алғанға,
Көп жылдан кейін барған төл.
Бәйекең бастық ауданда,
Астана – біздің Саумалкөл.

Тағдырға тағзым қылайық,
Кез келсе меже шамалар.
Жеріме елім лайық,
Еліме лайық ағалар.

Шәкірт деп сүйсе зерек бір,
Бәйкенге кейпін ұқсатам.
Ақ патшадай директор,
Есімде ұстаз Мұсахан.

Еспай ағай сол кезде
Интернатты басқарды.
Кісі еді-ау бармас көп сөзге,
Баурағыш жаны жастарды.

Төңірекке аты бекінді,
Қашаннан аруақ дарыған.
Академия секілді,
Біздің мектеп дамыған.

Ақтоқтыдай серуенде,
Ғаламат талай қызы бар.
Құлагер шапқан белдеуде,
Асыл жер құтты ізі бар.

Сал Сырымбет етегі,
Ақ астаудай Жеке көл.
Елестеп көзден өтеді,
Саумалкөлге төте жол.

Ақан, Шоқан, Біржан сал,
Үкілі Ыбырай жүрген жер.
Абылай қонған асу бар,
Бар қазақ үшін үлкен төр.

Біздің мектеп сұлуын,
Бәйкен аға алғаны.
Айғаным төгіп жылуын,
Ақталды асыл арманы.

Қай қияға барса да,
Сұранып қармақ ілмедік.
Сол мектеп қызын алса да,
«Жездеміз» деуді білмедік.

Тіршілік сәтті жетегі,
Қызыққа қанша жеткізді.
Дер шағында екеуі,
Үйлену тойын өткізді.

Тақтырып әдемі жақұтын,
Сәукелесін сәнді етті.
«Бақытым – менің бақытым», –
Деп ағамыз әндетті.

Соғыстан кейін Көкшеде,
Кешті өмір Бәйкен дауылын.
Қай биікке жетсе де,
Бастады құтты дәуірін.

Көңілде жатқан елеңді,
Өлеңге қосып жалғасам:
Айыртау, Көкше, Зеренді,
Алғысын айтар әрқашан.

Тізуге бәрін сөз жетпес,
Бірінен-бірі көркем жер.
Құттықтайды Оқжетпес,
Тоқсан жаспен сексен көл.

Беделің елде көп сенің,
Жылылық жеткіз солмай гүл.
Болашағын Көкшенің,
Баяғыдай ойлай жүр.

Мінезім қайсар, болған тік,
Бұлтарыс жоқ қой сөзімде.
Ауылдың халі толғантып,
Толғана берем өзім де.

Әшімов аты шықты, дараланды,
Шақырды ауыр күнде Қарағанды.
«Теміртау төңкерісін» басқан кезде,
Айқасқа аласапыран бара қалды.

Теміртау шын қырсыққа зор килікті,
«Төңкеріс» тік көтерді әр түндікті.
Бір-екі күн ішінде қолына алды,
Наразы жұмысшылар бар билікті.

Жойылды көшелерде самсаған шам,
Ақ міндет арға көшті арсалаң сан.
Құнын жеп «өзіміздің» жігіттердің,
Төгілтті шетелдікке «қаншаны алсаң».

Суы да, сырасы да ақпай қалған,
Шындыққа атой салды көп сарғайған.
Әйтеуір бір керемет дүрмек болды,
Ұрғандай Кеңес елін қақ маңдайдан.

Брежнев Мәскеуден кеп зіркіретті,
Қайырды оқ күшімен Үкіметті.
Сол кезде Қарағанды басшылары,
Ұшырап топаланға сұрқы кетті.

Тетік көп әр аттаған қадамында,
Малтықты ескі білгір маманың да.
Бәйкендер келді бізге Хрущевтің
Совнархоз, қос обкомшыл заманында.

Тоқпақшыл Москваның зілі қонды,
Әйтеуір бастап кетті ірі жолды.
Жезқазған – Қарағанды аймағында,
Қатарлас екі обкомның бірі болды.

Жеп-жеңіл төселген жоқ текше кілем,
Әркім жүр жеміс алып еккенінен.
Әйтеуір Қарағанды Әшімовті,
Өткізді өндірістік мектебінен.

Жігіт қой ішкі намыс күші мықты,
Жантелім болды әр қадам ісі құтты.
Әйгілі Саырарқаның астанасы,
Шығарды биігіне кісіліктің.

Мал өссе тез ұшталып намыс деген,
Жездіге жетті үрдіс шабыспенен.
Келді ол Жезқазғанға
Көп қонақпен,
Бір сапар бірге қосты Қанышпенен.

Көңілдің көзден кетпес елесіне
Үңіліп алам бәрін мен есіме.
Ойлантып Жезқазғанның келешегі,
Жиналдық ғалымдардың кеңесіне.

Иместей азаматтар жатқа басын,
Еліңде барын сезіп шаттанасың.
Сүйсініп қос арыстың келбетіне,
Шын қазақ осылар деп мақтанасың.

Көрінсе кен қопару – басты ғылым,
Жезқазған Қаныш сүйген ашты сырын.
Бақыт қой ағаларын көріп қалу,
Ол кезде мен шахтаның бастығымын.

Отырды екі маңғаз алтын адам,
Келісті кербез тұлға салты ұнаған.
Көрінді кең даланың қос жанары,
Секілді Арал, Балқаш жарқыраған.

Басылып сөз сайысы ала дауыл,
Тыныстап отырғандай саяда бір.

Елестеп Жасыбай мен Саумалкөлім,
Көрінді Көкшетау мен Баянауыл.

Таныс қой
Маңдайлары далалыққа,
Көп ұлық маңайдағы қалады ықта.
Отырды дана Қаныш
Бәйкенменен,
Аяғын жаңа басқан даналыққа.

Бәйкенге көптеу түсті заман жүгі,
Тілейді көмір темір табандыны.
Ақыры жанған оттан алып шықты,
Бір сырлы, сегіз қырлы адамдығы.

Қояды біткен істі жасырып кім,
Сойылын соққан жоқпын асылықтың.
Орталық Қазақстан өлкесінде,
Өшпестей ізі қалды Әшімовтің.

Төртінші бөлім

Қайдасың, жер жаннаты Талдықорған?!
Шақырсаң қай азамат қалды жолдан?!
Әшімов Жетісуға перзент болса,
Жетісу оған сәнді болды қорған.

Ғажап ел өнер сыйлау бар заңында,
Тамсанып талай ән-жыр арнадым да.
Бәйкенді ел көтерді,
Құлагершіл
Еліне Ілияс ақын барғанында.

Осылай Бәйкен алыс шолып көпті,
Күш қосып ел іргесін беріктетті.
Ұрпағы Ақан сері, Біржан салдың
Ілиястың өз інісі болып кетті.

Жетісу жеті өзені, орман, көлі,
Көрінді алыс жолдың болған шебі.
Көкшетау, Қарағанды – қос қанаты,
Қыран боп Талдықорған қонған жері.

Көрінбес мұның бәрі шағын белес,
Мәселе жердің биік тағында емес.
Алдына қара салмай дара келген,
Қай қазақ Құлагердің шаңы демес?!

Іздесе Димекеңдер ерен ерді,
Байқады түрлі сыйлы зеректерді.
Үкімет биігіне тік көтерсе,
Бәйкеннің білгірлігі себеп болды.

Көтерді Қарағанды шахтасымен,
Көкшетау ақ бидайлы сәтті ісімен.
Жетісу демеу берді таскын сулы,
Қызылша, күріш, алма тәттісімен.

Бақыттың қонған сонда лезінен,
Аспаса басқа өрелі бір өзінен;
Бәйекең төрге шықты адал, таза,
Өзінің Құдай берген мінезімен.

Тарихын қазақ елі ашқанында,
Тұрады шын арыстар бас жағында.
Көкшенің ақиығы Алатаудың
Самғады ең заңғайыр аспанында.

Асылды шығаруға биік төрге,
Табиғат септеседі іріктеуге.
Күннен-күн, жылдан-жылдар озған сайын,
Бәйкенді көрдік өңкей биіктерде.

Ежелден маңдайы ашық таққа сайдың,
Әйтпесе әлдекімді мақтамаймын.
Бастаса бала күннен байыптылық,
Бойында бір мінезі қалды Абайдың.

Құлагер ағынындай шабысы бар,
Жүлдені қолдан бермес,
Жарысып ал!
Жанары қара судай мұң байласа,
Шын қазақ,
Іште туған намысы бар.

Ақылға ізгілікті қосып алған,
Тұтатар ұшқыр тілек отынан шам.
Табады ол
Ақыл, мінез ең асылын,
Жағатын жұртқа шырақ оты бар жан.

Зердесін кең жайласа шыдамдылық,
Қадамын қолдап жүрді Құдай біліп.
Айырды қайда жүрсе
Қас пен досты,
Өз мінін өзі қатты сынай біліп.

Татса да нешік соққы заманадан,
«Әй, кәпір»,
Аталған жоқ «жаман адам».
– Қол ұшын төрде отырып бермеді, – деп,
Табалар ой-зердесі шамалы адам.

Өзгеге қалсын деп те арық-тұрық,
Сыйласа руласын анық біліп;
Ол саған жағар еді-ау
Елді ойламай,
Отырса бар жерлесін қарық қылып.

Орны жоқ
Ойланғанға ол айыптың,
Мал шашар ерсіл-қарсыл «зорайып» кім?
Теңбе-тең бағалайық беу, ағайын,
Еңбегін Әшімов пен Қонаевтың!

Беу, достым! Шындыққа көш жара салмай,
Алдыңда ел ағасы нар атандай.
Баяғы ен байлықты үлестіріп,
Жатырмыз бірнеше жыл тарата алмай.

Серік бол, сенімді бол – кімге сендің?
Көбейді онда іштегі бірлесер күн.
Жайқалып Жезқазғандар, Теміртаулар,
Бекінді бодан күйде
Іргесі елдің.

Оларға «қолдың ұшын» Мәскеу берді,
Бергені бәспен келді,
Әспен келді.
Сары алтын, қызыл мысты түгел алып,
Сыймастай Алматыға әскер берді.

Татқызып
«Қол ұшымен» мол күшінен,
Орталық жүрді өзінің «оң ісімен».
«Семейдің полигонын» берді бізге,
Мұңлы Арал, шерлі Ауған соғысымен.

Соққыға шыдамады дүлдүлің де,
Қоштасты тұғырымен тың күнінде.
Горбачев ыржақтатқан
Берді Мәскеу,
Колбиннің Желтоқсанда сүргінін де.

Осындай астаң-кестең замандардан,
Бәкеңдер берік тұлға аман қалған.
Арлы жан адалдығы

Сүйсіндіріп,
Қолыма шын тебіреніп қаламды алғам.

Биікке Бәйкен адал өрмеледі,
Барына барша жұртты тең бөледі.
Мінездің оған біткен ең үлкені –
Үш жүзге бір қазақты бөлмегені.

Болды ол, өзгеге емес, елге жайлы
Ер туды өрісті етер жерге байды.
Құтты жол – Бәйкен жолы,
Ол – азамат,
Ақылдың төрт тұрманы түгел сайлы.

Құтты жол – майдангерді мақтағаным,
Біл оның аруақ қонған «оққағарын».
Паш еттім
Бір ғасырлық ұлы жолда,
Күш берген қайда жүрсе аппақ арын.

Кең маңдай Сарыарқаның даласындай,
Жұлдыздың кеудесіне жарасуы-ай!
Ол – туы кісіліктің, ізгіліктің,
Тым мақтап кетті деме ағасын жай.

Теңеуім әлі де көп ұйып тұрған,
Беу, Бәке! Асқақтасын биік тұлғаң!
Құдайдың бергені сол – сен адалсың,
Қалайша мақтасақ та сыйып тұрған!

Сыры көп
Айта білсек басқа тағы,
Төсінде «Алтын Жұлдыз» – жақсы атағы.
Құтты жол – Бәйкен жолы, қанатты жол,
Елімнің ол ардақты ақсақалы!

10.01.1997.
Алматы

ОЛ – АДАМЗАТ АҚЫНЫ

Олжас Сүлейменовке арнадым

I

«Осы Олжасың кім?» – дегенге
Не деймін:
Қалықтасын қаз дауысты, мерейлі үн.
Құдай берген Олжас – біздің олжамыз,
Ең ардақты перзенттерге теңеймін.

Түсінбестер: «Олжас, – десе, – о, қандай?» –
Көңіл тынбас
Ойда барды қотармай.
Олжас бітті маңдайына қазақтың,
Олжас – жұлдыз
Ұлы дарын Шоқандай.

Алыс емес қос жұлдыздың арасы,
Қолын созды інісіне ағасы.
Елестейді
Еске алғанда екеуін,
Бір шарада көздің ақ пен қарасы.

Қос жанарға,
Кең маңдайға қарашы,
Секілді олар бір ананың баласы.
Ұқсастық көп,
Бәрінен де ұқсастау
Албырт, қайсар, ойшыл, мұңшыл санасы.

Көз жүгіртші
Армандастық мәнерге,
Құлшыныс бар жетер әлі сан өрге.
Екеуіндей кім қазақты таныtты,
Жас басынан бүкіл байтақ әлемге?!

Шықты Олжастың үні өзгені ықтыртып,
Пәрменділеу,
Найзағайлы ұшқыр тік.
«Арғымақтың» дүркіреді дүбірі,
Алмас тұяқ жердің бетін шықпыртып.

Көз көрімде
От жанары жарқырап,
Құйындатса жыр-сәйгүлік арқырап;
Қызу қанды Махамбетшіл,
Мағжаншыл,
Шешім тапты шапқын жырда сан сұрақ.

Ол орысша жазса,
Тартты кім залал?
Кереметті оқып көр де тыңдап ал.
Заманында оза шапқан теңесті
Евтушенко, Вознесенский мырзалар.

Заман өзге,
Заң да өзге бүгін де,
Ділім айқын,
Берік, таза дінім де.
Немересін кінәлауға кім барар,
Өлең жазса ол ағылшын тілінде?

Орыс-қазақ арамыздан қыл жүріп
Кетер ме деп жасамайық тым күдік.
Дәлдеп айтсақ:
«Нағыз ақын осы», – деп,
Мақтап кеткен Константин Симонов.

Ақыны дер кешегі өткен Одақтың,
Білем ойын кейбір жөнсіз олақтың.
Одан артық
Сол заманда кім болды,
Тіліп түсер өткір тілі орақтың?!

«АзиЯ»-сы дүбір қосты дүбірге,
Жұрт таң қалды
Күн шыққандай іңірде.
Шым-шытырық дау бораны басталды,
Кей өңештер айналғандай сіңірге.

Шаңқай түсте
Қыран шолып қасқырды,
Кей пәлені рухани мас қылды.
«Ұлтшыл» деді
Шын ұлтжанды ақынды,
Түсінбеді-ау адамзатшыл тасқынды.

Берік тұғыр
Бір қалтырап кеткендей,
Мәскеу қайтсін ол заманда жек көрмей?..
Кремльдің азулысы сескенді,
Төбесінен құс саңғытып өткендей.

Иә, бәрі... сол бірбеткей заманда,
Аз болатын... тас атыспақ амал да.
Тілеулестер іштей үнсіз күрсінді,
Жек көргіштер: «Түсті, – деді, – аранға».

Біз көрмедік бос сөзге бас иіп те,
Түспейді ақын күрт қиялы күйікке.
Жығылды деп жүрген Олжас дәл сонда,
Көтерілді заңғайыр, зор биікке.

Керіскендер кейін қайта қолдасты,
Ешбір ұлтқа лақтырмапты ол тасты.
Көне заман сырын ашты тағдырлас,
Қателесті
Жазғырғандар Олжасты.

Атақ-даңқы алып-ұшып шабытты,
Аттың басын біржолата ағытты.
Сегіз сырлы,

Бір қырлы боп өмірде,
Алғырлығын, асылдығын танытты.

Сыйламасын тағдыр қосқан досты кім?!
Жалғады өмір
Көрші көңіл хоштығын.
«Әнтек басты...» – деп біреулер сөксе де,
Ол қорғап жүр орыс-қазақ достығын.

Сан сайыста тік көтеріп түндігін,
Олжас айқын аскақтата білді үнін.
Қазағым деп қабырғасы қайысса,
Ол ойлап жүр адамзаттың бірлігін.

Кей ақымақ
Үрейленді ойбайлап,
Дүлейленді
Андағайлап, андайлап.
Олжас-керуен
Орды айналып өтті де,
Оза тартты өз жөнімен шалғайлап.

Құм жұтты ғой
Құн білместің бәрі де,
Есі барлар
Қанды отты сөз нәріне.
Олжас тартты
Дүниені дүр сілкінтіп,
Жұлдыздарша бұлтты жарып әріге.

Шын арыстың
Мұң-наласы өшкен бе?
Құлаш ұрды жүгі асыл көштерге.
Өлең-жырдың жал-құйрығын желпінтіп,
Құлагерше дара заулап жетті өрге.

Атағы зор есімімен іріміз,
Ол – күрескер

Әр мезеті мығым іс.
Қатардағы ақыны емес қазақтың,
Олжас деген – ерен туған құбылыс!

II

«Осы Олжас кім?» – дегенге не деймін:
Қалықтасын қаз дауысты, мерейлі үн.
Құдай берген Олжас – біздің олжамыз,
Жонда жорткан жолбарысқа теңеймін.

Ақын болсақ құр өлеңмен тынбаппыз,
Бастан кештік
Сайыстарды жырлап біз.
Түлкі заман ақиыққа жол берсе,
Қансонарда
Қалды талай қымбатты із.

Ел тағдыры,
Елдің мұңы – құмары,
Дала сүйгіш, жыр – ақбозат пырағы.
Қас-Сақ, Қып-Сақ
Қарабайыр тілінде,
Жанданып тұр жырдың таңба, тұмары.

Ұшып жетіп
Сарыарқаның үстімен,
Ол ғарышта Гагаринмен түсті тең.
Бірге самғап,
Бірге қонған көремін,
Олжас атты алтын қанат құсты мен.

Ойланайық,
Төс қағымпаз жігіттер,
Аз болды ма сол дастанға үміткер?..
Мықты ақынды
Бар адамзат ішінен,
Мезет туды шын табиғи іріктер.

Барлаушы еді
Жер асылын зерттейтін,
Шыдатпады шын ақындық дерт дейтін.
Тайбурылдай қанат бітті сайыста,
Жарысқанды шаңына да ертпейтін.

Кең даланы жастай сүйген перзент-ті,
Ұшқыр қиял кеңдеу құлаш серметті.
Алғыс айтса сонда тұңғыш ғарышкер,
Ол намыскер Олжасты да тебірентті.

Болса болсын
Сол бақытты таңдаған,
Сұңқарлыққа жетеледі маң далам.
Гагаринмен жарысуға шақырған,
Берді Олжасқа
Ақ батасын бар ғалам.

Келмейтін іс қолынан мың қорқақтың,
Биік төрін
Алды ақындық зор тақтың.
Байқоңырдың егесі боп жар салған,
Мен Олжастың табысына ортақпын.

Түн ұйқысыз...
Арай шашты таң алды,
Олжас келді,
Тың шабытқа қамалды.
Асылдықтың ғаyһар тасы жарқ етті,
Ақындықтың ғарышкері жаралды.

Осы болар ең бақытты көктемі,
Шабыт берді
Зымыран-кеме көктегі.
Ғаламат қой қылқаламның ұшымен,
Жалғыз түнде мәңгілікке жеткені.

Дәл сол түнде
Қанбаса да ұйқысы,
Қолға қонды жыр-періште жыл құсы.

Бір дәуірдің
Жаңа заңын бірге ашты,
Олжас-жыр мен Гагариннің күлкісі.

Қуанышта ағайынға не дейік?..
Ел жебеді,
Біз де бірге ерейік.
Дәл сол күні аунап түсті-ау Абай да,
Дегендей бір ғарыштатып келейік.

Құлақ салды саналы үнге самғаған,
Біз ғана емес,
Бүкіл әлем, бар ғалам.
Өлең-жырдың
Бақ-беделін көтерді,
Дастанымен Гагаринге арнаған.

Тірелгені Алматыға ат басы,
Жақсы ақынның
Бір Алла ғой жақтасы.
Арамызда жүрген Олжас әп-сәтте
Даламызда болды ақындық патшасы.

Жұлдыз болып,
Самғап биік ғарышта,
Оқшау шықты
Қаны қызып намысқа.
«Даламызда» деу де өте әлсіздеу,
Жетті атағы
Жеті қат жер алысқа.

Қатты айтсам да көңілдегі наз үнін,
Ұмытпаспыз жарасымды әзілін:
«Қарындасқа қол салуға ұялып,
Алдым, – деген, – басқа ұлттың нәзігін».

Жаса, Олжас!
Әр қылығың ұнайды,
Сен жарқ етсең – тек дұшпаның мұңайды.

Әділдіктің көтерісіп беделін,
Бар достарың тілеулестік құрайды.

Шын ақынның бүкіл әлем жақыны,
Қай тілде жаз, шықпасын де жат үні.
Беу, ағайын! «Осы Олжас кім?» – десең,
Ұлты қазақ!
Ол – ғарыштың ақыны!

III

«Осы Олжас кім?» – дегенге не деймін:
Қалықтасын қаз дауысты, мерейлі үн.
Құдай берген Олжас – біздің олжамыз,
Құтты күнде шапағатқа бөлеймін.

Атқан таңдай
Сүйер ойдың ашығын,
Ол – әділет, сенің ынтық ғашығың.
Төбесіне дәлдеп бомба түссе де,
Бықсымайды от басында жасырын.

Осы деп біл шын турашыл кісіні,
Турашылдың келер әсте ісі ірі.
Ол – шындықтың
Досы, құлы, жаршысы,
Тоқтата алмас дүние-дүрмек қысымы.

Жазғытұры сеңдей шұғыл тасыған,
Өр мінезін кең айтуға асығам.
Жеңіс көрсе
Кеуде қақпас өрелі,
Реніште мезеті жоқ жасыған.

Жүректерге салар сұлу көпірді,
Сұңғыла сөз туды топта өтімді.
«Тас атқанға – тас атса да» мейірбан,
Адасқанды жөнге сілтеп жетілді.

Жарылыстар жалын атып жер-көкте,
Полигондар қазақ жерін салды өртке.
Сонда атқарды
Зор міндетті Олжастар,
Атомқұмар індетке атой бермекке.

Тағылым тұтып,
Сөз бен істің мергенін,
Құлшындырды Құдай өзі бергенін.
Қапа шеккен салды Семей айқасқа,
Жебе тұтып жырдың әсем өрнегін.

Жаңа айқас,
Туды жаңа жол басқа,
Әлемге әйгі түсті салмақ Олжасқа.
Мен де эколог болып кеттім сол кезде,
Берік сендім елде айбатты қолдасқа.

Бой жазбады сол күндергі көңіл-гүл,
Ішке тартты ажал сепкіш өңін нұр.
Жер-ананың
Қос жарасы ашылып,
Тамұқ кешті жұмақ деген өмір бұл.

Олжастарға ауды әлемнің назары,
Кім кінәлі – болды әшкере жазалы.
Семей менен Неваданың арасын,
Алаулатты
Қырдың ақын қазағы.

Жарылыстар дүмпу күші серпеді,
Тынысы жұт сезді дейсің жер нені?..
Қазақтардың қасіретіне айналған,
Үнсіз атом
Тілсіз жаудай өртеді.

Жарылыстар... ашық, жабық – алапат,
Салды жанға жасырын кесел, жаракат.

Етті ойыншық адамдардың өмірін,
Алпауыттар қолындағы саясат.

Семейлердің ереуілші оттары,
Аза салды,
Шейіттерді жоқтады.
Дабыл қаққан зор дүбірден сескенді,
Сол заманның соғысқұмар топтары.

Күрт тоқтатты
Кеселді бұлт жаңбырын,
Шындық жеңді, өңін жазды тағдырым.
Сын сағатта туған елім салады,
Айқастарға Олжастардай алғырын.

Шын тебіренсем көңілімде тасып ән:
«Жаса, Олжас!
Рақмет!» – деуге асығам.
Бар дауысым болашаққа жетсін деп,
Жаңа ғасыр қырқасынан асырам.

Әлі де бар қару жинап топталып,
Құлшынғандар қынабына оқ салып.
Жер бетінде
Сұм-сұркия індетке,
Қалмаса екен ашық күрес тоқталып.

Бар адамдар үнсіз созған айқасын,
Байқа, ағайын!
Бүкіл әлем байқасын!
Олжас керек, селк етпестей сіресқен,
Қиратуға Невадалар жартасын.

Шын ақын ғой бүкіл әлем жақыны,
Саңқылдасын
Полигондарда сақ үні.
Беу, мырзалар! «Осы Олжас кім?» – десең,
Ұлты – қазақ! Ол – адамзат ақыны!

1996

ДАЛА-ДАСТАН

(лирикалық поэма)

Алғы сөз

Беу, ағайын!
Құлақ салып тыңдағын,
Бастау тапты кәусар бұлақ, нұрлы ағын.
Тәуелсіз ел он жастағы тойында,
Дала-дастан байқа жаңа ырғағын.

Ата-баба абайладық әр ізін,
«Ескі жолдар», «қасқа жолдар» маңызын.
Жаңа Астана асқақ, өргек жарқ етсе,
Орындалды ежелгі арман-парызым

Беу, Астана! Аққу бейне жас қала!
Қазақстан Елордасы – Бас қала!
Еуразияның кіндік төрі атанып,
Туа берсін сенен жаңа бастама.

Қазағымның енді өлместей тірілген,
Көру қиын ескі сықын бүгіннен.
«Отар», «бодан» кетті өмірі тарихқа,
Жалбарынған, жүгінген де бүгілген.

Жебей берсін киелі хан Абылай,
Қолдап жүрсін періштелер, а, Құдай!
Риза болсын Төле, Қазыбек, Әйтеке,
Қабанбайлар, Бөгенбайлар, Ағыбай.

Дербес ел боп өтіп жатса мерекем,
Шалқи берсін атақ-даңқ, берекем.
Мағжан аға бір жарқ етсін бейнесі,
Елес тастап ел қорғаған Кенекем.

Бүгін тағдыр іргелі елге теңеді,
Ол шындыққа қас пен досым сенеді.

Көшпелілер дала сүйгіш мәрттігі,
Желтоқсандық батырларды жебеді.

Сөзім шықса бұрынғыдан өтімді,
Ел рухы жетім жүрген жетілді.
Қазақстан күш-қуатын таныпты,
Елбасы боп таза қазақ бекінді.

Есту емес,
Соның бәрін көз көрді.
Мақтау емес,
Шын мақтаныш сөз берді.
Елу жылда өзгертетін ел біздің,
Осы он жылда
Ұлтжанды боп өзгерді.

Көп қиындық қажымадық біріне,
Әр қимылым қадам басты іріге.
Қазақстан
Әлемге әйгі ел болды,
Әл біткендей тілім, дінім, діліме.

Айтуменен ұқсақ-тағы негізін,
Нарық жолын таптап еді ел үзім.
Жылқыға ұқсап арпалыста амалсыз,
Жүзіп кеттік
Кешіп нарық теңізін.

Қалталылар көбейгенін қараңыз,
Талапайлар болды айтылар бар аңыз.
Бүгін шорқақ
Күйден өтті қазағым,
Торпақ емес, шортан болып барамыз.

«Беу, Жараткан жантақты кім табады?
Жатқан түйе аузына кім салады?» –
Деп отырсақ не болар ек?.. Күні ертең
Сауыным мол, сабам толып қалады.

Жайнап кетті Есіл атты өзен де,
Қайта туды
Қараөткелдей межем де.
Нағыз ерлік осы емес пе
Жаңарту,
Астананы аласапыран кезеңде.

Жайнай берсін
Ақ шағала Астанам!
Өркендесін аруақ қонған Бас қалам!
Елбасына
Мың-мың алғыс айтамыз,
Дала төрін көркейтуді бастаған.

Ертең өтер
Бүгінгінің салмағы,
Нарықтың да кең құлпырар бар мәні.
Тәуелсіз ел іргетасы нығаяр,
Орындалар ата-баба арманы.

Дала өзгерді, аз ба айтар ғажабым?!
Шықпайды енді ел күңіренер азалы үн.
Тәуелсіздік іргетасы тез бекіп,
Он жылдық той құтты болсын, қазағым!

Кербез дала келбеті

О, кең дала!
Көз жетпестей керілген,
Мен ұлыңмын саған шексіз берілген.
Қалай ғана сүйерімді айтпақ боп,
Қай теңеуге қияр дейсің сені мен.

Сен – телегей таусылмайтын ырысым,
Сен – жанымның сарқылмайтын жырысың.
Қымыз иіс, қыз еркелі желіңнен
Бір жұтпасам тарылады тынысым.

Айтыс, күрес, серке тартыс сайысты
Көрмей өссем қыз қуу, ат жарысты,
Талпынар ма ем, мен де жүйрік болуға,
Жер бетінде жібермеуге намысты?!

Сақ қыранға құмартпасам көгіңде,
Шортан қуып, шомылмасам көліңде;
Қанар ма еді тіршілікке мейірім,
Кер маралға қызықпасам өріңде?!

Алатаулар аспан тіреп жатпаса,
Шулы өзендер өршелене ақпаса;
Мырзашөлдер жатар ма еді құлазып,
Сыр мен Шудан су суыртпақ тартпаса?!

Көзге ыстық, жанға жылы дидарың,
Жұмыр жердің бар асылын жинадың.
Көкірегімді лық толтырып тұрады
Құйқылжыған мың-мың дыбыс, күйлі ағын.

Тіл қатқанда сылқым-сылдыр бұлағың,
Жайқалғанда сылдыр қағып құрағың;
Тебіренемін...
Бабам түзеп жатқандай,
Табиғаттай қарт домбыра құлағын.

Шалқар дала!
Кереметі сан қилы,
Түлік өрбіп, бітік егіс шалқиды.
Зауыттардың боз бұлағын бұлт сүйіп,
Балағынан болат-жезі балқиды.

Мың-мың жұлдыз көкте жымың қақпаса,
Ай шомылып айдын көлде жатпаса,
Сүйсінер ме ем дидарына даланың,
Беліне көл,
Төсіне тау тақпаса?!

Далам менің – кен бұйыққан кәрі тау,
Қазақтардың көркі дала, сәні тау.
Алатаулар, Қаратаулар, Алтайлар,
Көкше, Баян...
Бұл даланың бәрі тау.

Болса-дағы кейде шоқы, адырлы,
Осы дала бар көркімен қадірлі.
Құлатпайды, сынаса да сүйеді
Ана жүрек, дана мінез сабырлы.

Мерейі үстем өсті дала өркені,
Бақытының жоқ шегі мен өлшемі.
Өйткені ол дербес ел боп ту тікті,
Сапқа тұрды, әлемнің зор бөлшегі.

Сол қуаныш бой балқытып сайраймын,
Неге десең кетті мұңым, бар қайғым.
Тәуелсіз ел қуанышы шалқытып,
Кең далада шабытымды қайраймын.

О, кең дала!
Ен қызыққа батқаның,
Шалқып толқып бақытты боп жатқаның.
Мың жеңіліп, мың жеңгенде жауыңды,
Азаттыққа арманыңды сақтадың.

Дала деген –
Қазақтардың ерлігі!
Дала деген –
Қазақтардың елдігі!
Мөлдір таза, ніл аспанды, кіл жазық,
Дала деген –
Планетаның кеңдігі.

Әне, қырда мың-мың киік ойнайды,
Сүңгіп, қалқып ақ сағымға бойлайды.
Құдіретті туған елдің даласы-ай,
Соның бәрі толғандырмай қоймайды!

Сұлу Көкше, өр Алатау арасы –
Бәрі тұтас қазақтың кең даласы!
Соңша жерді
Сойылымен қорғаған
Бабаларым осал емес шамасы!

Сұлу дала!
Сағымды құт желкенсің!
Сарыарқадай жер төресі өлкемсің!
Қандай жақсы
Қазақ болып туғаным!
О, туған жер!
Тамашасың, көркемсің!

Бұл қазаққа даладан жер аспайтын,
Далам көп деп
Бірақ жерін шашпайтын.
Бесіктегі баласын да құндақтап,
Жорық күтіп байлап-матап тастайтын.

Дала десе –
Таусылмайтын қиялым,
Бойындағы кереметті жиямын.
Жері көп деп көз алартпа, ескі дос,
Қуанғанда өзім де әрең сыямын!

Дала деген –
Шалқарлығы елімнің!
Дала деген –
Даркандығы жерімнің!
Дала деген –
Асыл атамекенім,
Дала – Ордасы түп-тұқиян, тегімнің.

Көрсе-дағы зар заманның азабын,
Көрмеймін деп қорлық пенен мазағын,
Аспан көктің әміршісі Шыңғысты
Әлсіреткен ол да осы қазағың!

Дала – сұлу!
Дала – кербез!
Дала – паң!
Дала – шұғыла!
Дала – шолпан!
Дала – таң!
Дала – ана бізді сүйген балажан,
Содан болар
Болғанымыз далажан.

Дала – көкпар!
Дала – жігіт! Дала – қыз!
Дала – көктем! Дала – шілде! Дала – күз!
Дала деген –
Ғарыш жолы, космодром,
Мұның бәрі қайда сыяр даласыз?!

Дала деген –
Әл-Фараби бабамыз!
Қожа Ахмет Яссауидей данамыз!
Түркістанды
Рухани төр төбе
Деп көтердік тағзым етіп санамыз.

Дала деген –
Киелі хан Абылай!
Абылай да бір, деген де бір «А, Құдай!».
Арпалыста аруағына, сыйындық,
Ұлы есімін кеткен жоқпыз танымай.

Дала деген –
Кенесары нар құздай,
Оны айтқанда қатар жүрер Наурызбай.
Дала – біздің Қабанбай мен Бөгенбай,
Дала – Ағыбай өткен жауға алғызбай!

Дала деген –
Ата мирас тіліміз,
Шүкіршілік, тілімізбен іріміз.

Қай қыспақты көрсек-тағы жоғалтпаи,
Тілін таза сақтағанның біріміз.

Дала деген –
«Сарыарқаның» дабылы!
Дала деген –
«Саржайлаудың» сарыны!
Дала деген – «Аққулардың» саңқылы,
Дала деген – «Ата толғау» ағыны!

Дала деген –
Дана туған Абайым!
Жасап өткен өлең сөздің сарайын.
Ол дара тұр ойшыл ақын, данышпан,
Кейінгілер қарайламай маңайын.

Дала деген – ақтап өткен ақ міндет,
Күй-аталар: Құрманғазы, Тәттімбет!
«Серперлетсем», «Көкейкесті» тебірентсе,
Сонда айтарсың күйдің назын таттым деп.

Дала деген – айтыс-тартыс назы көп,
Ол – Төле би, қаз дауысты Қазыбек!
Ол – Әйтеке!
Үш кемеңгер осылар,
Беу, жас ұрпақ! Осыларға тағзым ет!

Дала – Сырым!
Құнанбайлар, Шормандар!
Есеней мен Ерендердей шоң, паңдар.
Дала деген – Исатай мен Махамбет,
Найза ұшымен болашақты шолғандар!

Дала деген –
Қыз Жібек пен Төлеген!
Аттары аңыз пәк махаббат жебеген.
Дала деген –
Асыл ана Айғаным,
Орда салып шыққан биік өреден.

Дала деген –
Шоқан, Қаныш ғалымдар,
Ел бағына оза туған дарындар.
Ғылым сарай салып кетті Қанекең,
Енді ол үйде ақыл кені ағын бар.

Дала – Ақан!
Үкілі Ыбырай, Біржандар!
Сал-серілік өнер шыңын құрғандар.
Дала – Мұхит!
Жаяу Мұса, Естайлар!
Дала – Мәди!
Тар қапаста тынғандар!

Дала деген –
Тұлпар жорткан құба бел!
Үздік озып ел қуантқан Құлагер.
Тұлпар сүйгіш, сұңқар сүйгіш болғаннан
Құлагердің өліміне жылады ел.

Дала – Мағжан,
Ұран еткен Тұранды!
Жырларынан сана-сезім құралды.
Дала – Ахмет, Жүсіпбек пен Міржақып,
Халел, Ораз, Тұрарлардан шыр алды.

Дала – Жамбыл,
Өлең сөздің түйдегі!
Дала – даңғыл,
Нұрғисаның күйлері.
Дала – «Гәкку»,
Күләш салған Мәскеуде,
Дала деген –
Шара апайдың билері!

Дала – Мұхтар
Жеке-дара көрінген!
Дала – Сәкен

Сексенкөл боп төгілген!
Дала – анау
Сәбит, Ғабит, Бейімбет,
Дала – Ілияс
Жетісу боп өрілген!

Дала деген –
Бауыржандар, Мәліктер!
Іздері айкын, жорық жолын барып көр!
Дала – Талғат, Сағадат, Қасым, Рахымжан,
Әлия, Мәншүк туған елім дәріптер.

Дала деген – Шәкәрімдей көреген,
Ол жарқ етті рухы биік өреден.
Дала – Олжас, әлемге әйгі арғымақ,
Доска сыйлы, дүшпанына тебеген.

Қос тоты боп,
Бұлбұл болып кешкілік,
Дала сайрар
Қос Роза,
Бибігүл боп естіліп.
Дала деген –
Маңғаз әні Макпалдың,
Қайран қалар
Естіген жұрт көз тігіп.

Бүгін дала –
Көркі ғажап жайнаған,
Қазақтар да ғарышқа ту байлаған.
Дала – Тоқтар, біздің тұңғыш ғарышкер,
Дала – Талғат, сан жорықтан таймаған!

Қиял еді-ау
Ел аңсаған тұңғыш таң,
Жерұйықты іздеп Қорқыт мұң құшқан.
Дала деген – тәуелсіздік айнасы,
Дала деген – өзіміздің Нұрсұлтан!

Әр қадамым келсін жөнді орынға,
Көгілдір ту,
Желбірей түс қолымда.
Есен болсын Елбасымыз, бүкіл ел,
Өрге тартқан өркениет жолында.

Досқа сыр

Ей, жолаушы!
Бір дәм татып өткейсің.
Бірақ әсте
Аз деп, көп деп сөкпейсің.
Сусын ішіп аттануың сөзсіз ғой,
Бар болса егер бас мүжімей кетпейсің.

«Бар мәзірге»
Біздің қазақ саспайды,
Мейманының аз-көбінен қашпайды.
Нар тәуекел,
Жығылмасқа жолынан,
Жалғыз атын сойып қана тастайды.

Қонақ келсе «Құт келді» деп қуанып,
Ауыл-аймақ қарсы аламыз шұбалып.
Қыр сұлуы кең дастарқан жайғанда
Тіл үйірер тәбет жедел сұранып.

Ән саламыз, домбыра да тартамыз,
Тойдағыдай бар өнерді сарқамыз.
Мен айтқан соң алты ауызын ауылдың,
Қонақкәде – сізге сауал артамыз.

Не жақсыны
Біз далаға балаймыз,
Мұхит көрсек дала ғой деп қараймыз.
Дала мінез адам көрсек
Өмірде,
Туыс-туған, досымыз деп санаймыз.

Барлық ұлттың ұрпағы бар осында,
Олар менің туысым да, досым да.
Бір анадан туғандай боп бірге жүр,
Кеншілер мен
Мұнайшылар қасында.

Қалды қазір бұрынғыдай еске алмақ,
Қазақ елін деп қана тек «бес бармақ»
Қалды қазір
Дала көрсе кейбіреу:
«Есек қайда?» – деп айнала көз салмақ.

Қой соямыз.
Ол – ардақты сыйымыз,
Бірақ оны ел салты деп түйіңіз.
Сыншыл көздер,
Міншіл көздер түйілсін,
Еуропадан кем түспейді күйіміз.

Даланы тек
Ет пен қымыз деп ұқпа,
Көзбен көр де, өз ойыңмен сұрыпта.
Менің елім орыс, қырғыз, өзбекпен
Ежелден дос, ортақ салтын ұмытпа.

Қазақ үшін құт-қасиет мол мұра,
Қоңыр күмбір екі шекті домбыра.
Күйлер заулар
Төкпе, шертпе құбылып,
Көкейіңе дала сырын қондыра.

Ата дәстүр: ит жүгіртіп, ат міну,
Жиын-тойда айтыс, күрес салт құру.
Қыздың еркі қай жігітті таңдаса,
Қалды қазір қалың беріп айттыру.

Көрерсің, дос, жылқыны да түйені,
Біздің қазақ қымыз, шұбат сүйеді.
Апорт толы алтын табақ қасында,
Алдыңа әкеп құрт-ірімшік үйеді.

Салтымыз көп сыйлы қонақ тәмамдар,
Үйге кіре шаңыраққа сәлем бер.
Үлкендерді ол есіңе алғаның,
Ондай дәстүр бола қоймас бар елде.

Кемпір мен шал қарсы алар деп тұрарсың,
Күтпе оларды, кейін бәрін сұрарсың.
Бәйбішем мен бала-шағам қарсы алар,
Амандасып төр-төбеге шығарсың.

Бала кезден мен әкеге алаңсыз,
Бұл мұң емес, сыр айтты деп санарсыз.
Достарыммен жүре-жүре көбейдім,
Мейман келсе көршім жетер хабарсыз.

Анам, шіркін,
Алдымдағы асқарым,
Ол барында биік еді аспаным.
Арманы еді есен-сау боп ержетіп,
Жер бетінде менің алшаң басқаным.

Жеткен өрем, көңілімнің шаттығы,
Бәрі анамның тілегенің ақтығы.
Парызымды шақырады ақтауға,
Дала сүйгіш
Жүрегімнің пәктігі.

Сонау соғыс жылдарында аналар,
Ауыр жүкті көтерді ел бағалар.
Көмекші боп
Біздер жүрдік қасында,
Ұйқысы аз,
Күлкісі кем балалар.

Өгіз жетпей
Сиыр жеккен күндері,
Сока тілі жылжымайтын ілгері.
Өзге әкелер оралғанда соғыстан
Біздің үйдің тосу еді білгені.

Біздің ауыл
Бір жүз үйден кем бе еді?!
Бір жүз солдат
Бір жүз үйден келмеді.
Анам менің жалықпады тосудан,
Қара қағаз, жат хабарға сенбеді.

Жастай қалды жалғыз мен боп баққаны,
Жар сенімін көз жұмғанша сақтады.
Шәк келтірмей ардағының атына,
Жалғыз ұлын болашаққа баптады.

Жалғыздықтан
Жадаулықтан шошынбай,
Анам өтті басқа жанға қосылмай.
Сүйсе сүйер көз жұмғанша айнымай,
Бұл даланың
Махаббаты осындай!

Әке кетті қызыл өрттің ішінде,
Оңай өмір біз көрді деп түсінбе.
Сол өмірдің ізі жатыр жүректе,
Бір бүктеліп,
Бір жазылып ішімде.

Неміс басқан жерден келген балалар,
Жүдеу карттар,
Жапа шеккен аналар...
Күндер болды біздің жалғыз бөлмені
Шешендер мен ингуштар да паналар.

Барды-жоқты болдық қой тез шамалар,
Есеймей-ақ естияр боп саналар.
Қолға тиген үзім нанды бөліп жеп,
Тату өстік
Әр тілдегі балалар.

О, кең дала! Көріп ең ғой сол шақта
Қуаныш аз, қайғы толы жан-жақта.

Бір етікті кезек кидік төрт бала,
Төрт ананың
Жалғыздары болсақ та.

Уыс бидай түйірін тең санадық,
Аз қаспақты
Төбелеспей жаладық.
Бір сиырдың сүтін бөлген ананың,
Жанарына жаутаң-жаутаң қарадық.

Аман қалдық, дала, сенің арқаңда,
Көп балалар
Өскен әуре-сарсаңда.
Сол құрдастар
Қарсы алады осы күн
Одессаға, Варшаваға барсам да.

Бойыма күш ауыр еңбек бергені,
Содан болар денем шымыр келгені.
Содан болар, жырым өңкей ел сыры,
Қара бастың емес әуре-ермегі.

Жүзімде де жүз белгі бар ескерер,
Кейде біреу шаш қылауын тексерер.
Маған келген қуаныштар кештеу кеп,
Ал қиындық өмір-бақи өш келер.

Ризамын
Бірақ соның бәріне,
Ерте түстім өмір аяз-кәріне.
Қия жартас қырқасынан жол тауып,
Шыңға шықпас өмірдің де сәні не?

Көргенім жоқ қайда жүрсем жалтақтап,
Тік басамын құламасқа тайқақтап.
Қиындыққа өзім де өшпін қашаннан,
Тұра алмаймын таса жақта жан сақтап.

Малшы болдым, егін салдым жасымда,
Жүрмін енді зеңгір таулар басында.
Менің-дағы үлесім көп кен қазып,
Қырға шыққан елдің асыл тасында.

Мен сонымен
Перзентімін даланың,
Молдау айтсам көп кідіріп қаламын.
Жырға қосып талай айтып берермін,
Қадірлі дос, болса құштар қалауың.

Ұлым-қызым,
Бала-шағам қасымда,
Бақыттымын,
Онсыз жырым тасыр ма?!
Тәуелсіз ел өрге ұмтылған арманы,
Жөн сілтейді әлі талай асуға.

Жүгін артам шақ бойыма нардың да,
Тесіп өтем тас өкпесін жардың да.
Бір жеңілі – бастаушы нық жөн сілтер,
Бір ауыры – бөгеттер көп алдымда.

Кешір, мейман!
Пендешілік еттім де,
Сөзім ұзап, өзімді айтып кеттім бе?!
Бірақ солай ақтармасам жүректі,
Несі тәтті
Берер шай мен еттің де?!

Біздің елде болып жатыр биыл той,
Ашық сыйлас, жан тетігі сырым ғой.
Дала атты жер бетінде мен тусам,
Даланы айтып, өзімді айтпау қиын ғой.

Сөз жалғайын дегенменен даладан,
Бар қазақтар бұл даладан тараған.
Айта алмаймын,

Айта алмай жүр талайлар,
Туған жердің қасиетін кім санаған?!

Сертке берік
Бұл даланың баласы,
Бірақ жеңер қатал тағдыр таласы.
Кейде еріксіз
Еске салып кетеді,
Махаббаттың жазылмаған жарасы.

Бір ғажайып «Көрші» деген ойын бар,
Бірге отырар қай сұлуда ойың бар?..
Ал ол қызды өзге сұрап келгенде,
Бермеу үшін қияметті мойынға ал.

Қалпы қалма,
Мүдірместен мойынға ал,
Қыз да сенің айтқаныңды орындар.
Топ ішінде бір сүйесің армансыз,
Қандай жақсы қызда өзінің ойың бар.

Ән саласың
Көрші қызға қосылып,
Одан озба,
Кеш те қалма шошынып.
Екі шарттың бірін бұзсаң болғаны,
Жазаң дайын, қыз да кетер өшігіп.

Өзім де бір қызу тойға кездескем,
Жаза жегем даяшы қу жерлестен.
Жазасына әрең шыдап сол қызды,
Кетіп едім таласқанға берместен.

Бала едік біз көрші-қолаң төл өскен.
Көзге түсті-ау,
Ұмыт күндер елеспен.
Құпия да шығып кетті шаттықта,
Той үстінде жылы, жақсы кеңескен.

Балғын еді,
Бал гүл еді құлпырған,
Нәзік еді,
Дидарына нұр тұнған.
Қайтып маған кездеспеді,
Көрмедім,
Сол күндерден сағынышты жыр туған.

Ол қызды айтып сөзді ұзартып қайтейін,
Еске түсті ойда жоқта әншейін.
«Жезкиікті»
Шырқап-шырқап басамын,
Ең алғашқы
Душар болған жан шерін.

Жоқ демеймін сұлу қыздар, досым-ай,
Үйіріне кеткен мүлде қосылмай.
Жақын жандар алшақ өту аз емес,
Әлдекандай бөгет болып тосын жай.

Естелік қой, өтті күндер өкінер,
Себеп туды қайта түлеп бекінер.
Қызылжардың қызын алдым аққудай,
Өзгелерді естен мәңгі кетірер.

Зор байлар бар
Аз көретін тергенін,
Бәсін ойлар қолда доллар, теңгенің.
Бәрін салмай пайдасының салыққа,
Бұлдап өтер ине-тебен бергенін.

Шын буржуйлар арамызда жетерлік,
Тым қолпаштау тап соларды бекерлік.
Талапайдан тапқандарын
Көбейтіп,
Тығып қойды банктерге шетелдік.

Қарын толса
Май салғандай бүйенге,
Үй салады немереге, жиенге.

Өздері мен балаларын байытты,
Құда-жекжат табылды құт үйерге.

Олар солай күннен-күнге қаркындап,
Өздеріне
Орнатуда «алтын шақ».
Жүдеу жанға жәрдем ету жолында,
Шығайбайдай қалтырауық, тартыншақ.

Кейбіреуі
Тер шығармай ұтып жүр,
Ел байлығын шайнамай-ақ жұтып жүр.
Кейбіреуі саясатқа салынып,
Атой салып
Шетелдерде зытып жүр.

Табады олар
Талай тәсіл-айлаңды,
Не десек те байлық қоры байланды.
Кейбіреуі қашқалақтап салықтан,
Ақша аямай депутат боп сайланды.

Қырғын байлар қырындауық келеді,
Төрден-төрге
Олар шауып, желеді.
Ой-хой... шіркін,
Бір тәртіпке келтіріп,
Заң мен тәртіп қашан бәрін жеңеді?!

Қуанышты отбасы көп өмірде,
Біз де бірі еш мүлтік жоқ көңілде.
Ай келбетті менің алтын бәйбішем,
Жайраң қағып отыр құтты төрімде.

Беу, мейманым!
Жалықтың ба мақтанғанға?
Барымды айту әуел бастан тартты алға.
Кемшілікті
Бүктеп қойды дей көрме,
Сыйласқанда сырын қазақ сақтар ма?!

Бізде де, дос, көлеңкелі көп елес
Етек алды,
Жұрттың бәрі тоқ емес.
Бір азамат таққа отырса
Әкім боп,
Мың туысы атқа міну жоқ емес.

Жан емеспіз бар шындықты елемес,
Тәуелсіздік – оңай шығар төр емес.
Құлқы керең
Алдампаз бар алаяқ,
Бір тәуірі, бірақ олар көп емес.

Доллар қожа,
Білмегенге әдепті,
Дәріхана, дүкендерді әкетті.
Қонақ үйлер, ресторандар тұтылды,
Күннен-күнге көтерді ындын тәбетті.

Жоғарғы топ
Байып жатыр бұйығып,
Тегін кіріс оңнан-солдан құйылып.
Шіркіндерге ес бітер деп сенемін,
Халқым сүйген қайырымдылық бұйырып.

Бөсу де бар – жеңіл-желпі желбіреу,
Тәсіл де бар – айлакерсіп елжіреу.
Аттан түссе арпалысып өтеді,
Сынай қалсаң
Жауығады кейбіреу.

Мұның бәрі
Аздың ісі. Көп берік.
Көп жіберер
Қырнап, жойып, көмкеріп.
Жігіттер де жоқ емес қой қазақта,
Әділетсіздік төрін кетер төңкеріп.

Әлдекалай
Туа қалса тың талас,
Бұл қазағың ырқы жеңбей тыңдамас.
Түс шайқасар, күш байқасар,
Бірақ та,
Бір-бірінің бетін әсте тырнамас.

Қуанышым –
Бірлігім зор даламда,
Татулық мол, қастандық жоқ арамда.
Сыртқы жаудан, ішкі даудан сақтасын,
Құт орнасын әрбір жаңа қадамға.

Жігіттер бар
Дала мінез, нар тұлға,
Барын берген туған елге тартуға.
Дәрмені мол,
Жәрдемі мол маңайға,
Мен оларды жалықпаспын айтуға.

Осы біздің
Орта буын қоғамда,
Өсім таппас шын нарықшыл болар ма?
Көпті көріп,
Септі беріп, жалтармас,
Еш өкпе жоқ мырза мейір оларға.

Қыран боп шал
Түлкілерді, орташам,
Көпшілікке сепшілдігің жолды ашар.
Жабырқаған көтерілер еңсеміз,
Жарлы-жақыбай, жүдеулерді қолдасаң.

Қорғайды олар «шағын бизнес» дегенді,
Көрсетпейді қызғаныштық еленді.
«Шағындарсыз» біледі ауыр екенін,
Бүкіл ел боп,
Алу жаңа белеңді.

Жоғарыдан
Қайырым, көмек күтпейді,
Олар барын өзіне-өзі түптейді...
Орташалар
Жоғарғы мен төменге
Кезек қарап өзін молдау жүктейді.

Соның бірі – Ермегияев іниміз,
Амангелді – шын ұлтжанды іріміз.
Қайырымды, мейірімді, атымтай
Сүйсінгендей өліміз бен тіріміз.

Бар табысын талапайдан алған жоқ,
Ауыр күнде ол жантайып қалған жоқ.
Нық құрылысшы
Адал іспен жетілген,
Алматыға ғажап үйлер салған көп.

Әу дегеннен
Қолдап шықты нарықты,
Әр қадамы сөнбес сенім дарытты.
Алғыр қыран
Ілген құсын ақ ниет,
Елге беріп аты-жөнін таныпты.

Амангелді десе Алматы ұғады,
Қиындықтың ол атасын жығады.
Әсем жігіт,
Елге қамқор, жәрдемші,
Адасқанға жанып тұрған шырағы.

Тәңірім оған берген сансыз талантты,
Қаз дауысты Қазыбектей
Алғыр, шешен жаратты.
Бауыржандай басу бермес
Өр мінез,
Елді аузына талай топта қаратты.

Мүгедекке, ардагерге қарасты,
Бере берсе,
Алушылар таласты.
Балаларға көмек етті,
Бәрі де
Ауыр күнде азаматқа жарасты.

Басқарады «Жарылғап батыр қорын» да,
Септестікке құт оралғыш жолында.
Салт қамшыдай
Іске даяр жәдігер,
Жарау аттай жүреді бір формада.

Талай мектеп көмегіне машықты,
Компьютерлер әсем сазын тасытты.
Дәстүр үшін
Консерватория ішінде,
Шертпе күйдің оқуын ол ашыпты.

Аунап түсті-ау Тәттімбеттей атамыз,
Шарықтасын дана күйші аты аңыз.
Амангелді,
Сол үшін де арналар,
Саған бақыт тілер біздің батамыз.

Естігенде бір қиялым тынды ірі,
Көтерілді-ау
Жойқын өнер түндігі.
Құрылысшының көкірегін толқытты-ау,
«Көкейкесті» мұңға толы күмбірі.

Осынау күйден мен қайтамын құмардан,
Мың тыңдасам жалықтырмас мұң-арман.
Тәтті бабам
Кенесары мерт болған
Хабар естіп қамыққанда шығарған.

Рақымшылдық жолы солай кеңейді,
Оған риза жас пен кәрі көбейді.

Тәттімбет пен
Жарылғапқа қосылып,
Кенесары аруағы жебейді.

«Ермегияев берді...» деген көмек көп,
Ел мұқтажын
Дәл табады өзектеп.
Ақын Қасым тойын мықтап өткізсе,
Батыл жүрді талай тойлар кезектеп.

Қажет шығар шыңдау үшін намысын,
Ол сүйеді мәреде аттар шабысын.
Ол ақындар айтысын нық көтерді,
Алға тартты алғыр өнер жарысын.

Бір-біріне септестігі білінер,
Достары да өзі іспеттес ірілер.
Қатар көрсең Есенгелді екеуін,
Исатай мен Махамбеттей бірігер.

Есенді де
Нарық жолы қолдады,
Қос тұлпардай
Түсті достар жолдары.
Маңдай терін селдей төккен жігіттер,
Таза ниет, ашық болды қолдары.

Осылардай Серік, Кеңес, Әшірбек,
Орташалар
Желе жортар тәсіл көп.
Көш басында келе жатыр бәрі де,
Заман жаңа
Амалы бір ғасыр боп.

Орташалар көбейсе елім бекінер,
Осылар ғой елім деген есіл ер.
Жаны мырза, қолы ашық іскерлер,
Жәрдем етсе
Ел жүдеуі жетілер.

Біз жеңеміз, біз жаралдық намыстан,
Қазағыма туды аңсаған алыс таң.
Сағындырмай сен де, досым, келіп тұр,
Дала сырын тербеп жақсы табысқан.

Соңғы сөз

Маңғаз дала,
Қуанамын барыңа,
Тәтті жыр боп құйыласың жаныма.
Жаттың-ау сен талай ғасыр булығып,
Құлақ түріп көшкен керуен зарына.

Рахатың ба?
Мехнатың ба көргізген?
Мал соңынан
Көшпелі елді өргізген.
Деп те айтады:
Сенің ұшан молдығың
Бір қазақты үш тайпаға бөлгізген.

Жоқ! Ол емес!
Бөспе сөзге сенбеймін.
Сен тұтассың, мен сені үшке бөлмеймін.
Шыңғыс хандар ойран салып мың бөлді,
Басқаруға болар ма деп ел бейім.

Содан кейін,
Отаршылдық алды бой,
Жерін алды, ел зорлыққа қанды ғой.
Сөйтіп жүріп, шыдамасқа шыдаған
Мына дала әзер есен қалды ғой.

Бұл даланың найзағайы қатулы,
Дәлдеп түсіп, біледі тік атуды.
Жауға қаһар, тура келген оқ болса,
Жарығымен жолға салар татуды.

Дала-думан сан қызығын көрген бар,
Дос құшақта бақыт тауып өрген бар.
Жау боп келіп, дала сырын ұға алмай,
Ақ боранда бейіттассыз өлген бар.

Елдің халі қатты батып жанына,
Асан Қайғы салды терең зарына.
Ат сабылтып жерұйықты іздеді,
Сенгендей-ақ елге ырыстың барына.

Қыран қанат,
Тұлпар тұяқ жетер де,
Іздегенің бақытыңды бекер ме?!
Қой үстіне бозторғайдың ұясын,
Сен келер деп біреу жасап кетер ме?

Дала – ақылман, соның бәрін ойлайды,
Кең толғайды, ойға дала тоймайды.
Табиғаттың бір құпия сыры бар:
Ел – данасыз,
Жер – даласыз болмайды.

Сол қарқынмен
Шарықтай бер, батырым,
Оған жетер
Күш-қуат пен ақылың.
Аға болып ескерту де айтамын,
Мен өйтпесем ел сыйламас ақынын.

Көз алдыма
Сағым мұнар тұнады,
Қолда тұр ғой
Тағдырдың кей сынағы.
Қаныш аға құрған Ғылым ордасы,
Құр сүлдері қалып, жүдеп құлады.

Енді ол үйде ала-құла бірдеме,
Шын сылқитып
Сыймайды айту тілге де.

Құтқарайық,
Алдымызда тереңге
Батып бара жатыр зәулім бір кеме!

Тесіп тұрған түйіртпек бар көмейді,
Айтпаған соң азабы да көбейді.
Көкшетау мен Талдықорған түлесе,
Ұмытпайық Жезқазған мен Семейді.

Тұтас елміз, бәріміз бір ағайын,
Ұмытпайық аруақтардың арайын.
Жезқазғаным – Ұлытауым емес пе,
Семей деген – ұлы дана Абайым!

Сөз қозғасам
Дала жайлы әріден,
Беріден де сілтер едім әлі мен.
Осы жетер,
Той алдында толғансам,
Әр жемістің мезгілі бар дәмімен.

Тәуелсіздік – елім оны пір тұтқан,
Достарым көп құзар шыңға бір шыққан.
Мен ақынмын – арым таза, кіршіксіз,
Жүрегіне өлең деген гүл шыққан.

Жаһанға әйгі
Кең даламның атағы,
Халқым дәмін
Зор бақыттың татады.
Күн шуағы Қазақстан өн бойын,
Сүйіктім деп сүйіп қана жатады.

О, кең далам!
Осы өмірді қылды арман!
Есен өттік отар, бодан жылдардан.
Келешегім кемел оның, сенемін,
Тәуелсіздік көк туымен нұрланған!

07.08.2001.
Алматы

ЕВНЕЙ БУКЕТОВКЕ РЕКВИЕМ

I

Ауыр қаза.
Қалың ел құлақ түрді,
Құлақ түрді... Тым ауыр сұрақ кірді.
Елден бұрын егіліп, тұман айтты-ау,
Құба талы Есілдің жылап тұрды.

Толғандырды тоғайдың тотылары,
Шер таркатты жүректе оты бары.
Торқа болар төсектей толқып кетті,
Туған жердің сен басқан топырағы.

Қайғы жұтып, демеймін, дара қалды,
Есіл кайда, Сарыарқа жараланды.
Қарқаралы қалың бұлт арқалады,
Аттандырды алысқа Қарағанды.

Ол емес қой, халайық, ұмытарың,
Алатаудан қаулады ұлы сарын.
Қаз дауысты қазақтың жан азасын
Желге қосып жеткізді Ұлытауым.

Қапа бар ғой жұлдызда жайнамаған,
Қарт анадай қарады ай да маған.
Күннің көзі таңертең тоқтай қалды:
«Қайда кетті, – дегендей, – қайран ағаң?..»
Сұрақ осы жамиғат ойламаған,
Жаншып кетті жанымды
Ойран алаң...

Жібек мінез жігіт ең,
Жібек сөзің,
Жауықтырмас пендені жібек сезім.
Ақ ниетті сыйламас сорақыға
Қыр көрсетпей, жүдеттің жүректі өзің.

Кішіпейіл, сүт көңіл, келісті едің,
Керіссең де,
Ешкіммен кейіспедің.
Көрген жанды сүйсінтті сүйкімділік,
Үзімі бар кейпіңде періштенің.

Тура шықпай қанжарлы сермеп қолын,
Дос боп жүріп,
Дұшпаның өзгертті өңін.
Газеттерден
Сені атқан қара кескін,
Атын анық айтуға бермепті орын.

Адамшылық, шын сеніп парасатқа,
Үңілмедің бір мезгіл саясатқа.
Інжу төккен ауыздар у шашқандай,
Салды сені айықпас жарақатқа.

Ерте кеттің,
Әйтпесе байқар едің,
Сылып жатыр сұмдықты байтақ елім.
Соқтығысты ақиқат алдаушымен,
Сағат туды ел жақтап қайтар кегің.

II

Әбділдалар: «Айқасқа шығам!» – деді,
Талай достың булықты шығар демі.
Сын сағатта
Біздерге тоқтау салдың,
Сол шешімді туған ел ұғар ма енді?!

Бұл жалғаннан алмаған бұрын сабақ,
Не демекпін дос өтсе қырын қарап?..
Осы сауал
Тулатты жүрегімді...
Әрең жүрген шырылдап бұрыннан-ақ.

Үйренбеген тәсілін жалтарыстың,
Тасасында қалмасам қалтарыстың...
Сен тоқтаттың, айтқаның:
«Ақылдыға
Ақымақпен жөні жоқ арпалыстың».

Жерлесшілер даңғаза әлемінде,
Таланттыға өзгертті сәлемін де.
Сен ғылымның,
Өнердің ақ жолында
Төркін жайын білмедің пәленің де.

Жібермеді-ау ноян іс
Жер бетінде
Жауым бар деп ойлауға, зерлетуге.
Байтақ елдің мұқтажын сезуші едім,
Құдайлықтың ізі бар келбетінде.

Жас баладай кіл таза туған алып,
Жүрегіңді жүрдің-ау жырға малып.
Қасымдықтың ұшқынын неге алмадың,
Қаркаралы маңына жылда барып?!

Үлкендердің келеді-ау үлкен бабы,
Кей сырыңды топшылап білсем-дағы;
Толстойға толықтау еліктедің,
Маяковский ағаңды сүйсең-дағы.

«Содыр сыннан қазақтың өлгені көп,
Мақтаудан мерт болғанды көргенім жоқ», –
Деген сөзің баяғы әлі есімде,
Аңғардың-ау тағдырдың кермегін көп.

Абайлардан алдың ба бұл ғұрыпты,
Терең толғау тұңғиық тұндырыпты.
Ақылдылар осылай ойлағанша,
Тентектерім дүниені бүлдіріпті.

III

«Өлгеннен соң үйрендік қайғы етуді,
Тірі күнін білсекші жайлы етуді.
Шын айқасқа шықпаған
Сын сағатта,
Туған елге көрсетем қай бетімді?!» –

Деп достарың ішінен қайталады,
Тұнған сырын талайлар айтар әлі.
Ал сол күні бүкіл ел қайғырғанда,
Сырт айналып кейбіреу байқамады.

Терең сөзге барсам да тым әрірек,
Менен артық ел айтар мың сан рет.
Шірік, пасық салтына залымдардың
Қатал жауап беріпсің сен дәлірек.

Оқыс қаза емес пе опат тектес,
Өкініш көп көңілден ноқат кетпес.
Көп сақтамай, айтайын қайғы, назды,
Көп мақтауға бәрібір тілім жетпес.

Табыт үні емес бұл,
Халық үні,
Сен едің ғой ардагер, анық ұлы.
Кең едің ғой көксемес күндестікті,
Албастының қалыпты жабық үні.

Суық хабар келгенде жан үзілді,
Ойлай бердім
Жоғалмас нар ізіңді.
Көздің жасын төксем де білдірмеймін...
Өтеп тұрмын інілік парызымды.

Қалың топты жас ұрпақ бастап шығып,
Атыңды айтар адалдық басқарттырып.
Атан қомы, ат жалын сыйлайтындар
Евней күнін атайтын бастар ғұрып.

Қатулықтың бірі ғой «күшті елдегі»,
Табалап та абалап үстемдеді.
Әділет таңын тезірек шақырғандай,
Үнің қалды күрт құлап түскендегі.

Көңіл бөлмей
Қираған сәнімізге,
Баса бердік көнетоз әнімізге.
Ол тисе де, сен тимей
Басындырдың,
Тым жүрексіз болғандай бәріміз де.

Оңай емес қалың дерт бойлағаны,
Атыңды атап
Салады ойран әлі.
Ақымақтың қате ғой ақылдыны
Қорқақ, әлсіз, үркек деп ойлағаны.

IV

Ұстаз-ғалым, қалмадың қалтарыста,
Тоқмейілсу болған жоқ бар табысқа.
Тас көмірден сен мұнай шығарам деп,
Талмай кірдің ғылыми арпалысқа.

Арман еді-ау...
Бұл айтқан сырым жаңа,
Қайда төкті,
Білдің бе, нұрын дана?!
Қазағым-ай!
Осындай зор айқасқа
Барса барар Евнейдей ұлың ғана!

Бүкіл елге Букетов аты ұнады,
Таңдай, шіркін, тамаша татынады.
Көмір мұнай берер деп кім ойлапты,
Ал күндестер күңіренді, шатынады.

Ел атағын түсінбей шірік бастар,
Жауласты ғой рушыл ғұрыптастар.
Залымдардың залалды бүйрегінен
Жан болмады-ау індетті сылып тастар.

Мұнай дейміз,
Құдай-ау, аманатты,
Селенің мен өлеңді санамапты.
Көп өнерден шошынған шенді дүмше,
Көк төбетін тасадан абалатты.

Емес едің, қазағым, жаман халық,
Әділдікті құл етті заман нағып?!
Жақсыларды қиды ғой жамандыққа,
Ел алдында есуас арамданып.

Олар сұмдық теруге қалыптасқан,
Екеніне жер мен су қанықты аспан.
Соқтықтырды айламен досты доска,
Өздеріне еш күмән дарытпастан.

Биікте едің
Ала алмас қанат тыным.
Мерт болдың-ау таптырмай тағат шыңын.
Бүгін қайта көтерді есіңді,
Сезіп жылдар өзінің ағаттығын.

V

Құтты жолың біздерге айдан анық,
Құралақан емессің, жайдақ алып.
Сегіз қырлы, бір сырлы асыл едің,
Ел алдында есімің жайнар анық.

Бәрі өзгерер...
Басқаша жаз, күз де өтер,
Ар-намысты халайық шын күзетер.

Арамзаның әділет бетін ашар,
Күнәкарды бар қазақ бір іздетер.

Есеңгіреп Есілдің жарқабағы,
Назаланбас тек қана Арқа маңы.
Қаратаулар,
Күрсінді Алатаулар,
Еділ-Жайық өкінді шартарабы.

Дүлдүлдермен ең сыйлы жаттамалы,
Ардақты атың жарқырар сәт табады.
Евней десе
Құшағын кең ашады,
Келер ұрпақ, болашақ қақпалары.

Көркейгендей көңілдің көк құрағы,
Селдей тасып бұлқынса сөз бұлағы;
Кек алам деп ойламан,
Тек айтарым:
Неге ақымақ дананы бетке ұрады?!

Сені дос деп дүниеде санағанды,
Қайғы жұтып демеймін дара қалды.
Қара қағаз келгендей қан майданнан,
Қалың қазақ жүрегі жараланды.

Жөнін байқау керек қой терістің де,
Келіспеске сыпайы келістің бе?!
Сенен асқан
Көрмедім көнтеріні,
Көтерімпаз ауырды жер үстінде.

«Шаңқай түсте, шілдеде жауады қар»,
Деп кім ойлар,
Айтсаңшы, саналылар.
Бүркеншік ат тағынған
Қара кескін,
Індет болды-ау
Қаныпезер жалақұмар.

Өкініш көп,
Салайын несіне зар,
Өз жұлдызың арнаулы көшін табар.
Шәкірті едің Қаныштай данамыздың,
Қатар ұстап қазағым есіне алар.

Ел ардақтар ақымақтар жасырғанды,
Шен шыдатпай дүмшелер басын жарды.
Мен жар салсам бұл күнде атыңды атап,
Сен қарсы алып тұрарсың ғасырларды!

VI

«Нар еді ғой,
Намысты бермес бүктеп,
Қажыды ма қанағат бермес жүкке?..» –
Деп достары ұрынбас сенбестікке.
Түнде түскен жасындай жарқ етті де,
Таң сәріде аттанды ол келместікке.

Керуендей адасып, көшін үзген,
«Не сұрайсың?..» дегендей осы бізден,
Танып қалдық бүкіл ел есімізден.
Әлі күнге келеміз жібіте алмай,
Жанға баткан берішті төсімізде.

Астаң-кестең дүние, жаттың ауып,
Біреу қаза, біреулер тапты сауық.
Елдің ішін шыр бұзар батты қауіп,
Қанша зәбір шексе де сыр бермеді,
Көрмеген жан есікті қатты жауып.

Көңілге алмай жүрсе де қайдағыны,
Сескендірді қимылы сан жабыны.
Жер бетіне тарамай жатпады үні,
Шын таланттың дүбірі-ай!
Тыншытпады
Шаңға көміп кетердей тақтағыны.

Зәбір етпес, жамандық аш қала ма?!
Талай ерді киды ғой масқараға.
Тайсалды ма?.. Мансапқа мас сана да...
«Кешір, Алла, пендешіл күнәмді», – деп,
Бет сипады бір бастық астанада.

1990

ТҰРСЫН УӘЛИХАНОВҚА РЕКВИЕМ

(Ыдырыс Мақыұлының тебіренісі)

Жаралған тәңірі нұрынан,
Жүрегі нәзік жылы жан.
Ыдырыс атай айырылды,
Шоқанға тартқан ұлынан.

Жыр етсем парыз-мақсатты,
Ақ жүзін жүрек сақтатты.
Өткір көз, өжет жан еді,
Қыр мұрын, кербез, атжақты.

Сырымбет тауым байсалды,
Қайғырып бірге шайқалды.
Аққу-қаз көлде сыңсыды,
Аймақты қайғы айқарды.

Әкем менің ауылнай,
Лажы өзге табылмай,
– Айырылдық – деп, – асылдан, –
Жоқтады жалғыз бауырдай.

Қасынан қалмай еретін,
Сурет салып беретін.
Айырылдым мен де ағадан,
Еліктеп жаным сенетін.

Тұрсын аға қазасы,
Жеткендей тағдыр жазасы,

Ыдырыс атай толғанды
Сондағы осы азасы:

– Күрт қайғы маған кез болды,
Аңдаусыз әрі тез болды.
Жұлдызым сөніп аспанда,
Телегей жасқа көз толды.

Ел-жұртқа аян бұл шыным:
Балғын жас едің, Тұрсыным.
Тіл тиді ме, Құдай-ау,
Қиылды ерте қыршының.

Құлын-тай күннен төрлетіп
Өсіп ең албырт ержетіп,
Мен жер басып қалдым-ау,
Жиырма екіңде сен кетіп.

Қосылып, өксіп жылаған,
Көз жасын көлдей бұлаған,
Жалғыз қалды-ай Шотажан,
Асқар тауы құлаған.

Күн кешсем оқыс сынаған,
Кім жүрер дейсің дін аман.
Көнеді екен көнбеске,
Көз жұмғанша бұл адам.

Жарқ етіп топқа шыққалы,
Атыңды ел-жұрт құптады.
Шоқанға тартқан дарын деп,
Сүйсінтті көптің ұққаны.

Қазаңа халқым ah ұрды,
Сөз айтты талай татымды.
Аятқа қосты кәрі-жас,
Тұрсын деген атыңды.

Шаршы топта тайсалмас,
Беренім едің ақ алмас.
Теңіздей терең сөзіңе,
Жан болмады таң қалмас.

Әділет жолын қолдадың,
Қиянат істі торладың.
Арыстан айға шапқандай,
Жазықсыз жанды қорғадың.

Қазыбек бише толғадың,
Адалдық ғибрат жолдадың.
Ар жолынан адаспай,
Қуантты биік қонғаның.

Керімсал, кербез жүрісің,
Жан баураған күлісің.
Артық тартып тұратын,
Бір ісіңнен бір ісің.

Әр сызықтың мәні бар,
Әр мәнердің жаны бар.
Атаңа тартып жасыңнан,
Суретші болдың танымал.

Жақсыны жылдам танушы ең,
Суретін хатқа салушы ең.
Сен салған Абай, Жамбылды,
Өзім де сұрап алушы ем.

Евнейдей асыл жайдары,
Достарың бірге жайнады.
Жүрген жерің той еді,
Жиналар алыс қайдағы.

Көкшетау сүйді аймағы,
Айыртау жігер қайрады.
Туған жерің Сырымбет,
Құлагер мінез байлады.

Құмар болған көп саған,
Қасымда бірге жоқтаған.
Көрікті едің, жаным-ай,
Көз тиді ме деп қалам.

Қайыспас қайсар қамалым,
Сен едің шуақ самалым.
Ажалдан сақтап қалуға,
Табылмады амалым.

Не болар ойды шектеген,
Күн осы біздің септеген.
Өкпеден тиген кеселге,
Әліміз әлі жетпеген.

Мықтымын деуші ем біршама,
Айықпас енді бұл жара.
Тәубе дейін, Жаратқан,
Арызым қалды бір ғана.

Артында Шота түлегім,
Үздірмес Тұрсын легін.
Жалғызыма жар болғай,
Тілеймін соның тілегін.

Айбыны елге ұнаған,
Айрылдым дүлдүл құладан.
Кенжемді кенелт, Құдайым,
Арызым осы сұраған.

Іштегі сырды білер кім,
Келмейді айтпай түнергім.
Шотадан көрген қызықты,
Азық етіп жүрермін. –

Тигенде дауыл барына,
Тұрсынды көп-көп сағына.
Жан азасын арнаған,
Қанықтым осы зарына.

«Шотадан көрген қызықты»,
Жадыма жаным тізіпті.
Сәулеткер болды кенжесі,
Мақыдай сүйген сызықты.

Талабын ұлдың таныды,
Сенімге көңілі жарыды.
Атаның ұлы өнері,
Немереге дарыды.

Көңілін өмір аулаған,
Жемісі өсті баулаған.
Суретші болды Шотасы,
Тұрсыннан көзі аумаған.

Шығарса ұлы батыл үн,
Ұнатты әке ақылын.
Сезіп те жүрді сүйсініп,
Жазғаннан өлең ақырын.

Барға мәз жаны жаттығып,
Үйренген қалды тапшылық.
Алматыға көшті шал,
Шотадан көріп жақсылық.

Бауыр басты астана,
Ержетті, міне, жас бала.
Келін де түсті керіліп,
Қарамай Шота басқаға.

Жылаумен кетсе екі көз,
Көрсетер қолы жетті кез.
Немере сүйді алғашқы,
Арналды бата – есті сөз.

Басталса шаттық шалқары,
Етектен досы тартады:
«Ыдырыс, қалай қидың, – деп, –
Алатауға Арқаны?»

Жауабы сонда: «Батар күн,
Дәм-тұзды соңғы татармын.
Шотаның кетпей қасынан,
Алатауда жатармын».

Мінеки, нағыз сөз құнды,
Көкірек толқып, көз тұнды.
Кең пәтерге кірген соң,
Үш күннен кейін көз жұмды.

Арнасам бір сөз асылға,
Ұстаз деп білдім жасымда.
Көкшеден келіп жатыр ол,
Алматының қасында.

Берген соң бақыт қолын бір,
Орады тілек жолын гүл.
Ыдырыс атай аруағы,
Шотаны әлі қорып жүр.

1978.
Мәскеу

КЕНШІ ДОСҚА ОДА

Жолдасбек Жақыпбековке

I

Меже берсе асау өмір өткелі,
Қалдырмаймын дос есімін шеткері.
25 жыл өтті біздің Жолдасбек,
Ортамыздан бақи жаққа кеткелі.

Көп толғантсақ тап осындай ойға кеп,
Өрге басар қайран көңіл – жорға көк.
Жер бетінде есен жүрсе, шіркін-ай,
Жезқазғанда 75 жасын тойлар ек!

Кенші күндер азабы мен ғажабын,
Ұмытпаймын,
Әлі де көп жазарым.
Кенші деген – доска мінсіз тазалық,
Шын мейірбан асыл ұлың, қазағым.

Кенші деген – өжеттіктің арнасы,
Таска түсер әр күн қимыл таңбасы.
Қазған кені алтын, күміс, жез болар,
Сол ғой оның өрік, мейіз, алмасы.

Кенші – әлемде ен тіршілік талғамы,
Қазған кені – байлыққа ел қанғаны.
Мысқа ерген рений, осмий алынса,
Ол – кеншінің берген гауһар, ақ дәні.

Кенші қауым бірегейі Жолдасбек,
Шындық осы көп созбасам әспеттеп.
Ойламаған жерде кетті қапылыс,
Еш адамға кінә тағып болмас кек.

Толқын шашты кербез жігіт жар маңдай,
Кете барды үнсіз ұйықтап қалғандай.
Сұм ажалдан сонда қатты шошындым,
Бір досымды үнсіз ұрлап алғандай.

О, тағдыр-ай! Кім кешірер осыңды?!
Күрт қазаға естір құлақ шошынды.
Қарт Ұлытау көңіл айтты Торғайға,
Кеңгір сыңсып, Есіл жылап қосылды.

Бота көзі жан жылытқан әдемі,
Мырза мейір, сері, даркан, нар еді.
Зор құрметпен аттандырды Жезқазған,
Тар забойда төккен тері бар еді.

Тал бойына қонды мінез асылы,
Текті ұрпақ осал емес нәсілі.

Болашаққа қамсыз күні жоқ еді,
Кемеңгерлік жасатты асыл кәсібі.

Мақтан етсем адал дос деп ардақтап,
Ол өткен жоқ ешқашан да арды аттап.
Амал қанша,
Суық хабар жеткенде,
Бет сипадық бұйырсын деп жаннат-бақ.

Кеншіліктің бар сатысын атқарды,
Кіші шахта, үлкен шахта басқарды.
Алып шахта басшысы да болды ол,
Жұлдызымен тіреп тұрған аспанды.

Басқан ізі тастап кеткен мол ұғым,
Шын еңбекқор қадірлемес оны кім?!
Қаныш аға ізгі арманын орындап,
Бастап кетті кен қорғаудың жорығын.

Келісті еді әр қадамы, мәнері,
Ізгі тілек сыйлаушы еді сәлемі.
Балаларын мәпелеген қазақша,
Ділі мықты, тіл қорығыш жан еді.

Кенші күндер...
Әрі ауыр, әрі аңыз.
Оны сүйді Далабайдай дарамыз.
Байғалиев, Бөпежанов сыйлаған,
Омаровтың шәкірті деп санаңыз.

Қадырбек пен Мұзарафты дос етті,
Балғабайдың жолына гүл төсетті.
Серік, Жәлел, Жаналыны құрметтеп,
Қонақбаймен талай сырлас кеші өтті.

Айта берсек сан арысты табамыз,
Өресі зор сол биіктен қараңыз.
Қадірледі оны ақсақал «Бас кенші»
Дүйсембаев Оразбектей ағамыз.

«Волгалардың» құбасы мен құласы,
Болды оның мінген аттай мұрасы.
Қайда жүрсе жақсылармен жалғасып,
Ордабайлар болып кетті құдасы.

Толқып кетсе айтар сырдың біразы,
Жолдасбекке кенші қауым бек разы.
Сәдуақасов Темеш аға екеуі,
Бейнелері қалды есте биязы.

Әшірбектің
Ұнатты жас қадамын,
Шахталас боп қастерледі талабын.
Қатар жатыр екеуінің атында,
Қос көшесі Сәтбаевтай қаланың.

II

Меже берсе асау өмір өткелі,
Қалдырмаймын дос есімін шеткері.
25 жыл өтті біздің Жолдасбек,
Ортамыздан бақи жаққа кеткелі.

Жезқазғанда бірге жүрген төселіп,
Жас кеншілер жез тасытқан көш едік.
Төлеусейіт, Садық, Жөкең төртеуміз,
Арамыздан қыл өтпейтін дос едік.

Қол босаса «демалымпаз» жас едік,
Жол ғажап қой көбейгенің дос ертіп.
Балаларды көтеріп ап жүруші ек,
Борандарда мейрам бардай көшелік.

Автобус жоқ біздің «Желдорпоселок»,
Аптаптарда жатушы еді тасы еріп.
«Рудник» жаққа Жолдасбек пен Үмітжан,
Көш бастайтын алдымызда қос елік.

Кербез еді-ау Жөкең біздің сымбатты,
Жігіттіктің сұлтаны сол сұңғақты.
Қыры сынбас сәнді киім киетін,
Өзгелердің қолы жетпес қымбатты.

Аппақ нұрдан жаралғандай ажары,
Үмітжан да болды арудың ғажабы.
Төрде қонақ,
Жан-жағында көп бала,
Екеуінің шалқып тұрды базары.

Өмір сыры жүрек үнсіз жинаған,
Әуресі көп өлең болып қинаған.
Әне, сонда Үмітжан мен Жолдасбек,
Жаттап алып таңдануын тыймаған.

Дастарқандас, дәмдес өтіп бар қызық,
Ән-күйлеттік шартарапқа шарқ ұрып.
Жүрегімнің жанартауы тұтатқан,
Жаңа әніме сәт тілесіп балқыдық.

Төрткүл дүние секілді едік мәңгілік,
Жасап өтер сыйлас, сырлас сәнділік.
Кен қазудың бар тәсілін игердік,
Қалың қазына қан тамырын дәл біліп.

Шүкіршілік, болды ісіміз табысты,
Қолдан беріп көргеміз жоқ намысты.
Төртеуміз де ақыл қосып түрленттік,
Бізге сеніп ел тапсырған әр істі.

Кей шындықты келсе солай ескерткім,
Достар қанық, дәстүріме дес жеттім.
Бас ұстасам таңдай беріп ардақтап,
Үмітжанды қарындасым деп кеттім.

Жолдасбектің тілін алмас бір пенде
Болмаушы еді ата дәстүр білгенде.

Тыңдамады тек аяусыз сұм ажал,
Елу жасқа жетемін деп жүргенде.

Дос-жаранды пәк мінезбен нұрлантты,
Ауызынан сөз шықпаушы еді бір қатты.
Әттең, шіркін,
Ерте әкетті сұм ажал,
Қатал тағдыр бұзды әсем ырғақты.

Кілең жап-жас алты қыздың қалғаны,
Үмітжанға тағдыр зор жүк салғаны.
Балаларға көздің жасын көрсетпей,
Ақ ұядан әр қияға қамдады.

Ауыр күндер ес кетердей теңселтті,
Ішкі намыс күш-қайратын өлшетті.
Құба талдай нәзік, жұқа келіншек,
Ел алдында мықтылығын көрсетті.

Білдірмедің ауырлықтың қақпанын,
Қарлығаштай құтты ұяңды сақтадың.
Үлдіріктей қарындасым Үмітжан,
Ар алдында парызыңды ақтадың.

Онға жуық өріс алды немере,
Әр қадамың болды досқа өнеге.
Жолдасбектің жер бетінде жалғасы,
Кеше туды Батырхан атты шөбере.

Айта берсек таусылмайды сыр қалың,
Достық парыз тап осынау жыр-жалын.
Алғысымды ал, Үмітжан-ау,
Қыздарға
Көрсетпеген сұм жалғанның мұң-зарын.

Толғанғаным беу, ағайын, мұншалық,
Сағыныш жеңіп, тұрмын үнсіз мұң шалып.
Садықты да алпыс жасқа жеткізбей,
Қанатына байлап кетті-ау сұрша бұлт.

Тақап қалдым мен де өмір кешіне,
Көңіл назын жасырайын несіне...
Кенші достар өшең ноян екен-ау,
Бірін айтсам бәрі түсті есіме.

01.01.2005.
Астана

АҚ БАТА

Әшірбек інімнің немересі Жандосқа

Жандосжан, айналайын дүбіріңнен,
Ай толқып,
Сен туғанда күн үңілген.
Бекітіп думан-тойда есіміңді,
Бісміллә,
Сөз қозғайын түбіріңнен.

Біздің жер бұғы-бұлан көшкен зерен,
Қарағай-қайың қаулап өскен ерен.
Сексен көл аққу-қазы «Гәккулеткен»,
Туған ел асыл төрі – Көкше деген.

Қазақтың тармағымыз Арғын деген,
Жалғаспыз жер бетінде бар Ғұнменен.
Әйгілі Қарауылдың баласымыз,
Сал-сері қанат жайған өңшең ерен.

Сарыарқа самал желді қамар белін,
Жайлаған түп-тамырың терең сенің.
Шоқандай данасы бар
Киелі елміз,
Қазаққа түгел жайған өнер кенін.

Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Ақан сері,
Біздерміз жыр қаулатқан мұрагері.
Ақанның мал дүлдүлі
Құс қанатты,
Қазаққа аңыз болды Құлагері.

Тіршілік талай сырын өлшедік біз,
Тарихта жалғаспайды көш көліксіз.
Дәурен мен Сәуле
Сенің әке-шешең,
Құдасы Шапыраштының көкшелікпіз.

Озымпаз, олар сөнбес оты барлар,
Санаға сан ғылымды тоқығандар.
Мәриям екеумізден бата алып,
Мәскеудің МГУ-інде оқығандар.

Әшірбек атаң біткен асыл дарын,
Жезқазған қаза білдік тасын қалың.
Бір ана баласындай дәуір кештік,
Кенші боп табамыз деп ғасыр бабын.

Жан жары, ақылшысы әрі қорған,
Ғалиядай әжеңді алып төрі толған.
Жезқазған, Ақшатауға тер төгілтіп,
Сәтбаев қаласының мэрі болған.

Атаса атаң-әжең құрмалдығын,
Той болды Алматыда туған күнің.
Ұлы атаң ер Құнанбай аунап түсіп,
Рухы саған назар бұрған бүгін.

Нағашың Нұритегі Марат құда,
Ұқсайды қыран мінез қанаттыға.
Құдағи Роза іштей тілеп отыр:
«Құдайым,
Бақыт бер», – деп талаптыға.

Сөз етем баяғы өткен заманды да,
Табақбай, Төрегелді, Жанаңды да.
Ер Құрман, Әуелбек пен Қожаназар,
Айтайын Дәулетбайдай бабаңды да.

Арқаның асыл ұлы ер Қалдаман,
Әз Тәуке сондай қайсар ер таңдаған.

Ел сүйген ханның мықты бір тірегі,
Шекпен мен ол алмаған шен қалмаған.

Дәулетбай төл баласы Қалдаманның,
Бірі еді жақсылықта малды адамның.
Тебінде сан мың жылқы кісінеткен,
Дәл өзі Алла қолын жалғағанның.

Сенеміз көне тарих көп ілімге,
Толқиды дария-тасқын көңілімде.
Жасында Абылай ханға
Қорған болған,
Көп сыр бар Дәулетбайдың өмірінде.

Атауға тұрар тұлға жеке-дара,
Мырза жан ауыл-аймақ, елге пана.
Жебесін ұрпағым деп, беу, қарағым,
Әз бабаң Дәулетбай көне дана.

Шындыққа Шоқан бабаң іңкәр келген,
Айтыпты тарих сырын ұтар жерден:
«Жоңғарға Әбілмансұр аттанарда,
Дәулетбай «Шалқұйрықтай» тұлпар берген».

Жануарға таң қалатын жан баласы,
Тиді ғой болат тұяқ жарға тасы.
Алтын жал, алтын құйрық көз қаратпас
«Шалқұйрық» Құлагердің арғы атасы.

Туса да өз ғасырың, өз ғаламың,
Алысқа жорамалдап көз қададым.
Жандосжан,
Ата-бабаң – тегің мықты,
Осыны мақтан етіп сез, қарағым.

Бір Алла жәрдем етер кезі келсін,
Аз берсін, көп берсе де өзі берсін.
Өйткені, Әшірбектің немересі,
Атақты Дәулетбайдың тегіненсің.

Жөн сөзге адам жаны қанығады,
Мүлт бассам тыңдаушы да жабығады.
Беретін ақ батамның асылы осы:
Жар болсын Абылай ханның аруағы!
Әумин!

* * *

Қалдаман, Тоғай аралас,
Жерін, Даубай паналас.
Деріпсал абыз атаң да,
Бөтен деп сені санамас.

Сайлап ал өмір кемесін,
Атаның сыйла кеңесін.
Ақан сері, Үкілі Ыбырай,
Аруақтары жебесін.

Ауылың – алтын жұмағың,
Осыны жатта, шырағым.
Көз жұмғанша сыйлап өт,
Сандыбай ата бұлағын,
Үкілі Ыбырай тұрағын.

Күн сүйіп көктен құшады ай,
Бақ берсін тағдыр тұсамай.
Қайыркендей қадірлі,
Алғыр бол ақын Мұсадай.

Сәлімжандай ерен бол,
Әшірбектей кемел бол,
Ауылдың ауыр ахуалын
Сапарбектей сезер бол.

Базарбектей көнер бол,
Боранбайдай жеңер бол.
Ер мінез Ерден ағаңдай,
Болашаққа сенер бол.

Бейсембай қажы баласы
Қажыбайдай бедел бол.

Басыңа бақыт орнасын,
Алдыңда бөгет болмасын.
Дауылпаз Шоқан аруағы,
Өмір-бақи қолдасын!
Әумин!

* * *

Бата да бата-бата бар,
Бұйырған пенде тата алар.
Асан Қайғы, Қорқыттай,
Жебесін аңыз-аталар.

Төгілсін тілек менен мол,
Көрінсін ықылас сенен зор.
Едігедей елге шын қамқор,
Бұхардай шексіз ерен бол.

Сегіз серідей жан-жақты,
Шал ақындай терең бол.
Жамбылдай бақыт жайласын,
Болашаққа шексіз сенер бол.

Қабанбай бол айлалы,
Бөгенбай бол арналы.
Қаз дауысты Қазыбектей,
Тетікті тап қайдағы.

Тарихта өшпес ғасыр бол,
Кенесары хандай асыл бол,
Наурызбайдай ақтангер,
Ағыбайдай жауға жасын бол!

Төле бидей көкжал бол,
Ағыбайдай ақ жол бол.

Әйтекедей салмақты,
Сырымдай сөзге қақ жол бол.

Исатайдай зиятты,
Қияға сілте тұякты.
Сүйінбайдай арқалы,
Кенендей бол тұрақты.

Біржандай асқақ кемел бол,
Естайдай әнге шебер бол.
Орынбайдай орақ тіл,
Тайжандай тасқын өнер бол.

Бауыржандай елге тірек бол,
Мәліктей тұлға, білек бол.
Қасымдай өжет от-жалын,
Мұхтардай ұлы жүрек бол.
Мұқағалидай сөнбес үміт бол,
Сәкендей сұңқар жігіт бол.

Бейімбет, Ілияс қолдасын,
Саиндей сақтық орнасын.
Омаров Ілияс секілді,
Әділдік жаса ордасын.

Жадыңда Ораз көктесін,
Есіңнен Тұрар кетпесін.
Мұқанша жайлап сұлу саз,
Жұбановтай атақ беттесін!

Сәтбайдай болсын қауметің,
Шорман бидей озсын әулетің.
Қанай бидей қуат бол,
Алшынбайдай суат бол.
Мыңмен жалғыз алысқан,
Абайдай бол данышпан!
Әумин!

* * *

Құрманғазыдай «Серперлет»,
Тәттімбеттей кең сермет.
Нұрғисадай ән-күйді,
Мәңгі өлместей төр-төрлет.

Шашубайдай беделді,
Балуан Шолақтай өнерлі,
Есенберлин Ілияс сияқты
Дария бол алтын кемерлі.

Мүсіні таста гүлденер,
Төлегендей болғай шын шебер.
Тоқтардай нағыз батыр бол,
Ғарышқа барып тың келер.

Көрсетіп ерлік не түрлі,
Талғаттай бол өтімді.
Қошқарбаев, Қайсенов,
Батыр бол Сағадат секілді.

Шаяхметовтей айылды,
Нық тартып көрсет бай үлгі.
Бәйкендей бол салмақты,
Димекеңдей пайымды.

Ғабиттей тетік сақтайын,
Сәбиттей жетік бастайын.
Табанды бол Фазылдай,
Хасендей қисық баспайтын.

Сырбайдай асып-саспайтын,
Мұхаметжандай талант жақтайтын.
Қирабаевтай адал бол,
Ел сенімін ақтайтын.

Кәкішевтей қызу жалының,
Жандырсын шындық әр үнің.

Қабдоловтай ел сыйлар,
Дархан болсын дарының.

Дұшпанын қоймас зарлатпай,
Олжастай тынба шаңдатпай.
Тәшеневтей батыл бол,
Әр сөзін қоймас самғатпай.

Қос Мұхтар, Әбіш, Мұраттай,
Қабдештей самға сұратпай.
Әбдіжәмілдей алғыр бол,
Жұбан бол шапқан құр аттай.

Ғасырға салған сара жол,
Манаштай тарлан, дара бол.
Сансыз қырлы, бір сырлы,
Қаныштай заңғар дана бол!

Шоқайдай ойынды ұқтырып,
Нәзірдей жаса мықтылық.
Халелдей білгір ұлан бол,
Ақылмен жауды жықтырып.

Намысты қорғап табар жол,
Батыр Баяндай адал бол.
Қалың қазақ жұртына
Қарасайдай қамал бол.

Ағынтай батыр бабаңдай,
Тар жерде іздеп табар бол.
Бельгердей елге беделді,
Аманжолдай адал бол.

Тоқтамас ойлы зер салмай,
Қайратты болғай Шерхандай.
Қаратайдай арыс бол,
Камалдай заула ер салмай.

Еркіндей бол тынымсыз,
Өмірзақтай жүрмес ғылымсыз.
Баубек пен Мұқан сырын ұқ,
Жүрмеген бірі-бірінсіз.

Шармановтай сақта арманды,
Сағындықтай зерле жалғанды.
Ермегияевтей мырза бол,
Ардақтап мирас қалғанды.

Жазылбектей қойлы бол,
Нұрмолдадай тойлы бол.
Бошайдай ер азамат,
Оңдасыновтай ойлы бол.

Дихандай жолды анықтат,
Хамиттей өрге алып тарт.
Тайырдай көкте қалықтап,
Әбділдадай шабыт шарықтат.

Қуандықтай ақын бол,
Тахауидай доска шатыр бол.
Мағжанның рухы жебесің,
Ұлтыңа мәңгі жақын бол!
Әумин!

* * *

Махамбеттей самға ар үшін,
Шәкәрімдей атқар нар ісін.
Ұлттың ұлы ұстазы,
Ахметтің рухы дарысын.

Әлихан, Смағұл, Міржақып,
Марғұландай маңғаз жүр шалқып.
Рахманқұл, Зәки, Яхиядай,
Алға шық ауыр жүк тартып.

Арайлы, аппақ таң берсін,
Сәулеті әсем сән берсін.
Су сұраса бал берген,
Ақылды, сұлу жар берсін.

Айнымас адал дос берсін,
Мерекелі қос берсін.
Шөбере-шөпшек көрсетер,
Соңынан ерген көш берсін.

Арнасам бата сөзбенен,
Мұратым биік көздеген.
Жандосты Алла қашанда
Ұстасын артық өзгеден.

Қияға құлаш создырсын,
Дұшпанның жолын тоздырсын.
Әулеттің туы болардай,
Әлемде ерен оздырсын.

Тілек пен жүрек дес келсін,
Ақыл мен сезім ес берсін.
Сұрағаным көп емес,
Сұрамағанымды да ескерсін.

Бісмиллә деген дұр бата,
Құраннан туған діл бата.
Пайғамбар айтқан дін бата,
Хадиша еккен гүл бата.

Мағынасы терең сыр бата,
Маңызда болмас бір қата.
Жандосты біздің жарылқап,
Әрқашан жебеп жүр бата!

Жамандық қуып жетпесін,
Басынан бақыт кетпесін!

19.II.2000

СЕГІЗ СЕРІНІҢ ИМАНТАЙҒА БЕРГЕН БАТАСЫ

Сәтбай Шөтікұлы Сатаевтың (1823-1902) бәйбішесі Күнсұлудан 1845 жылы Имантай, болашақ ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтың әкесі дүниеге келгенде ұлан-ғайыр үлкен той жасалыпты. Сол тойға атақты батыр, әйгілі ақын, үздік әнші Сегіз сері (Мұхаммед-Қанафия) Бақрамұлы Шақшақов (1818-1854) қадірлес досы Сәтбайдың шақыруымен келіп, баланың атын қойып, ақ батасын беріпті. Бұл тарихи ұлы толғауды Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаеваның «Ұрпақ сыры» (Алматы, «Үш Қиян». 2003) атты мақалалар жинағынан алдым. Өз еңбегінде аса көрнекті әдебиеттанушы Ш.Қ. Сәтбаева Сегіз сері бабамыздың бұл батасын жазып алған Қаратай Биғызан деген («Орталық Қазақстан», қараша, 1986) азаматтың берген нұсқасын ұстаныпты. Оған қоса тиянақты ғалым мұрағат құжаттарындағы осы сөз жайлы деректермен дәлелдейді. Сал-серілердің ұстазы болған Сегіз сері дүлдүлдің сөзін толық беруді жөн көрдім. Өйткені бұл батада сол заманның зиялы ұлдары, пір тұтарлық асылдары аталу арқылы сол заманның рухани бір рәсімі жүрек тартып тұр. Сегіз сері жайлы «Ол өмірде болмаған адам» деп озбыр сөз таратып жүрген ожар інілеріме де оңтайлы жауап болар деп ұғындым. Сегіз сері жайлы ағат пікір тарату адамгершілікке сыймайтын сөз. 2005 жылы ұлы композитор, ақтангер ақын, асқақ әнші Үкілі Ыбырайдың өлеңдерін құрастырып жарыққа шығарып едім, сонда Ыбекеңнің Сегіз серінің немересінің «Қамажай» атты өлеңін шырқап жүргені жайлы әдемі дерек келтіріп едім, ал биыл сол ағымда ұлы бабаларымыздың бірі Біржан салдың еңбектерін жинау үстінде Сегіз серіге арнаған «Елге сәлем» атты өлеңіне кездестім. Былай депті:

Сегіздей асыл адам жаралмайды,
Халқына болып өткен тым жағдайлы.
Керейден жүз мың әйел ұл тапса да,
Ешбірі Сегіз сері бола алмайды.

Жалғанда мұратына кімдер жеткен,
Көп жақсы бізден бұрын өтіп кеткен.
Адамның асылдары сондай болар,
Дүниеден Сегіз сері, Нияз өткен.

Ұстазым Сегіз сері, Нияз сері,
Солардан үлгі алған мен Біржан сері.
Алпыс үш мүшеліме толғанымда,
Дүние теріс айналып кетті кері.

Пайғамбар жасына келгенде қатты сырқат жабысқанын сол атамыз басқа өлеңдерінде де тайға таңба басқандай айтып өтеді, ал Сегіз сері жайлы бұдан артық деректі қайдан табармыз?! Шын мәнінде де «Сегіздей асыл адам жаралмайды» деуінде өте үлкен ой жатыр. Мұхаммед-Қанафия болып туып, Сегіз сері атанған ұлы бабамыз атадан асып туған, анадан ерекше асыл туған, дарыны орыстың Пушкиндеріне, қазақтың Шоқандарына парапар абзал тұлға. Ол жайлы әлі талай шындық жазылар, әзірше Иман-тайға берген әйгілі батасын қолда бар күйінде келтірейін:

Дәрежесі бейне хат,
Ер болып өссін балақан.
Ат қой десе балаға,
Есімі болсын Иманжан.
Жігіт болсын өнерлі,
Ел-жұртына беделді.
Қамқоры болсын халқының,
Ақылға дикан кемелді.
Сөзімнің жоқ дүр қатасы,
Ғұмырлы бол, ботасы.
Қабыл болар, әлеумет,
Ердің біздей батасы.
Отырып тойда көңіл шат,
Тумаға арнап қойдым ат.
Тіледің – бата берейін,
Жиналған көп азамат.
Ашып бөбек ұйқысын,
Тілегіме ұйысын.
Айтылған бата сөздерім,
Құлағыңа құйылсын.
Асан Қайғы бабадай саналы бол,
Ғаріпке әз Жәнібектей паналы бол.

Сардардың Ер Тарғындай өрені бол,
Ерсары мен Баяндай әулетті бол,
Едіге би бабаңдай сәулетті бол.
Ғаскерді ат-түйемен жабдықтаған,
Керейде Тұрыпбердідей дәулетті бол.
Орынбайдай еліңнің шешені бол,
Ер Сырымдай халқыңның көсемі бол.
Көшебе Майлы бидей тым көреген
Даулы істе сөзге ұста, көшелі бол.
Кіші Арғын Шоқай бидей алымды бол,
Атығай Шал ақындай шалымды бол.
Шектіде Арыстандай биязы бол,
Таузарда Жанкісідей дарынды бол.
Құрсары Әлдибектей шешімді бол,
Ашамайлы Тіленшідей кесімді бол.
Құйса толмай, толғанда аспайтұғын,
Жаңбыршы Малдыбайдай өсімді бол.
Көрсеткен бұқараға үлгілі жол,
Толыбай сыншыдайын жолбасшы бол.
Жауларға қарсы шығып бастайтын қол,
Керейде Ақпанбеттей қолбасшы бол.
Ұлы жүз Төле бидей айлалы бол,
Кіші Арғын Бөгенбайдай пайдалы бол.
Қиын-қыстау кезеңде қоршау бұзған,
Тарақты Байғозыдай айбарлы бол.
Керейде Тұрлыбектей табанды бол,
Шәукерде Байдалыдай амалды бол.
Қиналғанда ерлерге қайрат берген,
Малайсары батырдай жайдарлы бол.
Төле би бабаңдай зейнетті бол,
Тамада ер Есеттей келбетті бол.
Бикеде Манақадай аяулы бол,
Мәуелі бәйтеректей саялы бол.
Керейде Дәстем салдай бағалы бол,
Атақты Келден бидей балалы бол.
Ер Дәулендей халқыңның батыры бол,
Махамбеттей жұртыңның ақыны бол.

Дау-жанжал болдырмасқа ат салысқан,
Қараменде шешендей мақұлды бол.
Қожаберген бабадай киелі бол,
Көшебе Итемірдей биелі бол.
Базар сайын бес жүзден атан сатқан,
Байұлы Наурызбайдай түйелі бол.
Маралдай көпке тисін шапағатың,
Шөңкедей арта берсін салтанатың.
Жетім-жесір, жарлыға пана болған,
Жоландай елге тисін шапағатың.
Тобықты Әнет бидей баталы бол,
Кіші Жүз Әйтекедей аталы бол.
Бектердей қамқа киген оқалатып,
Еменәлі Жабайдай опалы бол.
Балтада Итікедей қарулы бол,
Қанжығалы Жантайдай азулы бол.
Кіші Арғын Жәнібектей ер атанып,
Өлеңде, дастанда да жазулы бол.
Қазыбектей халқыңның данасы бол,
Қарабастай жұртыңның бабасы бол,
Үш жүздің Бөгенбайдай панасы бол.
Қазақта әз Тәукедей тақытты бол,
Керейде Есенейдей бақытты бол.
Топ болса қобыз тартып, өлең айтып,
Ән шырқап Салқарайда шабытты бол.
Үш жүздің Абылайдай тірегі бол,
Марабайдай ақыны – жүрегі бол.
Еліңе Жаңатайдай айтулы бол,
Қобыланды батырдай білегі бол.
Қыпшақта Қойлыбайдай аруақты бол,
Таузарда Алдабектей ардақты бол.
Төре биге тізгінін бермей өткен
Найманда Барлыбайдай салмақты бол.
Сүйіндік, Олжабайдай келбетті бол,
Тәтіқара жыраудай зейнетті бол.
Сыбан Шондай еліңнің сен ұйтқысы,
Тәттімбеттей халқыңның күйшісі бол.

Белгібай, Күлекедей білекті бол,
Беріште Исатайдай жүректі бол.
Халқыңның қамын жеген ертелі-кеш
Қарауыл Қанай бидей тілекті бол.
Ақыл-ой мен түр-сымбат бірдей келген
Аулабайдай ажарлы, ретті бол.
Тоқсан бидей көп жасап, жүзге келіп,
Зілқарадай мал-басың өсіп-өніп,
Кетпес байлық, таусылмас қажырлы етер
Түсіңде көмек берсін Қыдыр келіп.
Жыраудың Бұқар сынды өрені бол,
Сансызбайдай ғаскердің керегі бол.
Алды-артын ойлай кесіп-пішетұғын,
Адамның Қарабидей зерегі бол.
Көшебеде Тәбейдей беделді бол,
Сүйіндікте Көтештей өнерлі бол.
Кіші Арғында Жанақтай жауырынды,
Үмбетейдей жырға бай, кемелді бол.
Өз туысың Шоң бидей қадірлі бол,
Сәтбай атаң секілді сабырлы бол.
Ел жауының қамалын талай бұзған
Балтада Тұрсынбайдай жалынды бол.
Нашандай қан майданда айбатты бол,
Ер Асхаттай шайқаста қайратты бол.
Қабанбайдай жігіттің берені бол,
Өнерге өсе келе құштарланып,
Қияға құлашыңды сермейтін бол.
Имантай, айналайын талапты бол,
Мұсылманша, орысша сауатты бол.
Болашақтан әрдайым үмітті бол,
Қозғанда Тайкедей білікті бол.
Ер Есімдей бойлы бол,
Жиреншедей ойлы бол.
Маманайдай сиырлы,
Жарасбайдай қойлы бол.
Бақыт құс қонып басыңа,
Дәулет құс келіп орнасын.

Өзіңдей өндір асылға,
Еш жамандық болмасын.
Ісіңді тағдыр оңдасын,
Қызыр болсын жолдасың.
Қас ойлаған дұшпанның
Тілегі қабыл болмасын.
Әулие мен әмбие
Адастырмай қолдасын.
Көре алмаған жауларың
Бақытсыз болсын, оңбасын!

Кезінде Қаныш ағаның ата-анасы жайлы поэма жазғанымда осы толғауды өзімше талдап берген болып едім. Бұл күнде Қаныш ағаның асыл шәкірттерінің бірі, техника ғылымдарының докторы, тәуелсіз Қазақстанның нарық жүйесіне үдере қосылып, алғашқы кәсіпкерлердің бірі болған, одан бұрын Сәтбаев қаласының әкімі қызметін үздік атқарған қайраткер Әшірбек Құнанбаев інімнің немересі Жандосқа берген «Ақ бата» атты толғауымды осы кітапқа қосып отырмын. «Болмасаң да ұқсап бақ» деп Абай атамыз айтқандай, ұқсап бақтым. Мен үйде отырып асықпай жазып келіп, тойда оқып бердім. Ал Сегіз сері бабамыз әнге қосып, жатқа суырып салды ғой.

Мазмұны

Алғы сөз орнына 3

Бірінші бөлім

Өлеңдер

Мақтаныш 7
Ұлылықтың мектебі 7
Ағалар үшін алғысым 9
Қазақтың Қаныш аға жер иесі 10
Қанышты алғаш көргенде 11
Төрт баған 12
Жайнай бер, жер патшасы – Жезқазғаным! 13
Қаныштың туған жерінде 14
Жас қарағай 16
Ұлытауға бардың ба? 16
Қаныш және сұлу саз 18
«Бүркітбайшыл» болғаным 19
Григорий Потанинге 21
Ер Едіге 22
Жезқазғаным – Қаныштың жан-жүрегі 23
Үлкен қызы Қаныштың 24
Сәулелі әулет жұлдызы 26
Кенші сыры 28
Бұқар жырауға 29
Қаныш аға киесі 30
Қос жұлдыз 31
«Әлем сырын...» 32
Баянауылды көргенде 32
«Кешіп келем...» 34
Естелік 34
Домбырасы Қаныштың 35
Қысқа ғұмыр 36
Менделеев кестесіне түсінік 37
«Жылылық...» 38
Жезқазғанды «Жезкиік елі» дейді 39
Көпір 40
Сегіз сері кемеңгер 40
Алматының төрінде 41
Кіші қызы Қаныштың 43

Тіл жүйесі 44
Балқашқа ғашықпын 45
Қаныш пен Мұхтар ұстазы 46
Балқаш таңы 47
«Бала күнде...» 48
Мұхтар аға 48
Ханиса Қанышқызының айтқаны 49
Кейкі тілді батырым 50
Өткелдегі өрімдер 51
Алыптар 51
«Ойнасам да...» 52
«Сезсең сез...» 52
Өршелену 53
«Қуанышта...» 53
Қарсақбайда мұражай 53
Сұлтанмахмұт бейітіндегі сөз 54
Жездідегі мұражай 55
Көсемдік пен даналық майданында 56
Ашық сыр 58
Жезқазғанға 59
Жезқазғандық кеншілердің көсемі 60
«Мен емеспін...» 61
Алғысымды ал, Қаныш аға атынан 62
Отыз екінші жылдардың түлектері 64
Абылай ханға сыйындық 66
Жарқын жұлдыздар 67
Тіршіліктің сыңғыры 68
Жабайханға 69
«Мен марқайдым...» 70
«Доспын, доспын...» 70
«Сынамайды...» 70
Ойлайтыным 70
Қаныш елі, хош келдің! 71
Көріңіз Қаныш аға алғысындай 72
Арқауыл 73
«Жарық күннің...» 74
Арқаның аға сұлтаны 74
Би алаңы Жасыбай жағасында 76
Діңгектері қазақтың 77
Шапық аға айтқан сыр 78

Құдағиы Қаныштың 79
Еркек кіндік 81
Көкшетауда Қаныш аға көшесі 82
Ұлытаудың түлегі 83
Қос құдағи достығы 84
Жезкиіктер тағдыры 85
«Кетті, кетті...» 86
Мен сүйгенді ел сүйді 86
«Ұқсамайды жүйрікке...» 87
Алма апайдың хаты 87
Жұлдыз-Ана, жұлдыз-қыз 88
Қарт Ұлытау етегі 89
Нар қазақ 90
Тендіктегі мұражай 91
Хасен Нұркеевке 93
Құттықтаймын «Оқушылар сарайын» 94
Есіме салшы... 95
Ол да бір аққан жұлдыз ғой 96
Аталы сөз 97
Есімін Сәтбаевтың жарқыраттың 98
Жолын куған Қаныштың 99
Жезқазғаның бас иіп тұр алдында! 100
Қарындасы Қаныштың 101
Әлемнің сегізінші ғаламаты 102
«Жақсы адамды сергітсең...» 102
Қарт Ұлытау жалғады 103
Сәтбаевтың бәріміз шәкіртіміз 104
«Тетігі бар текті өлең...» 105
Әкімнен шыққан батырсың 106
Қаныш тойы Парижде 107
Париждегі серілік 108
Булонның орманында 109
«Есіңде ме...» 109
Толғаныс 110
Төрегелдіге хат 111
«Жарғанімді...» 112
«Сараң барын...» 112
Мәңгілікке жол тартты 113
Кәкішевтің Оразайға айтқаны 114
Ерланымның Қаныштың сағынғаны 115

«Жақсылыкка...» 117
«Ұрындым деп...» 117
«Халықта бар...» 117
Қоркынышты қоңырау 118
Қарсақбайда ол бүгінгі директор! 119
Ұлытаудың гүлдері-ай! 120
Тұманбайға 121
Құттықтау 122
Ақбетке 125
Қолынан Қаныш дәм татқан 126
Токмак 127
Мұхит пен Қаныш 130
Кенші едің Қаныштың бір баласындай 130
Қаныш аға көшінен 131
Өкініш 132
«Көкшеде ғажап сұлу бар...» 133
Ерлан Смайыловтың айтқаны 134
Жезқазған берген інілер 135
Кенші ақын – менің өз інім 136
Ұстазымның ұлына 138
Жасыбай желі 139
Кен атасы Сәтбаев 140
Жезқазғанда жалғасты 141
Кенші өмірі 142
Бәйбішесі Қаныштың 143
«Құпия көп...» 145
Қаныш аға алғысы 145
Бір көргенде Қанышты 146
Қазақтың партизандар көсеміне 147
Шоқан мен Қаныш және Шорман би 148
Қаратайдың қайғысын бөлісемін 150
«Өзіңе, ақын, сенбесең...» 151
Сексеннің сеңгірінде 151
Ұлытаудың қыраны 153
«Мен келемін...» 154
Жетпіс желкен жайғанда 154
Қызылжар 156
Ақ тілек 157
Кітаптағы сөз 158
Ер Едіге дастаны 158

Ар-намыстың қазығы 159
Қаныш аға сенсің туған інісі 160
Құттықтау 162
Киелі аймақ Сарыарқа 163
Жұбату да – қуанту 164
«Манаш деген тұнып тұрған...» 165
«Қаныш деген...» 166
Жезқазған дүлдүлін жоғалтты 166
Ғалым ағаға 168
Қаныштың үздік шәкірті 169
Кенші күндер іздері 171
Жезқазған – Қаныштың қаласы 173
Жезқазған – жер асылы 173
Жаным сүйген жалғаныс 174
Жайнап тұр Сәтбаев қаласы 175
Мирас сөз 176
«Салтанатты сарайды» ашқан ару 177
Тебіреніс 178
Қанекеңді көргендер 180
Кезі келді... 180
Оқыс қайғы 181
Ұлтжандылық көкіректе тұтанды 182
Ұлытау ұландары ұлағатты 183
Қаныштың немересі 185
Қаныш аға қасына еріп жүргендер 186
Жұлдыздардың жұлдызы 187
Есті адам 188
Сәтбаевтың сарбазы 189
Жезқазғандық кеншілердің ағасы 191
Қаныш аға сенімі 193
Қаныштың төл шәкірті 194
Қайырбек Шәкіровке 195
Асыл тұлға, бақұл бол 196
Сәтбаев дүлдүлі 196
Даналыққа тағзым 198
Қазақтың асыл ұлы 200

Екінші бөлім

Поэмалар, реквиемдер, толғаулар

Дананың сәтті сапары 203

Ата-анасы Қаныштың 252
«Қаныш-жұлдыз» қарсы алды 266
Қаныш және Қарсақбай 277
Бәйкен жолы 287
Ол – адамзат ақыны 310
Дала-дастан 320
Евней Букетовке реквием 347
Тұрсын Уәлихановқа реквием 355
Кенші доска ода 360
Ақ бата 366
Сегіз серінің Имантайға берген батасы 376

КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

ТӨРТІНШІ ТОМ

ҚАНЫШ ЖОЛЫ

ӨЛЕҢДЕР, ПОЭМАЛАР,
РЕКВИЕМДЕР ЖӘНЕ ТОЛҒАУЛАР

Жауапты редакторы *Қуат Құрмансейіт*
Техникалық редакторы *Раушан Тұрлынова*
Суретші-дизайнер *Жеңіс Қазанқапов*
Компьютерде беттеген *Динара Кенжебекова*

Басуға 18.03.09. қол қойылды. Пішімі 84х108 $^{1}/_{32}$. Қаріп түрі «Таймс».
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 20,58.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 0069.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш.Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш.Айманов көшесі, 13